



**ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІ МЕН БІЛІМІН  
ҚОЛДАУ ҚОРЫ**



**ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ  
ДІНИ БАСҚАРМАСЫ**

# **КЕМЕЛДІК КІЛТІ**

**Алау ӘДІЛБАЕВ**

**Алматы, 2011**

УДК 28  
ББК 86. 38  
Ә 25

***Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының  
сараптау комиссиясы мақұлдаған***

Әділбаев А.  
Ә 25 Кемелдік кілті – Алматы; Ислам мәдениеті мен  
білімін қолдау қоры, 2011. – 248 бет.

ISBN 978-601-06-80187-2-5

«Кемелдік кілті» – классикалық танымның жемісі.

Еңбекте адамзат ақыл-ой алқабы мен жеке адамның кемелдікке, шынайы адамдық деңгейге жету жолдары кеңінен сөз болады. Әрбір тұжырым аят пен хадистен және ислам ғұламаларының ғибратты өмірінен келтірілген нақты мысалдармен дәлелденген. Кітап исламтану, гуманитарлық сала мамандары мен рухани құндылықтардың қадірін жете түсінетін жалпы оқырман қауымға арналады.

УДК 28  
ББК 86. 38

ISBN 978-601-06-80187-2-5

© Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры, 2011

## Андату

Бисмиллаһир-Рахманир-Рахим!

Адамзат тарихына екі мың жылдан асып барады. Соншама уақыттан бері таңның атуын, күн мен түннің белгілі бір мөлшерде ғана ауысуын әбден үйреншікті қабылдауадымыз. Ешбір ғылым мұны өзі атқара алмайды. Жыл мезгілдерінің ауысуы да дәл осылай. Осы реттілік пен таңғажайып ұлы үйлесім механизмі ешқашан бұзылмаған. Солай бола тұра осы ұлы реттіліктің мәнін жаратылған табиғатқа телуіміз неткен сауатсыздық? Адам баласы да сол баяғыдай: туады, есейеді, дүниеден өтеді. Олардан біздің бүгінгі айырмашылығымыз: киім, тағам, көлігіміз басқаша. Өзінің ғаламдағы орнын тану үшін адам қаншама білім саласын тудырған! Бірақ бұлар да басты білімге әкелетін әрекеттер ғана.

Адамның пейілі, құлқы өзгерген бе? Бұл сауалға дүниежүзі әдебиеті мен тарихынан толық мағлұмат алуға болады. Тарихтағы соғыстар басқаға үстемдік көрсетіп оны бағындыру, отарлау, жою... Әдебиеттегі сонау алғашқы аңыздардағы аңқау адамнан басталған Петрарке, Данте, Шекспир, Гёте, Бальзак, Сервантес, Пушкин, Толстой, Достоевский, Абай, Шәкәрім шығармаларындағы адам бейнесінен адал мен арамды ажыратудағы түрлі әрекеттерін көреміз. Тарихтағы соғыстардан адам тәнінің күресін аңғарсақ, әдебиеттен пенденің жан арпалысын байқаймыз. Інжіл, Зәбур, Таураттағы білімнің, соны дәлелдеп тұрған оқиғалардың жалғасын тек Құраннан табамыз. Бұл шынайы ғылым сөзі адамның бастан кешкен

бүкіл пенделік қателерін көрсетумен қатар оны құтқарар жолды анықтап берумен айқындалған. Адам баласының мақұлықтық жан сақтаумен ғана шектелмей, рухани күш иесі екенін көрсете алатын нақты қағидалар аталған. Адамтану ғылымының ХХІ ғасырда күйзеліске ұшырауы да осы бүтін білімнің анасы Құранды меңгере алмауынан болып отыр.

Ресми ғылым сол баяғы ренессанстық қателерге ұрынуда. Ренессанс дәуірінің басты жаңалығы гуманизм болып табылады. Бүгінде бұны уағыздаушылар жоқ емес. Ал гуманизмнің басты қағидасы бойынша әлемнің басты құндылығы – адам. Сонда бүгінде ХХІ ғасырда біз адамға ғана табынумен шектелуіміз ақыл иесі үшін жеткілікті ме? Әрине, бұл – надандық. Адам ғаламды әлі түсініп болмаса, өз тарапынан тіпті шыбынды да жарата алмаса, ол қалай тіршілік иесі бола алады? Сондықтан бұл жаңа ғасыр адам санасының жетілу кезеңі болмақ. Өзіне ғана емес, басқаны да жарылқау арқылы адамзат кемеліне жетуі мүмкін.

Қолдарыңыздағы кітап осындай рухани қажеттілік жолында нақты білім мен мағлұматтар беруімен құнды. Адам өзінің жаны мен тән сұраныстарын қалай ажыратады? Оны және маңайымыздағыларды жаратқан Жаратушыны қайтіп танимыз? Ол үшін қандай білім керек? Өзінің адамдық пәк болмысын пенде қалай сақтай алады? Бұл сауалдарға нақты жауаптар осы кітапта берілген. Джо Клин, А.Ульям, Ньютон сияқты ғалымдардың Жаратушының шеберлігін мойындаулары дәлел ретінде келтірілген. Ислам – тек біржақты уағыз емес, жан-жақты ғылым саласының көзін ашатын басты арна екені баса көрсетілген.

Пенде Абай айтқан “толық адам” болу үшін не істеу керек деген сауалға да нақты шарттар қойылған. Ол

кемелдік кілті қалай іске асады? Себебі “өзіндік ақыл-ес, сана-сезім, түйсігімен дараланатын адам баласының бұл өмірге келуіндегі ең әуелгі міндет әлем жаратылысындағы осындай сырды түсініп, өзін қадірлі етіп жаратқан Жаратушысын танып, Оның құдіреттілігі мен ұлылығының алдында бас иіп, өзінің әлжуаздығы мен дәрменсіздігін сезініп, құлшылық ету”. Аллаһ тағала осы жолды көрсетіп адамның үлгілі өмір сүре алатынын іске асырып кеткен Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с.) әрине “күллі әлемге тек рақым етіп қана жіберілді”. Оның нұрлы өмір жолы – адамзат үшін өнеге. Сондықтан **“Мүміндер үшін пайғамбар өз жандарынан артық. Әйелдері – олардың аналары” (Ахзаб,6)**. Осы орайда маңайындағылардың Пайғамбарымызға (с.а.с.) деген сыйы мен сүйіспешілігін дәлелдейтін нақты мысалдар келтірілген.

Мұсылмандардың алғашқы азаншысы хазірет Біләлдің Пайғамбарымыз (с.а.с.) қайтыс болғаннан кейінгі күйі ерекше еді: “Ол үшін Аллаһ елшісінің кетуі жарық күннің сөнуімен бірдей болды”. “Әлемдердің падишасы (с.а.с.) дүниеден озған соң, Біләл Мәдинада азан шақырмаған еді. Ғалымның рақым нұры (с.а.с.) ақиреттік болғаннан кейін азан шығаруға батылы да бармайтын. Өйткені аздағы “Әшһаду әннә Мұхаммадан Расуллаһ (Мұхаммед Аллаһтың елшісі екендігіне куәлік етемін) деген сөзді айта алмай тамағына өксік тығылып, іркіліп қалатын. Дауысы шықпай, көз жасына булығып, аяқтарының буыны босап кете беретін”. Біләлдің Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с.) немерелері Хасан мен Хусейннің өтініші бойынша соңғы рет Мәдинада азан шақыруы тарихта қалған оқиға! “Ол көзін көкке қадап тұрып, бүкіл жан дүниесімен азан шақырады. Бүкіл Мәдинада Аллаһ елшісіне (с.а.с.) деген сағыныш жаңғырды. Ел тегіс көшеге шықты. Аллаһ расулының

нұрлы өмірін көз алдына елестетіп, Пайғамбарымыз қайта тіріліп келіп, Біләлге азан шақыртқандай болды. Сол күні көзіне жас алып иығы селкілдемеген тірі жан қалмады.”

Пайғамбарымызға (с.а.с.) деген осындай сүйіспеншілік пен сағынышқа басқа ешкім ие бола алмағаны да белгілі. Олай болса, осындай ғибратты әңгімелердің беретін мағынасы да зор екені айқын. Осы ретте христиандар көп атамайтын Бисмарктің: “Ей, Мұхаммед! Сенің ғасырыңда тумағаным қатты өкінемін. Адамзат Сен сияқты ерекше тұлғаны бір-ақ рет көрді, бұдан кейін көре алмайды. Мен сенің алдыңда құрметпен бас иемін” дегенін келтіру орынды болмақ. Бүгінде, Гете, Пушкин, Достоевский, Толстой сияқты мұсылмандықты мойындаған тұлғалардың ислам дініне байланысты сөздерінің ұмыт қалуы бүгінгі пендешілік қоғамымыздың бір көрінісі.

Кітаптағы кемелділіктің кілті келесі тарауларда ашыла түседі.

“Мүміннің мұраты – көркем мінез” атты тарауда адам өміріндегі көркем мінездің орны арнайы қарастырылады. Пайғамбар (с.а.с.): “Мен көркем мінезді кемеліне келтіру үшін жіберілдім”, – деп, өз өмір жолымен мұсылманның кемелдену үлгісін көрсетіп кетті. Көркем мінездің негізгі шарттары Құранда: « (Ей, Мұхаммед!) Кешірімділікті ұстан, жақсылыққа бұйыр және надандарға сырт бер», – деп белгіленген. Бұл мәлімет хадистермен дәлелдене түседі: Дін деген не?... Ол – көркем мінез. Сондықтан мүміндер үшін басты мақсат – көркем мінезге ие болу.

Кемелділіктің келесі талабы: ата-ананың қадірі. Құранда ол: **«Раббың тек қана өзіне құлдық жасауды, әке-шешеңізге жақсы қарауды бұйырды»**, – деген (Исра, 23). Бүгін біз көп нәрседен мектепті, даланы, ортаны, білім беру жүйесін сынаймыз. Негізгі тәрбиені бала

отбасында алады. Онда не көрсе, кейін соның жемісін көрмек. Осының дәлелі ретінде Құран сөздері келтірілген: **“Сіздерге Раббымыздың нені харам еткенін білдірейін. Оған (Аллаһқа) еш нәрсені серік қоспаңдар, ата-анаға жақсылық жасаңдар!** (Әнғам, 151); **“Маған және әкешешеңе шүкіршілік ет, қайта оралар жер менің құзырым”** (Лұқман, 14). Сондықтан да мұсылмандар үшін ата-анаға қарсы шығу – ең үлкен күнәлармен бірдей (Аллаһқа серік қосып, кісі өлтіріп, өтірік айтумен бірдей!)

Кемелдену жолында қажет тағы бір амал ол – шынайы ықылас. Хадисте айтылғандай: “Шын мәнінде амалдар тек қана ниеттерге байланысты. Әркімнің ниеті қандай болса, табысы сол”. Осы орайда кітап авторы ихсан иелену жолын алға тартады. Ихсан тұғырын иелену деген не? Ол “Аллаһ тағаланы көріп тұрғандай құлшылық ету”. Бүгінгі атақ, мансап, дәреже, лауазым қуғыш замандастарымыздың осы жолдағы тойымсыз әрекеттеріне қайран қаламыз. Соншама атақ, абырой не үшін керек? Және оны алу үшін ол адам қаншама рет арын сатуға мәжбүр болады? Бір рет кірленген жүректі келесі атақ тазарта алады ма? Сондықтан нағыз мұсылман, есі дұрыс ақыл иесі біреуге емес, тек Аллаһ тағалаға тәуелді болуы абзал. Себебі “Жүрегі ықыласқа толы адам ешкімнен мақтау, марапаттау күтпейді. Істеген ісі үшін атақ, абырой, даңққа ие болуды ойламайды. Істі алғаш бастаған кезде қандай шынайы болса, үлкен жетістікке жеткен кезде де сол шынайылығынан айырылмайды. Ол үшін істеген амалын Аллаһтың қабылдауы маңызды”.

Кішіпейілділік пен қарапайымдылықты Құран мен Аллаһтың елшісінің үлгілі өмір жолынан үйренеміз. Хадисте айтылғандай ықыласты жандарды Аллаһ тағала өз қорғауында ұстайды. Ондай адам құдіреті шексіз

Аллаһтың алдында тұрғандай өмір кешкендіктен теріс жолдан сақтанып ізгі істерге ғана барады. Құрандағы: **“Сенің ұлылығыңмен ықыласты құлдарыңнан басқасының бәрін аздыруға ант беремін”** (Сад, 82-83) – деген сөздерді келтірген кітап авторы, осыны ғибратты әңгімелер арқылы дәлелдей түседі.

Ықылас деген не? – деген сауалға да нақты жауап берілген: “Ықылас – ақыл мен сана һәм кіршіксіз пәк ниетпен Аллаһ үшін ғана іс істеп, сауабын тек Аллаһтан күтуі”. Мейірім мен рақым – кемелденуге әкелер әрекеттердің келесі шарты. Бұның себебі мұсылмандықтың негізгі қағидасына тіреледі: Құран “Бисмиллаһир-Рахмани-Рахим”, – деп басталады. Бұл түсінік: “Жердегілерге рақымдылық жасаңдар. Сонда көктегілер де сендерге рақымдылық жасайды”, – деген хадиспен дәлелденіп тұр.

Адам баласы жер бетінде бір-біріне қаншама мейірімді бола алады? “Біз таңғалатын ана мейірімі мен әлемдегі мейірім Аллаһтың жүз рақымдылығының бірі ғана” екен. Хадисте: “Мына үш нәрсе кімнің бойында болса, Аллаһ тағала оны қорғауына, қамқорлығына алып оны жаннатқа кіргізеді: әлсіздерге жұмсақтық, әке-шешеге мейірім, құлдарға жомарттық (жақсылық, сый)”, – деп айтылған. Мейірім иманның шарты екені де: “Мейірімді, жұмсақ жүректі болмайынша иман еткен боп саналмайсыңдар”, – деген хадиспен дәлелденеді. Кейде салғырт мейірімсіз адамдарды көреміз. Олар туралы: “Мейірім тек қана бақытсыздың (иманнан нәсіпсіз) ғана жүрегінен алынып тасталған”, – делінген.

Жақсылыққа үндеп, жамандықтан тыю шарты келесі: “Араларыңнан кім жамандық көрсе оны қолымен түзетсін. Бұған күші жетпесе тілімен түзетсін. Бұған да күші жетпесе жүрегімен айыптасын. Бұл – иманның ең әлсізі”,



– деген хадиспен бекітілген. Хадис сөздері Құранмен тұжырымдалған: **“Сендердің араларыңда мынандай жамағат болсын, олар басқаларды игілікке шақырып, жақсылыққа үндесін. Жамандықтан тыюға тырыссын. Міне, осылар нағыз мақсатына жеткендер”** (Әли Имран, 104). Бұл қағида әр адамның иманының күзетінде тұруын түсіндіреді. Себебі тіршілік жақсы мен жаманның күресі, бұған салғырт адамның иманы да әлсіз.

“Сыдық – турашылдың, шынайылық, адалдық” – деген тарауы да хадиспен толықтырылған. Сыдық сөзі араб тілінде – шыншылдық, шынайылық, адалдық, тура ой дегенді білдіреді, және “Хақ жолындағы пенденің дүние қумай, қайта одан бойын аулақ ұстап, осы бір табандылығынан таймастан ғұмыр бойы асыл қасиеттері өмірінің өлшемі ету мағынасын қамтиды.” Хадистен тура жолда жүру үшін қажет талаптар аталады. Олар: “Сөйлегенде шындықты айтыңдар! Ұятты жерлеріңді сақтаңдар! Көздеріңді харамға жұмыңдар! Қолдарыңды харамнан аулақ ұстаңдар!” Кітапта шындық пен жалған – иман мен имансыздық нақты айқындалып берілген.

Мұсылмандар үшін аса қадірлі. “Алтын ғасыр” деген түсінік те нақтыланады: “Алтын ғасырда” (Бақыт ғасыры Пайғамбарымыз бен әділетті халифалар кезеңі) Пайғамбарымыз бен оған ерген саңлақ сахабаларды шынғардың шыңына шығарған қасиет – олардағы турашылдық, шыншылдық пен шынайылық еді. Алайда, уақыт өте келе шындық жалғанмен, шынайылық жылпостықпен араласып кетті.

Үміт пен үрейдің Құранның: **“Раббыңның рақымдылығынан адасушылардан басқа кім үміт үзеді?”, “Раббыларынан қорыққандарға тура жолмен рақымдылық бар”, “Аллаһ тағаланың алдында ең**

**ардақтыларың – одан ең көп қорыққандарың”**,- деген сөздерімен ашылады. (Хужурат, 13).

“Сабырдың да сан түрлі сатылары бар” атты тарау – “сабыр түбі – сары алтын” – деген қазақы даналықпен толықтырылады. Сабыр – Аллаһтың бір аты екені мәлім: **“Аллаһ сабырлыларды жақсы көреді”** (Әл Имран, 46). Автор сабыр түсінігінің бірнеше түрін анықтап береді, олар: ғибадатқа сабыр, күнәға сабыр, (жаннаттың жолы қиындықтармен, тозақтың жолы нәпсінің қалауларымен көмкерілген), тағдырға, қиындықтарға сабыр. “Адам денесінде бастың орны қандай болса, иман тұрғысынан алғанда сабырдың орны да дәл сондай”. Құранда: **“Кешірімділікті ұстап, жақсылыққа шақыр және надындықтан бет бұр”**, – делінген. (Ағраф,199).

“Ауқымы кең, мағынасы терең ұғымның аты – Әділдік”. Бұл тақырып: Құранмен бекітілген: **“Ей, иман келтірілгендер, өздеріңнің әке-шешелеріңнің және туған туыстарыңыздың мүддесіне қарсы болса да, Аллаһ үшін күзгер болып, әділдікті сақтаңдар”**, – деген Құран сөзімен бекітілген. (Ниса, 35).

Әділ – сөзі Аллаһ тағаланың бір есімі екенін ескерсек, бұл түсініктің ислами мазмұны ерекше. Хадистен келтірілген көркем мысалдар аталған тұжырымды дәлелдей кетеді. «Жомарттық пен сараңдық», «Тақуалық – иман айнасы», «Тәуекел сыры – тұңғиық», «Ғайбат сөйлеу – іштей іріп-шіру» атты тараулардағы көтерілген ғибратты ойлар бүгінгі оқырманға қажетті нақты білім мен ілім қойнауы.

XXI ғасыр қазағы неден арылуы керек немесе неге жақын болғаны дұрыс? Оң мен солды, адал мен харамды қалай ажыратуы керек? Иманынан айырылып қалмас үшін мұсылманға не қажет? Бұл сауалдарға қолдарыңыздағы еңбекте нақты әрі қисынды жауаптар жатық тілмен

үйлесімді берілген. Тәуелсіз елдің келешек ұрпағын дұрыс бағытта тәрбиелеу үшін осындай басылымдардың ел ішіне мол таралуы құптарлық іс болар еді.

Олай болса Аллаһтың сөзі – Құранды өз өмірімен дәлелдеген Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с.) пен бірінші мұсылмандар, сахабалардың ғибратты сөздері, өмір жолдары мен істерін «Алтын ғасыр» деп аңсаған, замандастарымыздың істеріне Аллаһ Разы болғай!

**Айгүл Ісімақова**

*Филология ғылымдарының докторы,  
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер  
институтының Әдебиет теориясы  
бөлімінің меңгерушісі.*

## Жаратушыны тану қандай болмақ?!

*«Сөзсіз, көктер мен жердің жаратылысында, түн мен күннің алма-кезек ауысуында ақыл-ой иелері үшін айқын дәлелдер бар» .*

*(Әли-Ибраһим, 190)*

Жаратылыстың түп мәні – Аллаһ тағаланы танып, Оның шексіз құдіретін баян еткен барша ақиқи ілімдердің тізгінін ұстау. Шынайы мұсылман Хақ тағаланың Өзін танытатын Кітабын – Құран Кәрімді оқи отырып, Жаратушының бұл әлемдегі мінсіз тәртібіне көз жіберіп, таңғажайып заңдылықтарын тереңірек зерттеуді, зерделеуді өзіне парыз санайды. Бұл керемет жүйенің астарына үңіліп, тылсым сырына қанығып, тұңғиығына терең бойлаған сайын құдіреті шексіз ұлы күшке ие бір Жаратушының барына ден қояды. Жаратылыстағы жанды-жансызға ғибрат көзімен қарап, санаға сиымсыз тұңғиық аспан әлеміндегі бұлжымас тәртіпке тәнті болады. Жер шарынан тыс, айшылық алыс жатқан алып денелерге көз салса да, тіпті жаратылыстағы кішкентай бір бөлшекке үңілсе де, бәрінің бір ғана Жаратушының қолынан таспадай тілініп, қамшыдай өріліп шыққандығына көз жеткізіп, еріксіз таңдай қағады... Әлемдегі жұмбақ сырлар ашылған сайын оның таңданысы саналы ғибадатқа ұласып, Ұлы Жаратушыны танып-білуге деген құлшынысы артқан үстіне арға түспек.

Аллаһ тағаланы тану білімсіз жүзеге аспайды. Ал Оны танытпаған білімді «толық білім» деп айтуға келмейді.

Себебі, қазіргі кездегі білім, түптеп келгенде тек материалды жалған дүниенің физикалық заңдылықтарымен ғана шектелген. Әрине, шектеулі ғылымның әлемнің алғашқы жаратылысы, дүниенің ақыры және одан кейінгі әлемнің қандай күйде болатындығына тұщымды жауап бере алма-сы бесенеден белгілі.

Ақыл-ой – Аллаһты табуға, тануға, Оған тағзым етуге жетелейтін «жетінші құрлық» (басқа әлем ретінде алынып отыр). Аллаһ тағала өзі жаратқан жанды-жансыздардың ішіндегі ең тектісі болып табылатын адамға өз бойындағы ой-санасын негізге ала отырып, терең пайымдауды насихат етеді. Құранда:

﴿هُوَ الَّذِي جَعَلَ لَكُمُ اللَّيْلَ لِتَسْكُنُوا فِيهِ وَالنَّهَارَ مُبْصِرًا إِنَّ فِي ذَلِكَ لَآيَاتٍ لِّقَوْمٍ يَسْمَعُونَ﴾

***«Ол сондай Аллаһ тағала, демалу үшін түнді, тіршілік қылып әрекет етулеріңіз үшін күндізді жарық етіп жаратты. Мұнда зер салып тыңдайтындарға (саналылар мен терең ойлайтындарға Аллаһты көрсететін) даусыз дәлелдер бар,»*** –<sup>1</sup> делінеді.

Адам баласының санасына сәуле бітіп ойланбаған соң, сан мыңдаған жұлдыздармен аспанға «Аллаһ» деп тайға таңба басқандай анық етіп жазылса да, бүкіл әлемді бағындырып, иелігіне берген Жаратушысын бәрібір таппайды. «Аллаһ – жер мен көктердің нұры» болса да, шел басқан көздер Оны «көре алмайды». Тіпті, кенеттен пайғамбарлар келіп Аллаһтың бар екендігін жаһанға жар салып, түрлі мұғжизалар\* көрсетсе де, надандық

<sup>1</sup> Аграф, 146

\* Аллаһ тағала тарапынан пайғамбарлардың шынайылығын дәлелдеу үшін берілген, адам баласының күші жетпейтін жағдайларға мұғжиза делінеді.

шекпенін киген жандар көрсоқырлықпен қасарыса түсіп, Жаратушының бар екеніне шек келтіреді.

Олардың бұл күйін Аллаһ:

﴿وَإِنْ يَرَوْا كُلَّ آيَةٍ لَا يُؤْمِنُوا بِهَا وَإِنْ يَرَوْا سَبِيلَ الرُّشْدِ لَا يَتَّخِذُوهُ سَبِيلًا وَإِنْ يَرَوْا سَبِيلَ الْعِغْيِ يَتَّخِذُوهُ سَبِيلًا ذَلِكَ بِأَنَّهُمْ كَذَّبُوا بِآيَاتِنَا وَكَانُوا عَنْهَا غَافِلِينَ﴾

*«...Олар барлық дәлелдерді (мұғжизаларды) көрсе де иман келтірмейді. Сондай-ақ, тура жолды көрсе де ол жолмен жүрмейді. Қисық жолды көрсе болды, оны бірден жол қылып ала қояды. Бұл олардың дәлелдерімізді өтірік деп, шындықтан мақұрым қалғандықтарынан»<sup>2</sup>,* - деп сипаттайды.

Терең ой (арабшасы – «тәфаккур») – жүректің нұры, рухтың азығы, ілімнің тірегі. Терең ойсыз жүректі қара басып, рух семіп, өмірдің мәні қашады. Жақсы мен жаманның пайда мен зиянның, әсемдік пен сұрықсыздықтың ара жігі терең ойлау арқылы ажыратылады. Кез келген оқиғадан ғибрат алғызып, әр істің әлқиссасында адымын аңдап бастыратын да осы – терең ой.

Жаратылыстың сан алуан сырын саналы, ойлы пенделерінің ғана ұғатындығын көрсете отырып, Аллаһ тағала Құранда:

﴿إِنَّ فِي خَلْقِ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ وَاخْتِلَافِ اللَّيْلِ وَالنَّهَارِ لآيَاتٍ لِأُولِي الْأَبْصَارِ﴾

*«Даусыз, көктер мен жердің жаратылуында, түн мен күннің алма-кезек ауысуында ақыл-ой иелері үшін айқын дәлелдер бар»<sup>3</sup>,* – дейді.

<sup>2</sup> Азраф, 146

<sup>3</sup> Әли-Имран, 190

Расында да, көктегі ай мен күннің белгілі бір тәртіппен шығуы мен батуында, алып аспан денелерінің мүлтіксіз айналуында зерделі жандар үшін сансыз дәлелдердің бар екендігі айдан анық.

Жоғарыдағы аят мағынасының тереңдігі сондай, Сүйікті Пайғамбарымыз (с.а.с.) бұл аятты еске алған сайын шартарапты санамен шарлап, түпсіз терең ой ағынынан шыға алмайтын. Сөйткен Пайғамбарымыз (с.а.с.) бірде: «Бұл аятты оқып, ой жібермеген адамның жағдайы қандай өкінішті!» – деген екен.

Үммү Сәләмә (р.а.) анамыздың айтқанына жүгінсек, аталмыш аят түскенде һәм кейіннен осы аятты оқыған сайын, Пайғамбарымыз (с.а.с.) көзіне жас алатын болған. Екі жаһан сұлтаны (с.а.с.) бірде тәһәжжуд (түннің бір бөлігінде оқылатын нәпіл намаз) намазында осы аятты оқып көз жасын тыя алмайды.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) бірде: «Бір үйдің тірегі – оның іргетасы, ал діннің тірегі – Хақ тағала жайлы мағрифат (терең білу) жасап, жамандықтан тыятын ой-сана иесі болу», – дегенде, Айша анамыз (р.а.): «Жамандықтан тыятын ой-сана деген не?» – деп сұрайды. Сонда Пайғамбарымыз (с.а.с.): «Кісіні Жаратушысына қарсы қоймай, қайта оның Жаратушы иесіне құлшына мойынсынуына дәнекерлік ететін ой-сана» – деп жауап қайтарған екен<sup>4</sup>.

Жоғарыда айтылғандай білімсіз жанның Аллаһ тағаланы тани алмайтындығы, керісінше, ғылымға көзі ашық кісілердің Аллаһты тануы анағұрлым нәтижелі, пайымды болатындығын тілге тиек еткен Зуннун Мысри бұл жайлы: «Аллаһ тағала жайлы ең көп білетін кісі –

---

<sup>4</sup> А. Кушайри, *ар-Рисалатұль-Қушәйрия*, Каир, 1987, 398-б.

Оған басқаларға қарағанда неғұрлым көбірек таңырқап, бас шайқайтын кісі», – деп ұтымды айтқан<sup>5</sup>.

Құран да осы бір ақиқатты айшықтап:

﴿إِنَّمَا يَخْشَى اللَّهَ مِنْ عِبَادِهِ الْعُلَمَاءُ﴾

**«Шындығында, құлдарының ішінен Аллаһтан шын қорқатындар – ғұламалар»<sup>6</sup>** – деу арқылы ғалым, көкірек көзі ояу кісілердің Жаратушысын танудағы ерекшеліктерін арнайы атап өтеді. Расында да, бүтін ғаламның жаратылысынан бейхабар, тек бір күндігін ғана ойлап, көп нәрсеге өресі жете бермейтін адамға қарағанда, жаратылысқа ойлы жүзбен қарай білетін ойлы жанның деңгейі бір емес.

Сыртқы әлем мен адамның ішкі дүниесін танытқанда ғана ілім, өзінің шынайы сипатына ие болады. Мұның барлығы да тек иләһи ақылдың күшімен жүзеге асады. Әйтпесе, жұмыр басты пенденің шектеулі ой-санасы құдіреті шексіз Жаратушыны толық қамти алмайды. Сондықтан да адам баласы әрдайым иләһи ой-санаға мұқтаж.

Адам ойсыз жүре алмайды. Басқа мақұлықтардан ерекшелігі де, үстемдігі де осы ақыл-ой иесі болуында. Адам өткен мен бүгінін, келешегін зерделеп, өмірдің мәнін іздеп шарқ ұрады. Ал жануарлар болса мұның бірін де ойланбағандықтан еш мұңсыз. Олай болса, адамның негізгі міндеті – иман келтіру. Ол бұл өмірге иман келтіріп, иманын іліммен толықтыру үшін келген. Шынайы ілімнің негізі мен рухы – Ұлы Жаратушыны тану. Сонан кейін Аллаһ тағаланың бар екендігіне иман келтіру. Ұлы Жаратушыға иман еткен адам басына түскен қандай да бір қиыншылықтарды күле қарсы алады. Қуанышта

<sup>5</sup> Қушайри, 401-б.

<sup>6</sup> Фатыр, 28



шүкіршілік етсе, басқа түскен ауыртпалықты Жаратушы тарапынан берілген бір сынақ әрі сый деп пайымдап, ешбір тосқауылсыз үрейін үмітке жеңдіре біледі.

Аллаһ тағала бізді Өзінің сән-салтанатты, таңғажайып сарайын тамашаласын деп бұл әлемге құтты қонақ қылды. Өмір сүруімізге барлық оңтайлы жағдай жасап, жерді жайлы бесіктей тербетті. Жер шарынан мыңдаған есе үлкен күнді жарық пен жылудың көзі етіп, жан-жануар мен өсімдіктерді құлдарының қызметіне бағындырып берді. Егер адам баласы бір жұтым суды немесе бір дәнді қолдан жасар болса, ол үшін жүздеген фабрика мен зауыттарды салуы керек, бірі оттегін, енді бірі сутегін, бірі жылу мен жарықты шығарса, бірі топырақты өңдеп, осылайша бір жұтым су яки бір ғана дән бізге өлшеусіз шығын арқылы келген болар еді. Оның үстіне мұның бір де біреуін адам баласы табиғи жаратылғандай етіп жасай алмайды. Жомарт Жаратушымыз осының бәрін біздің игілігімізге ақысыз берген болса, енді мұның бәрін кездейсоқтық деу ақылға қонымды ма?! Ғаламдағы сансыз құбылыстарды зерттеп, терең танып білген ғалымдар тым жіңішке жолмен жігі жатқызылған жүйеге таңғала отырып, Ұлы Жаратушының хас шеберлігіне бас иіп мойынсына білген.

Батыстық зерттеуші Джон Клин галактика жайлы зерттеулерін жүргізу барысында оның орасан кеңдігіне таңданады. Бірқатар ізденістің нәтижесінде ғалым ең кішкентай бөлшек болып табылатын атомның алып күн жүйесіне өте ұқсас екендігіне қатысты төмендегідей тұжырымдар айтады:

«Атомдар да аспандағы жұлдыздар іспетті бір ядро айналасында жүйелі схемаға сай айналады. Айналатын – электрондар. «Атом» деп айдар таққан ең кішкентай бөлшектен, «галактика» деген ең алып жаратылысқа дейінгі біздің айналамыздағы барлық нәрсе белгілі бір жоба бойынша өз осьтерін айналады. Бұл көріністің

кездейсоқ болуы мүмкін бе? Кеңістіктегі қозғалыстар ба-рысында сан мыңдаған денелердің кенеттен өз осьтерін осындай жүйелі түрде айнала бастауын кездейсоқтықтың қисынына тели аламыз ба? Өз басым бұған сене алмаймын. Өйткені, бұл жерде белгілі бір тәртіп пен жүйе бар. Галактиканың ұшан-теңіз кеңдігі маған Ұлы Құдіреттің бар екенін дәлелдейді. Ендеше мұның барлығын уысында ұстап, басқарып, белгілі бір жүйемен жүргізуші «Ұлы күш» міндетті түрде бар»<sup>7</sup>.

Ғалым Айферн Уильям: «Шебер Жаратушының бар екеніне сенемін. Өйткені, Оның қасиетті болмысы ғана көз алдымыздағы түпсіз әлемнің жалғыз қисынды түсіндірушісі бола алады», – десе, Уайн Эйлет: «Әлемнің жаратылысы жайындағы теориялар оның жаратылуын түсіндіруге шамасы келмейді. Мұндай сұрақ адамдарды кездейсоқтыққа апарып тірейді. Алайда, Аллаһ тағаланың бар екендігін дәлелдейтін сансыз пікірлер кездейсоқтық тұжырымынан әлдеқайда қисынды. Өйткені, әлемдегі теңдессіз тәртіп пен жүйе – Шебер құрушысының бар екендігіне дәлел. Ой-санадан мақұрым кездейсоқтықтың нәтижесі емес», – дейді<sup>8</sup>.

Аты әлемге Әйгілі физик Ньютонның басынан кешкен мына бір жайтты да осы тұста айта кеткен жөн.

Ғалым Күн жүйесіне ұқсас бір бөлмелік аппарат жасаған. Бұл аппараттың ерекшелігі сол – тетігін басқанда бөлмедегі күллі планета атаулы есепті жылдамдықпен өз осі мен Күнді айнала бастайды.

Бірде Аллаһ тағала туралы түсінігі жоқ жақын досы үйіне келіп, таңданысын жасыра алмай:

– Неткен керемет! Бұл аппаратты жасаған кім? – деп сұрайды. Ньютон сыр алдырмай:

<sup>7</sup> *Мусбет илим ве Аллаһ*, құрастырған М. Айдын, Стамбул, 1976, 21-б.

<sup>8</sup> *Мусбет илим ве Аллаһ*, 26-б.

– Өздігінен пайда болған да, Ейтпесе ешкім де жасаған жоқ, – деп жауап береді.

– Әсте сен менің не дегенімді түсінбеген боларсың, – деп досы сұрағын қайта қояды. Сонда оған титімдей ой салмақ болған Ньютон:

– Әрине, түсіндім. Дегенмен, бұл аппарат өз-өзінен кенеттен пайда болды. Сөйтті де эволюция (сатылай даму) жолымен осындай дәрежеге жетті, – деп жауап береді әлі де сыр алдырмаған қалпы.

– Мұндай сандыраққа сенетін мені кім деп ойлап тұрсың? – деп, әлгі ашуға мінеді. Сонда дәл осы сәтті күтіп тұрған Ньютон досының иығына қолын салып:

– Көз алдындағы бұл аппарат – заңдылықтары өзіңе де таныс теңдессіз күн жүйесінің қарапайым ғана макеті. Сен енді көз алдымыздағы бұл макеттің де әйтеуір бір жа-саушысы болуы қажет екенін талассыз қабылдап тұрсың. Ендеше, бұдан сан есе үлкен ғажайып күн жүйесінің де бір жаратушысы бар екенін қалайша түсінбейсің? – деп, досына үлкен ғибрат ұқтырумен қатар, көкірегіне иман ұшқынын да ұялатқан екен.

Аллаһ тағала әлемді өз болмысын көрсететін бір айна іспетті жаратқан. Өйткені, күллі жаратылыс, барша тіршілік – Оның бар екендігіне дәлел. Әлем кездейсоқ үлкен бір жарылыстың нәтижесінде пайда болып, ақыл-естен мақұрым аспан денелері өздігінен бір жерге түйісіп, ақылдаса келе осындай жүйені құрды деу шындыққа мүлдем жанаспайды. Кездейсоқ болған нәрселерден темірдей тәртіп пен таңғажайып жүйені көру әсте мүмкін емес.

Құранда Құдай тағала:

﴿يَا أَيُّهَا النَّاسُ ضَرْبَ مَثَلٍ فَاسْتَمِعُوا لَهُ إِنَّ الَّذِينَ تَدْعُونَ

مِنْ دُونِ اللَّهِ لَنْ يَخْلُقُوا ذُبَابًا وَلَوْ اجْتَمَعُوا لَهُ﴾

**«Ей, адам баласы, сендерге мысал келтірілді. Созған зер салыңдар! Аллаһтан өзге сендердің табынып, жалбарынған Құдайларың түгел жиналса да, бір шыбынды да жарата алмайды»<sup>9</sup>**, – деу арқылы, шыбын екеш шыбынды да жаратуға қауқарсыз екендіктерін көзге нұқып көрсетеді. Адам Аллаһ тағаланы қаншалықты жақсы біліп, Оны қаншалықты жақыннан таныған сайын, Оған деген ынтасы, махаббаты артып, әдепті құл болады. Жаратушыны тануға тақуа мүмін де, дінсіз пенде де зәру. Тану арқылы сенімсіздер иман нұрына бөленіп, адасқандар тура жол таппақ. Ал, құлшылық мәнін тереңірек түсіну тұрғысынан Ұлы Жаратушыны терең тани білу – мұсылман деген қасиетті атқа ие мүмін жандар үшін де өте маңызды.

Рухани аштық пен пендешіліктің адами, имани құндылықтарды бағаламай аяқасты етудің түп-төркіні Ұлы жаратушы – Аллаһ тағаланы танымауда жатыр. Тіпті, «Біз Аллаһты таныдық. Құдайға шүкір, құлшылығымызды жасаймыз. Ораза ұстап, намаз оқимыз» дей тұра пенделік әрекеттерге бой алдырып қою – Хақты толық тани алмаудан туындайды.

Ғаламзаттағы тау, тас, жер, топырақ, күн, ай, жан-жануар, өсімдік, жәндік атаулының барлығының да тек адамзат игілігі үшін жаратылғандығы – оның аса бір ардақты жаратылыс екендігінің дәлелі. Ендеше, өзіндік ақыл-ес, сана-сезім, түйсігімен дараланатын адам баласының бұл өмірге келуіндегі ең әуелгі міндеті – әлем жаратылысындағы осынау терең сырды түсініп, өзін қадірлі етіп жаратқан Жаратушысын тану. Оның құдіреттілігі мен ұлылығының алдында бас иіп, өзінің әлжуаздығы мен дәрменсіздігін сезініп, құлшылық ету.

<sup>9</sup> *Хажж, 73*

## Кіршіксіз шынайы махаббат

*Мүміндер үшін пайғамбар өз жандарынан да артық,  
Оның әйелдері олардың аналары...»*

*(Ахзаб, 6)*

Ұлы Жаратушы өз құлдарын тура жолға бастап, жөн сілтейтін шамшырақ пайғамбарларын бірінен кейін бірін жер бетіне жіберіп отырды. Әр пайғамбар өз міндетін қалтқысыз орындаумен қатар ақырғы пайғамбардың келетінін алдын ала хабарлап кетті. Көптен күткен мақтаулы пайғамбар хазірет Мұхаммедтің (с.а.с.) дүние есігін айқара ашуы – адамзат тарихындағы негізгі жаңалықтардың бірі болды. Адам баласы дінді ғана емес, ғылым мен мәдениетті үйрену тұрғысынан да Аллаһ елшісіне (с.а.с.) қыруар қарыздар. Аллаһ тағала сүйікті құлына пайғамбарлық міндетті тапсырумен қатар, Оны – «күллі әлемге тек рақым етіп қана жіберді». Ол бүкіл адамзат баласына шуағы мол ерекше нұр сыйлады.

Аллаһ тағала мен елшісіне деген біздің жақындығымыз, оларға деген сүйіспеншілігіміздің өлшеміне байланысты. Нақтырақ айтсақ, оларды қаншалықты жақсы көрсек, соншалықты Хақ тағаланың разылығына кенеліп, Оның ерекше мейіріміне бөленеміз. Аллаһ елшісінің (с.а.с.) соңынан еріп, үлгі тұтқан кезде ғана нағыз бақытқа қол жеткіземіз. Өйткені, Аллаһ тағаланың өзі оны күллі адамзатты кемелдікке бастар ұстаз етті. Мұсылманның басты міндеті – Аллаһты және Оның пайғамбарын тану

десек, тек жақсылап таныған адамның ғана Оны шынайы сүйе алатындығы шындық.

Негізінде бұл сүйіспеншіліктің қандай болу керектігін үйреткен Аллаһ тағала және Оның елшісі (с.а.с.) еді. Осыған байланысты Құранда:

﴿قُلْ إِنْ كُنْتُمْ تُحِبُّونَ اللَّهَ فَاتَّبِعُونِي يُحْبِبْكُمُ اللَّهُ وَيَغْفِرْ لَكُمْ ذُنُوبَكُمْ وَاللَّهُ غَفُورٌ رَحِيمٌ﴾

*«Егер Аллаһты жақсы көрсеңдер менің ізіме еріңдер, сонда Аллаһ тағала сендерді жақсы көріп күнәларыңды кешіреді. Аллаһ тағала өте кешірімді әрі аса рақымды – де!»*<sup>10</sup> – деп Өзінің елшісіне (с.а.с.) бағынуды, соңынан еруді, үлгі алуды әмір етеді. Шындығына келгенде, Оны үлгі тұтып артынан еру, тек сүйіспеншілікпен ғана жүзеге аспақ.

Тағы бір аятта Аллаһ тағала:

﴿النَّبِيُّ أَوْلَىٰ بِالْمُؤْمِنِينَ مِنْ أَنفُسِهِمْ وَأَزْوَاجُهُ أُمَّهَاتُهُمْ﴾

*«Мүміндер үшін пайғамбар өз жандарынан да артық. Әйелдері олардың аналары...»*<sup>11</sup>, – дейді.

Сүйіспеншілікті үйреткен Пайғамбарымыздан өмірдің мәнісін толық ұққан сахабалар, оны қалай жақсы көрудің асқан үлгісін көрсетті. Олардың қай-қайсысы болсын Пайғамбарымыз үшін шыбын жанын пида етуге әзір еді.

Омар Фарук (р.а.) та Аллаһ елшісін жанындай жақсы көрді. Бірде ғаламның рақым нұры (с.а.с.) Омардан (р.а.):

– Мені қаншалықты жақсы көресің? – деп сұрағанда, ол:

<sup>10</sup> Әли Имран, 31; Құранда Аллаһқа және Пайғамбарымызға мойынсынуға шақыратын аяттар көп. Мысалы, Әли Имран, 32; 132; т.б.

<sup>11</sup> Ахзаб, 6

– Ей, Аллаһтың елшісі, сені жанымнан басқаның бәрінен артық жақсы көремін, – деп жауап береді.

– Мені жаныңнан да артық жақсы көрмейінше толық иман еткен болып саналмайсың, – деп Аллаһ елшісі (с.а.с.) оған сүйіспеншіліктің қандай болу керектігін түсіндіреді. Істің мәнісін пайғамбардан үйренген ол жан-тәнімен:

– Уа, Расулаллаһ, Сені енді жанымнан да артық жақсы көремін, – дейді. Аллаһ елшісі оған:

– Міне, енді сүйіспеншілік кемеліне келді, – деді<sup>12</sup>.

Тағы бір хадисте:

لَا يُؤْمِنُ أَحَدُكُمْ حَتَّىٰ أَكُونَ أَحَبَّ إِلَيْهِ مِنْ وَالِدِهِ وَوَلَدِهِ وَالنَّاسِ أَجْمَعِينَ

«Кімде-кім мені әкесінен, баласынан және бүкіл адамдардан артық жақсы көрмейінше кәміл иман еткен болып саналмайды»<sup>13</sup> деуі, Аллаһ елшісіне қатысты сүйіспеншіліктің иман келтірумен тікелей байланысты екенін көрсетеді.

Яғни, Пайғамбарымызды жанымыздан да артық жақсы көру – иман кемелдігінің бірден-бір шарты. Осы ақиқатты терең сезінген сахабалардың жарқын ғұмыры әлбетте Аллаһ елшісіне деген шынайы сүйіспеншілікке толы болды.

Аллаһты жақсы көрген адамның Оның елшісін сүймеуі әсте мүмкін емес. Хазірет Пайғамбарды (с.а.с.) еске алғанда, көз алдымызға тек қана мейірім мен сүйіспеншілік келеді. Ол бүкіл адамзатқа мейірімділік пен рақым алып келді. Достары түгілі дұшпандары да одан тек қана жақсылық пен ізгілік көрді.

Реті келгенде еске сала кетейік, Мекке азат етілгенге дейін дін дұшпандарының Пайғамбарымызға көрсетпеген қорлығы қалмады. Олар өздерін зұлымдықтан құтқару

<sup>12</sup> Муслим, *Иман*, 69

<sup>13</sup> Бухари, *Иман* 8; Муслим, *Иман* 70, (44); Нәсәи, *Иман* 19, (8,114)

үшін мейірім ретінде жіберілген пайғамбарға қарсылық (бойкот) жариялап, үш жыл бойы мұсылмандарды шөл ортасында тастап, олармен ешқандай байланыс құрмады, сауда-сағтық жасамай, жақындарына да көмек көрсетуге тыйым салды. Пайғамбарымызға ерген мұсылмандар ағаштың қабығы мен жәндікті қорек етіп күнелтті. Бұл кезде біраз адам аштықтан өлген еді. Бұл да жетпегендей мүшіріктер оны туған жерінен қуып шығып, ол жерде де түрлі зымияндықтарымен үнемі қорқытумен болды. Оның үстіне Бәдір, Ұхұт және Хандақ сияқты ірі шайқастарда Пайғамбарымыз бен Оған ерген серіктерін жер бетінен жойып жіберу үшін бүкіл күш-жігерін жұмсады.

Әрі «Хұдайбия» сияқты шарттары ауыр болған келіссөзге қол қоюға мәжбүрледі. Пайғамбарымыз Меккені алған кезде бұл жасалған дұшпандықтардың бәріне көз жұма қарап: «бүгін барлығың азатсындар, ешкім де жауапқа тартылмайды» деді. Өзіне қарсы істелген қастандықтың бәріне Пайғамбарымыз (с.а.с.): «Аллаһым, бұлар менің пайғамбар екенімді білмейді ғой. Егер білсе бұлай жасамас еді. Оларды кешіре гөр», – деп дұға етті.

Хаббар ибн Әсуад мұсылмандарға әрдайым жапа шектіріп, қолынан келген зұлымдығын істеп баққан, бірнеше мұсылманның жанын қиған, пайғамбардың қас дұшпаны еді. Бұл дұшпандығымен де шектеліп қалмай нижрет кезінде екі жаһан сардарының қызы Зейнепті атынан аударып құлатады. Осының нәтижесінде аяғы ауыр Зейнеп түсік тастайды. Біраз уақыт өткеннен кейін бұл кеселден өзі де қайтыс болады. Кейіннен Мекке алынған кезде Пайғамбарымыздан кешірім сұрап жалбарынған Хаббарға рақым пайғамбары кешірім жасайды.

Осылайша, кезіндегі азулы дұшпандары пайғамбар бойындағы көркем мінез бен мейірімділік, әділдік пен адалдықты көргенде жүректері жібіп, Оның ең жақын серіктеріне айналады.



Бір кездері исламның ата жауы болған Амр ибн Аста, басқа сахабалар сияқты кезінде өз қолымен өлтіруге жанын салған хазірет Мұхаммедті кейіннен өз жанынан да артық көрген болатын. Ақтық демі бітер сәтте Амр ибн Ас: «Алғашында кәпір едім... Аллаһтың елшісіне ең қатыгез болғандардың бірі болатынымын. Егер сол кезде өлген болсам жаһаннамның шыңырау түбіне кетер едім. Кейін Аллаһ елшісіне серт беріп, Оның пайғамбар екенін қабылдадым. Адамдардың арасында Аллаһ расулындай ешкімді жақсы көрген емеспін. Егер маған Оны сипаттап бер десе, оған шамам келмес еді. Өйткені, Пайғамбарымызды сыйлап, құрметтегенім соншалықты, жүзіне тура қарай алмайтынмын... Егер сол кезде өлген болсам, міндетті түрде жаннатқа кірермін деп үміт етер едім...», – деген-ді<sup>14</sup>.

Исламға дұшпандық жасауда әкесімен жарысқан Әбу Жәһилдің баласы Икрима Меккенің алынып, көптеген кісілер мұсылмандықты қабылдап жатса да қастығын тоқтатпады. Соған қарамастан Рақым пайғамбары оны хақ жолына шақырумен болды.

Йеменге қашып кеткен Икриманы өзінен бұрын мұсылманшылықты қабылдаған әйелі іздеп барып, Аллаһ елшісінің оны кешіретінін айтып, кері қайтарды.

Икрима Меккеге кірер кезде Аллаһ елшісі өзінің парасаттылығы мен мейірімділігімен сахабаларына: «Әбу Жәһилдің баласы Икрима мүмін хәм муһажир ретінде келе жатыр. Әкесін жамандамаңыздар. Өйткені, марқұмды жамандау өліге емес, тіріге зиянын тигізеді», – деді.

Икрима келгенде Пайғамбарымыз оны: «Ей, нижрет етуші жолаушы, қош келдің!», – деп ілтипат білдірді. Пайғамбардың ыстық ықыласпен қарсы алғанын көргенде Икриманың қара тастай қатып қалған жүрегі

<sup>14</sup> Р. әл-Баша, *ас-Суару мин хаятис-сахаба, Бейрут, ж.к., 1-т., 114-б.*

сол мезетте-ақ жібіп, Аллаһ елшісінің қолына жармасып: «Бүкіл дұшпандықтарым үшін Аллаһтан маған кешірім тілеуінді өтінемін», – деп тебіренеді. Әрине, ол мұндай ерекше жылылықты күтпеген болатын. Артынша бар ықыласымен Пайғамбарымызға: «Ей, Аллаһтың елшісі! исламға дұшпандық жасау жолында қаншалықты күш пен дүние-мүлік жұмсаған болсам, бұдан былай оның екі есесін ислам жолына арнауға ант етемін», – деді. Ол өз уәдесінде тұрды. Йәрмүк шайқасында мал-мүлкін ғана емес, жанын да пида етті. Жанын тәслим етер кезде «О, Расулаллаһ! Саған берген уәдемде тұрдым ба?», – деп, іле-шала «Юсуф» сүресінің:

﴿تَوَفَّنِي مُسْلِمًا وَأَلْحَقَنِي بِالصَّالِحِينَ﴾

*«Аллаһым, жанымды мұсылман етіп ал, әрі салиқалы жандармен бірге қыл»<sup>15</sup>*, – деген аятын оқиды.

Пайғамбарымыз «Аллаһтың арыстаны – Хамзаны» өлтірген Уахшиді, Әбу Жәһилдің ұлы Икриманы, Амр ибн Ас, Халид ибн Уәлид т.б. сияқты азулы дұшпандарын кешіруі арқылы олардың ең ғазиз адамына айналды. Бұл оның (с.а.с.) «тек Рақым етіп жіберілгеніне» шүбәсіз айғақтардың бірі ғана...

Екі жаһан сұлтанының (с.а.с.) өзіне аумай тартқан сүт кенжесі әрі ұрпағын жалғастырушы сүйікті қызы хазірет Фатима «Насыр» сүресі түскен кезде Аллаһ елшісінің өмірден озатынын сезіп жылаған еді. Пайғамбарымыз төсек тартып жатқанда оны қасына шақырып алып, құлағына сыбырлайды. Алғашында Фатима басына жай түскендей еңіреп жылайды. Екінші рет сыбырлағанда жүзі күлімдеп сала береді. Пайғамбарымыз өмірден озғаннан кейін мұның мәнісін сұраған Айша анамызға ол: «Алдымен әкем өзінің бұл дүниемен жақын арада қош ай-

<sup>15</sup> Юсуф, 101; Р. әл-Баша, 1 т., 99-100- б.

тысатынын айтты. Сол үшін жыладым. Екіншісінде арғы дүниеде отбасының арасынан өзіне бірінші болып менің қауышатынымды айтты... Қуануымның себебі сол», – деп жауап берген еді<sup>16</sup>.

Әкесі дүние салғанда хазірет Фатима үшін өмірден мән-мағына қашты. Күндіз-түні көз жасын төккен ол Пайғамбарымыздың (с.а.с.) жоқтығына алты ай ғана шыдай алды. Алты айдан кейін Пайғамбарымыздың айтқаны айдай келіп, сүйікті әкесіне туыстарының арасынан ең алғаш қауышқан (ақиретке аттанған) хазірет Фатиманың өзі болды.<sup>17</sup>

Пайғамбарымыздың ең жақын досы әрі сенімді серігі Әбу Бәкір Сыддықтөсек тартып жатқан Пайғамбарымыздан (с.а.с.) «Аллаһ дүние мен ақиретті таңдауды құлының еркіне берді. Ол құл ақиретті таңдады» дегенін естіді. Іштей Аллаһ елшісінің өмірден озатынын сезіп, «Ей, Аллаһтың елшісі, әкеміз, анамыз, бала-шағамыз сен үшін садақа болсын! Сен аман қал, біз сенің орныңа бақилық болайық» деп жылады.<sup>18</sup>

Пайғамбарымыз соңғы сапарға аттанбастан бір апта бұрын сахабаларын жинап, олардың ислам үшін жасаған жанқиярлықтарын айтып, Аллаһқа дұға етеді. Соңында өлімінің де таяу екенінен хабар бергенде сахабалар қарадай жетімсіреп, оңаша қалған кездерінде Аллаһ елшісін (с.а.с.) өлімге қимай, іштей егілумен болды. Олар үшін жарық күн қараңғы түнге, түн болса қара түнек қабірге айналған еді.

«Мұсылман қауымның алғашқы азаншысы хазірет Біләлдің пайғамбарлар сәруары – хазірет Мұхаммедке (с.а.с.) деген сүйіспеншілігін тілмен айтып жеткізу мүмкін

<sup>16</sup> Бухари, *Манақыб; Муслим, Фадаилус-сахаба*, 98,99.

<sup>17</sup> *Муснад*, I, б; А. Әділбаев, *Саңлақ сахабалар*, «Алтын қалам» баспасы, Алматы, 2004, 242-243-б.

<sup>18</sup> Бухари, *Фадаилул-асхаб*: 3; Муслим, *Фадаилус-сахаба*: 2-3

емес. исламды қабылдағаннан кейін бір сәт болсын қасынан ажырамаған ол екі дүниенің сұлтаны Мұхаммед (с.а.с.) ақыретке аттанғанда, көптеген сахабалар сияқты қабырғасы қайыса қайғырып, Мәдинада қала алмады. Ол үшін Аллаһ елшісінің кетуі жарық күннің сөнуімен бірдей болды. Өйткені, Мәдинаның әр тасы мен топырағы оның есіне Аллаһ елшісін түсіретін. Біләл сол тұстағы халифа хазірет Әбу Бәкірден басқа жаққа кетуге рұқсат сұрады. Әбу Бәкірге барып:

– Ей, Аллаһ елшісінің халифасы! Мен Пайғамбарымыздың: «Мүміннің ең қайырлы ісі – Аллаһ жолындағы жиһад» – дегенін естіген едім. Мен де өлгенге дейін Аллаһ жолында жанымды пида еткім келеді, – деді. Әбу Бәкір:

– О, Біләл! Бізге кім азан шақырады? – дегенде, екі көзге ерік берген хазірет Біләл:

– Мен Аллаһ елшісінен кейін ешкімге азан шақыра алмаймын, – деді.

Біләлдің алысқа кеткенін қаламай, қанша жібермеуге тырысса да хазірет Біләл:

– Уа, Әбу Бәкір, рас сен мені құлдықтан құтқардың. Егер мені өзің үшін азат еткен болсаң, онда алып қал. Ал, егер Аллаһтың разылығын көздеп сатып алған болсаң, еркіме жібер, – деді.

Хазірет Әбу Бәкір рұқсат берген соң хазірет Біләл Хабаши Шамға барып, ислам туын асқақтатуға бар жігерін салады.

Шамда жүрген кезінде бір түс көріп, Мәдинаға келді. Пайғамбарымыздың қабірінің қасында хазірет Хасан мен Хұсейнді кездестіріп, Аллаһтың сүйікті елшісімен (с.а.с.) бірге өткізген асыл күндерді еске алды. Әлемдердің падишасы (с.а.с.) дүниеден озған соң, Біләл Мәдинада азан шақырмаған еді. Ғаламның рақым нұры (с.а.с.) ақыреттік болғаннан кейін азан шақыруға батылы да

бармайтын. Өйткені, азандағы «Әшһәду әннә Мухаммадан Расулуллаһ» (Мұхаммедтің Аллаһ елшісі екендігіне куәлік етемін) деген сөйлемді айта алмай тамағына өксік тығылып, іркіліп қалатын. Даусы шықпай көз жасына булығып, аяқтарының буыны босап кете беретін.

Пайғамбарымыздың «менің дүниеде мауқымды басқан екі райханым» деп атаған немерелері Хасан мен Хұсейіннің өтінішінен кейін, соңғы рет Мәдинада азан шақыруға бел буды. Көзін көкке қадап тұрып, бүкіл жан дүниесімен азан шақырды. Бүкіл Мәдинада Аллаһ елшісіне (с.а.с.) деген сағыныш жаңғырды. Ел тегіс көшеге шықты. Аллаһ расулының нұрлы өмірін көз алдарына елестетіп, Пайғамбарымыз қайта тіріліп келіп, Біләлге азан шақыртқандай болды. Сол күні көзіне жас алып иығы селкілдемеген тірі жан қалмады<sup>19</sup>.

«Қандай иман! Неткен таңғаларлық шынайы сүйіспеншілік! Адамзат тарихында дәл хазірет Мұхаммедтей (с.а.с.) мұншама сүйіспеншілікке басқа ешкім ие болмаған»<sup>20</sup>.

Пайғамбарымыз Муаз ибн Жәбәлді Йеменге аттандырар кезде оған біраз өсиет айтты, артынша:

– Ей, Муаз, қайтып оралғаныңда, бәлкім, менің кабірім мен мешітімді ғана зиярат етерсің, – деп, Өзінің Ұлы Досына (Аллаһқа) аттанарлық күннің жақындағанын сездірген еді. Бұл сөзді естіген Муаз төбесінен жай түскендей сенделіп, тамағына өксік тығылды. Буын-буыны босап, қолдары қалтырап, көзі мөлтілдеп жасқа толды. Сол сәтте оның Йеменге кетпек тұрмақ, орнынан тұруға да дәрмені қалмаған еді<sup>21</sup>. Сахабалар үшін Аллаһ елшісінен (с.а.с.) жырақ қалу қиямет қайымның сынағындай ауыр

<sup>19</sup> Р. әл-Баша, 1 т., 414-416-б.

<sup>20</sup> Саңлақ сахабалар, 174-175-б.

<sup>21</sup> Муснад, 5:235.

соғатын. Оның нұр шашып, шапағатқа бөлеген рухани кеңістігінен алыстап кету өмір шамшырақтарының маздап барып сөнуіндей үрейлі еді.

Пайғамбарымыздың айтқанындай болды да. Муаз келесі жылы оралған кезде сүйікті пайғамбардың қабірін ғана зиярат етті.

«Маур-ражи» шайқасынан кейін Хубәйб ибн Адиді дарға аспақ болғанда көздері қанталап, бойларын ыза-кек кернеген мүшіріктер одан: – Қазір өзің құтылып, сенің орныңа Мұхаммедтің асылғанын қалар ма едің? – деп сұрағанда, Хубәйб басына төніп тұрған қатерге қарамастан айбарын шашып: – Аллаһқа ант етейін. Оның асылғаны түгіл аяғына тікеннің қадалуын қаламаймын, – деп жауап берген болатын. Дарға асылар кезде Хубәйб қолын көкке көтеріп «О, Раббым, бұл жерге шығарда Сенің сүйіктіңмен қош айтыса алмаған едім. Менің сәлемімді Оған жеткізе гөр», – деді. Дәл осы кезде сахабаларымен сөйлесіп отырған Пайғамбарымыз орнынан тұрып: «Аллаһтың сәлемі болсын саған, Хубәйб», – деді. Қасындағы сахабалар істің мән-жайын сұрағанда Аллаһ елшісінің қос жанары жасқа толып: «Мүшіріктер Хубәйбті шейіт қылды. Соңғы сәтінде маған сәлемін жолдады, мен оның сәлемін алдым», – деді<sup>22</sup>.

Хубәйбтен бір күн бұрын шейіт болған Зәйд ибн Дәсинә да дәл осы сөздерді айтқан болатын. Бұл сөздерді естіген Әбу Суфиян (ол кезде әлі мұсылман емес еді) «Мұхаммедтің сахабаларының Мұхаммедті сүйгеніндей басқа ешкімді сүйгенін көрген емеспін» деген таңданысын жасыра алмаған еді<sup>23</sup>.

«...Ұхұт шайқасында Аллаһ расулының (с.а.с.) соңына ерген сахабалардың біразы шейіт болып, Аллаһ елшісінің

<sup>22</sup> Бухари, *Мағазі*, 38, 9; Әбу Дәуіт, *Жиһад*, 115 (2660)

<sup>23</sup> Р. әл-Баша, 28-29-б.

жанында аз ғана адамның қалғанын көрген қаһарман әйел Несібе Пайғамбарымызды қорғауға жанұшыра ұмтылады. Несібенің жанқиярлық ерлігін Пайғамбарымыз: «Ұхұт күнінде оңыма да, солыма да қарағанымда Үмму Уммараның өліспей-беріспей шайқасып жатқанын көрдім», – деп паш еткен.

Осы шайқаста Несібенің баласы жараланады. Баласының қолын дереу таңып, оған: «Балапаным, кәне, Аллаһ расулының (с.а.с.) алдында шайқасып, Оны дұшпаннан қорға», – деп, өз баласын Аллаһ расулының (с.а.с.) жолында шайқасуға жұмсады. Несібенің өзі де бұл шайқаста қатты жарақат алған еді. Қиындығы қылша шатқалдай бұл ұрыста азулы мүшірік Ибн Камия Пайғамбарымыздың жүзін жарақаттап, екі тісін сындырды. Пайғамбарымыздың қан жуып кеткен жүзін көргенде, жауыз мүшіріктің жанын жаһаннамға жөнелтуге асыққан Несібе оған қылышын сермейді. Алайда, екі қабат сауыт киіп алған дұшпанына бұл шыбын шаққан құрлы да болмайды. Ибн Камия ұрыста тұрысты білмейтін Несібенің иығын семсерімен сойып түседі. Басқа сахабалар ержүрек әйелге жәрдемге үлгеріп, жанын аман алып қалады. Оның жарақат алғанын көрген Аллаһ расулы Абдуллаһқа: «Анаңның жарақатын таң», – деді. Шыбын жанын шүберекке түйіп шайқасқан бұл отбасына: «Аллаһ, сендердің отбасыларыңа мейірім-шапағатын жаудырсын», – деп дұға етті. Бұны естіген Үмму Умара шабыттана түсіп «Уа, Расулаллаһ! Аллаһтан жаннатта бізді өзінмен көрші етсін деп тілек тілеңізші», – дейді. Пайғамбарымыз (с.а.с.) бақытты, ержүрек әйелдің көңілін қалдырмай, алақанын көкке жайып: «Аллаһым, бұларды жаннатта маған қоңсы әрі жолдас ет», – дейді. Бұл дұғаны естіген Умму Умараның төбесі көкке жетіп: «Бұдан кейін басыма қандай қиындық

келсе де көтеріп алуға мен әзірмін», – деп, Аллах елшісіне (с.а.с.) деген сүйіспеншілігін білдіреді...»<sup>24</sup>.

Уруа ибн Мәсуд әс-Сақафи Хұдайбияда мүшіріктер тарапынан мұсылмандармен келіссөз жасауға жіберілген кезде сахабалардың Пайғамбарымызға деген ерекше құрметтері мен сүйіспеншілігіне куә болған еді. Аллах елшісінің бойындағы терең иман мен пайғамбарға лайық ұстамдылығын көріп тебіренеді.

Сахабалардың Пайғамбарымыздың айналасында пәруанадай шыр айналғанын көрген Уруа Меккеге қайтқан кезде: «Мен қаншама патшалар мен билеушілерді көрдім. Алайда, бұлардың ешқайсысы дәл Мұхаммедке сахабаларының көрсеткен құрметіндей сый-құрмет көрген емес. Мені тыңдасандар, бұл адаммен жағаласуды, жауласуды доғарындар», – деген-ді. Ол бір-біріне мейлінше мейірімді бұл қауымға тосқауыл болудың мүмкін еместігін бір көргенде-ақ сезген-ді.

Сахабалар Пайғамбарымызды гүл тозаңына қонған таңғы шықтай елестетіп, Оның құс ұя салған жүрегін абайсызда жаралап алмауға жандарын салатын. Өз қалауларынан гөрі Пайғамбарымыздың қалауының орындалғанын тілейтін.

Хазірет Әбу Бәкір әкесі Кухафа мұсылман болған кезде сол мезетте-ақ жанары жасқа толып шыға келді. Пайғамбарымыз одан бұлай егілуінің себебін сұрағанда, ол: «менің әкемнің орнына сенің немере ағаң Әбу Тәліп мұсылман болғанда тіптен қатты қуанар едім. Өйткені, оның мұсылман болуы Сені қуантар еді», – деген-ді.<sup>25</sup>

Әбу Талха Ухуд шайқасында өз денесін Пайғамбарымызға қорған етіп, жауына оқ жаудырып

<sup>24</sup> А. Халил Жум'а, *Ниса'у мубаширату бил-жанна, Бейрут, 1990, 1/124; Сахабилер анциклопедиси, 2 т., 831-834-б. Саңлақ сахабалар, 244-245-б.*

<sup>25</sup> Қандыһләуи, *Хаятус-сахаба*, ауд. А. Арслан, Стамбул, 1993, 2т., 356- б.



жүрді. Пайғамбарымыз оның атқан оғы қайда түсті деп басын көтеріп қарайтын. Мұны байқаған Әбу Талха Пайғамбарымызға оқ тиіп кетуден қорқып: «Аллахтың елшісі! Әке-шешем сіздің жолыңызда садақа болсын. Абайлаңыз. Сізге оқ тиіп кетпесін. Менің денем сізге қорған болсын», – деп, Пайғамбарымыздың тірі қалуы үшін өз жанын пида етуге даяр екенін көрсеткен еді<sup>26</sup>.

Хазірет Омар Фатима анамызға келіп: «Ей, Фатима! Аллахқа ант етемін, пайғамбардың біреуді сенен артық жақсы көргенін көрген емеспін. Әкең қайтыс болғаннан бері сенен артық құрмет көрсетіп, сенен қатты жақсы көрген адамым жоқ», – деді.<sup>27</sup>

Қанды Ұхұт шайқасында «мұсылмандар жеңіліске ұшырады және Расулаллаһ шейіт болды» деген хабарды ести сала, екі өкпесін қолына алып, соғыс алаңына барған қаһарман Әйелдердің бірі – хазірет Сүмәйра болды. Ұхұт шайқасына қатысып қаһармандық танытқан асыл ерлердің қатарында Сүмәйраның күйеуі, бауыры және баласы бар еді. Ұхұт шайқасында бұл үшеуі де шейіт болып, денелерінен сау-тамтық қалмайды. Майдан шебіне келген Сүмәйраға сахабалар көңіл айтып, сабыр тіледі. Алайда, ол: «Аллаһ расулы қандай күйде?», – деп сұраумен болды. Сахабалар Аллаһ елшісінің (с.а.с.) тірі екенін айтса да, өз көзімен көрмейінше көңілі көншімеді. Жанындағылардан Аллаһ расулының қайда екенін сұрап алып, бөгелместен сол жаққа қарай бет алды. Пайғамбарымыздың (с.а.с.) тірі екендігін өз көзімен көріп қуанғаннан Сүмәйраның жанарынан жас ыршып кетті: «Әке-шешем жолыңда құрбан болсын, уа, Расулаллаһ! Сен тірі болсаң болды, басқа қиындық сөз емес», – деді<sup>28</sup>.

<sup>26</sup> Ибн Касир, *әл-Бидая уән-нихая*, Бейрут, 1978, 4 т., 27-б.

<sup>27</sup> *Қандылауы, 2.т, 358-б.*

<sup>28</sup> Ибн Кәсир, *әл-Бидая, 4 т., 54-б.*

Күйеуі мен баласынан бірдей айырылып қалу оған ауыр тисе де, олардың жаннатқа баратынына сенген Сүмәйра көңілін осылайша жұбатты.

Ал, Аллаһ расулының (с.а.с.) қазасын сахабалардың көбісі көтере алмайтын. Аллаһ Расулынан айырылу олар үшін Аллаһтан келген нұрдың сөнуімен бірдей қасірет еді. Сахабалардың мәртебесін көтерген де осы бір Аллаһ елшісіне (с.а.с.) деген шексіз сүйіспеншілік болатын. Аллаһ расулының барша мұсылман, күллі адамзаттың жүрегінен жеке-жеке орын табуының өзі – Оның (с.а.с.) Аллаһтың елшісі екендігінің айқын дәлелі болса керек. Он төрт ғасыр өтсе де, арғы-бергі тарихтағы ұлы тұлғалардың арасында аты жеке-дара аталатын хазірет Мұхаммед (с.а.с.) даңқының қияметке дейін сөнбейтіндігіне күллі ғалам куә.

Пайғамбарымыздың өзі «анамнан кейінгі анам» деп атаған Үмму Айман Оны ерекше жақсы көретін. Үмму Айман Пайғамбарымыздың өз анасы қайтыс болғаннан кейін оған анасындай жақын еді. Ол (с.а.с.) қуанса қуанып, көңілі босаса оның да көңілі босап шыға келетін. Бірде сырқаттанып жылаған сәбиді құшағына алып отырған мейірім пайғамбары көз жасына ерік береді. Оның егілгенін көріп қалған Үмму Айман да қосылып жылайды. Пайғамбарымыз одан: «Аллаһтың елшісі қасыңда емес пе, неге жылайсың?», – дегенде, ол: «Расулаллаһ жылап тұрғанда мен қалайша шыдайын?!», – деп Аллаһ елшісіне деген сүйіспеншілігінің қаншалықты терең екенін көрсеткен еді<sup>29</sup>.

Хазірет Осман: «Пайғамбарымыз қайтыс болған кезде сахабалар қатты қайғырды. Тіпті, кейбірлері тұтығып сөйлей алмайтындай күйге түсті. Солардың біреуі мен едім. Әбу Бәкірге ант беріліп қойған еді. Қасымнан Омар

<sup>29</sup> Ибн Сағд, *Табақатул-кубра*, Бейрут, 1978, 8 т., 225-б.; *Саңлақ сахабалар*, 254-б.

маған сәлем беріп өтіп кеткенде тіпті, оны байқамашпын да. Өйткені, қайғыдан қаусап отыр едім», – деген<sup>30</sup>.

Әділеттілігімен аты әлемге әйгілі болған айбынды Омар (р.а.) Аллаһтың елшісін жан-тәнімен жақсы көретін. Пайғамбарымыз Аллаһтың әмірімен ақыретке аттанған кезде, бүкіл сахабалар секілді ол да басына жай түскендей қатты толқыды. Аллаһ елшісінің өмірден озғанына әлі де сене алмай, сергелдең күй кешіп, ашумен: «Егер кім де кім Мұхаммедті өлді десе басын аламын!», – деген-ді.

Аллаһ елшісінің жан дүниесі және адамгершілігі ғана емес, сыртқы ажары да адамды баурап аларлықтай көркем болатын. Баласындай болып жастайынан оның қолында өскен хазірет Әнәс ибн Мәлік: «Аллаһ елшісі адамдардың ең әдемісі еді», – деп айтқан.

Жәбир ибн Сәмура Пайғамбарымыздың сымбаттылығы жайында: «Бір күні мешітке отырғанбыз. Айдың тура он төрті еді. Төбемізде ай жарығын шашып жарқырап тұрған болатын. Сол кезде мешітке Аллаһ расулы кіріп келді. Мен Пайғамбарымыздың жүзіне әрі айға қарадым. Ант етейін, Аллаһ елшісінің жүзі айдан да жарқын еді», – деген.

Ка‘б ибн Мәлік: «Пайғамбарымыз қуанған кезде оның жүзі нұрға толып, толған айдай жарқырайтын...»<sup>31</sup>, – деп сипаттаған.

Айша анамыз: «Мысырдың әйелдері Жүсіпті көрген кезде қолдарын кесіп алды. Егер олар менің мырзамды көрсе қол емес, байқаусызда пышақтарын жүректеріне сұғып алар еді», – деп ой қорытқан.

Пайғамбарымыз жан тәслім еткен кезде Әбу Бәкір Сыддық Аллаһтың сүйікті елшісінің бетіне жабылған матаны ашып: «Уа, Расулаллаһ! Тірі кезінде сен қандай

<sup>30</sup> Табақат, 2 т., 84-б.

<sup>31</sup> Бухари, *Мағазы*, 79; Муслим, *Тәуба*, 53

көркем болсаң, өлген кезде де сондай көріктісің!», – деп Пайғамбарымыздың (с.а.с.) маңдайынан сүйген.

Бәдір шайқасы күні Пайғамбарымыз қолындағы бір жебемен сахабалардың сабын түзеп келе жатқанда Ади Нәжжар ұлдары қауымынан Сәуәд ибн Жүзәйяның қасынан өтті. Ол алға шығып, сапты бұзып тұрған еді. Пайғамбарымыз жебемен Сәуәдтің қарнынан түртіп «сапқа кір» деді. Сәуәд болса: «Уа, Расулаллаһ. Сен менің қарнымды ауырттың. Аллаһ сені ақиқат және әділдікпен жіберді. Олай болса саған да тура осылай жасауыма рұқсат беруің керек», – деді. Пайғамбарымыз қарнын ашып: «қысасыңды ал», – деді. Сәуәд Пайғамбарымызды құшақтап қарнынан сүйіп алды. Пайғамбарымыз: «Неге бұлай жасадың?», – дегенде, ол: «Расулаллаһ! Соғысқа аттанғалы тұрмыз. Аман қаламын ба, жоқ па, белгісіз. Өлместен бұрын тәнімнің тәніңе тигенін қаладым», – деген-ді. Пайғамбарымыз да оның бұл әрекетіне сүйсініп оған дұға еткен.<sup>32</sup>

Асым ибн Мұхаммед әкесінен жеткізген бір хабарда: «Пайғамбар жайлы айтқан кезде Ибн Омардың көзінің жасаурамағанын көрген емеспін», – дейді.

Мусәнна ибн Саид әз-Зари: «Әнәс ибн Мәлік: Түсімде сүйікті пайғамбарымды көрмеген түнім жоқ», – дегеннен соң жылайтын», – деп айтқан<sup>33</sup>.

Әбу Зәһр (р.а.): «О, Расулаллаһ! Бір кісі бір адамдарды жақсы көреді, алайда олардың істегенін істей алмайды», – дегенде, Пайғамбарымыз: «Ей, Әбу Зәһр! Сен кімді жақсы көрсең солармен бірге боласың», – деді. Әбу Зәһр: «Мен Аллаһ пен Оның елшісін жақсы көремін», – дегенде, Пайғамбарымыз (с.а.с.): «Ешқандай күмәнің

<sup>32</sup> Қандыһләуи, 2 т., 364-б.

<sup>33</sup> Табақат, 7т., 20-б.

болмасын. Кімді жақсы көрсең сонымен бірге боласың», – деп сүйіншіледі.

Әнәс (р.а.): Бір адам Пайғамбарымыздан: – Уа, Расулаллах! Қиямет-қайым қашан орнайды? – деп сұрады. Пайғамбарымыз: «Қияметке не дайындадың?», – дегенде әлгі адам: «Ешнәрсем жоқ. Бірақ, мен Аллаһ пен Оның елшісін қатты жақсы көремін», – деді. Пайғамбарымыздың: «Кімді жақсы көрсең, солармен бірге боласың», – дегенін естігенде, сол жердегі бәріміз балаша қуандық. Тіпті, ол уақытқа дейін басқа ешнәрсеге бұлайша қуанбаған едік. Әнәс сөзін жалғастырып: «Мен Пайғамбарымызды, Әбу Бәкірді және Омарды жақсы көргендіктен солармен бірге болуды үміт етемін», – деген еді. Мінекей, сахабалар жаннатқа баратынын білсе де олар пайғамбарсыз болуды қаламайтын.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) бір жиһадқа аттанғанда, Сәубан атты сахаба Онымен бірге сол жорыққа қатыса алмады. Аллаһ елшісі шайқастан оралғанда барлығы Оған барып амандасып жатты. Бұлардың ішінде Сәубан да бар еді. Жүзі солғын тартып, өн-бойы әбден қушыып қалған болатын. Мейірім пайғамбары одан: «Саған не болды?», – деп сұрағанда, ол: «Уа, Аллаһтың елшісі! Жанымды жегідей жеген бір ой мені осындай халге душар етті. Ол былай болды: Мен Аллаһ елшісінен үш күн жырақ қалғанға шыдай алмадым. Мәңгілік әлемде жырақ қалуға қалай шыдаймын? Өйткені ол – Аллаһтың елшісі. Оның дәрежесі де жоғары. Баратын жаннаты да өзіне лайық болады. Мен болсам жай бір адаммын. Жаннатқа кірген күннің өзінде Аллаһ елшісінің баратын жаннатына кіруім мүмкін емес. Оны мәңгі-бақи көре алмаймын. Міне, осыны ойлай-ойлай осындай күйге душар болдым», – дегенде, Аллаһ елшісі өзін қатты жақсы көрген бұл са-

хабасын: «Адам кімді жақсы көрсе, ақыретте де сонымен бірге», –<sup>34</sup> деп жұбатты.

Хазірет Әбу Бәкір Пайғамбарымызды (с.а.с.) мүшіріктердің соққыларынан қорғамақ болып, араша түскенде өзі де таяққа жығылып, ес-түсінен айырылып қалды. Анасы ол ес жиганша тапжылмай қасында отырды. Әбу Бәкір есін жияр-жимастан өзінің халі мүшкіл боп жатса да, сүйікті пайғамбарды іздеп: «Пайғамбарымыздың жағдайы қалай, оған не болды?», – деп сұраумен болды. Анасының бір қасық болса да тамақ ішіп әлденіп алуын өтінгеніне қарамастан, ол: «Расулаллаһтан хабар келмейінше еш нәрсе татып алмаймын», – деп жаны тағат таппайды. Әбу Бәкір Пайғамбарымызға деген шынайы адалдығымен, сүйіспеншілік, сенімділігімен танылған еді. Пайғамбарды өз жанынан да айрықша жақсы көріп, ол үшін жанын беруге әрдайым дайын тұратын.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) да қиын-қыстау кезде үнемі қасынан табылып, өмірдің бүкіл қиыншылықтарын мойындарына өз ризашылықтарымен қуана-қуана көтерген сахабаларын қатты жақсы көретін. Өйткені, Пайғамбарымыздан кейін Оның қызметін жалғастыратын солар болатын. Пайғамбарымыздың бұл сүйіспеншілігін Аллаһ бізге:

﴿لَقَدْ جَاءَكُمْ رَسُولٌ مِّنْ أَنْفُسِكُمْ عَزِيزٌ عَلَيْهِ مَا عَنِتُّمْ

حَرِيصٌ عَلَيْكُمْ بِالْمُؤْمِنِينَ رَؤُوفٌ رَّحِيمٌ﴾

***«Расында, сендерге іштеріңнен ардақты бір пайғамбар келді. Қиналуларың оған ауыр тиеді. Сен-***

<sup>34</sup> Бухари, Әдәб 96; Муслим, Бирр 165, (2640); Әбу Дәуіт, Әдәб 122, (5126)

**дерге өте ынтық. Мүміндерге тым жұмсақ, ерекше мейірімді»<sup>35</sup>**, – деп жеткізеді.

Міне, Пайғамбарымыз (с.а.с.) да өзін жақсы көргендерге осындай сүйіспеншілік танытқан еді. Әр сахабаның өмірін оқыған сайын Пайғамбарымызға жақын сахаба сол екен деген ой келеді.

Тарих беттерін қанша парақтасақ та, барша сахабаның Пайғамбарымызды ерекше сүйгеніндей өзара сүйіспеншілікке негізделген сондай бір қоғам, достары тарапынан пайғамбардай ерекше қадір-құрметке ие болған ешқандай басшы болмағандығын көреміз.

Негізінде, сахабалардың мәртебесін көтерген де осы Аллах елшісіне (с.а.с.) деген шексіз сүйіспеншілік болатын. Пайғамбарымыз (с.а.с.) өз міндетін толық атқарып, замандастары тарапынан теңдесі жоқ сүйіспеншілік пен өте зор құрметке бөленді. Сахабалардың өмірі – бұған толығымен куә.

Егер біз адамзаттың ардақтысының өмірін халыққа дұрыс таныта алсақ, онда көптеген жандар оның алып келген мейірім шуағына бөленіп, шынайы бақытқа қол жеткізер еді. Өйткені, ол (с.а.с.) Рахман әрі Рахим болған Жаратушы тарапынан бүкіл әлемге тек қана мейірім сыйлап, адамзатты қараңғылықтан құтқару үшін жіберілгенді.

Пайғамбарға деген зор сүйіспеншілік сол заманмен ғана шектелмей күні бүгінге дейін жалғасын тауып келеді. Оның келетінін сүйіншілеп, ынтыға күткендер қаншама көп болса, Ол келгеннен кейін Оны жырға қосып, бас тәжі еткендер де орасан. Пайғамбарды көзі тірісінде өлеңдеріне қосып жырлаған А‘ша, Кағб ибн Зухәр, Хассан ибн Сабит, Абдуллах ибн Рауаха, Ка‘б ибн Мәлик, Амир ибн Синанил-Әкуа сияқты ақындар болған. Бұдан келіп пайғамбарды

<sup>35</sup> Тәубе, 128

мадақ еткен арнайы «нағт» жанры пайда болды. Бұл тек араб халықтары емес, бүкіл мұсылман қауымына тән.

Пайғамбарымыздың ұлылығына тек мұсылмандар ғана емес, ар-ожданы таза батыстық ғалымдар да бас иіп, ерекше қасиеттерін еріксіз мойындаған. Бисмарк сияқты даңқты қолбасшы: «Ей, Мұхаммед! Сенің ғасырыңда тумағаныма қатты өкінемін... Адамзат Сен сияқты ерекше тұлғаны бір-ақ рет көрді, бұдан кейін көре алмайды. Сенің алдында құрметпен бас иемін», – дейді. Сондай көптеген тұлғалардың тізімін жалғастыра беруге болады. Шын мәнінде хазірет Мұхаммедтің өмірімен танысып, Оның адамзат тарихындағы жүрек пен санада жүзеге асырған теңдессіз істерін ақыл елегіне салып, зерделеп көрген адам, Оның Хақ тағала тарапынан адамзатты қараңғылық түнегінен шығару үшін арнайы жіберілген пайғамбар екенін мойындар еді...

Уақыт өткен сайын тарихта өмір сүрген мемлекет басшылары мен қоғам қайраткерлері естеліктердің өзін жалмап жұтатын обыр уақыттың тегеурініне төтеп бере алмай, ақ жал толқындардың астында қалып жатса, хазірет Мұхаммедке (с.а.с.) деген сүйіспеншілік күн сайын жаңарып, жаңғыра түсуде.

Аллаһ тағала Пайғамбарымызды (с.а.с.) тануымызды әрі оған деген сүйіспеншілігімізді арттыра түссін! Оның аты аталған кезде сүйікті елшіміздің есімінің де кереметтігі сол – аузыңызда шәрбат-шекердің дәмін қалдырады. А. Иүгінекидің: «Оны мадақтағанда тілімнің дәмі кіреді, Оны еске алғанда шекер мен бал жегендей боламын», – деуі бекер емес. Бүгінгі күннің өзінде адамзаттың ардақты тұлғасы – Мұхаммедтің (с.а.с.) мұбарак атын атаған сайын тілі күрмелгендей буын-буыны босап көз жасына ерік беретін жандар аз емес. Қазірдің өзінде пайғамбардың Нұрлы қаласы – Мәдинаға барған жан Оның тамаша ру-



хани атмосферасына бөленеді. Ғашықтықтың шарабын ішкендей ол жерден кеткісі келмейді. Қасиетті қажылық сапарына барып-келіп жатқан жандардың бәрінен осыны естисіз. Ол – жалған дүниемен қош айтысса да үмбетінің жүрегінде әлі тірі. Оның қабірінің басына барған адам бейне бір пайғамбарды көзі тірісінде барып көргендей сезінеді. Қабірінің басына барып сәлемін жолдап, еріксіз көз жасын төгеді. Ардақты пайғамбардың сүйіспеншілікке бөленбеуі расында да мүмкін емес, өйткені, Аллаһ тағаланың өзі оған «Хабибуллаһ» (Аллаһтың сүйіктісі) демеп пе еді?!

## Мүміннің мұраты – көркем мінез

«Қияметте таразыны ауыр басатын бір ғана амал

— Аллаһтан қорқу мен көркем мінез»

(Хақис)

Адам баласы қауым болып өмір сүруге бейім жаратылған. Жеке және қоғамдық қатынастарды реттеуде, жүйелеуде *көркем мінездің* орны ерекше. *Көркем мінез* – адамның іс-әрекетін, ішкі және сыртқы сезімдерін қамтитын бесасапап ауқымды жүйе. Ал оны толық қамтитын – бүкіл адам баласына ортақ діни қағидалар. Жаратушы адамды жаратқанда оның неге мұқтаж екендігін жақсы білгендіктен, өмір сүруін жеңілдету мақсатында елшілер жіберіп отырған. Қандай да бір жүйені пенденің өз еркіне салса, ол жүйесіздікке ұрындырады. Бүгінгі қоғамымыздағы түрлі мінез-құлық нормалары соның айғағы. Батыс пен шығыстың құндылықтары екі бөлек болғандықтан, жалпы адам баласының басын біріктіретін ортақ құндылықтардың болуы заңды.

Осындай адам баласына тән ортақ құндылықтардың бәрі бойынан табыла білген бірден-бір тұлға – ғаламға рақым нұрын шаша келген ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа (с.а.с.) болды. Пайғамбарымыз:

إِنَّمَا بُعِثْتُ لِأَتَمِّمَ مَكَارِمَ الْأَخْلَاقِ

«Мен көркем мінезді кемеліне келтіру үшін жіберілдім», – деп өзінің ұлық мұратын паш етеді. Осы-

лайша ол ислам діні негізінде адамзаттың бақытына баланған игі жақсылықтың бірі көркем мінез екендігін дөп басып айтқан.

Аллаһ елшісінің саналы ғұмыры негізінен көркем мінезді дәріптеуге арналды.

*Көркем мінез* жайлы білмек болған бір кісіге Пайғамбарымыз (с.а.с.):

«(Ей, Мұхаммед!) **Кешірімділікті ұстан, жақсылыққа бұйыр және надандарға сырт бер**»<sup>36</sup>, – деген аятты оқып:

– *Көркем мінез – туыстық қарым-қатынастарын үзгендермен арадағы аралас-құраластықты арттыруың, саған жамандық жасағандарға жақсылық жасап, қиянат жасағандарды кешіруің*, – деп қорытқан.

Және бір жерде Пайғамбарымыз (с.а.с.): «*Қияметте амалдар өлшенгенде, таразыны ауыр басатын бірден-бір амал – Аллаһтан қорқу мен көркем мінез*»<sup>37</sup> екенін айтқан.

Бір кісі Пайғамбарымызға келіп:

– *Дін деген не?* – деп сұрағанда:

– *Ол – көркем мінез*, – деп жауап қатқаны тағы бар.

Өлгі адам айналсоқтап кетпей, бір қойған сауалын неше мәрте қайталаса да Пайғамбарымыздан: «*Көркем мінез*», – деген жауапты алған.

– *Іс-амалдардың қайсысы жақсы?* – деп сұрағанда, Пайғамбарымыз:

– *Көркем мінез*, – деген. Тағы басқа бірнеше хадистерінде:

– *Аллаһ бұл дінді өзіне тән қылды. Сендердің діндеріңе жомарттық пен көркем мінезден басқасы жараспайды. Ояныңдар. Осы екі қасиет арқылы діндеріңізді көркемдеңіздер;*

<sup>36</sup> Аграф, 199

<sup>37</sup> Тирмизи, Бирр, 62, (2003)

أَكْمَلُ الْمُؤْمِنِينَ إِيمَانًا أَحْسَنَهُمْ خُلُقًا

– Мүміндердің иман тұрғысынан ең кемелдісі – мінез-құлқы ең жақсы болғаны <sup>38</sup>;

إِنَّ مِنْ أَحَبِّكُمْ إِلَيَّ وَ أَفْرَبِكُمْ مِنِّي مَجْلِسًا يَوْمَ الْقِيَامَةِ أَحْسَنُكُمْ أَخْلَاقًا..

– Мен үшін сіздердің ең сүйіктілеріңіз, сондай-ақ қиямет күні маған ең жақын болатындарыңыз – ең көркем мінезділеріңіз<sup>39</sup>...;

– Сірке балды қалай бұзса, жаман мінез-құлық та сол секілді ізгі амалдарды бұзады (жарамсыз етеді);

اتَّقِ اللَّهَ حَيْثُمَا كُنْتَ ، وَ اتَّبِعِ السَّبِيَّةَ الْحَسَنَةَ  
تَمَحُّهَا ، وَ خَالِقِ النَّاسِ بِخُلُقٍ حَسَنٍ

– Қайда болсаңдар да Аллаһ тағаладан қорқыңдар! Жамандық жасасаңдар, артыңша дереу оны жуып-шайатын жақсылық жасаңдар. Елмен қарым-қатынаста көркем мінезді болыңдар!<sup>40</sup>– деп, бұның маңыздылығына үмбетінің назарын ерекше аудартқан.

Реті келгенде жылы жүзбен кісіге күле қарағанның өзі садақа болып есептелсе, кісі көңілін қалдыру мұсылмандар үшін аса қасиетті, киелі Қағбаны жыққанмен бірдей.

Пайғамбарымыздың басты ерекшелігінің бірі – халыққа тек құрғақ үгіт-насихат айтып қана қоймай, оны өзінің нұрлы өмірі арқылы өрнектеп көрсете білуі. Сондықтан да жомарттық, әділдік, шынайылық, шыншылдық, сенімділік, мейірімділік, тақуалық,

<sup>38</sup> Әбу Дәуіт, *Суннат*, 14; Тирмизи, *Рада*, 11; И. Ғазали, *Мукашафатуль-құлб*, (ауд. Я. Арыкан), Стамбул, 1986, 593-598-б.

<sup>39</sup> Тирмизи, *Бирр*, 77, (2019)

<sup>40</sup> Тирмизи, *Бирр*, 55, (1988)

сабырлық қасиеттерінің ең биік шыңында қашан да ардақты Пайғамбарымыз (с.а.с.) тұрады.

Пайғамбарымыздың бөле-жара айта кетер бір қасиеті – адам баласындағы бір-біріне қарама-қайшы мінездерді өз бойында ерекше үйлесімділікпен жинақтай білуі еді. Асылында мінез тепе-теңдігін әркез сақтау – жеңіл іс емес. Мысалы, бір адам аса жомарт бола тұра оның сол жомарттығы дарақылыққа, ысырапқа апаруы бек мүмкін немесе аса үнемшіл, ұқыпты боламын деп жүріп сарандыққа бой алдыруы да ықтимал. Батыр, қаһарман болуы мүмкін, бірақ бұл қасиеттің де өз арнасынан шығып, алды-артын аңдамайтын, жақсы-жаман деп талғамайтын бірбеткей қатігездікке ұласуы да ғажап емес. Ал Пайғамбарымыз (с.а.с.) болса, ешбір жақсы қасиетті екінші бір қайшылық тудыратын қасиетпен шатастырмаған және өз арнасынан асырмаған. Аллаһ елшісі (с.а.с.) ержүрек, батыр және мұнысымен қоса мейірбан, рақымды һәм кішіпейіл. Алайда, тым кішіпейіл, мейірімді болса да ешқашан қорқақтық пен қорлануға бас имеген. Өте салмақты, байсалдылығымен қоса жанындағы адамдарға шаттық сыйлай алатын, күлкісі күміс шашқан, жүзі жарқын нұрлы. Күллі ғаламға ұстаздық етіп, ауқымды мәселелерді қозғаған Пайғамбарымыз кішкентай бүлдіршіндермен құмда отырып ойыншық ойнайтындай қарапайым. Яғни, Аллаһ елшісі (с.а.с.) әркез таразының екі басын тең ұстап, тепе-теңдікті сақтай білген.

Жан-жақты жетілген, кемел адамның бойынан табылуға тиіс көркем мінездерді өз жүйесімен бір-бірімен шатастырмастан үмбетіне іс жүзінде көрсете білген адам – пайғамбар болмағанда, кім болмақ?

Тарихта болған ұлы тұлғалардың өміріне зер салсақ, олардың жалғыз ғана қасиеттерімен дараланып көзге түскенін көреміз. Айталық, кейбіреуі Атымтайдай жо-

март, бірақ дәл сондай дәрежеде кешірімді, кішіпейіл емес. Кейбіреуі кешірімді, кішіпейіл, бірақ ашуын ақылға жемдіре алмайтын сабырсыз. Ержүрек батыр, бірақ, мейірбан емес. Ал, Пайғамбарымыз болса – асыл қасиеттердің бәрін бойына жинақтай білген әрі әрбір қасиетті өз биігінде қолдана білген теңдессіз жан.

«Иә, Пайғамбарымыз қияметке дейін келіп-кетер күллі адамзатты тәнті еткен осы ұлы қасиеттер мен көркем мінез-құлықты қайдан үйреніп, қайдан алды? Оны (с.а.с.) тәрбиелеп өсірген кім? Әке-шешесі дейін десек, Пайғамбарымыз әкесінен анасының құрсағында алты айлық кезінде, шешесінен алты жасында айырылып, тұл жетім қалды. Демек, Аллаһ елшісінің тәлім-тәрбиені әке-шешесінен алуы еш мүмкін емес. Ал, өскен ортасы, өмір сүрген қоғамынан дейін десек, ол қоғамның тарихта «надандық, қараңғылық» дәуірі деп қара таңбамен қараланғаны бәрімізге мәлім. Мұндай қараңғы қоғам өзінде жоқ қасиеттерді басқаға қалай бермек? Олай болса, Пайғамбарымызға бұл көркем де әсем қасиеттерді беріп, арнайы тәрбиелеп жетілдірген Әлемдердің Раббысы – Аллаһ екендігі айдан анық. *Адам баласына қыстың күні мұз бетінде бәйшешек сыйлаған Раббымыз «надандық дәуірде» Пайғамбарымыздай нұрлы тұлғаны жетілдіріп, ғаламға рақым сыйлады.* Пайғамбарымыз да (с.а.с.) бір хадисінде:

أَدَّبَنِي رَبِّي فَأَحْسَنَ تَأْدِيبِي

«Мені ең көркем үлгіде тәрбиелеген Раббымның Өзі», – деп осы шындықты айқындап берген.

Иә, Пайғамбарымыздың бойындағы тұнып тұрған кемел мінез-құлық – оның пайғамбарлығының белгісі мен нышаны екені хақ.

Енді Пайғамбарымыздың пайғамбарлық келгенге дейінгі өміріне көз жүгіртер болсақ, ол (с.а.с.) қырық жасына дейін ел ішінде ең сенімді тұлға ретінде танылған. Мекке халқы оны «*Мухаммадун Амин*», яғни, «*Сенімді Мұхаммед*» деп атайтын. Кез келген адам сапарға шығар болса, қолындағы ең құнды заттарын еш күмәнданбастан Пайғамбарымызға аманаттап тапсыратын. Пайғамбарымыз өмірінде ешбір аманатқа қиянат жасамаған. Өйткені, оның дінінде аманатқа қиянат ету, уәдеде тұрмау және жалған сөйлеу – екіжүзділіктің нақ белгісі. Тіпті, Пайғамбарымыз Меккеден Мәдинаға көшуге мәжбүр болған кезде де қолындағы Мекке халқының аманатын иелеріне тапсыру үшін хазірет Әлиді орнына қалдырған.

Міне, ол (с.а.с.) осылайша өзіне қарсы шығып, тіпті өлтіруді жоспарлап, елінен, жерінен кетуге мәжбүр еткен пенделердің де аманаттарына қиянат етпеген. Не деген сенімділік, не деген туралық десеңізші!

Мекке халқы оның қырық жасына дейін бір рет болсын жалған сөйлегеніне куә болмаған. Жалғандық оның (с.а.с.) үш ұйықтаса да түсіне кірмейтін.

Әбу Бәкір Сыддық: «*Қырық жасына дейін бір де бір өтірік айтпаған адам мінез-құлқы әбден толысқан қырықтың қырқасына шыққанда қалайша өтірік айтсын?*», – деп Пайғамбарымыздың дінін еш күмәнсіз қабылдап, бірден мұсылман болған-ды.

Міне, өзі өмір сүрген қоғамда титтей де өтірік айттып көрмеген жан бойында қалыптасқан бар қасиетін бірақ күнде өзгертіп, дін сияқты салмақты мәселеде дүйім жұрттың, тіпті, қияметке дейін келіп-кетер адамзаттың ал-

дында қалайша еш шімірікпестен *«Мен пайғамбармын»* деп жер-жаһанға жар салып жалған сөйлесін?!...»<sup>41</sup>.

Пайғамбарымыз: *«Мен көркем мінезді кемеліне келтіру үшін жіберілдім»*, – деу арқылы көркем мінездің өзінің пайғамбарлық ұлық мақсатымен тікелей байланысты екенін көрсетіп кеткен. Оның мінез-құлқы – Құранның тәлім берген сүттен ақ, судан таза ұстанымдарының жиынтығы. Айша анамыздан біреулер Пайғамбарымыздың мінез-құлқы жайлы сұрағанда: *«Сендер Құран оқымайсыңдар ма? Оның мінез-құлқы – Құран ғой»*<sup>42</sup>, – деп жауап беруі осының дәлелі.

Бірде біреулер Халид ибн Уәлидтен Пайғамбарымызды суреттеп беруін өтініпті. Халид болса Пайғамбарымыздың болмыс-бітімін тілмен айтып жеткізудің мүмкін еместігін айтады. Бірақ, ел-жұрт Халидтің ең болмағанда өз түсінік дәрежесінде айтып беруін өтінгенде:

– Жіберілген (елші) Жібергеннің ұлылығына сай болды. Ал Жіберуші күллі әлемнің жаратушысы болса, онда жіберілгеннің қандай болғанын өздерің ойлай беріңдер, – деп жауап берген екен.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) пайғамбарлығынан бұрын да қара қылды қақ жарған әділдігімен, сөзіне беріктігімен, сенімділігімен, мейірімділігімен және қол ұшын беруге әзір тұратын елгезектігімен теңдессіз үлгі көрсетті<sup>43</sup>.

Өзіне алғаш рет уахи келген кезде бұдан қорыққан Аллаһ расулын жан жары хазірет Хадиша анамыз: *«Сен әрқашан шындықты айтасың. Аманатқа қиянат жасамайсың. Туған-туыстарыңмен сәлемің түзу, қабағың*

<sup>41</sup> Қ.Жолдыбайұлы, *Ақиқат шуағы*, «Алтын қалам» баспасы, Алматы, 2004, 76-83-б.

<sup>42</sup> Муслим, *Мусафирин*, 139

<sup>43</sup> М. Акгул, *Құран-ы Керимде хз. Пейгамбер*, Стамбул, 2002, 153-б.



ашық. Көршілеріңе мейірімдісің. Кембағалдар мен кедейлерге қол ұшын беріп, мүсәпірлерді үйіңнің төріне шығарып, оларды қадірлеп, қонағыңдай күтесің. Халқың қиындыққа душар болғанда жәрдеміңді аямайсың. Уаллаһи, сені бұл үмбеттің пайғамбары болар деп үміттенемін”<sup>44</sup>, – деп басу айтқан болатын.

Пайғамбарымыздың ғұмыры – адамзатты жеке әрі қоғамдық-саяси әрі материалдық-рухани тығырықтан алып шығар көркем мінезге көмкерілген сара жол. Оның көркем мінезі мен туралығы, шипалы кәусар сөздері, салған нұрлы жолы күнәға белшесінен батып, өмірден күдер үзген жандарға үміт сыйлады.

Пайғамбарымыздың:

أَوَّلُ مَا يُوضَعُ فِي الْمِيزَانِ الْخُلُقُ الْحَسَنُ

«Таразыға ең алғаш тартылатын нәрсе – көркем мінез»<sup>45</sup>, – деген хадисі – кемелдік жолын іздеген әрбір адам үшін бағдаршам іспетті. Ешкімді сөзімен және қылығымен ренжітпей, таспен атқанды аспен ата білу де – көркем мінез бен парасаттылықтың белгісі. Жақсымен жақсы қарым-қатынас жасау кім-кімнің болса да қолынан келеді. Алайда, жақсылықтан үрке қашатын жандармен де жақсы қатынас жасай білу – екінің бірінің қолынан келе бермейді.

Көркем мінезділікке қол жеткізу – жүрек тазалығының белгісі. Жүрек күпірліктен азат болғанда ғана тазалыққа жол ашылмақ. «Жүрегім таза, халықты жақсы көремін, үнемі қол ұшын беруге дайын тұрамын» деумен іс бітпес. Негізінде адами құндылықтарды құрметтеу өте маңызды. Алайда, сол құндылықтардың мән-мағынасын

<sup>44</sup> Муслим, *Иман*, 252.

<sup>45</sup> әл-Һинди, *Канзуль-уммаль фи сунәһиль-ақуаль уәль-афаль*, Бейрут, 3-т, номері 5160 хадис

біліп, үнемі есте ұстау иманмен тікелей байланысты. Адамның иман болмаса істеген жақсылығын жалғасы да болмайды. Өзегі қуыс ағаш секілді үдей соққан дауылға шыдас бермей, шорт кетіп сынған күйі жер жастана құлары сөзсіз.

Мысалы, бір адам отанына, қала берді бүтін адамзатқа пайдалы қызмет етті делік, алайда, жергілік-ті билікті мойындамаса, тәртіптеріне бағынбаса істеген әрекеттерінің пайдасы болмайды, тіпті жазалануы да мүмкін. Сол сияқты әлемнің Жаратушысын, Иесін танымаған адам отанына, халқына қанша қызмет жасаса да ақиретте пайда бермейді.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) соншалықты көркем мінез иесі бола тұра: **«Аллаһумма ахсин хулуқи кәма ах-санта халқи»** *«Аллаһым, жаратылысымды әдемі қылып жаратқаныңдай, мінезімді де көркем ет»*<sup>46</sup>, – деп үнемі Аллаһ тағаладан жалбарына сұраған.

Көркем мінез – дінімізбен қоса екі дүниеде де бақытқа бастайтын бірден-бір жол. Егер біз ислам ұсынған көркем мінез үлгілерін дәріптеп, иманымыздың кәмілдігін Пайғамбарымыз бен сахабалар секілді іспен көрсете білсек және оны өмірлік дәстүрге айналдыра алсақ, төрткүл дүниенің түкпіріне тарыдай шашылған адамзат баласының исламға деген махаббаты да арта түспек.

<sup>46</sup> Ахмад ибн Ханбал, Муснад, 1, 403

## Ата-ананың қадірі

*«Раббың тек қана өзіне құлдық жасауды, әкешеңізге жақсы қарауды бұйырды»*

*(Исра, 23)*

Отбасы – қоғамның негізгі бөлшегі. Отбасындағылар бір-бірінің жеке құқығы мен міндеттеріне қаншалықты құрметпен қараса, қоғам да соншалықты берік болмақ.

Ислам діні отбасыға перзент бойына сүйіспеншілік пен өзара көмектесу, жанашырлық сезімін қалыптастыратын қасиетті шаңырақ ретінде қарайды. Ұрпақтың жалғасып, олардың баянды өсіп-жетілуі ата-анаға тікелей байланысты. Аллаһ ұрпақтың жалғасуын негізгі бес қасиетті ұғымдардың қатарына қосып, оның сақталуына үлкен маңыз артқан. Қасиетті шаңырақты шайқалтпай негізін қалыптастыратын ең берік тірек – ата-ана. Адамның дүниеге келуіне себепкер болып, жетілуінде ерекше рөлі бар ата-аналар – ең әуелі құрмет көрсетілуі тиіс аяулы жандар.

Адамның дүниеге келуі, өсуі-өнуі басқа жандыларға қарағанда ерекше. Жануарлардың төлдері қысқа уақыттың ішінде жетіліп, өзінің төл қызметін атқаруға бірден кірісіп кетеді. Ал, адамның ес біліп, етек жабуына, одан есейіп ақыл тоқтатуына бірнеше жылдар қажет.

Баланың жарқын болашағы мен бақыты үшін тыным таппай шарқ ұрған ата-ананың балаға деген мейірімі мен өмірде тартқан тауқыметінің қандай болатынын кесіп-пішіп айту аса қиын. Ата-ананың қадірін түсініп, олар-

ды Аллаһтың рақымдылығына бөленуге себепкер деп білгендер – бұл дүниеде де, арғы дүниеде де бақытты жандар, ал оларды өздеріне жүк санап ауырсынғандар – өз келешегінің бақытын байлағандар. Ата-анаға лайықты дәрежеде құрмет көрсетпеу – Хақ тағалаға қарсы келумен бірдей күнә.

Ислам діні отбасыға, әсіресе, оның ең негізгі екі тірегі – ата-анаға ерекше мән берген. Мықты отбасы негізінде баянды қоғам қалыптасатынын айта отырып, осы күрделі мәселеге қатысты бұлжымас қағидаларды орнықтырған. Әуелі Аллаһ алдындағы борыштарымыздан кейін бірден ата-анаға деген міндеттеріміздің келуінде ерекше мән бар.

Аллаһ тағала бұны бізге: **«Сіздерге Раббыңыздың нені харам еткенін білдірейін. Оған (Аллаһқа) ешнәрсені серік қоспаңдар, ата-анаға жақсылық жасаңдар!»**<sup>47</sup>, - деп білдіреді.

Ұлы Жаратушымыздың ата-анаға жақсылық жасау бұйырығы – тек адам баласына ғана тән бұйрық. Басқа жануарлар мен жәндіктердің табиғатында кішкентайлардың үлкендерді қорғап, пана болуы кездеспейді. Құран мен хадистерде ата-анаға жақсылық жасауға ерекше көңіл бөлген. Құранның бір ерекшелігі, адам табиғатына тән күнделікті ұшырасатын іс-қимылдарға аса тоқталмайды. Өйткені, оны адамның өзі ешқандай мәжбүрлеусіз орындайды. Мысалы, Құранда «ішіндер, жендер, ұйықтандар, үйленіндер» деп баса айтылмайды. Ата-ананың балаға жақсылық жасау мәселесі кей жағдайларға ғана тән. Ал мұндай жағдайлар өте аз кездеседі. Өйткені, ата-ана ешқандай сыртқы жетелеушісіз-ақ болмысындағы өз ерекшелігімен балаларына қамқорлық жасайды, өмірін пайда еткен күннің өзінде ол үшін алғыс та күтпейді. Ал

<sup>47</sup> Әнғам, 151

кейінгі ұрпақ алдыңғы буынды емес, өзінен тарайтын кейінгі ұрпақ қамын көбірек ойлайды. Өмірдің заңдылығы осындай<sup>48</sup>. Ал ата-анаға жақсылық жасау күшті ерік-жігер мен имандылықты қажет етеді. Сондықтан бұл мәселеге бірнеше жерде арнайы тоқталып, назарымызды соған аударайды.

Аллаһ тағала: *«Маған және әке-шешеңе шүкіршілік ет, қайта оралар жер менің құзырым»*<sup>49</sup>;

*«Біз адамдарға әке-шешесіне жақсылық жасауды өсиет еттік. Анасы оны қиындықпен құрсағында көтеріп, сондай ауыртпашылықпен дүниеге әкелді. Ананың жатырда баланы көтеруі мен емшектен шығуы отыз ай жалғасты»*<sup>50</sup>, – деп әуелі өзіне шүкір етуге, содан кейінгі кезекте ата-анаға шүкіршілік етіп, алғыс айтуға шақырады

Аятта: *«Анасы оны қиындықпен құрсағында көтеріп, сондай ауыртпашылықпен дүниеге әкелді»*, – десе, «Лұқман» сүресінің 15-аятында: *«әлсіреу үстіне әлсіреп»*, – деп ананың балаға жүкті кезін көз алдымызға елестетеді. Ауыр бір жүк артып, әзер тыныс алып, діңкесі әбден құрыған қайғылы қаһарманның аһылап-үһілегенін және босану кезіндегі жан қиналыстарын көз алдымызға келтіреді<sup>51</sup>.

Сонымен қатар, бұл аятта ананың асыл да ардақты қасиетіне терең мән берген. Күн сайын даму үстіндегі медицинаның берген мәліметтері адамды еріксіз толғандырады. Баланың жатырға түсіп өсе бастауынан кейін ананың ішкі құрылысы толығымен өзгеріп,

<sup>48</sup> У. Зухәйли, *ат-Тафсируль-мунир филь-ақидати уәш-шариати уәль-мәнһәж*, Дамаск, 1991, 13 т., 346-б.

<sup>49</sup> *Лұқман, 14*

<sup>50</sup> *Ахкаф, 15*

<sup>51</sup> *Тафсируль-мунир, 13 т., 347-б.*

бала үшін жұмыс істей бастайды. Күнделікті ішкен асын жей алмай, тіпті, оған қарай да алмай, айлар бойы қиналады. Ал баланың сүйектері қалыптасу кезеңінде ананың қанынан кальций артығымен бөлінгендіктен ана әлсірейді. Жатырындағы кішкентай нәрестенің өсуі үшін өзінің сүйегі еріп, содан бөлінген заттарды береді. Ағзадағы бұдан басқа да күрделі құбылыстардың қасында бұл айтқандарымыз өте мардымсыз мағлұматтар ғана. Оны тілмен айтып жеткізу қиын.

Содан кейінгі сатыдағы баланың жарық дүниеге келуі кезіндегі ананың жан қиналысы да адам төзгісіз. Өзінің өміріне қауіп төнсе де перзентті дүниеге әкелуге бел байлайды. Бұның қиындығын аналар ғана жақсы біліп, сезіне алады.

Сәбиіне сүт емізген кездегі құбылыс ерекше көңіл бөлерлік. Баланы қолына алып алғаш емізген сәтінде Аллах тағала оған бар қиындығын бірден ұмыттырып, алпыс екі тамыры иіген ананың көңілі мейірім мен сүйіспеншілікке толады. Көрген қиындықтарына қарамастан анасы өзін бақытты сезінеді. Баланың қиындығынан жалықпайды, керісінше, перзентінің аман-сау өсіп жетілуін бар жан-тәнімен қалайды.

Иә, адам баласы бұның бәрін қалай өтемек? Әсте бұған шамасы жетпейді. Сондықтан анасын иығына салып, Қағбаны тауап жасатқан бір кісі Пайғамбарымыздан: «*Анамның ақысын өтей алдым ба?*», – деген кезде «*Жоқ, бір толғағының да ақысын өтей алмадың*», – деген болатын<sup>52</sup>.

Баланың мойнында өмірде тартқан тауқыметіне қарай әкеге қарағанда шешенің ақысы көбірек. Өйткені, ол баласын жатырында тоғыз ай көтеріп, қаншама қиындық көреді. Сәбиді дүниеге әкелу барысында жанын

<sup>52</sup> *Тафсируль мунир*, 13 т., 348-б.

пида еткен аналар қаншама. Дүниеге әкелгеннен кейін де оны күндіз-түні мәпелеп, емізіп, түн ұйқысын төрт бөліп, бөбегі шыр етіп оянса қоса оянатын нағыз мейірім қаһарманы емес пе?! Міне, осындай тартқан тауқыметінің ауырлығына қарай оның құрметке бөлену дәрежесі де ерекше болмақ. Анаға құрмет жайлы айтылған мына хадис көпшілікке мәлім. Пайғамбарымызға бір кісі келіп: *«О, Аллаһтың елиісі! Кімге жақсылық жасайын?»*, – деп сұрағанда, Ол: *«Анаңа»*, – деді. Ол кісі қайта сұрағанда тағы да: *«анаңа»*, үшінші рет сұрағанда да: *«анаңа»*, – деп жауап бергеннен кейін төртінші, ең соңында: *«әкеңе, содан кейін жақындығына қарай басқа жақындарыңа»*, – деп<sup>53</sup> жауап берген.

Ислам діні әйел затына ана болу сипаты арқылы ең жоғарғы әрі қымбатты дәрежені берген. Әртүрлі тарихи кезеңдерде қорлық пен кемсітушілікке душар болып, тіпті, соңғы ғасырларға дейін Еуропадағы христиандардың арасында «әйел деген адам ба, әлде шайтан ба?» деген қызу пікірталас болған кезде ислам әйел затын бұл қорлаудан азат ету былай тұрсын, ең жоғарғы дәрежеге шығарып «жаннат – аналардың табандарының астында» деп жаннаттағы ең жоғары мәртебені аналардың аяғының астына жайып салды. Нағыз ана өмір бойы тәнімен қоса жанын баласына пида етеді. Ана бөбегін алғашында тәнінде көтерсе, жарық дүниеге келген кезде белгілі бір уақытқа дейін қолында, содан кейін ғұмыры түгесіліп біткенге дейін жүрегінде алып жүреді. Асыл ана, бұл не-ткен ұлы, неткен сұлу махаббат?!

Мына аят әке-шешеге құрметтің нағыз шыңын көрсетеді: ***«Раббың тек қана өзіне құлдық жасауды, әке-шешеңізге жақсы қарауды бұйырды. Ал егер олардың бірі немесе екеуі де қолдарыңда тұрған кезде қартайса,***

<sup>53</sup> Әбу Дәуіт, Әдәб 129, (5141); Тирмизи, Бирр 1, (1898)

*оларға «уһ» деп те айтпа. Сондай-ақ, оларға зекіме және оларға сыпайы сөйле. Мейіріммен оларға құшақ жайып оларға былай деп дұға жаса «О, Раббым! Олар мені кішкентай күнімде қалай мәпелеп өсірген болса, оларды солай мейіріміңе бөлей гөр»<sup>54</sup>. Бұл жердегі әрбір сөзге терең мән беріп қарау керек.*

Аятта сенім негіздерінің ең бастысы Аллаһқа серік қоспауды бұйырғаннан кейін, қоғамдағы жеке адамдардың жауапкершіліктеріне тоқталып, Аллаһтан кейінгі кезекте ата-ананың ақысы бар екені еске салынып, оларға жақсы қарау әмір етілген. Осылайша Аллаһтың алдында ата-ананың қаншалықты маңызды екендігі көрсетілген. Сүреде бұл мәселенің маңыздылығына назар аудару үшін адамға балалық шағын елестетіп сүйіспеншілік, мейірім мен жанашырлық сезімдерін ояту үшін *«егер олардың біреуі немесе екеуі де қолдарыңда тұрған кезде (жандарыңда) қартайса»* дейді. Қартаюдың өзіне тән құрметі болумен қатар, оның әлсіздігі мен дәрменсіздігі тағы бар. *«Қолдарыңда (жандарыңда)»* деу арқылы қартайған әлсіз шағында паналауға мұқтаждықтарын білдіреді. Тіпті, оларға *«уһ» деп айтпа* деу арқылы әкешеге әдепсіздік танытпау керектігі айтылып, *«оларға зекіме және оларға сыпайы сөйле»*, оларға *«бәле болдыңдар ғой, әбден шаршаттыңдар ғой»* деп кейіме, жылы сөздер айтып көңілдерін аула дейді. Мейірім шуағын жайып олардың тілегін тілеп, алдарында бас июге шақырады. Одан кейінгі сөйлемде адамның ар-ожданына тікелей әсер ететіндей жолға көшеді: *«О, Раббым! Олар мені кішкентай күнімде қалай мәпелеп өсірген болса, оларды солай мейіріміңе бөлей гөр»*, – деп бала күніндегі әке-шешесінің қамқорлығы мен қорғанында өскен әлсіз шақтарын адамның есіне салады. Ал енді ата-ананың

<sup>54</sup> *Исра, 23-24*



өзі қамқорлық пен мейірімге мұқтаж жағдайда перзент Аллаһтан олар үшін тілек тілейді. Өйткені, Оның мейірім-панасы шексіз. Ата-ана баласы үшін шыбын жанын шүберекке түйіп, ерекше жанкештілік жасағандықтан, Аллаһ оларды балаларының күші жетпейтін нәрселерге ие қылуы мүмкін<sup>55</sup>.

Кезінде сені қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай мәпелеп өсіріп, мейіріммен махаббаттарына бөлеп, бауырына басқан осы қартайған шағында қорғансыз бала күйіне түскен ата-анаға қарамай, «оларсыз да күн көрісім мәз емес» деп бағып-қағуды ауырсыну адамгершілікке жатпайды. Негізінде Аллаһ тағала солардың құрметі үшін үйімізге ризық-берекесін береді. Пайғамбарымыз бір хадисінде: «үйдің берекесі кішкентай сәбилер мен қарттарда», – деп осы ақиқатты баяндайды. Шексіз Мейірімді де Рақымды, күллі жақсылық атаулының иесі Аллаһ дүниеге бір перзент келген кезде оларға ризықтарын өте керемет күйде ананың әлемде теңдессіз сүтімен қалай жіберетін болса, кішкентай балаға айналып мейірімге мұқтаж болған қарттардың да ризығын солай жібереді. Бұл шындықты Жаратушымыз бізге: **«Ризық беруші, құдіретті күшке ие – Аллаһ тағала»**<sup>56</sup>;

**«Өз ризықтарына өздері қол жеткізе алмайтын қаншама жәндіктер бар. Сендердің де олардың да ризығын беруші – Аллаһ»**<sup>57</sup>, – деп білдіреді. Қаншама әлсіз, дәрменсіз жан-жануарлар мен жәндіктердің ең керемет ризықпен ризықтануы осының айқын дәлелі емес пе? Мысалы, өте нәзік құрт піскен, ең шырынды жемістермен, ал дәрменсіз сәбилер ана сүтімен қоректенеді.

<sup>55</sup> Фи зилаль,

<sup>56</sup> Зәрият, 58

<sup>57</sup> Әнкәбут, 60

Жасөспірім өзінің де бір күні ақ шашты, сары тісті кемпір-шал болатынын ойлауы керек. Егер, қартайған кезде құрмет көргісі келсе, әке-шешесіне солай құрақ ұшып, қызмет етуі қажет. Егер ақыретте бақытты болуды қаласақ, әке-шешені риза етуге ұмтылу керек. Әрі мына жалған дүниеде оларға қамқорлық танытсақ, өміріміз берекелі болады. Ол – құнсыз қазына. Пайғамбарымыз бір хадисінде:

رَغِمَ أَنْفُ رَجُلٍ أَدْرَكَ عِنْدَهُ أَبَوَاهُ الْكَبِيرَ فَلَمْ يُدْخِلَاهُ الْجَنَّةَ

«Әке-шешесі қолында қартайып, жаннатқа кіре алмағанның жағдайы қандай өкінішті»<sup>58</sup>, – дейді. Негізінде, Аллаһ тағала бізді жаннатқа лайық қылу үшін дүниеде шексіз мүмкіндіктер сыйлаған. Бұл Аллаһтың мейірімділігін танытады. Солардың бірі – әке-шешеге құрмет. Сырт көзге қарағанда ауыр сияқты көрінген міндет – біздің жаннатқа кіруімізге тарту етілген керемет бір сый. Әрине, осындай сыйдан мақұрым қалған адамның ақыреттегі жағдайы өкінішті болмақ. Тіпті, анасының ризашылығын алмаған жағдайда өлер кезде адамның тілі кәлимаға келмеуі де мүмкін. Пайғамбарымыздың кезінде болған мына оқиға соның куәсі.

...Алқамә пайғамбардың көзі тірісінде құлшылыққа жан-тәнімен берілген, садақаны көп үлестіретін өте бір ізетті, иманды жас жігіт еді. Бір күні аяқастынан ауырған Алқамә төсек тартып жатып қалды. Ауруы әбден меңдеп, өлетін халге жеткенде, тілі куәлік сөзге келмей күрмеле берді. Оның қатты қиналғанын көрген сахабалар Пайғамбарымызға жүгіріп мән-жайды хабардар етті.

Пайғамбарымыз бірден әлгі жігіттің шешесін шақыртты.

<sup>58</sup> Муслим, *Бирр*, 3 (251); Тирмизи, *Дауат* 110 (3539)

– Алқамә қандай еді? – деп сұрады.

Әйел: – Балам көп намаз оқитын, көп ораза ұстайтын, садақаны көп тарататын, – деп жауап берді.

Пайғамбарымыз бұл жолы сұрақты төтесінен қойды: – Сізбен қарым-қатынасы қалай еді? Әйел: – Енді «іштен шыққан балам ғой» деп қанша кешіріммен қарағаныммен мені ренжітетін кездері көп еді. Оны айтып отырған себебім, көбіне әйелін жақтап, маған қарсы шығатын, – деген кезінде, Пайғамбарымыз:

– Анасының реніші баласының тілін күрмеп тұр екен. Қане, отын жинаңдар, Алқамәні тірідей отқа жағамыз, – деп маңайындағыларға бұйырды.

Ана байғұс бірден жанұшырды: – Ойбай-ау, қажеті жоқ. Баламды өртей көрмеңіз, – деп жалынғанда, Пайғамбарымыз салиқалы түрде: – Аллаһ тағаланың о дүниедегі азабы балаңыздың қазіргі азабынан да қатты болмақ. Егер Аллаһ ұлыңыздан разы болсын десеңіз, сіз де аналық ақ сүтіңізді кешіп, ұлыңызға деген бар реніш-өкпеңізді қойып, онымен ризалықпен қоштасыңыз, – деді.

Ана байғұс разылығын айтып, күбірлеп кешіргенде баласының да кәлимаға тілі келіп, өмірден озған екен<sup>59</sup>.

Адамның ет-бауыр жақыны – әке-шешесі. Оларға жасаған әрбір жақсылығымыз секілді дұғаларымызда да олардың бірінші кезекте болуын Құран: **«Уа, Раббым! Есеп күні мені, әке-шешемді және бүкіл мүміндерді жарылқай көр!»**<sup>60</sup>, – деп баяндайды. Міне, бірінші адамның өзі, одан кейін әке-шешесі келеді. Бұл адам болудың, адами сезімдерге ие болудың белгісі болса керек.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) Аллаһтың разылығы әке-шешенің ризашылығын алудан өтетінін, ал Аллаһ

<sup>59</sup> Бухари, *Әд-дәбуль-муфрад*, Бейрут, 1986

<sup>60</sup> *Ибраһим*, 41

тағаланың наразылығы ата-ананың наразылығына байланысты екенін бізге:

رَضَا اللهُ فِي رِضَا الْوَالِدَيْنِ ، وَسَخَطُ اللهِ فِي سَخَطِ الْوَالِدَيْنِ

«Аллаһ тағаланың разылығы – ата-ананың ризашылығында, Аллаһ тағаланың разы болмауы да – ата-ананың наразылығында»<sup>61</sup>, – деп ескертеді.

Тағы басқа хадисінде Пайғамбарымыз: «Әке – жаннаттың ортаңғы қақпасы. Қаласаң, оны тәркет, қаласаң сақта»<sup>62</sup>, – десе, «Перзент әкесінің құнын әкесін құлдықтан сатып алып, азат еткен жағдайда гана өтей алады»<sup>63</sup>, – деп перзенттің ата-ана алдындағы ауыр жауапкершілігін баяндайды. Міне осы айтылғанның бәрі – Исламның ата-анаға берген маңыздылығының көрсеткіші.

Ата-анаға қарсы шығу – ең үлкен күнәлардың қатарында. Бір күні Пайғамбарымыз сахабаларына:

– Сендерге күнәлардың ең үлкені қайсы екенін айтайын ба? – дегенде, сахабалар: «Иә, бізге қайсылары екенін үйрет», – деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.а.с.): «Аллаһқа серік қосу, ата-анаға қарсы шығу, нақақ адам өлтіру, өтірік айту», –<sup>64</sup> деп айтқан.

Ата-анасы бақилық болғаннан кейінгі перзенттің жақсылық жасау жолдарын Пайғамбарымыз: «Оларға дұға жасап, күнәларының кешірімі үшін Аллаһтан кешірім сұрау, өсиеттерін орындау, артта қалған әкешеше жағынан жақын туған-туыстармен қатынасты үзбеу және олардың достарына сый-сияпат көрсету»<sup>65</sup>, –

<sup>61</sup> Шугабул-иман лил-Бәйһақи.

<sup>62</sup> Тирмизи, Бирр, 3

<sup>63</sup> Бухари, Әдәбуль-муфрэд, 6; Муслим, Итқ 25 (1510); Әбу Дәуіт, Әдәб 129 (5137)

<sup>64</sup> Бухари, Әдәб, 6

<sup>65</sup> Тирмизи, Бирр, 3

деп көрсеткен. О дүниелік ата-ананың артынан жасалған дұғаның пайда беретінін Пайғамбарымыз: *«Адам қайтыс болғанда амал дәптерлері жабылады. Тек мына үш нәрсемен сауабы жалғасады: сауабы үздіксіз келетін садақа, адамдардың игілігіне жараған ілім және артынан дұға жолдайтын салиқалы перзент»*<sup>66</sup>, – деп ескерткен.

Адам құқына ерекше көңіл бөлген ислам ата-анаға құрмет көрсетуді мойнымызға борыш етіп жазған. Ата-анаға құрмет – тек ар-ождан мәселесі ғана емес, басқа да парыздар сияқты ғибадат. Тіпті, Аллаһ жолында жиһад жасаудан да артық саналған. Бірде сахабалардың бірі Пайғамбарымызға келіп: *«Уа, Расулаллаһ! Аллаһ жолында жиһад жасағым келеді»*, – дегенде, Пайғамбарымыз (с.а.с.): *«Әке-шешең тірі ме?»*, – деп сұрады. *«Иә, тірі»*, – деп жауап берді. Пайғамбарымыз: *«Олар саған рұқсат берді ме?»*, – деп сұрағанда, *«жоқ»*, – деді. Сонда Пайғамбарымыз: *«Олай болса еліңе қайт, егер рұқсат берсе жиһадқа қатыс. Бермесе, соларға қызмет жаса, батасын ал, сол – жиһад»*, – <sup>67</sup> деген-ді. Тағы бір сахаба жиһад жасауға рұқсат сұраған кезде Пайғамбарымыз: *«Анаң тірі ме?»*, – деп сұрады. Тірі екенін айтқан кезде *«Онда анаңның аяғына жармас. Жаннат – аналардың аяғының астында»*, – <sup>68</sup> деген.

Дінімізде ата-анамыз мұсылман болмаған жағдайда да оларға жақсылық жасау қажеттігі де айтылады. Пайғамбарымыздың жұбайларының бірі Әбу Бәкірдің қызы Әсмә: *«Сол кезде әлі мүшірік анам қасыма келді. Пайғамбардан «анам келіп тұр, менімен сөйлескісі келеді, онымен жақсы қатынас жасайын ба?»*, – деп

<sup>66</sup> Бухари, *Әдәбуль-муфрад*, 19

<sup>67</sup> Бухари, *Жиһад*, 138; Муслим, *Бирр* 5, (2539)

<sup>68</sup> Нисәи, *Жиһад* 6, (6,11)

сұрадым. «Иә, оған құрмет көрсет», –<sup>69</sup> деп жауап берді деген. Бұл мәселеге байланысты аят түсіп, онда: *«Аллаһ дін үшін сендермен соғысып, ел-жұрттарыңнан қуғындамағандарға жақсылық жасап, әділдікпен қатынас жасауларыңа тыйым салмайды. Расында Аллаһ турашылдарды жақсы көреді»*<sup>70</sup> делінеді. Тағы да бір аятта: *«Әке-шешенің сенің білмеген мәселелеріңде маған ортақ қосуға мәжбүрлесе, оларға бағынба! Олармен жақсы қарым-қатынас жаса және маған құштар адамдардың жолында бол...»*<sup>71</sup> деп күпірлікке, Аллаһқа серік қосуға шақырмайынша ата-анамен үнемі жақсы қатынас жасау керектігін білдіреді.

Пайғамбарымыз: *«Сенің дүниеге келуіңе себепкер әкең, дүние-мүлкіңнің барлығына сен себепкерсің. Олай болса, сен де, мал-мүлкің де әкеңнің табысы боп саналды»* деу арқылы баласының тапқан табысында әкенің де ақысы бар екенін айтқан. Бұл жердегі ақысы – қалағанынша алуы емес, нәпақа ақысы. Перзент дүние-мүлкі жоқ болса да, әке-шешесінің қажеттіліктерін өтеп, асырап бағуға міндетті. Осыған байланысты сахаба Әбу Дәрда (р.а.) Пайғамбарымыздың оған маңызды тоғыз нәрсені кеңес еткенін, солардың біреуі ата-анамен қоса бүкіл отбасының қажеттіліктерін өтеу екендігін жеткізеді<sup>72</sup>.

Ата-ана балаларына жеткілікті дәрежеде көңіл бөліп, қарай алмаған болса да балалары оларға жақсы қарауға міндетті. Өйткені, кісі қартайған сайын бала сияқты қорғансыз болып қалады. Сәбиінің балаң шақтағы нелер қырсық әрекеттеріне кешіріммен қарап, мейірімділік танытып, енді өздері балаларына мұқтаж болған кезде

<sup>69</sup> Бухари, *Хибә* 28; Муслим, *Зәкәт* 50

<sup>70</sup> *Мумтәхина*, 8

<sup>71</sup> *Лұқман*, 15

<sup>72</sup> Бухари, *Әдәбуль-муфрәд*, 9

оларға жақсы қарау – адамдықтың асыл борышы. Бұл міндет «әке-шешемді құрметтеймін» деген құрғақ сөзбен бітпейді. Олардың қажеттіліктерін өтеп, қарасып, рухани әрі материалдық бар мүмкіндіктерді жасаумен ғана жүзеге асады.

Орайы келген тұста мына бір тәмсіл әңгімеге де назар аударсақ.

Бір жас жігіт үйленгелі бері үйінде бірге тұрып келе жатқан әкесі үшін әйелімен ылғи да қырықпышақ болып сөзге келіп қалатын. Арадағы ұрыс-керіске әйелінің қайын атасына тыжырына қарап, үйге артық адам керек емес деп жақтырмай қарайтын шайпау мінезі себеп болатын. Кейде сондай бір ұрыстардың адам айтса нанғысыз бас бермей кететін кездері де жиі орын алатын. Ондайда жанжалды ушықтырып, жан алқымнан алатын әйелі үйді басына көтере: «Не бұл үйден мен кетем, не әкең кетсін!» деп долылыққа басатын.

Әйелімен ажырасуға дәті барар емес. Үйде бірге тұрып жатқан әкесі үшін лап ете қап, өршіп ала жөнелетін ұрыс-керістер болмаса, былайғы өмірі тыптыныштұғын. Осы әйелге кезінде қолы әрең жеткен еді, үйдегілерді қалай әрең көндіріп еді десейші?! Әйеліне өлердей ғашық болғаны соншалық, әлі де қатты жақсы көретін. Енді міне, шақшадай басы шарадай болып, не істерін білмей дал болып отырған оның есіне бұл тығырықтан алып шығар бір ғана жол түсті. Ол – кезінде аң аулауға керек болар деп тұрғызған таудағы күркесымақ ағаш үйге әкесін апарып орналастырсам деген ой еді. Аптасына бір рет соғып, тамағын апарып беріп, керектісін жеткізіп тұрса, күнде құлақ етін жемей үйде әйелі де тыныш табар деген үміт еді.

Әкесіне керекті бар заттарды дайындағаннан кейін төсекке таңылған әкесін көтеріп әкеп жеңіл көлікке

отырғызды. Баласы да барам деп етегіне жармаса кеткендіктен оны да машинаға отырғызып, жолға бірге ала шықты.

Қақаған қыс айы. Даладағы үскірік аяз бет қаратар емес. Қарсы алдарынан құйындатып борай соққан қардан жолды әрең-әрең көріп келе жатты. Қасында отырған кішкене баласы әкесінен қайда бара жатқандықтарын мазалап, қанша сұраса да еш жауап ала алмады. Ал өзін қайда апара жатқандығын бірден ұққан көкірегі ояу қарт іштей егіле жылап, көзінен сорғалай аққан жасын жеңімен сүрткен күйі немересі мен баласына білдірмеуге тырысты.

Бірнеше сағат жол жүріп таудағы үйге де келіп жетті-ау. Бұл жерге ат басын бұрмағалы да біраз уақыт болыпты. Үйсымақ ағаш күркенің әбден тозғаны соншалық, төбесінен су ағып, еденге тастаған тақтайлардың кейбір тұстары шіри бастапты. Күркенің бір бұрышын тазалап болғаннан кейін машинадағы төсекті әкеліп, сол бұрышқа жайлап орналастырды. Артынша басқа да заттарды өз орындарына реттестіріп қойғаннан кейін ең соңынан әкесін түсіріп әкеп, әлгі төсекке жатқызды. Ал, үй деп әкелген күркесі үйден гөрі далаға көбірек ұқсайды. Едені сыз, суық күркеде әкесі төсекке басы тимей жатып-ақ тісі-тісіне тимей сақылдап, жаурай бастады. Денесі қалшылдап, тоңа бастаған әкесіне қарап тұрып «Ертең жылырақ көрпе-жастықтар әкеліп берермін» деп ойлады. Бірақ, өзегін өртеген қалың ой мен еңсесін зіл ғып басқан мұннан біртүрлі арыла алмады. Ол осылайша өзін күнәлі сезініп тұрғанда, әкесінің ішкі жан дүниесінде аласапыран дауыл тұрып, көңілі астаң-кестең күйде еді. Қаншама жал барын аузына тосып, аялап баққан баласы қартайып, әл-ауқатынан айырылып, мынадай қауқарсыз күйге түскен шағында қадір-құрмет көрсетудің орнына



өзін тірідей көміп, қыстың көзі қырауда ессіз далаға тастап кетіп бара жатқан жоқ па?! Бұл не, ит-құсқа жем болсын дегені ме, жоқ, әлде, аязда аштан қатып өлсін дегені ме?! Бұдан өткен бақытсыздық, бұдан асқан масқаралық болар ма?! Осындай қорқынышты әрі сұрықсыз ойлар жетегінде іштей қатты мүжілген қарт онысын сыртқа сездірмеуге тырысып бақты. Болған жайттан ешнәрсе ұқпаған тек қарттың немересі ғана. Кіп-кішкентай бала жүрегі, әйтеуір, атасынан айрылып бара жатқанды ғана сезіп, көңілін қорқыныш биледі.

Қайтатын уақыт та таяды. Қоштасарда әкесінің төсегіне еңкейіп, оны құшақтаған бойда өксігін баса алмай көп жылады. «Мені кешірші» дегендей бетінен, көзінен, қолдарынан қимай-қимай көп сүйді. Екеуі де көз жастарына ие бола алмай, әкелі-балалы құшақтасқан күйі күнірене іштей егілді. «Осыған мәжбүр болдым, әке, қайтейін» дегендей ұлы артқа қайта-қайта көз тастап, кішкене баласының қолынан дедектете жетектеген күйі күркеден алыстай берді.

Көлікке келіп отырды. Қайтар жолға бет алғаннан-ақ қасына ерте келген кішкене баласы «Атамды суық жерге неге тастап кеттің?» деп ал кеп жыласын. Баласына не деп жауап берерін білмеген әке байғұстың басы қатып, састы. «Шешең осылай болуын қалады» деп айта алмады. Баласы бір уақытта жұлып алғандай «Сен қартайғанда мен де сені осында әкелем бе?» дегенде, төбесінен біреу мұздай су құйып жібергендей қалш-қалш еткен күйі тұрды да қалды. Бірден көлігін кері қайта бұрды. Күркеге жете бере «Әке, мені кеш?!» деп әке құшағына қарай далақтап жүгіріп, тамағына тығылған ащы өксікке ие бола алмады. Мойнынан тас қып құшақтады. Кемсеңдеген әке мен кешірім тілеген ұлдың құшақтары көпке дейін айырылмады. Өз қателігін енді ұққан баласы «Жаза бастым, жаңылдым,

әке, мені кеш» деп аяғына бас ұрып кешірім сұрағанда, әкесі оған еш күтпеген мағыналы жауап қайтарды:

– Сенің қайтып келетініңді білгенмін, балам. Сен мені тауға әкеп тастап кететіндей мен өз әкемді қартайған шағында тауға апарып тастаған жоқпын ғой. Мені тауға алуын алып келсең де, дәтің шыдап тастап кетпейтініңді, қайта оралатыныңды білгенмін, балам, – деген еді қарт сонда...

«Ата-анаң жынды болса байлап бак» деп бұны дәстүрге айналдырып, ислам шуағынан нәр алған біздің халқымыздың тарихында әке-шешесін қарттар үйіне, далаға тастау деген жаман әдет бұрын-соңды болмаған. Бұл да исламның әке-шешеге берген маңызын көрсетсе керек. Өкінішке қарай, дініміз бен салт-дәстүрімізді ұмытуға шақ қалған қазіргі таңда «Пәленбай қарттар үйі, түгенбай жетімдер үйі бар, оларға мынаны жасап жатырмыз, қамқорлық етіп жатырмыз» деп мәз болудамыз. Бұл – біздің мақтанышымыз емес, құлдырауымыздың белгісі. Ата-анасын сыйламаған қоғам ұрпағынан сый күтпесін. Әке-шешелері қандай күй кешсе, балалары да одан жырақ кетпейді.

## Шынайы ықылас хақында

*«Шын мәнінде амалдар тек қана ниеттеріге байланысты. Әркімнің ниеті қандай болса, табысы сол»*

*(Хақис)*

Ықылас – ниеттің кіршіксіз таза, шынайы, тура болуы. Ол көңіл пәктігін, жүрек тазалығын, көңілді кірлететін қылықтардан алыс әрі пікірде ұстамдылықты білдіреді. Құлшылықта Аллаһқа ортақ қоспай, ешқандай ішкі есепсіз тек қана Аллаһ разылығын көздеп, жауапкершілігі мен міндеттерін тек қана Жаппар Жаратушының бұйырғандығы үшін орындау. Осы шынайылық – саф құлдардың ең маңызды қасиеттерінің бірі.

Шынайылық ең әуелгі пайғамбарлардың қасиеті болса, ықылас оның нұрлы ұшар шыңы. Ықыласты болуға адамдар өмір бойы талпынса, пайғамбарлар бұл қасиетке тумысынан ие.

Құран Кәрімде олардың осы ерекшеліктерін кейбір пайғамбарлар арқылы:

﴿وَأَذْكُرْ فِي الْكِتَابِ مُوسَى إِنَّهُ كَانَ مُخْلَصًا وَكَانَ رَسُولًا نَبِيًّا﴾

*«Кітаптағы Мұсаны есіңе ал. Шындығында, ол – ықыласты етілген, елші әрі пайғамбар еді»*<sup>73</sup> және хазірет Жүсіп жайлы *«Күмәнсіз, ол*

<sup>73</sup> Мәриям, 51

– **ықылас табыс етілген құлдарымыздан еді**»<sup>74</sup>, – деп сипаттайды.

Аллаһ тағала Пайғамбарымызға да:

إِنَّا أَنْزَلْنَا إِلَيْكَ الْكِتَابَ بِالْحَقِّ فَاعْبُدْ اللَّهَ مُخْلِصًا لَهُ الدِّينَ

**«Күмәнсіз, бұл кітапты саған хақ етіп түсірдік. Олай болса, сен де дінді тек қана Аллаһқа лайық етіп, жибадат жаса!»**<sup>75</sup> – дей отырып, жалпы адамзатқа деген құлшылықтың құндылығын танытады.

Басқа бір аятта да Аллаһ Пайғамбарымызға:

قُلْ إِنِّي أُمِرْتُ أَنْ أَعْبُدَ اللَّهَ مُخْلِصًا لَهُ الدِّينَ

**«Дінімді нағыз Аллаһқа арнап құлшылық қылуға бұйырылдым» – деп айт»**<sup>76</sup>, – дейді.

Аллаһ пайғамбарларды адам баласына үлгі ретінде жібергендіктен, олардың қай-қайсысының да ықыласты құл екенін айтады. Олардың күллі игі амалы мен ниетінде терең ықылас жатыр. Олар пайғамбарлық міндетін атқару барысында бүкіл қиындықтарға мойымай қарсы тұра білді және ізгілікті дәріптеп, жақсылыққа шақыру ісінде ешкімнен де ақы талап етпеді. Бәрінің аузынан:

إِنْ أَجْرِيَ إِلَّا عَلَى اللَّهِ

**«Менің ақымды тек Аллаһ тағала ғана береді»**<sup>77</sup>, – деген бір-ақ ауыз сөз төгілді. Рас.Істеген жақсылығы үшін ешкімнен ақы талап етпеген олар қызметін Аллаһ разылығы үшін толық атқарды. Пайғамбарлардан кейінгі ең ықыласты құлдар – сахабалар. Бұл тұрғыда сахабаларға жетем деу тіптен мүмкін емес. Олар саналы

<sup>74</sup> Юсуф, 24

<sup>75</sup> Зумар, 2

<sup>76</sup> Зумар, 11

<sup>77</sup> Hud, 29, 51; Шуара, 106-109; 142-145; 161-164; Саба, 47

ғұмырын тұтастай хақ жолына арнап, тірі жаннан еш нәрсе күтпестен өмірден озды. Мысалы, Мусаб ибн Умәйр қайтыс болғанда, оны кебіндейтін мата да табылмады. Басына тартса аяғына, аяғына тартса басына жетпегендіктен, марқұмның мәйітін шөппен бүркемелеуге тура келген.

Аллаһ тағала қасиетті Құранның көптеген аятында құлшылықты бір ғана Аллаһ үшін жасауды әмір етіп, дұшпандардың қысастығы мен қастандығына, зұлымдығы мен түрліше айла-шарғыларына қарамастан пейілге сызат түсірместен бәрібір ықыласты болуға шақырады. «Ғафир» сүресінде:

فَادْعُوا اللَّهَ مُخْلِصِينَ لَهُ الدِّينَ وَلَوْ كَرِهَ الْكَافِرُونَ

**«Кәпірлер жақтырмаса да, сендер жибадаттарыңды шын жүректен Аллаһ үшін жасап, Оған дұға етіңдер»<sup>78</sup>** делінсе, тағы бір аятта:

وَيُطْعَمُونَ الطَّعَامَ عَلَىٰ حَيْثُ مَسْكِنًا وَيَتِيمًا وَأَسِيرًا {٨}  
 إِنَّمَا نَطْعُمُكُمْ لَوَجْهِ اللَّهِ لَا نُرِيدُ مِنْكُمْ جَزَاءً وَلَا شُكْرًا

**«Өздері мұқтаж бола тұра, тек Аллаһтың ғана разылығына қол жеткізу үшін кембағалдарға, жетімдер мен тұтқындарға ішіп-жегізеді. Біз сендерге тек қана Аллаһ разылығы үшін береміз. Сендерден ақы сұрамақ түгілі алғыс алуды да күтпейміз»<sup>79</sup>** деу арқылы ықыласты болудың өлшемін білдіреді.

Ықылас – жүректің ісі. Аллаһ тағала адамның жүрегіне қарап, амалына сауап жазады. Пайғамбарымыз айтқандай «Аллаһ сыртқы кескін-келбет, дене-пішініңізге емес, жүректеріңізге қарайды»<sup>80</sup>.

<sup>78</sup> Ғафир, 14

<sup>79</sup> Инсан, 8-9

<sup>80</sup> Муслим, Бирр, 33; Ибн Мажжа, Зухд, 9

Ықылас – саф жүректерге Аллаһ тарапынан берілген сый. Ол – аз нәрселерді молайтып, берекетін арттырады, шектеулі құлшылықты шексізге айналдыратын сиқырлы сый.

Ықылас – жүрекке жасырынған сыр. Ол тек Аллаһқа ғана аян. Сол себепті жүректегі ықыластың қандай екенін періште де біле алмағандай, бұл сырға шайтан да қол жеткізе алмайды.

Ықыластың осы сырлы күшіне байланысты хазірет Әли «Амалдың аздығын емес, қабыл болуын ойла, өйткені, Муаз ибн Жәбәлға Пайғамбарымыз:

أَخْلِصِ الْعَمَلَ يُجْزِيكَ مِنْهُ قَلِيلٌ

«Діни өміріңде аз амал етсең де, ықыласты болсаң жеткілікті», – деген және басқа бір хадисінде «Амалдарыңызда әрқашан ықыласты болыңдар, өйткені, Аллаһ амалдардың тек қана шынайы болғанын қабылдайды»<sup>81</sup>, – деп ықыласқа ерекше мән берген.

Ықыласқа ерекше мән берген исламда рияшылдық «ширк» боп есептеледі. Рия – ықыласқа қарама-қарсы ұғым. Ол бүкіл амалдары мен діннің бұйырған ізгі істерінде Аллаһтың ризалығын емес, дүниелік мақсат үшін адамдардың ризашылығын мұрат етуді білдіреді.

Пайғамбарымыз рияшылдыққа байланысты былай дейді:

*Қиямет күнінде алғаш шақырылатындар: Құранды жаттаған қари, Аллаһ жолында өлген адам және көп дүние-мүлікке ие болған кісі. Аллаһ тағала әуелі Құран жаттағаннан: – Мен саған пайғамбарыма түсірілген Құранды үйретпедім бе? – деп сұрайды. Ол: – Иә, Раб-*

<sup>81</sup> Мунауи, фәйзуль-қадир, Бейрут, ж.ж., 1-т., 216-б.

бым, – деп жауап береді. Аллаһ тағала: – Білгендеріңмен қалай амал еттің? – деп қайта сұрайды. Әлгі адам: – Мен оны күндіз-түні оқыдым, – дейді. Аллаһ оған: – Жалған айттың, – дегенде, періштелер де қостап «өтірік айтасың» дейді. Аллаһ тағала оған: – Керісінше «пәленше Құран оқиды» деп айтсын деген ниетпен оқыдың және ол ниетіңе іс жүзінде қол жеткіздің де, – дейді. Содан кейін дүние-мүлкі көп адам әкелінеді. Аллаһ: – Мен саған көп дәулет бермедім бе? – деп сұрайды. – Тіпті көп бергенім соншалық ешкімге күнің түсіп көрген емес, – дейді. Бай адам: – Иә, солай Раббым, – дейді. – Берілген мүмкіндіктермен қалай амал еттің? – деп сұрайды Аллаһ тағала. Әлгі бай сонда: – Туыстық қарым-қатынасымды үзбедім, садақа бердім, – дегенде, Аллаһ: – Жоқ, сен «пәленше жомарт» екен деп айту үшін бердің. Бұл да айтылды, – дейді. Содан кейін Аллаһ жолында өлтірілген адам сұраққа тартылады. Аллаһ одан да: – Кім үшін өлтірілдің? – деп сұрайды. Ол: – Сенің жолыңда жиһадқа бұйырылдым. Мен қасық қаным қалғанша, кеудемнен жаным шыққанша аянбай соғыстым, – дейді. Хақ тағала оған: – Өтірік айтасың, – дейді. Періштелер де «өтірік айтасың» деп қосылады. Аллаһ тағала оған қайтадан: – «Пәленше батыр екен десін» деп іштей мақтау-марапат күттің және дегеніңе жеттің. Солай айтылды да, – дейді. Содан кейін Аллаһтың елшісі Әбу Һурәйраның тізесінен соғып: – Ей, Әбу Һурәйра! Осы үш адам – қиямет күнінде жаһаннам отын алаулататын Аллаһтың мақұлығы, – деді.

Шуфей былай дейді:

«Әбу Һурәйрадан алған бұл хадисті Мұғауияға жеткіздім. Бұны естігенде Мұғауия: «Бұндай адамдардың өзі осындайға ұшыраса, басқалардың жағдайы не болмақ?», – деп иығы селкілдеп жылай бастады. Сәлден кейін өз-өзіне келіп көз жасын сүртіп былай деді: «Аллаһ

пен Оның елшісі дұрыс айтты деп «Һуд» сүресіндегі: *«Кім дүние тіршілігі мен оның зейнетін қаласа, дүниеде олардың еңбектерін толық береміз; сондай-ақ, олар онда кемшілікке ұшыратылмайды. Есесіне, ақиретте оларға тозақ отынан басқа еш нәрсе жоқ. Дүниеде жасағандары жойылып кетті. Онсыз да олардың жасағандары бекершілік»*<sup>82</sup> деген аятты оқыды<sup>83</sup>. Негізі, дүниелік нәрселерді талап ету харам етілмесе де, харам етілген нәрсе: дінімен діндарлық көрсету және діни амалдарымен дүниені талап ету, қысқаша айтқанда, дінді дүниелік мүдде үшін қолдану. Аллаһ бізді бұдан сақтасын!

Әбу Һурәйра жеткізген бір хадисте Пайғамбарымыз (с.а.с.): *«Аллаһ тағала «Мен ортақтардан пәкпін. Кімдекім амал етіп, бұған менен басқаны ортақ қылатын болса, ақиретте оны сол ортағына қалдырамын»*<sup>84</sup>, – деп айтқан.

Шәддад ибн Әус: *«Пайғамбарымыз «Үмбетім үшін ең қорыққан нәрсем – Аллаһқа серік қосу. Бұл үмбетімнің қайтадан күнге, айға немесе пұттарға табынады деген сөз емес. Алайда, менің қорқатыным олар амалдарында рияшылдық жасайды»*<sup>85</sup>– деп айтты», – деген. Пайғамбарымыз ықыласты сақтаудың қиындығын білдіріп, үмбетіне риядан сақ болуды ескерткен.

Істің қаншалықты шын ықыласпен жасалғанын, не болмаса рия екенін білудің кейбір белгілері бар. Мысалы, кейбіреу жай кезде сөзімен, ақылымен, мінезімен кішіпейіл көрініп, өзінен дәрежесі төмен біреумен тілдесе қалса, ісініп, кебініп, көкірегін ұрып, шынайы

<sup>82</sup> Һуд, 14-15

<sup>83</sup> Муслим, *Имара*, 152 (1905); Тирмизи, *Зуһд*, 48, (2383)

<sup>84</sup> Муслим, *Зуһд* 46, (2985)

<sup>85</sup> Муснад, *IV*, 24, 126; И. Жанан, *Хадис анциклопедиси, Қутубу-сунна*, Стамбул, т.ж., 6 т., 330-б.



бет пердесін көрсетіп алады. Демек, ол шын мәнінде кішіпейіл емес. Өзінен жоғары адамдардың алдында ғана иіліп, бүгіліп жақсы көріну ниетіндегі пенделіктен аса алмаған адам. Ықыластың нағыз белгісі – залым, қатігез адамның алдында бойын тік ұстап, намысты болу. Мүміндермен араласқанда аса кішіпейілдік танытып, иілгіш келу. «Кішіпейілділіктен кішіреймейсің» демекші, адамгершілігі бар адаммен адамша араласу деген сөз.

Ықылас – жүректің Аллаһпен байланысы. Сондай-ақ жұрттың алдында қандай ықыласпен ғибадат етсеңіз, ешкім көрмейтін жалғыз қалған кезде де дәл сол құлшылығыңыздан бір мысқал да таймауыңыз. Әйтпесе, жұртпен бірге намаз оқығанда қырағатын әдемілеп, намаздарын ұзатып оқып, жалғыз қалғанда шала-шарпы, үстірт орындаса, бұл нағыз рияшылдыққа жатады.

Әсіресе, қазіргі кезде рияшылдықтың етек алып кеткені соншалық, адамдар рияның не екенін ажырата алмай қалып жатады. Жеткен жетістіктерін «өз шеберлігімнен» деп біліп, мақтау мен марапаттауға мастанып, бұған жеткізуге себепкер болған Аллаһты тарсұмытып шыға келеді. Аллаһ мейірімін төгіп тұрса да, олар бұған Аллаһты тану үшін емес, Аллаһтан алшақтатушы бір перде (Аллаһ табиғат заңдылықтарын Өзінің ұлылығына перде еткен) ретінде қарайды.

Рияшылдықтан арылып, ықыласқа қол жеткізудің ең негізгі жолы – үнемі өлімді еске алу. Адам өзін бұл дүниеге уақытша келген қонақ сияқты сезініп, соған сай өмір сүрсе рияшылдықтан құтыла алады. Қонақта өзіңізді қалай ұстайсыз? Әрине, барынша әдепті, сабырлы болуға әрекеттенесіз. Өйткені, қонақ болу – уақытша бір сәт. Сол сияқты мына өткінші ғұмырда да өзінің қонақ екенін сезіне білген адам әрбір адымын аңдап басады.

Рияшылдықтан құтылудың тағы бір жолы – ихсан тұғырын иелену. Яғни, Аллаһ тағаланы көріп тұрғандай құлшылық ету. Біз Аллаһты көре алмағанымызбен, сәт сайын мүлтіксіз Аллаһтың назарында тұрғанымызды естен шығармауымыз керек. Сол кезде ғана рияшылдықтың шырғауынан құтыламыз.

Жүрегі ықыласқа толы адам ешкімнен мақтау, марапаттау күтпейді. Істеген ісі үшін атақ, абырой, даңққа кенелуді ойламайды. Істі алғаш бастаған кезде қандай шынайы болса, үлкен жетістікке жеткен кезде де сол шынайылығынан айрылмайды. Ол үшін ең бастысы – істеген амалдарын Аллаһтың қабыл алуы. Бұл тұрғыда Пайғамбарымыздың өмірі – үлгі. Меккеде пайғамбарлық кезеңі басталған тұста қандай шынайы, кішіпейіл болса, Мәдинаға қоныс аударғанда да, алғашқы ислам мемлекетінің басшысы ретінде Меккені азат еткен кезде де сол кішіпейілділігінен танбады. Пайғамбарымыздан кейін ел басқарған әділ халифалар да осы киелі үрдісті жалғастырды.

Шынайы дін жолында жүрген адам да өз өмірінің осындай иләһи бақытқа бастар бағыттан ауытқымауын әркез таразылап отырғаны абзал.

Ықыласты құлдарды шайтан оңайшылықпен құрығына түсіре алмайды. Себебі оларды Аллаһ өзі қорғауына алып, жаңылыс қадам басуына жол бермейді. Бір құдси хадисте айтылғандай, Аллаһ тағала ықыласты құлының «көретін көзі, еститін құлағы, жетектейтін қолы, жүретін аяғына айналады». Шайтан да ықыласты құлдардың алдындағы дәрменсіздігін мойындап, Аллаһқа:

﴿ قَالَ فَبِعِزَّتِكَ لَأُغْوِيَنَّهُمْ أَجْمَعِينَ \* إِلَّا عِبَادَكَ مِنْهُمُ الْمُخْلَصِينَ ﴾

**«Сенің ұлылығыңмен ықыласты құлдарыңнан басқасының бәрін аздыруға ант етемін, – деді (шайтан)»<sup>86</sup>.**

Пайғамбарымыз (с.а.с.):

مَنْ سَأَلَ اللَّهَ الشَّهَادَةَ بِصِدْقٍ بَلَغَهُ اللَّهُ مَنَازِلَ الشُّهَدَاءِ وَإِنْ مَاتَ عَلَى فِرَاسِهِ

*«Нағыз жүрек, шын ықылас-нейілмен шейіт болуды сұраған адамды Аллаһ тағала төсегінде өлсе де шейіттердің мәртебесіне жеткізеді»<sup>87</sup>,* – деу арқылы шынайы ниеттің маңызы мен салмағын сездірген.

Ықыласпен жасалған тілек әркез қабыл болады. Қандай істе болмасын табысқа жету шынайы ықылас арқылы жүзеге асады.

Ықылас пен шынайылықтың белгісі – ақиқаты анық, дұрыстығы тура деп білген жолда жалғыз қалып кетсе де мойымай, дұшпандардыңқысастығыменқытымырлығына, өсек-аяң, бәле-жалаға қарамастан мақсат еткен бағытынан таймау.

Ислам діні ықыласпен қатар ниетке де өте үлкен мән берген. Пайғамбарымыз (с.а.с.) бір хадисінде:

إِنَّمَا الْأَعْمَالُ بِالنِّيَّاتِ وَإِنَّمَا لِكُلِّ امْرِئٍ مَا نَوَى فَمَنْ كَانَتْ هِجْرَتُهُ إِلَى دُنْيَا يُصِيبُهَا أَوْ إِلَى امْرَأَةٍ يَنْكِحُهَا فَهِجْرَتُهُ إِلَى مَا هَاجَرَ إِلَيْهِ

*«Шын мәнінде амалдар тек қана ниеттерге байланысты. Әркімнің ниеті қандай болса, табысы сол. Кімде-кімнің хижраты, Аллаһ пен елшісі (ризалығы) үшін болса, оның хижраты Аллаһ пен елшісіне бағытталады. Ал, кімде-кім дүниеге қол жеткізу үшін, не болмаса қандайда*

<sup>86</sup> Саод, 82-83

<sup>87</sup> Муслим, әл-Жамиус-сахих, 2,1517

бір әйелге үйлену үшін хижрат жасаса оның хижраты да сол көздеген мақсатта болады»<sup>88</sup>, – дейді.

Тек қана хижрат жасауда емес, бүкіл іс-амалдарда ниет – өте маңызды. Ниет арқылы біз өзіміздің амалдарымыздың мақсатын белгілейміз. Егер амалдарымыздың мақсаты дүниелік болса, Аллаһ оған дүниелік қана пайда береді. Мысалы, бір кісі ораза ұстаған кезде денсаулық үшін, сабырлылығын арттыру үшін ұстаса, ол сол ниетіне жетеді. Алайда, ақыретте Аллаһтың сыйын ала алмайды. Аллаһ үшін жасалған жақсылықтардың сыйын тек Аллаһ береді. Ақыретте соны әшкерелейтін Аллаһ тағала: «міне, мыналар сендердің ортақ қосқандарың, осылардан сұраңдар»<sup>89</sup>, – дейді. Әркім өз жанын сауғалайтын болғандықтан ешкімнің ешкімге титтей де көмегі болмайды.

Адамның ниеті амалын өзгертеді. Кішкентай бір ісін ғибадатқа айналдырғандай, жұртқа көрсету үшін істеген ғибадатын күнәға айналдырады. Мысалы, бір адам ұйықтар кезде «түнде Аллаһ үшін тұрып, құлшылық жасаймын» деген ниетпен жатса, оның ұйқысы да ғибадат болып саналады. Тамақ жеген кезде ысырап қылмай, дініміздің үйреткеніндей «бисмиллаһ» деп бастап «әлхамдулиллаһ» деп бітірсе, ас үстіндегі Пайғамбарымыздың (с.а.с.) жасағанын әркез үлгі етсе, онда тамақтанудың өзі ғибадатқа айналады.

Пайғамбарымыз (с.а.с.):

نِيَّةُ الْمُؤْمِنِ خَيْرٌ مِنْ عَمَلِهِ

«Мұсылманның ниеті жасаған ісінен қайырлы», – деген<sup>90</sup>.

<sup>88</sup> Бухари, *Бәд'у'л-Уахи*, 1; Муслим, *Имарә*, 155; Әбу Дәуд, *Талақ II*

<sup>89</sup> Тирмизи, *Нузур*, 9; Ибн Мажа, *Фитән*, 19

<sup>90</sup> Н. Һәйсами, *Мәжмә'у'з-зәуаид уә манбаул-фауаид*, Каир, ж.ж., 1 т., 61,109-б.

Аллаһ тағаланың істелген сыртқы іске қарағанда, іштегі ниетке қарай сауап жазуы Оның, шексіз рақымдылығын көрсетеді. Сондықтан, адамдардың ниеті қол жеткен табыстарынан әлдеқайда артық болмақ. Кісі жақсылықты ниет қылып, кедергіге тап болып, оны орындай алмай қалса да оған сол істі істегендей сауап жазылды<sup>91</sup>.

«Тәбук» шайқасында Әнәс (р.а.) Пайғамбарымыздан риуаят еткен хадисінде: «Мәдинада біздің жүрген жолымызды жүрмесе де, бірақ соның сауабын алған адамдар бар», – деді. Сахабалар бұл қалай деп таңырқағанда Пайғамбарымыз: «оларға түрлі себеп кедергі болды» деді<sup>92</sup>. Сонымен қатар, кейбір адамдар мейлі шайқасқа қатысып өлсін, оның шайқасудағы мақсаты Аллаһ разылығы үшін болмаса ол шейіт бола алмайды. Сондықтан да амал жасағанда ниет аса маңызды.

Бір амалды жасаған екі адам жеке-жеке ниеттеріне қарай сауап алады. Мысалы, біреу адамдардың қамын ойлап аңызак шөлден құдық қазды делік, алайда, қазып қойған құдығына біреу түсіп кетіп өлсе, әуелгі ниетіне қарай сауапқа иеленеді. Егер біреуді өлтіруді көздеп әдейі қазған болса, ол жазасын тартады.

Ғалымдарымыз: «амал етпестен бұрын ниет етуге маңыз бер. Жақсы ниет студен танбаған сайын, ізгіліктің жолында боласың. Әйтпесе, гүлді тікенекке айналдырып алуың оп-оңай. Соған орай жараланып қалуың да ықтимал», – дейді. Ниет тек қана тілмен айту емес, сол ниетті жүзеге асыру жолында шынайы әрекет ету. Негізінде құр «ниет еттім» деп қоя салу адамды құтқармайды.

<sup>91</sup> Табарани және Әбу Дәуіт риуаят еткен, И. Ғазали, *Ихяу улумид-дин*, (ауд. А. Сердароглу), Стамбул 1995, 4/2-т., 655-б.

<sup>92</sup> Муслим, *Китабуль-имара*, 1911; Бухари, *Китабуль-жиад уә китабуль-мағаз*, 8/96

Ниет – амалдың рухы. Ниетсіз амал өлікпен тең. Ол жақсылықты жамандыққа, жамандықты жақсылыққа айналдыра алатын сырлы тылсым. Ниетсіз жасалған нижат – саяхат, жиһад – зұлымдық, намаз – дене шынықтыру жаттығуы, ораза – диета ғана бола алады.

Ықыласты болу – амалдарын Аллаһ үшін жасап, ешқандай қайтарым күтпеу. Пайғамбарымыз (с.а.с.) ансарлар жайлы айтқанда мақтау-мадақтан гөрі: *«сендер пайда кезінде сиреп, қиындық (қызмет ету) кезінде көбейген адамсыңдар»*, – деп халыққа қызмет көрсету жолында жел өтінде, оттың ортасында болып, жүлде табыс етілген кезде көрінбеуге тырысқан ықыластылықтарын айтады. Аллаһ жолында дінге қызмет етемін деушілер әрдайым пайғамбарларды үлгі етіп, жасаған қызметтерінің қарымын тек қана Аллаһтан күтеді.

Нағыз ықылас – ойлаған ниетіне шынайы болып соған жетуге тырысу. Ықыласқа байланысты мына бір әңгімені айта кетейік.

Әбу Бәкір Шибли төртінші ғасырдағы үлкен тақуа кісілердің бірі еді. Имам Шиблиге бағдаттық әлдебір наубайшы оның ғұламалығы мен тақуалығына тәнті болып, өмірінде бір рет көруге қатты ынтығады. Солай бола тұра, адамдар көп келетіндіктен жұмысын тастап кетуге батылы жетіңкіремейді. Имам Шибли жайлы сөз бола қалса, тамсана «шіркін, сол кісіні бір рет көру арманым» деп аһылап-үһілейді...

Күндердің бір күнінде наубайшының наубайхана-сының алдына ақ сақалды қарт келеді. Киген киімі өте жұпыны қарт қолын созып:

– Аллаһ разылығы үшін жарты нан берші, – дейді. Наубайшы ашуланып:

– Аулақ жүр. Сендерден әбден мезі болдық қой. «Аллаһ разылығы» дегенді үйреніп алғансыңдар, түге. Қайта-қайта айналып кеп соны айтасыңдар. Сұрап тұрған адамның жағдайы бар ма, жоқ па, онымен санаспайсыңдар, – деп, ал кеп ұрысады.

Қол жайған ақсақал бұл сөзді естігенде ләм-мим деген күйі теріс айналып қаланың (Бағдаттың) шетіне қарай бет алады. Бұны көрген ел наубайшыны сөгіп дүрсе қоя береді:

– Сен не істедің? Бұл ақ сақалды қария сен тәнті болып жүрген имам Шибли ғой.

– Мына ескі-құсқы киінген адам ба?

– Иә.

Аңтарылған наубайшы Шиблидің артынан тұра жүгіріп, қуып жете етегіне оралып «мені кешіріңіз» деп жалынады.

Аллаһ разылығы үшін жарты нанын бөліп бермеген шығайбайшыл наубайшыға дәріс беретін уақыттың келгенін сезген Шибли оған мынандай ұсыныс жасайды:

– Бағдат алаңында жүз алтыныңды қиып халыққа бір тамақ берсең сені кешірейін, – дейді.

– Құп болады. Сіз үшін жүз алтын да сөз болып па? – деп келісілген жерде халыққа тамақ береді. Жұрт тегіс келеді. Тамақ жеп болған ел Шиблиден үгіт-насихат етуін күтеді. Адамдардың бірі:

– Жиналған жамағат жаннат пен жаһаннам жайлы насихат айтуыңызды сұрайды. Осы төңірегінде халыққа уағыз айтсаңыз, – деп қолқалайды. Имам Шибли былай дейді:

– Жаннаттықтардың кім екенін білмеймін, әйтсе де, жаһаннамдықтардың кім екенін сұрасандар айтайын. Жиналғандар бір-біріне қарасты. Жамағат келіскен сыңай танытып:

- Жаннаттықтардың кім екенін айтпасаңыз, онда жаһаннамдықтардың кім екенін айтыңыз.

- Жаһаннамдық адам көргілеріңіз келсе, сіздерге тамақ берген мына наубайшыға қараңыздар!

Айналада сілтідей тыныштық орнады... Бәрі аң-таң. Сонда Шибли жағдайды былай түсіндіреді:

- Мына наубайшы Аллаһ разылығы үшін жарты нан бермеді, бірақ Шибли үшін жүз алтындық ас беруден тайынбады. Осы да ықыласқа, осы да діндарлыққа жата ма, төрелігі өздеріңізде...

Жамағат үнсіз, терең ойға батқан. Сәлден соң бір-біріне:

- Шибли хазірет бізге ұмытылмас сабақ берді. Бәріміз бұдан ғибрат алуымыз керек... – деп сыбырлай бастады<sup>93</sup>.

Шынында ойланып қарасақ, кейде болмашы нәрселер үшін ақшамызды шашып жатамыз. Аллаһ разылығы үшін деп алақан жайып келгенге қол ұшын беруге сарандық қыламыз.

Имам Нәуәуи: «Біреу жасаған жамандығын естіген кезде ренжігендей жасаған жақсылықтарын естігенде де ренжісе, бұл – оның ықыласының белгісі. Өйткені нәпсісінің ләззат алуы – рияшылдық. Кейде рия көптеген күнәдан да қатерлі. Ықыласты кісі ойында тек қана Аллаһтың разылығы болғандықтан игі істерінің жұртқа жария болуын да қаламайды<sup>94</sup>», – дейді.

Ғұламалар: «Аллаһ разылығынан басқаны көздеп ғибадат еткендердің жағдайы ыдысына шағыл тастарды толтырып алып, базарға шыққан адамға ұқсайды. Алыстан көрген адамдар «қандай бай» дейді. Оның пайдасы осымен ғана шектеледі. Базардан бір нәрсе алғысы келгенмен ыдысындағы іске алғысыз шағыл тастарға

<sup>93</sup> А. Шахин, *Олайлар конушуор*, Анкара, 1997, 55-б.

<sup>94</sup> *Месел уфку*, 136-б.



ешкім көк тиын ұстатпайды. Міне, рияшылдық жасаған адамның жағдайы осы. Айтылған жерде ұмыт қалатын салмақсыз бос сөзден басқа оған ақиретте ешқандай сауап берілмейді», – деп айтқан<sup>95</sup>.

Зуннун Мысри: «Мына үш нәрсе ықыластың нышаны: халықтың мақтауы мен даттауына көңіл бөлмеу (жұрттың не дегенін елемеу), жасаған амалын тез ұмыту (амал ету, бірақ, оған басты мән бермеу), тіпті, амалдың ақиретте сауап әкелетінін де ұмыту», – деген.

Фудаил ибн Ияз: «ел үшін амалды (күнәні) істемеу – рия, жұрт үшін амал ету (ғибадат) – ширк. Ықылас – Аллаһ тағаланың осы екеуінен сені сақтауы», – дейді<sup>96</sup>.

Қорыта айтар болсақ, ықылас – ақыл мен сана хәм жүректің кіршіксіз пәк ниетпен Аллаһ үшін ғана іс істеп, сауабын да тек Аллаһтан күтуі. Дәретсіз намаздың болмайтыны секілді, ықылассыз құлшылық та болмайды. Сондықтан бұл өмірде тек қана Аллаһ бізді ықыласты құлдарынан қылсын! Жасаған құлшылықтарымыз бен жақсылықтарымызды тек қана Жаратушымыз әмір еткендігі үшін орындап, басқа мақсатты көздемеуіміз керек. Негізінде Аллаһ разы болған құлының жолын ашады. Басқаларға да мойындатқызады. Пайғамбарымыз бен сахабалар, салиқалы Аллаһ достарының нұрлы ғұмырлары бұған куә.

Қазіргі қиындық пен кедергіге толы кезеңде өздерін ислам дінінің қадір-қасиетін арттыру ниетіндегі мүмін бауырларымыздың көбі осы бір асыл қасиет ықыласқа – аса зәру. Қазіргі кезде неше түрлі ағымдар мен секталардың көптігі баршаға аян. Олар ақиқи дін өкілдеріне қарағанда әлдеқайда жанқиярлықпен белсенді жұмыс істеуде. Сондықтан бір жеңнен қол, бір жағадан

<sup>95</sup> әз-Зәһәби, *Китабуль қабаир, Муассасатуль кутубис-сақафия*, Бейрут, 1990, 30-31-б.

<sup>96</sup> әз-Зәһәби, *Кабаир*, 32-б.

бас шығармаса, ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кету қаупі бар. Ақиқатты әркім өз шама-шарқынша жаяды, оның түрлі жолдары да баршылық. Сол себепті түрліше жолмен ақиқатты халыққа жеткізу жолында тер төгіп жүрген, бір терінің пұшпағын бірге илескен діндес бауырлар ислам дінінің қуат алуы үшін Аллаһ жолында жасалып жатқан істерде бір-бірін қолдап, демегені абзал. ислам дінін үлкен «университет» деп қарасак, баска әһли сүннет жамағаттары сол университеттің бөлек-бөлек факультеттері іспетті. Болмашы бас пайда үшін бір-бірін жөн-жосықсыз қаралаудан гөрі, бірлік пен татулықты сақтап, ықыласты жоғалтпау керек. Шайтан мұсылмандарды өз-өздеріне айдап салу арқылы барынша кедергі жасайды. Ал шайтанның күрмеуінен құтылудың жолы – ықыласты болу. Ендеше, толайым күш пен бауыр-мал бірлігіміздің негізі ықыласты болуымызда.

## Мейірім мен рақым ұғымы жайлы

*«Жердегілерге рақымдылық жасаңдар. Сонда  
көктемгілер де сендерге рақымдылық жасайды»*

*(Хақис)*

Мейірім мен рақым – жалпы жаратылыстың түп негізі. Мейірімсіз не нәрсе де мәнсіз әрі суық. Ғаламдағы барлық тіршілік атаулы терең мейірім, рақымшылық негізінде бар болып, өсіп өнеді.

Құрандағы барша сүренің «Бисмиллаһир-Рахманир-Рахим» деп басталуы ең алдымен Аллаһ түсінігінен хабар беріп тұр. Жаратушының Рахман және Рахим есімі рақымдылыққа тән бүкіл сипаттарды қамтиды. Жер бетіндегі тіршілік атаулының (құстардың самғауы, ағаштардың жер қойнауынан бой көтеріп, көкке шырқап өсуі, судың сарқырап ағуы, алып күннің күлімдеп сәуле шашуы, ағаштардың иіліп жеміс беруі, тіпті, жан-жануардың төліне мейіріммен емірене қарауы) бәрі де Аллаһтың Рахман есімін дәріптейді. Аллаһтың Рахман есімі пенделерін мұсылман, кәпір деп бөліп жармай, қаншама күнә жасап, астамшылық танытса да Аллаһ оларды жарылқап, ризық-несібесін беруде. Ал Рахим сипаты ақиретте тек иман еткендерге ғана тән.

Жансыз нәрселерде мейірімнің болмайтыны баршаға мәлім. Олай болса, алып күн қандай мейіріммен бізге сәуле беріп, жарығы мен жылуын төгеді? Топырақ, ауа, қан тамырлары қандай мейіріммен біздің тіршілігімізге қажетті нәрді еш кемшіліксіз бере алады? Бұл жансыз

жаратылыстарға шапағатты таңу мүмкін емес, әрине оның бәрі де Раббымыздың кең рақымдылығының, тым мейірбандылығының көрінісі.

Құранда Аллаһтың рақымдылығына байланысты көптеген аяттар бар, солардың бірнешеуіне тоқтала кетейік. «Бақара» сүресінде Аллаһ:

﴿وَمَا كَانَ اللَّهُ لِيُضِيعَ إِيمَانَكُمْ إِنَّ اللَّهَ بِالنَّاسِ لَرُؤُوفٌ رَّحِيمٌ﴾

**«Аллаһ тағала имандарыңды жоймайды. Еш күмәнсіз, Аллаһ адам баласына тым жұмсақ, аса рақымды»<sup>97</sup>** десе, «Ағраф» сүресінде:

﴿وَرَحْمَتِي وَسِعَتْ كُلَّ شَيْءٍ﴾

**«Менің рақымым барлық нәрсені тегіс қамтиды»<sup>98</sup>** деп, Аллаһ рақымшылығының баршаға тән екенін баяндайды. Тағы бір аятта бұл мәселені:

﴿وَلَوْلَا فَضْلُ اللَّهِ عَلَيْكُمْ وَرَحْمَتُهُ وَأَنَّ اللَّهَ رُؤُوفٌ رَّحِيمٌ﴾

**«Егер сендерге Аллаһтың кеңшілігі мен рақымы болмаса (жағдайыңыз қалай болар еді?), асылында Аллаһ өте жұмсақ, аса рақымды»<sup>99</sup>** деп ашық ұғындырады. Шын мәнінде Аллаһтың шексіз рақымшылығы болмаса жер бетінде тіршілік атаулы болмас еді.

Аллаһ тағаланың рақымдылығы жайлы бір хадисте: *«Аллаһ жаратылысты жаратпастан бұрын рақымдылықты өзіне жазды және «Расында менің рақымдылығым азабымнан жоғары»<sup>100</sup>,*— деген. Аллаһтың аса рақымдылығын айқын көрсететін көптеген хадис келтіруге болады:

<sup>97</sup> Бақара, 143

<sup>98</sup> Ағраф, 156

<sup>99</sup> Нұр, 20

<sup>100</sup> Бухари, Тәухид, 15,22; Муслим, Тәубә, 14

لله أَرْحَمُ بِعِبَادِهِ مِنْ هَذِهِ بَوْلِدِهَا

«Аллаһтың атымен ант етейін, Аллаһтың құлына деген мейірім-шапағаты бір ананың баласына деген мейірімділігінен сан есе үлкен»<sup>101</sup>. Әлемде ананың мейіріміне жетерлік ешбір мейірім жоқ, ана өз баласы үшін жанын пида етуге әрқашан дайын тұрады. Бұл тек адамдарға ғана емес, жануарларға да тән. Бұл – Аллаһ та-рапынан аналарға берілген ерекше сый. Біз таңғалатын ана мейірімі мен әлемдегі мейірім Аллаһтың жүз рақымдылығының бірі ғана. Бұл шындық хадисте былай-ша көрініс тапқан:

«Аллаһ тағаланың рақымын жүзге бөлді. Тоқсан тоғызын өзінің жанында сақтады. Дүниеге тек бір рақымын түсірді. Жаратылыстың бір-біріне деген мейірім-рақымы, ананың балаға деген мейірімі, жануарлардың өз төлдеріне жан ашуларының бәрі осы бір рақымның себебімен. Қиямет болған кезде Ол бір рақымын тоқсан тоғызға қосып, жүз рақымдылық етіп ашады. Әрбір рақымдылығы жер мен көктің кеңдігіндей. Ол күні шынайы мағынада жазаға лайық болғандар ғана құрдымға кетеді»<sup>102</sup>.

Хазірет Жабир (р.а.): *Пайғамбарымыздың: «Мына үш нәрсе кімнің бойында болса, Аллаһ оны қорғауына, қамқорлығына алып оны жаннатқа кіргізеді: Әлсіздерге жұмсақтық, әке-шешеге мейірім, құлдарға жомарттық (жақсылық, сый)», – дегенін алға тартады.*

Міне, осы дәлелдердің бәрі Исламдағы Аллаһ түсінігінің қаншалықты кең, қаншалықты рақымдылық пен мейірімге ие екенін соқырға таяқ ұстатқандай анық көрсетіп тұр. Осылардың бәрін бізге жеткізіп, үйреткен

<sup>101</sup> Бухари, Муслим, *Ихя*, 4/1, 278-б.

<sup>102</sup> Бухари, *Әдәб*, 19

Пайғамбарымыз да ерекше мейірімді, аса рақымды, тым кешірімшілдігімен адамдардың жүрек сарайларының төрінен орын алған-ды.

Осы ақиқаттарды бізге жеткізген Аллаһ елшісі үнемі үмбетін мейірімділік пен рақымдылыққа шақырды. Бір хадисінде:

إِرْحَمُوا مَنْ فِي الْأَرْضِ يَرْحَمْكُمْ مَنْ فِي السَّمَاءِ

*«Жердегілерге рақымдылық жасаңдар. Сонда көктегілер де сендерге рақымдылық жасайды»* – дейді<sup>103</sup>. Пайғамбарымыз (с.а.с.) бұл хадисінде «адамдар», «мұсылмандар», «салиқалылар» деп бөлмеген. Олай болса, мейірімділік пен рақымшылық бүкіл жаратылысты толық қамтиды. Жер бетіндегілерге мейірімділік жасау шексіз рақым иесінің разылығына бөлейді. Пайғамбарымыз: *«Аллаһ адамдарға мейірімділік танытпағандарға мейірімділік жасамайды»*<sup>104</sup>, – деген. Мейірімділік – адам болумен қатар иманның да қажеттілігі екенін Ибн Аббас арқылы жеткен мына бір хадистен байқауға болады: *«Мейірімді, жұмсақ жүректі болмайынша иман еткен боп саналмайсыңдар»*. Тағы бір хадисте: لَا تُنَزِعُ الرَّحْمَةَ إِلَّا مِنْ شَقِيٍّ *«Мейірім тек қана бақытсыздың (иманнан нәсіпсіз) ғана жүрегінен алынып тасталған»*<sup>105</sup>, – деу арқылы бірінші хадистің мағынасын аша түседі.

Пайғамбарымыздың ерекше қасиеті сол, өзінің істемеген нәрсесін айтпайтын, айтса оны міндетті түрде орындайтын. Сондықтан оның айтқандары елдің көкейіне қонып, сенім ұялататын. Оның өмірі тұтастай мейірімге толы.

<sup>103</sup> Тирмизи, *Бирр*, 16; Әбу Дәуіт, *Әдәб*, 58

<sup>104</sup> Бухари, *Тәухид* 2; Муслим, *Фәдәиль* 66, (2319)

<sup>105</sup> Тирмизи, *Бирр* 16, (1924); Әбу Дәуіт, *Әдәб* 66, 4942

Пайғамбарымыздың (с.а.с.) бүкіл әлемді мейірім құшағына бөлей келгендігі, рақым етіп жіберілгендігі Құранның мына аятында:

﴿وَمَا أَرْسَلْنَاكَ إِلَّا رَحْمَةً لِّلْعَالَمِينَ﴾

**«Біз сені бүкіл әлемге рақым етіп қана жібердік»<sup>106</sup>,** – деп айтылса Аллаһ елшісі мұны бүкіл ғұмырымен адамзатқа үлгі боларлық түрде жүзеге асыра білді. Екі жиһан сұлтанының рақымдылығы – тек қана адамзатты емес, барлық болмысты қамтыған және әлі де қамти беретін терең сүйіспеншілік.

Ол адамдарға деген мейірімділік пен жанашырлық дәнін еге білді. Олардың мәңгілік бақыты үшін бір орнында байыз таппай үнемі талмай-жалықпай тура жолға шақырумен болды. Оларға жан ашығаны соншалық тіпті өз жанын құрбан етуден де тартынбады. Құран-Кәрімнің жиі-жиі оның аптыққан, асыққан көңілін басып отыруы соның айғағы. Құран:

﴿فَلَعَلَّكَ بَاخِعٌ نَّفْسَكَ عَلَىٰ آثَارِهِمْ إِن لَّمْ يُؤْمِنُوا بِهَذَا الْحَدِيثِ أَسَفًا﴾

**“Олар Құранға сенбеді деп, қатты күйзеліп өзіңді жеп бітіре жаздайсың,”** – <sup>107</sup> дейтін.

Аллаһтың сүйіктісінің (с.а.с.): *إِنِّي لَمْ أُبْعَثْ لَعَانًا وَإِنَّمَا بُعِثْتُ رَحْمَةً* “Мен лағынет етуші емес, рақым ету үшін жіберілдім” – деуі рақым пайғамбардың жүрекжарды ақиқи сөздері еді<sup>108</sup>.

Ол адамдарға бір мәрте болса да «лә иләһә илләллаһ» деп айтқызу үшін қиындықтың қандай түріне болса да шыдады. Қорланды, қорқытылды, жеке басына сан мәрте

<sup>106</sup> Әнбия, 106

<sup>107</sup> Кәһф, 6

<sup>108</sup> Муслим, Бирр, 87

қауіп төнді, бетіне түкіргендер болды, басы жарылып, табанына тікен төселді. Соған қарамастан дұшпандарының тура жолға келіп, жаһаннам азабына душар болмауларын қалап, Таифте басы жарылып, денесін қан жуған кездің өзінде оларға жаны ашып: «Аллаһым, егер бұлардың ішінен бір адам болса да иманға келер болса, оларға азап жібере көрме!» деп дұға еткен жоқ па еді?

Өзіне қаншама жапа шектіріп, жақын жолдастарын азаптап, мазақ етіп, тіпті, достарының көбісін өлтірген дұшпандары үшін: اللَّهُمَّ اغْفِرْ لِقَوْمِي فَإِنَّهُمْ لَا يَعْلَمُونَ “Аллаһым, елімді кешір, өйткені, олар (мені) білмейді!”, – <sup>109</sup> деуі Пайғамбарымыздың жалпы адамзатты қамтитын мейірімділігінің, ұлы жауапкершілік мұратының белгісі.

Ол өзі әкелген ұлы ақиқатты мейірім мен рақымдылық, жылулық пен жанашырлық сезімдерінің негізінде құрды. Өз міндетін айналасындағыларға жанашырлық танытып, көл-көсір мейірім аясында жүргізді. Пайғамбарымыздың: «Мен сендерге әке сияқтымын»<sup>110</sup>, – деген сөздері – оның (с.а.с.) кіршіксіз рух әлемінің айнасы. Иә, оның өмір бойы тынбастан «үмбетім, үмбетім» деп артынан ерген үмбетін ойлап өтуі бір әкенің «балам» деп құлынын көкірегіне басқан мейірімін елестеткендей еді. Үмбетінің әр тұлғасы өзінің жан баласындай ыстық еді ол үшін. Үмбетінің де оған деген ерекше сүйіспеншілігіне арқау болған басты нәрселердің бірі – оның үмбетінің әрбіріне мейірім құшағын айқара ашуы болатын. Құран оның бұл терең сүйіспеншілігін:

﴿لَقَدْ جَاءَكُمْ رَسُولٌ مِّنْ أَنْفُسِكُمْ عَزِيزٌ عَلَيْهِ مَا عَنِتُّمْ  
حَرِيصٌ عَلَيْكُمْ بِالْمُؤْمِنِينَ رَؤُوفٌ رَّحِيمٌ﴾

<sup>109</sup> Бухари, Әнбия, 54; Муслим, Жиһад, 104-105

<sup>110</sup> Әбу Дәуіт, Тахара, 4



**«Расында сендерге іштеріңнен ардақты бір пайғамбар келді. Қиналғандарың оған ауыр тиеді. Сендерге өте ынтық. Мүміндерге өте жұмсақ ерекше мейірімді»<sup>111</sup>,** – деп суреттейді.

Үмбетінің басына келген қиындықтар жүрегіне қатты батып, оларға ерекше жаны ашиды. Осы дүниедегі қияметке дейінгі тағдырларына қатты алаңдаған Пайғамбарымыз (с.а.с.) ақыретте де «үмбетім, үмбетім» деп қорғаштап шапағат етеді.

Айтып-айтпай не керек, Оның балаларға деген сүйіспеншілігі елден ерекше еді. Ол балаларды жақсы көріп сүюге шақырумен қатар, олардың маңдайынан иіскеп сүймеуді тасжүректіліктің, мейірімсіздіктің белгісі әрі Аллаһтың рақымдылығынан мақұрым қалудың себебі екенін білдірген.

Пайғамбарымыз Мария анамыздан туған ұлы Ибраһим қайтыс болғанда қатты қайғырды. Небір қиындықтарға төтеп берген рақым пайғамбары (с.а.с.) оны құшағына алып, терең сүйіспеншілікпен бауырына басты, қос жанынан ыстық жас тамды. Жылағанын көріп таңғалғандарға ол: *«Көңіл қайғырады, көз жылайды, бірақ Аллаһтың қаламаған нәрсесін айтпаймыз»<sup>112</sup>,* – деген-ді. Иә, бүкіл әлемге рақым етіп жіберілген Аллаһтың сүйікті елшісі адамдардың ең мейірімдісі еді!

Ол кейде жылаған бала көрсе, жанына барып бірге жылайтын. Зарлаған ананың қасіретін жан жүрегімен сезінетін. Әбу Һурайраның риуаят еткен хадисінде: *“Мен намазға тұрып, оны ұзақ уақыт оқығым келеді. Сосын бір баланың жылаған даусын естимін. Анасының ол үшін жаны сыздайтынын біліп, намазды тез оқып*

<sup>111</sup> Тәубә, 128

<sup>112</sup> Бухари, Жәнәиз, 44; Ибн Мәжа, Жәнәиз, 53

*бітіремін*”<sup>113</sup>, – деген дастан боларлық мейірім-шапағаты көрінеді.

Аллаһ елшісінің хазірет Хасан мен Хүсейінді құшақтап алып, аймалағанын көргенде Акра ибн Хабис: *“Ойпырым-ай, менің он балам бар; әлі осы уақытқа дейін ешқайсысының маңдайынан иіскеп, бастарынан сипаған емеспін”,* – деді. Аллаһ елшісі оған: *“Мейірім көрсетпегенге мейірім жоқ”,* – деп жауап береді<sup>114</sup>.

Және бір риуаятқа жүгінсек, Аллаһ елшісі Акра ибн Хабиске: *“Аллаһ жүрегіңдегі мейірімділік сезіміңді өшірсе, менің саған қылар қайраным жоқ?”,* – дегені тағы бар<sup>115</sup>.

Пайғамбарымыздың мейірімі адамдармен ғана шектелмеген. Оның ерекше рақымдылығынан жануарлар да нәсібін алған-ды.

Ол жан-жануарларға мейірімді болуын мынадай бір фибратты мысалдармен түсіндіреді:

*“Аллаһ бір ит үшін жаман атағы шыққан әйелді кешіріп, жаннатына алды. Құдық басында тілі аузына сыймай салақтап, шөлден қаталап жатқан әлдебір иттің тұсынан өтіп бара жатып, оның мүшкіл халін байқап қалған әйел дереу белінен белдігін шешіп, аяқ киіміне байлайды да, құдықтан, су алып береді. Осылайша ит ажалдан аман қалады. Міне, әйелдің итке деген осы бір әрекеті оның кешірілуіне себеп болды. Аллаһ оған жаннатын несіп етті».*

Пайғамбарымыздың қасындағы сахабалардың бірі:

*– Уа, Аллаһтың елшісі! Жануарларға да жасаған жақсылықтарымыз үшін сауап беріле ме? – деп сұраған кезде, Пайғамбарымыз (с.а.с.):*

<sup>113</sup> Бухари, Азан, 65; Муслим, Соләт, 192

<sup>114</sup> Бухари, Әдәб, 18; Муслим, Фәдәиль, 65

<sup>115</sup> Бухари, Әдәб, 18; Муслим, Фәдәиль, 64

– *Иә, әрбір жануарға жұмсақтық жасағаның үшін сауап бар*, – деген <sup>116</sup>.

Пайғамбарымыздың мөлдір кәусарынан сусындаған сахабалар да мейірім мен рақымдылықта оның ізімен жүріп жан-жағына мейірім шуағын таратқан-ды. Кезінде шімірікпестен адам қанын судай ағызған адамдардың ішінен «абайсызда құрт-құмырсқаны басып, өлтіріп алмайық» деп аяқтарына қоңырау тағып жүрген мейірімнің қаһармандары шықты.

Бір сахаба мына бір оқиғаны былайша баяндайды: «Хазірет Омармен бірге бір шіркеудің қасынан өтіп бара жатып, сақалы беліне дейін түскен, жалбарынып тұрған ақ шашты кәрі кісіні көрдік. Оны көрген халифа аяғының буындары босап, иегі кемсендеп жылады. «Неге жылайсыз, ей, мұсылмандардың әміршісі?» деп сұрағанымызда, «Мына байғұс 70-80 жасқа келсе де адамзатты құтқарушы хазірет Мұхаммед басқаратын кемеге әлі міне алмапты» деген еді иман мен Исламнан несібін ала алмай шіркеу жағалап жүрген әлгі қарт кісіге жаны ашып мұңайып. Бұл да Исламның жалпы адамзатқа тән мейірімділігін паш етеді.

Хазірет Омар (р.а.) бірде қайыр тілеп жүрген әлдебір кісінің қасына барып, неге тіленшіленіп жүргенін сұрайды. Бұл кісі ислам дінін ұстанбайтын. Кәрі кісі салық төлейтіндігін, сондықтан да кедейленгенін айтқан кезде әділдік жақтаушысы Омар оған қазынадан айлық тағайындаттырып:

– Бұларды жас кезінде жұмыс істеткізіп, қартайған шақтарында далаға тастай алмаймыз, – деп ислам мейірімділігінің үлгісін көрсеткен болатын<sup>117</sup>.

<sup>116</sup> Бухари, *Ширб*, 9; Муслим, *Сәләм*, 153, (2244)

<sup>117</sup> Қандыһләуей, *Хаятус-сахаба*, Бейрут, 1972, 2-т., 153-б.

Абдуллах ибн Хузафа хазірет Омардың халифалығы кезінде маңызды міндетпен византиялықтардың арасына тыңшы болып барады. Бірақ, дұшпандары оны байқап қойып, тұтқынға алады. Сол-сол-ақ екен, оның көрген күні тамұққа айналады. Тіпті, Пайғамбарымыздың өмірін баяндайтын кітаптар мен кейбір тарихи кітаптардағы мәліметке сүйенсек, бұл даңқты жаужүрек сахабаның басын қайнап тұрған ыстық суға батырып азаптаса да оған ешнәрсе қабылдатқыза алмаған. Осы кезде бұл жағдайдың бәрін монастырьдың бір саңылауынан бақылап тұрған монах Абдуллах ибн Хузафатус-Сәхмидің ержүректілігіне таңғалады. Монах ақиық сахаба Абдуллахқа былай дейді: – Балам, қайсарлығыңа таңғалдым. Саған үш минут уақыт беремін. Бір-екі минуттан кейін сені өлтірулері мүмкін. Егер бұл сәтті дұрыс пайдалансаң дүниеде әрі ақыретте бақытты боласың. Өйткені, бұл үш минутта саған христиандықты уағыздаймын, бұдан кейін өлсең де уайымдама. Өйткені, Иса мәсіхке қауышасың. Абдуллах күлімсіреп: – Ей, монах хазірет! Осы кезге дейін мені бұл жердегілердің ешбірі тындамады. Бұл үш минуттық сәтті бергеніңіз үшін сізге мың да бір рақмет. Өйткені, бұл үш минуттың ішінде сізге хақ дінді үйретіп, шын құтылудың жолын көрсетіп кетіп өлсем арманым жоқ...», – дейді.

Ұстазы адамзатқа рақым етіп жіберілген асыл пайғамбардың үмбетіне де жарасарлық мейірім осы болса керек. Міне, бұл оқиға бізге исламның сын сағаттарда да басқалардың бақыты мен жақсылығын ойлауға шақыратынын көрсетеді. Сонымен қатар, исламның мейірім мен сүйіспеншілік аясының қаншалықты кең екендігіне ерекше назар аудару тұрғысынан аса маңызды.

Хазірет Әли Мысырға тағайындаған әкімі Мәлікке айтқан өсиетінде әділдікпен басқаруды айрықша ескертумен қатар: «...Жүрегінде халыққа деген мейірім отын жақ,

сүйіспеншілік пен жақсылықты өзіне нышан ет. Оларға қатыгез болма. Өйткені, олар мына екі топтан тұрады: бірі – діндес бауырың, екіншісі – жаратылыс тұрғысынан сенімен теңдес (мұсылман емес басқа да адамдар)...»<sup>118</sup>, – деп қол астындағы халыққа мейірімді болуға үгіттегенді.

Тарихта Ислам жолында шынайы қызмет етіп, оның алып келген дәстүрлерін бойында көрсете білген қаншама мейірім қаһарманы бар. Олардың арасында «Менің ұстанған дәстүрім – мейірім. Сондықтан күнәсіз жандарға зияным тимесін деп, өзіме зұлымдық жасағандарға да теріс бата берген емеспін. Тіпті, кейде зұлымдық жасаған дінсіз, пасықтарға ашулансам да оған қарсы қарғыс айтуға Исламнан алған мейірімім жіберген емес. Өйткені ол қатыгез залымның әкесіне, не шешесіне, болмаса балашағасына зияным тимесін деп оларға бәле тілемеймін» деген жандар да бар. Міне, бұл Ислам әкелген зор мейірімнің бір ғана тамшысындай көрінісі.

Пайғамбарымыз: *«Менімен сендердің жағдайларың от жаққан адамның жағдайына ұқсайды. От жаққан кезде пәруаналар отқа түсе бастайды. Ол кісі болса оларды қуып жақындатпауға тырысады. Мен де сендерді оттан құтқару үшін етектеріңнен ұстауға тырысамын. Ал сендер ғой, қолымнан сытылып шығып кете бересіңдер»*<sup>119</sup>, – деу арқылы үмбетіне деген жанашырлығын көрсеткен еді. Ешбір жан күнәға белшесінен батқан бейшаралық өмірде бақытты бола алмайды. Ар-ожданы әбден өшіп қалған адамдар болмаса, ешбірі бұндай өмірге ризашылық танытпайды. Табиғатында жақсылыққа бейім адам баласына тек одан шығудың жолын ғана нұсқау керек. Ол да

<sup>118</sup> Қандыһләуий, 2-т., 712-713-б.; Саңлақ сахабалар, 102-б.

<sup>119</sup> Бухари, Рикақ, 26; Муслим, Фәдәиль, 17-19

шынайы мейірім мен жанашырлықтың арқасында жүзеге асады.

Түсініктілеу болу үшін бұған мына бір мысалды бере кетейік. Алдыңызда алаулап жанып жатқан бір от бар делік. Оның ішінде сіздің еш қаламаған, ұнатпаған адамыңыз бала-шағасымен өртеніп жатса немесе теңіздің ортасында бір кеме батып, судың бетінде сіздің еш танымайтын адамдарыңыз қол созып құтқарушыны күтіп жатса, әрине, сіз сол бейтаныс жандарды құтқару үшін бар жаныңызды саласыз. Басыңызды қатерге тігесіз. Сол кезде сізді тоқтатуға тырысқандар болса да олардың сөзіне құлақ аспайсыз. Өйткені, ол кезде ар-ожданның дауысы одан да басым түседі. Алайда, сол сәттегі олардың өмірін құтқару – фәни, қысқа өмірін құтқару. Ал мәңгілік өмірін құтқару одан да ауыр жанкештілікті талап етеді. Иә, сондай жағдайға душар болған адамдарға ашулану былай тұрсын, оларға, тіпті, ренжімеудің өзі таза ар-ождан иелері үшін – парыз.

Ғұмырын ислам нұрымен шырақтандырған мұсылмандар әуелі мейірім сезіміне ие бола білулері керек. Адамдарға күшпен, зорлық-зомбылықпен ақиқатты сүйдіру мүмкін емес. Тек мейірімділіктің үлгісін көрсету арқылы ғана Аллаһ пен Оның елшісі әкелген адами құндылықтарды таратуға болады. Басқалар дінді уағыздаушының бойынан жан жылуын, мейірімділікті көре алмаса, ақиқат қаншалықты құнды болса да ешкімнің жүрегіне жол таба алмайды.

Тіршілік шарттарының адам баласын әбден титықтатқан қазіргідей қиын кезеңінде құшағы мейірім мен рақымшылыққа толы осындай қаһармандарға зәру екеніміз анық. Өздерінің дүниелік әрі ақиреттік азаптан құтылуын басқалардың бақытты болуына тәуелді еткен асыл ерлердің арқасында адамзат жоғалтып алған алтын

құндылықтары мен асыл сезімдерін қайта тауып, шынайы бақытқа кенеледі. Құранның мәңгі ескірімес дәстүрлері мен Пайғамбарымыздың ғибратты ғұмыры бұған айқын куә. Мұндай арман-ой иелері «өзгеге жарық шашумен өмірін тауысқан» шам сияқты адам баласының ақыреттік азаптан құтылуы үшін барын салады. Адамға деген шынайы жанашырлық – оның өткінші өмірін емес, мәңгілік өмірін құтқаруда деп білеміз. Ал мұндай сезім ақыреттегі ауыр жағдайды көзімен көргендей иман келтіріп, басқаларға шын жаны ашыған, тұла бойы мейірімге толы жандарда ғана бар. Адам бойындағы мейірімділік сезімі адамдардың мәңгілік отта жануына көз жұмғызбайды. Құмырсқаны басуға қия алмаған жан қалайша адамдардың отта жануына көнсін?!

Адамдарды адасушылықтың меңіреу қапасынан құтқару үшін жалғыз ерік пен ақылдың күші жетпейді. Мейірімділік қана бойға үнемі қуат береді.

Жол таппай адасқандардың қолынан ұстап, сенім жағасына шығаруды мақсат тұтқан мұсылмандар бұл асқақ тілектеріне басқаларға мейірім құшағын ашумен ғана жете алады.

Ислам – тура орта жолды ұстанатын теңдік діні болғандықтан, оның жалпыға тән принциптерінде сүйіспеншілік пен мейірім сезімінің де тізгінін тең ұстау бар. Мейірімнің де өлшемдерін дұрыс қоя білу маңызды. Залымдарға бұл мейірім көрсетілмейді. Өйткені, залымға жасалған мейірім мен сүйіспеншілік оны еркінсітіп, одан әрі құтырта түседі. Бұл басқа кінәсіз жандарға жасалған зұлымдық болып табылады. Десек те, Пайғамбарымыз: *«залым да болса зұлымдыққа душар болған бауырыңа жәрдем ет. Залымға оны зұлымдығынан бас тарту үшін жәрдем етсең болады»* деуі де залымға да мейірімділік көрсету керектігін білдіреді. Бұл мейірімділік залымның

заң алдында жауап беруіне кедергі болмайды. Бірақ, адамды істеп жүрген нәрсесінің дұрыс еместігін айтып, насихат етіп, мейірімділік танытуға болады.

Адамдық жақсы қасиеттердің аяққа тапталып, құнды қасиеттердің ұмытыла бастаған осындай қиын кезде адамдардың көбісі жүрек жылуына мұқтаж. Өмірден шаршап, қиындықтан қажыған адамдарға сүйіспеншілік пен мейірім жолдарын көрсету басқалардың жүректеріне жан бітіріп, Жаратушының жүрегіне ұя етіп салған мейірімін оятады. Құран Кәрімде хазірет Мұсаға перғауынның өзіне де жұмсақ сөйлеу бұйырылады (Таһа, 44). Пайғамбарымызға да өте ауыр һүд шайқасының нәтижесіне байланысты түсірілген аятта: **«Аллаһтың рақымымен сен оларға жұмсақ сыңай таныттың. Егер қатал жүректі, дөрекілік көрсетсең олар сенің айналаңнан (Сені тастап) тарқап кетер еді»**<sup>120</sup> делінеді. Адамдарды ақиқатқа шақырудағы Құранның әдісі, міне, осындай.

Ешбір пайғамбар адамдарды мәжбүрлеп, зорлық-зомбылық көрсетіп тура жолға түсірген емес. Зорлық-зомбылық тек адамдардың қанын аяусыз ағызған перғауын мен оның ізбасарларына ғана тән. Жүрегінде мың бір күмән мен қуысынан жел үрлеген сенімсіздік басым жандарға дөрекілік көрсету – олардың жүрегін жібітудің орнына көңілдеріне жарылғыш қойып, жарып жіберумен тең қатерлі әрекет.

Мейірім болмаған жерде сүйіспеншілікте, сыйластық та болмайды. Олай болса, адамдарды бір-біріне бауыр бастыру тек қана мейірім арқылы жүзеге асады.

<sup>120</sup> Әли Иман, 159



## Жақсылыққа үндеп, жамандықтан тыю (әл-Әмру биль-мағруф уә-нахиу әнил-мункар)

«Араларыңнан кім жамандықты көрсе оны қолымен түзетсін. Бұған күші жетпесе, тілімен түзетсін. Бұған да күші жетпесе, жүрегімен айыптасын. Бұл — иманның ең әлсізі»

(Хақис)

Дініміздің негізін сақтаушы басты жолдардың бірі – жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыю (әл-Әмру биль-мағруф уә нахиу әнил-мункәр). **Мағруф** – ақыл мен дініміз тұрғысынан жақсылық деп қабылданған нәрселер болса, **мункәр** – ақыл-санамыз бен дінімізге қайшы құбылыстар.

Құран, иман келтірген мұсылмандарды мағруфқа шақыруды:

﴿وَلْتَكُنْ مِنْكُمْ أُمَّةٌ يَدْعُونَ إِلَى الْخَيْرِ وَيَأْمُرُونَ بِالْمَعْرُوفِ  
وَيَنْهَوْنَ عَنِ الْمُنْكَرِ وَأُولَٰئِكَ هُمُ الْمُفْلِحُونَ﴾

*«Сендердің араларыңда мынадай жамағат болсын, олар басқаларды игілікке шақырып, жақсылыққа үндесін. Жамандықтан тыюға тырыссын. Міне, осылар нағыз мақсатына жеткендер»<sup>121</sup>*, – деп бұйырады.

Аятта адамдардың арасында жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыятын бір топ болсын деп әмір етілген.

<sup>121</sup> Әли Имран, 104

Жақсылыққа, туралыққа шақыратын адамның өзі әуелі осы қасиеттерді жүріс-тұрысымен дәлелдеп, адасқандарға бағыт-бағдар бере білетін темірқазықтай болуы керек. Егер қоғамда жамандықтан тыяр көкірек көзі ояу тұлғалар жоқ болса, ондай қоғамның құлдырап шөгуі заңды. Адамның құндылықтар аяққа тапталған қоғамның алысқа ұзап бара алмайтынына тарих куә.

Аллаһ тағала жақсылықты кең жайып жамандықтан тыйғандардың мерейін үстем қылса, Оның әмірінен аттап, адасушылыққа бой ұрып, азып-тозған қоғамдарды жермен-жексен қылған. Бұл – Аллаһтың бұлжымайтын заңдылығы (Һуд, 102).

Басқа бір аятта Аллаһ тағала: **«Жақсылыққа шақыр, жамандықтан тый»**<sup>122</sup>, – деп бұйырады.

Пайғамбарымыз бір хадисінде:

مَنْ رَأَى مِنْكُمْ مُنْكَرًا فَلْيَعْبِرْهُ بِيَدِهِ فَإِنْ لَمْ يَسْتَطِعْ فَبِلِسَانِهِ  
فَإِنْ لَمْ يَسْتَطِعْ فَبِقَلْبِهِ وَ ذَلِكَ أَوْعَفُ الْإِيمَانِ

*«Араларыңнан кім жамандықты көрсе, оны қолымен түзетсін. Бұған күші жетпесе, тілімен түзетсін. Бұған да күші жетпесе, жүрегімен айыптасын. Бұл – иманның ең әлсізі»*<sup>123</sup>, – дейді.

Адамның баянды өмірін бұзып, қоғамды жегі құртша кеміріп жатқан нашакорлық, зинакорлық, ұрлық, ішкілікке салыну сияқты бейбастықтардың қоғам келешегіне қандай зиян екенін көріп біле-тұра не істеу керек?

Егер мұндай келеңсіз жайттар ислам кең тараған мемлекеттерде орын алған болса, мұны мемлекет заң шеңберінде тоқтатады. Бұл – қолмен түзету. Ал заң

<sup>122</sup> Лұқман, 17

<sup>123</sup> Муслим, Иман, 78, (49); Әбу Дәуіт, Салатұль-әйдәйн, 248 (1140); Ти - мизи, Фитән, 11 (2173)

тұрғысынан тыйым салынбаған жерде ешкімді де қолмен түзету мүмкін емес. Оны айтасыз, тіпті, оған әншейін саусақ безегенің үшін өзің айыпқа жығылып, сотқа тартыласың. Қолмен түзете алмайтын болсақ үгіт-насихатымызбен, жазып-сызуымызбен бұл вирустардың қоғамды кеміріп бітіретін зияндарын айтып, ғылыми тұрғыдан дәлелдеп, халықты олардан жиіркендіріп, жан-жақтан жалмайтын жамандықтардан арылту үшін атсалысу керек.

Бір қоғамда мұндай жамандықтарды мемлекет заңмен тыймаса, адамдардың бәрі тегіс ол жамандықтарға бой алдырып кетіп жатса, ол қоғамның көсегесі көгермейтіні айдан анық. Егер қоғамда аталмыш дерттермен күрес болмаса, Аллаһ олардың басына ауыр азап жіберуі мүмкін. Бұған да тарих куә.

Сондықтан да Құран Кәрім мен Пайғамбарымыздың хадистері қоғамдағы індеттердің алдын алудың жолдарын көрсетіп, жақсылықты уағыздап, жамандықтан тыюға шақырады.

Осындай хадистердің бірінде: *«Мүміндердің күші басым ортада қандай да бір келеңсіздік орын алса, осы келеңсіздікті тудырған адаммен бірге бұны көре-біле тұра оны тыюға атсалыспаған жақсы-жайсаңдар да бірдей жазықты болады. Осыған орай тартатын жазалары да бірдей болмақ»,* – делінеді.

Ал, мына хадисте осынау абыройлы міндет дер кезінде жүзеге асырылмаса қоғамның ауыр жағдайға ұшырайтыны былайша ұғындырылады:

وَالَّذِي نَفْسِي بِيَدِهِ لَتَأْمُرَنَّ بِالْمَعْرُوفِ وَلَتَنْهَوْنَ عَنِ الْمُنْكَرِ أُوْلَئِكَ سَيَرْحَمُهُ اللَّهُ أَنْ يَبْعَثَ عَلَيْكُمْ عِقَابًا مِنْهُ ثُمَّ تَدْعُوهُ فَلَا يُسْتَجَابُ لَكُمْ

*«Жанымды уысында ұстаған Аллаһқа ант етейін! Адамдарға жақсылықты жайып, жамандықтан*

тыясыңдар, олай етпеген жағдайда Аллаһ тағаланың жіберетін азабы тым жақын. Одан соң қаниама жалынып-жалбарынсаңдар да дұғаларың қабыл болмайды!»<sup>124</sup>.

Өздері жақсылық жасап, алайда, оны басқаларға уағыздамаған адамдардың жағдайын Пайғамбарымыз: «Олардың жағдайлары түскен жеребе бойынша бір жартысы астында бір жартысы кемеңің үстіне отырған жолаушыларға ұқсайды. Астында отырғандар үстіндегілерден су сұрап, олардың мазасын алады. Алайда, үстіндегілер астындағылардың бұл өтінішіне тас кереңдік танытып, құлақ аспайды. Астындағылар, амал жоқ, қолдарына балта алып кемеңің түбін тесе бастаған кезде төбедегілер келіп «бүлістеп жатқандарыңне?» деген кезде төмендегілер «біз су алар кезде сендерді мазаладық, алайда, біз суға мұқтажбыз. Енді сіздерді мазаламай-ақ суға қол жеткіземіз» дегенде үстінде отырғандар оларды тоқтатса әрі өздерін, әрі төмендегілерді де құтқарады. Егер оларды тоқтатпаса өздерін де, төмендегілерді де өлімге итермелейді»<sup>125</sup>, – деп көркем бейнелейді. Сондықтан үстіндегілердің төмендегілерге қолұшын беруі әрі-беріден соң өздері үшін қажет.

Қоғамды кеме деп алсақ, осы кемедегілердің тағдыры ортақ болғандықтан олар бір-біріне көз жұмып қарамауы керек. Шырақтың отымен келесі шырақты тұтатсаң, бұдан бірінші шырақтың оты кеміп қалмайды, керісінше, екі шырақ жанса жарық та жылу да мол болады.

Бір хадисте: «Кімде-кім жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыйса сол адам жер бетіндегі Аллаһтың, Кітабының және Расулының халифасы»<sup>126</sup>, – деп Аллаһ-

<sup>124</sup> Тирмизи, *Китабуль-фитән*, 2170

<sup>125</sup> Бухари, *Китабуш-шәрикә*

<sup>126</sup> Дәйләми, *Фирдәус*, 3/586

тың өзінің жер бетіндегі халифасы етіп жаратқан адамның осы ұлық дәрежеге лайық болу міндетін айтады. Бұл – біздің Аллаһтың разылығына бөленуімізге септігін тигізетін аса маңызды себеп. Бұған дәлел ретінде мына бір хадисті де келтіруге болады: *«Пайғамбарымыз құтба оқып тұрған кезде мешітке бір адам кіріп, Одан: «Адамдардың ең жақсысы кім?» деп сұрайды. Сонда Пайғамбарымыз: «Ол жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыйған, көп оқыған, әрі сол оқығанын көңіліне тоқыған, Аллаһтан қорқатын және туыстық қатынастарын үзбеген кісі»<sup>127</sup>*, – деп жауап берген. Бұл істің маңыздылығына байланысты Пайғамбарымыз (с.а.с.): *«Адамдардың арасында олардың азаптарына көніп, олармен бірге болған, олардың ыстығына күйіп, суығына тоңған мұсылман олардан оқшау тұрып қиындықтарына төзе алмаған мұсылманнан артық мол сауап алады»<sup>128</sup>*, – дейді. Бұл хадистен түсінгеніміздей, жамандықтың кең етек жайып, қоғамның әбден шіруге жақын қалған кезінде бәрінен жырылып, құлшылық етуден артық іс – осы жақсылықты жаю ісі. Егер бұл қасиетті міндет басқа құлшылықтардан артық болмағанда Аллаһтың елшісі үйінен шықпай, үнемі Аллаһтан келген нұрлы шағылдардан ләззат алып отырар еді. Алайда, бұл жауапты міндет болғандықтан Пайғамбарымыз дінді жатпай-тұрмай насихаттаумен болды. Бір хадисінде Пайғамбарымыз «дін – насихат» деп үгітсіз діннің болмайтынын айтқан-ды<sup>129</sup>. Айтып қана қоймай бүтін болмысымен дәлелдеп, іс жүзінде көрсете білді.

Аллаһ елшісі өмірінің соңғы деміне дейін адамдарды жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыюмен болды. Ол

<sup>127</sup> Муснәд, 6/431

<sup>128</sup> Тирмизи, Қияма, 55; Ибн Мәжә, Фитән, 23

<sup>129</sup> Бухари, Иман, 42; Муслим, Иман, 95; Әбу Дәуд, Әдәб, 59

бұл қастерлі міндетті кемшіліксіз орындады. Бүкіл әлемге рақым алып келген Ұлы елші имансыздықтың қараңғы қапасындағылардың иманның нұрлы даңғылына шығуы үшін бір сәт болсын тыным таппай бар күшін жұмсады. Бір адам болса да оған ақиқатты насихаттамайынша көңілі жай таппай, мазасыз күй кешетін. Тіпті, тамақ ішіп-жеуге зауқы да соқпайтын.

Қай жерде көпшілік жиналса, сол жерге барып адамдарды хақ жолға шақыратын. Бұл жолда талай мазаққа ұшырап, қорланса да ешқашан мойымады. Оның адамдарды құтқарсам деген алып-ұшып, толқыған көңілін басу үшін Құран: **«Олар иман келтірмеді деп өзіңді-өзің жеп бітіре жаздайсың»**<sup>130</sup> немесе **«Бұл Құранға сенбеді деп, арттарынан қалмай күйзеліп біте жаздайсың»**<sup>131</sup>, – дейді.

Адамдарға ақиқатты жеткізсем деген асыл ниетпен Таифқа жасаған сапарында ол жердің халқы ақиық елшінің сөздеріне құлақ аспақ түгілі оның өзін таспен атқылап, үсті-басын қан жоса қылған еді. Сол кезде көңілі жүдеп қалған рақым пайғамбары ағаштың көлеңкесінде қолын жайып, Аллаһқа мұңын шағып дұға етіп жатқанда, қасына біреу үнсіз жақындап келіп, табағындағы бір шоқ жүзімді Аллаһ елшісіне (с.а.с.) ұсынады. Екі әлем сардары қолын табакқа созып, «Бисмиллаһ» деп бастайды. Жүзімді ұсынған Аддас атты құлдың құлағына бұл сөз мүлдем өзгеше естіліп, ол қатты таңырқап: «Сен кімсің?», – дейді. Аллаһ елшісі (с.а.с.): **«Ақырғы Елші әрі ақырғы Нәбимін!»** – деп, жауап қатты. Аддас сан жылдар бойы көктен іздегені

<sup>130</sup> Шуара, 3

<sup>131</sup> Кәһф, 6

қасынан табылғанына таңғалып әрі қуанып, сол мезетте иман келтіреді<sup>132</sup>.

Егер осы жайт болмағанда, Пайғамбарымыз (с.а.с.) Таифтен мұң мұхитын кешіп қайтар еді. Бұл мұң өзіне жасалған жәбірден туған мұң емес. Бұл мұң ең болмағанда бір адамға болса да ақиқатты жеткізе алмағаннан туған кесе түбіндегі судай мөлдір мұң болатын. Алайда, Ол Аддастың ақиқат ауылына жалт бұрылған шалт кимылына сүйсініп қайтты. Пайғамбарымыздың жанарынан жылт еткен қуаныш жасы күзгі желдің өтінде қалтыраған жапырақ өмірден бақиға үзіп алып қалған тәбәрік тәрізді... Рақым пайғамбары Аддасты осылайша тапты.

Тіпті, ол өзіне қастандық ойлап, өлтіру үшін неше түрлі айла-тұзақ құрған дұшпандарының өзінің есігін қаншама рет қақты десенізші. Әбу Жәһил мен Әбу Ләһәбтарға да сан рет барып, ақиқатты қабылдануға тырысқан-ды. Не керек, мелшиген жақпар тастай меңіреу мейірімсіздіктің тот басқан есігін айқара ашу қиын көрінді. Ақиқатқа жүрек сарайларын тас қылып бекіткен бақытсыздар иманнан нәсіптерін сол күйі ала алмай кетті.

Пайғамбарымыз немере ағасы Әбу Тәліптің иманға келуін жан-тәнімен қалайтын. Әбу Тәліп өлім төсегінде жатқан кезде қасына барып: «Лә иләһә илләләһ» деп айтшы, ақиретте саған шапағат етейін», – дейді. Бірақ, Әбу Тәліп ол қасиетті сөзді айта алмай жан тапсырады. Соған қарамастан Рақым пайғамбары: *«Маған Аллаһ тарапынан тыйым салынбайынша саған жарылқау тілеуді үзбеймін»*<sup>133</sup>, – дейді. Алайда, Аллаһ тағала: **«Пайғамбар мен мұсылмандарға мүшіріктердің жаһаннамдық**

<sup>132</sup> Ибн Хишам, *әс-Сиратун-нәбәуиия*, Бейрут, 1994, 2/60-63 б.; Бухари, *Бадуль-халқ*, 7

<sup>133</sup> Бухари, *Жәнәиз*, 80; *Муслим, Иман*, 24

**екендігі айқындалғаннан кейін олар өз жақындары болса да жарылқау тілей алмайды»<sup>134</sup>**, – деп Пайғамбарымызға тыйым салған-ды.

Әбу Тәліптің мұсылман болуын қалағаны сияқты басқа да өзінің жұмсақ жүрегіне сызат түсіріп, сына қаққан қаншама адамдардың һидаятқа (тура жол) келуін қалап, оларды исламға шақырған болатын. Пайғамбарымыздың жан серігі, Аллаһтың арыстаны, айбарлы Хамзаны (р.а.) өлтірген Уахши, мұсылмандарға дұшпандығы мен қастандығы әкесінікінен екі есе асып түсетін Әбу Жәһилдің баласы Икрима, Ұхұд шайқасында жетпіс шақты хас сахабаның шейіт болуына себепкер болған Халид ибн Уәлид, мүшіріктердің айлакер саясаткері Амр ибн Ас сияқты тұлғалар әуелі Аллаһ, содан кейін Аллаһ елшісінің талмай, үмітін үзбей һидаятқа шақыруының нәтижесінде ислам шуағына бөленген еді.

Кімнің мұсылман болып-болмайтынына байланысты біз өз пікірімізді кесіп айта алмаймыз. Басында дұшпан болған көптеген адамдар өмірінің соңына дейін, әйтеуір бір тәубеге келіп, мұсылман болуы әбден мүмкін. Жоғарыда айтылғандар бұған айқын куә. Тіпті өмірінің көп бөлігін мүшірік болып өткізген меккелік мүшіріктердің беделді тұлғасы Әбу Суфиян және исламға дұшпандығымен танылған оның әйелі Һинд те соңында мұсылман болған жоқ па еді?! Сондықтан ешкімнен күдер үзуге болмайды. Уақыты келгенде кез-келген жанға Аллаһ тура жол нәсіп етуі бек мүмкін.

Осыған байланысты Хакам ибн Қайсанның оқиғасын айта кеткен жөн. Миқдат ибн Амр былай деп әңгімелейді:

Мен Хакам ибн Қайсанды тұтқынға алдым. Қолбасшымыз оны өлтіргісі келді. Мен оған: «Оны

<sup>134</sup> Тәубә, 113



өлтiрме, Аллах елшiсiне алып барайык»,– дедiм. Оны Пайғамбарымызға алып бардық. Пайғамбарымыз оны үнемі исламға шақыруын қоймады. Бұл жағдай тым ұзаққа созылды. Сонда да Хакам мұсылмандықты қабылдамады. Хазiрет Омар: «Уа, Аллаһтың елшiсi! Неге бұл адаммен сонша сөйлесесiң. Ант етейiн, ол ешқашан да мұсылман болмайды. Маған рұқсат бер, басын шауып жанын жаһаннамға жiберейiн»,– дедi. Аллах елшiсi бұны құптамады. Оған жауап та бермей сабырлық көрсеттi. Ақырында Хакам мұсылман болды. Омар,– «таңғаларлық мына iске қараңыз, әлгi адам мұсылман болды. Менi осылайша бiр қызартты. Өз-өзiме «Аллаһ елшiсiнiң менен жақсы бiлген мәселесiнде қалайша оған қарсы шықтым. Алайда, менiң бар мақсатым – Аллаһ пен Оның елшiсiне қызмет ету едi», – дейдi. Хазiрет Омар тағы да: «Хакам мұсылман болды және мұсылмандығы да құрыштан құйған болаттай берiк едi. Аллаһ жолында соғысып, Мауна құдығының маңында шейiт болды. Аллаһ расулы одан риза болып, ол жаннатқа қанат қақты»<sup>135</sup>, – дейдi.

Адамдарға ақиқатты талмай насихаттау – бiздiң мiндетiмiз, ал һидаятты (тура жол, иман) нәсiп етушi – Аллаһ. Неге қабылдамады деп ада-күде күдер үзүмiзге хақымыз жоқ. Аллаһ Пайғамбарымызға:

﴿إِنَّكَ لَا تَهْدِي مَنْ أَحْبَبْتَ وَلَكِنَّ اللَّهَ يَهْدِي مَنْ يَشَاءُ﴾

**«Сен жақсы көргендерiңдi тура жолға сала алмайсың. Бiрақ Аллаһ қалағанын тура жолға салады»**<sup>136</sup>,– дейдi. Пайғамбарымыз адамдар ақиқатты қабыл-дамай, тiптi, қасақана терiс айналып жатқанда торығып, дағдарып, басқаларға кiнә артпай, мiндетiн үзбей жалғастыра берген. Бiз кiмнiң иман ететiнiн, неме-

<sup>135</sup> Қандығләуий, 1 т., 46-б.

<sup>136</sup> Қасас, 56

се етпейтінін біле алмағандықтан адамның соңғы деміне дейін дінді уағыздау – міндетіміз. Десек те, мынадай араға жарықшақ түсіретін жаңылыс түсінік болмау керек: «Мен айттым, болды, міндетімнен құтылдым» деп қалай болса солай, ретсіз жүрдім-бардым айта салу адамды тура жолға шақырғанға жатпайды.

Адамға тарту етілер ең қымбат сыйлық – һидаят (тура жол, иман). Бізді біреу туған күніне шақырса, оның көңілінен шығатындай сыйлық алу үшін қаншама ойланып ізденеміз. Кісі жүрегіндегі иманды ояту ісінде сыйлық іздегендей бас қатыруымыз керек қой! Шын мәнінде, адамға иманнан артық сый жоқ. Бұл тұрғыдан алғанда Пайғамбарымыз (с.а.с.) бен сахабалардың өнегеге айналған өмірлері – бізге тура жол нұсқап тұр.

Хайбар шайқасында пайғамбарымыз (с.а.с.) туды хазірет Әлидің қолына табыс етіп: *«Айқасқа кіріспес бұрын асықпай, абайлап әрекет жаса. Оларды әуелі исламға шақыр. Егер мұсылман болса, мал-жандарын аман сақтайды. Ақиреттегі жағдайлары Аллаһтың қолында. Ей, Әли! Аллаһқа ант етейін, сенің себепкерлігіңмен бір кісінің болса да тура жолға келуі жер беті толған қызыл түйені Аллаһ жолында беруіңнен де артық»*<sup>137</sup>, – деп һидаяттың қандай қымбат және оған берілетін сыйдың да баға жетпес екенін білдірген-ді.

Соғыспастан бұрын қарсы шептегілерге әуелі исламды уағыздап, исламға кіру арқылы осы дүниедегі өмірлерін сақтап, бақилық өмірлерін құтқару үшін ұсыныс жасалатын. Егер исламды қабылдамаған күннің өзінде онда мұсылмандардың қол астына кіріп, тек алым-салық төлеуі талап етілетін, осылайша әділдікпен басқарылып, зұлымдықты тоқтатуға шақырылатын. Егер бұған да көнбесе, амал жоқ, соғысуға тура келетін. Бұл дәстүрді

<sup>137</sup> Бухари, *Фәдәилу асхабин-нәби*, 9; Муслим, *Фәдәилус-сахаба*, 33

Пайғамбарымыздың өмірі мен әділ халифалар және басқа да мұсылман басшыларының өмірінен айқын көре аламыз<sup>138</sup>. Осыған дәлел ретінде Халид ибн Уәлидтің исламды уағыздауын келтіре кеткен жөн.

Халид ибн Уәлид (р.а.) Нәжрандағы Харис ұлдарына исламды уағыздауға жіберілді. Халид оларға ислам негіздерін барынша шынайылықпен айтып жеткізді. Нәтижесінде Харис ұлдары исламды қабылдап, мұсылман болды.

Халид ибн Уәлид қатысқан шайқастарында Аллаһтың разылығын алуды көздейтін. Ол Ярмук соғысында гректердің қолбасшысына исламды былайша уағыздаған еді. Екі жақтың әскерлері бел суытып жатқан мезгілдің бірінде қарсы жақтың қолбасшысы Халид ибн Уәлидтің әскери тәжірибесіне таңғалып, онымен сөйлескісі келді. Византиялық қолбасшы Георгий Халидтен:

– Уа, Халид, шындықты айт. Азат адам жалған сөйлемейді. Аллаһ сендердің пайғамбарларына көктен қылыш түсіріп, саған оны берді ме? Оны кімге сермесен де қақырата қаусататын көрінесің?! Халид:

– Жоқ.

– Олай болса, неге «Аллаһтың қылышы» деп аталдың?

– Аллаһ бізге пайғамбар жіберді. Біздің арамызда кейбіреуі оны мойындаса, кейбіреуі оның алып келген ақиқаттарын жалғанға шығарды. Мен де сол жалғанға

<sup>138</sup> Бұған дәлел ретінде көптеген тарихи шығармаларды келтіруге болады. Мысалы, Қандыһләуий, *Хаятус-сахаба*, 1/39-229 б.; Әбу Дәуіт, *Әдәб*, 164; *Муснад*, 1/404; Р. Гаруди, *исламын вадеттиклері*, Стамбул, 1983. Көптеген елдер өз патшаларының, тіпті, өз діндестерінің зұлымдығынан құтылу үшін мұсылмандардан пана тілеп, мемлекеттерінің басқарылуын өз еріктерімен мұсылмандардың қолына берген болатын. Испанияның мұсылман болуы мен Балқандардағы мемлекеттердің исламды қабылдауы кезеңіндегі тарихи жағдайлар бұған куә.

шығарған адамдардан болатынын. Соңында Аллаһ жүректерімізді исламға бұрып, бізді елшісі арқылы тура жолға түсірді. Біз де оған мойынсындық.

Пайғамбарымыз маған дұға етіп: «Сен Аллаһтың қылыштарының бір қылышысың» – деді. Осыдан кейін мен «Аллаһтың қылышы» деп аталдым.

Византиялық қолбасшы:

– Сендер халықты неге үндейсіңдер? – деді. Халид:

– Бір Аллаһқа және исламға.

– Бүгін исламды қабылдаған адамға сіздерге берілгендей сауап пен сый беріле ме? – деп сұрады. Хазірет Халид бүкіл жан дүниесімен:

– Иә, бәлкім, ол бізден де жоғары болуы мүмкін.

– Сендер бұл дінге бұрын кірсеңдер, бұл қалай болады? – деді таңырқай.

– Біз Расулаллаһпен бірге өмір сүрдік. Оның мұғжизаларына куә болдық. Біздің көргенімізді көріп, естігенімізді естігендердің мұсылман болмауы ақылға қонымсыз. Сендер оны көріп, тыңдаған жоқсындар. Сол себепті де сендер ғайыпқа (көзге көрінбеген нәрселер) сенген боласындар, егер шын ниет әрі ықыласпен исламды қабылдасаңдар, сауаптарың мол болады.

Византиялық қолбасшы тұлпарымен Халидтің қасына тақап келіп:

– Уа, Халид, маған исламды үйрет, – деді. Ол Халид арқылы жүрегі алып-ұшып, исламды қабылдады. Екі бас намаз оқығаннан кейін өзінің бұрынғы жақтастарына қарсы соғысып, шейіт болған еді<sup>139</sup>.

Дінді айтып жеткізу – Аллаһ елшісінің бірінші міндеті еді. Міне, сондықтан Оның көрсеткен табандылығының нәтижесінде Оның әрбір ізінен жаңылмай басқан сахабалар жамағатында да бұл сезім нық орныққан-ды. Осының

<sup>139</sup> Р. әл-Баша, 1-т., 502-503 б.

нәтижесінде Аллаһ та оларды қорғап, дінді көркейтті. Сахабалар төрткүл дүниеге дінді жеткізе білу үшін жақсылық жолында бір-бірімен жарысқан-ды. Кейбір сахабалардың білгендері бірнеше сүре мен бірнеше ғана хадис болды. Бірақ, олар сол білгендерімен шынайы амал етіп, соны әлемге жаюға тырысқан-ды.

Ақиқатты шартарапқа жаюда Мусғаб ибн Ұмәйрдің, жаны жаннатта шалқысын, орны бір төбе. Мұсылман болған кезде не бары он жеті жастағы жігіт болатын. Соған қарамастан жүрегінде бүршік жарған иманы тыным таптырмады. Мәдиналықтар Пайғамбарымыздан дінді үйрету үшін ұстаз сұрағанда адамзаттың ардақтысы бұл аса жауапты іске Мусғабты тағайындады. Меккеден Мәдинаға Аллаһтың дінін жаю мақсатында тәуекелге бел буып, жалғыз өзі аттанды. Меккеден келген қадірлі қонақты Мәдинада Әсәд ибн Зурәрә өз үйіне түсіреді. Елжұртын тастап келген Мусғаб ибн Ұмәйр мәдиналықтарға ислам негіздерін бар ықыласын салып үйретеді. «Мәдениеттілерге ақиқатты қабылдану күшпен емес, санасын оятып, көздерін жеткізу арқылы ғана мүмкін» дейтін қағиданы берік ұстанды. Тек күштінің ғана дәурені жүріп, оның стратегиялық маңызға ие болған кезеңінде уағыздау ісін өз деңгейінде алып жүре алған ер тұғын. Алдына келгендерді көркем мінезімен исламға шақырып, иман келтіруге себепкер болған еді. Өзіне келгендерге Хазірет Мусғаб: «Бауырым, алдымен менің не дейтінімді тыңда. Егер ұнаса, қабыл етерсің, ұнамаса, міне – мойным, шабам десең өзің біл. Мен ешқандай қарсылық көрсетпеймін»,— дейтін. Осылайша қылышын білеп, қаһарын төгіп келгендердің жүрегі иман нұрына шомылып қайтатын. Қабағынан қар жауып келгендердің онымен сұхбаттасқан соң мұз боп қатқан көңілдері елжіреп шыға келетін.

Мәдинадағы танымал адамдардың көпшілігі Мусғаб ибн Ұмәйрдің уағыздауымен исламды қабылдады. Олардың арасында Үсәйд ибн Хүдәйр, Сағд ибн Убәдә, Сағд ибн Муаз сияқты атақты сахабалар бар еді<sup>140</sup>.

Ислам әлеміне аты әйгілі Әбу Һурайра да ең алдымен Аллаһқа иман келтіруді өз жақынынан бастағанды жөн көрді. Ол ислам уызының ләззатынан анасының да мақрұм қалмауын қалады. Жөргегінен әлпештеп, аялап, әкесінің жоқтығын сездірмей тәлім-тәрбие берген анасының исламды қабылдауы үшін қолынан келгенін аямады. Алғашында анасы, қас қылғандай, қасарысып бақты. Әбу Һурайра исламның әсемдігін айтқан сайын анасы Пайғамбарымыздың мүбарак атына тіл тигізіп, ауыр сөздерді қарша борататын. Көп уақыт осылай өтті. Жанындай жақсы көретін анасының қараңғылықтың тар қапасында қалуы оның жүрегіне инедей шаншылып, шөңге боп қадалды. Қалай айтса да, анасын көндіре алмады. Амалы таусылған Әбу Һурайра тілектері сөзсіз қабыл болатын Аллаһтың сүйіктісіне уайымын ақтарып: «Расулаллаһ, анамды қаншама рет исламға шақырдым, иілетін түрі жоқ. Онысымен де қоймай, сіздің қасиетті атыңызға ауыр сөздер айтады. Бұдан былай шыдай алар емеспін. Анамның тура жолға түсуі үшін Аллаһқа дұға етуіңізді өтінемін»,– деді.

Адамзаттың ардақтысы (с.а.с.) оның өтінішіне құлақ асып, дұға жасады. Оның дұғасын Аллаһ тағала аяқасты етпейтінін жақсы білген Әбу Һурайра үйіне құстай ұшып жетіп, есікті қағады. Іштен анасының “күте тұр” деген жарқын даусын естіп, жүрегі атша тулап бөгеліп қалады. Иман келтіргеннен кейін бой дәрет алу керектігін де үйренген анасы осыларды орындап болған соң ұлына есік ашып, “Балам, мен де сенің айтқандарыңды қабылдаймын:

<sup>140</sup> Ибн Сағд, *Табақат*, 1 т., 220-б.; *Саңлақ сахабалар*, 149-154-б.

«Лә иләһә илләллаһ, Мухаммадур-Расулуллаһ» деп тілін кәлимаға келтіреді. Мұны естіген Әбу Һурайраның төбесі көкке жетті. Бір сағат бұрын Аллаһ расулына (с.а.с.) мұның төгіп жыласа, енді сүйінші сұрау үшін оған қарай құстай ұшты<sup>141</sup>.

Бұл – қасиетті пайғамбарлық жолы. Бұл жолға шақыруда адам ақылы мен ар-ожданы, жүрегіндегі мейірімі мен парасаттылығын қатар қосып қолданғанда табысқа қол жеткізуі мүмкін. Хақ дінге сенгендер үшін бұл – пайғамбарлардан мұра боп қалған сара жол.

Атақты қолбасшы Амр Ибн Астың (р.а.) өлім аузында жатқан кезінде айтқан сөздері де біздерге ерекше гибрат берерлік. Ол баласына: «Балам, менің өмірімде мені елеңдеткен ерекше үш кезең бар. Алғашқы кезеңім күпірлік ішінде өтті. Аллаһтың елшісі мен мұсылмандарға көрсетпеген дұшпандығым қалмады. Әр кездескенімде оларға қарсы тұрдым. Эфиопияға қоныс аударған кезде ол жерге де барып мазаларын қашырдым. Бірнеше шайқаста мұсылмандарға қарсы қылыш сермеп соғыстым. Сол кездері менімен бірге болғандардың біразы күпірлікпен өліп кетті. Аллаһ тағала мені аман сақтап, тура жол нәсіп етті. Міне, өмірімнің сол алғашқы кезеңінде өліп кетпегенім үшін күндіз-түні Раббыма мадақ айтып шүкіршілік еттім.

Екінші кезеңде үнемі Аллаһ елшісімен бірге болдым. Одан ешқашан ажырамадым. Міне, бұл кездегі өмірім кіршіксіз таза еді. Көптеген сахабалар осындай мөлдір кезеңдерінде жан тәслім етті. Ал мен болсам, өлмей қалдым. Сол кезеңде өлмегенім үшін: «әттең-ай, өлім маған сол кезде келсейші», – деп үнемі қайғырумен болдым.

<sup>141</sup> *Муслим, Фәдәилүс-сахаба, 158; Табақат, 4 т., 328-б.*

Үшінші кезеңде Пайғамбарымыз Ұлылардың Ұлығының жанындағы бақилық мекеніне көшіп кетті. Ол ортамызда жоқ еді. Туындаған шиеленісті жағдайлардың шешімін өзіміз табуға тырыстық. Бұл кезеңде көңілімді мазалаған кейбір уақиғаларға араластым. Міне, өлім маған осындай бір кезеңде келді. Сондықтан да қобалжудамын...», – деп іштей маза бермеген шерін жеткізген-ді<sup>142</sup>.

Осы жерде мына бір оқиғаны баяндай кеткен жөн. (Түркияда 80 – жылдары солшылдар мен оңшылдар арасында қақтығыс болып, қаншама жас өскін идеологияның нақақ құрбаны болған). Жаңадан мұсылман болған бір жас жігіт иман нәріне сусындап жүрген күндердің бірінде сұхбат үстінде жолдастарының біреуі қарсы топтың көрсеткен қиындықтарына шыдай алмай күйініп: «Олардың бәрін тегіс бауыздау керек!», – дейді. Бұл сөзді естіген жаңадан мұсылман болған жігіт рені бұзылып, әлгі ашулы досына сұқтана қарап: «Бауырым, олай деме. Егер бірнеше күн бұрын осындай асығыс, ағат шешім қабылдап, іске асырғандарыңда мен сендердің араларыңда отырмай мәңгілік жаһаннамға лайық бақытсыз болар едім. Алайда, бүгін сендермен біргемін, ол қарсы топтағы адамдар да мен сияқты мейірім шуағына мұқтаж. Қантөгіс бізге де, оларға да жақсылық әпермейді!», – деген екен. Осы сияқты кейіннен мұсылман болған көптеген адамдардың айтқан ортақ бір сөздері бар, ол: «Егер де кеше бүлікшілердің арасында жүрген кезімде көз жұмған болсам, иманның шекер-шәрбат дәмін татпаған болар едім...»

Бұлардан біздің алатын сабағымыз, осы жандар сияқты өзінің хидаят уақытын күтіп жүрген қоғамда қаншама жандар бар десеңізші. Амр ибн Ас сияқты жандардың өмірлерінің екінші және үшінші кезеңінің таза болуына себепкер бола алсақ, олардың маңдайлары

<sup>142</sup> Ибн Әсир, *Усдул-ғабә фи марифатис-сахаба*, Каир, 1970, 4-т., 247-б.



сәждеге тиіп, шарқ ұрып жүріп соңында тапқан Аллаһқа шүкір еткендеріне куә болар едік.

Иман нұрына таңсық қаншама таза жандар бар. Ешбір пенде өз қалауымен бақытсыздыққа душар болуды қаламайды. Жалған өмірдің көзбояушы құмарлықтары көптеген жандардың көздерін арбап, өзіне тартуда. Алайда, бұл өткінші дүниенің алдамшы бақыты мәңгілік бақытқа құштар адам баласының рухани сұранысын толық қанағаттандыра алмайды.

Жаксылыққа шақыру жауапкершілігі – Аллаһ алдындағы міндетіміз. Олай болса, иман еткен әрбір кісі бұған өзіне жүктелген міндет ретінде қарап, намазға ұмтылғандай осы іске де ұмтылуы керек. Әсіресе, бұл міндет жамандықтың кең тамыр жайған кезінде жеке парыздардың да алдына шығады. Ал бұл істі сезініп орындаған адамның бұл дүниесі де, ақыреті де жемісті болады. Біреуі кітап жазып түсіндірер, біреуі көркем тілімен уағыздар, біреуі тамаша мінезімен өз бойынан көрсетер. Әркімнің шама-шарқы жеткенше бұл істі жасауы – мойнындағы борышы. Жаксылықты жаю – мұсылмандықтың нышаны. Ал, кім қалай жайса да, мұндағы басты мақсат – Аллаһтың разылығын көздеу болып табылады. Әйтпесе, бұл қасиетті іс жеміс бермейді, жеміс бермек түгілі ақыретте зардабы да тиюі мүмкін. Аллаһ тек Өзінің разылығы үшін жасалған ықыласты амалдарды ғана қабылдайды.

Мына аятта Аллаһ бұл істің маңыздылығы мен үнемі жалғасу керектігін:

﴿كُنْتُمْ خَيْرَ أُمَّةٍ أُخْرِجَتْ لِلنَّاسِ تَأْمُرُونَ بِالْمَعْرُوفِ  
وَتَنْهَوْنَ عَنِ الْمُنْكَرِ وَتُؤْمِنُونَ بِاللَّهِ﴾

**«Сендер адамдардың арасынан шығарылған жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыятын, Аллаһқа сенген қайырлы үмбет болдыңдар»<sup>143</sup>**, – деп білдіреді.

Құран Кәрім бүкіл ғасырлар мен қияметке дейінгі келетін үмбеттерге түсірілген кітап болғандықтан ондағы дәстүрлердің бәрі әрқашан өз жалғасын табады. Сондықтан бұл аятқа зер салып қарасақ, өзіміз үшін маңызды көп нәрсе аламыз. Бұл аяттағы «кунтум» сөзі «болдыңдар» деген мағынаға келеді. Аятта «сондай едіңдер» демей «болдыңдар» сөзінің таңдалуының өзі жай емес. Яғни, әуел баста сондай емес едіңдер, кейіннен болдыңдар. Әуел бастан сондай болу бұл сипаттың оларда үнемі бар болғанын білдіреді. Алайда, ондай «қайырлы болу» кейбір шарттарға байланысты, солар орындалған кезде үмбет қайырлы болады, ал орындалмаған кезде уахидің берекеті кесіліп, керісінше қайырсыз үмбет болады деген мағынаға да саяды. Олай болса, қайырлы үмбет болудың шарттары не? Құран бұған сол аяттың өз ішінде жауап береді: «Жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыю». Міне, осы міндет орындалған кезде үмбет әрқашан да басқа адамдардан артық, қайырлы болып, бүкіл адамзатқа игілік пен адалдық жолында ұстаздық жасайды. исламның әлемдік мәдениетке үлес қосуы осы міндеттің дұрыс орындалғанына байланысты. Сахабаларды да тарихта үстем қылып, қайырлы еткен осы сипат болса, бұдан кейін келетін ислам үмбетінің қайырлы болуының шарты да осыдан келіп шығады.

Пайғамбарымыздың: *«Күн мен түн болған барлық жерге бұл дін жетеді. Аллаһ бұл дінді лайдан және жүннен жасалған барлық күркеге кіргізеді. Ұлылар ұлылығын, қорланғандар қорлығын табады. Бұл сондай*

<sup>143</sup> Әли Имран, 110

бір ұлылық – Аллаһ онымен ислам мен мұсылмандардың даңқын арттырады. Ал күпірліктің ішіндегілерді қорлап, дәрежесін төмен қылады»<sup>144</sup>, – деген хадисі исламның бүкіл әлемге өркен жаятынын паш етеді. Пайғамбарымыздың бұл айтқандары басқалар қаласа да, қаламаса да, біздер уағыздасақ та, уағыздамасақ та келері анық. Аллаһ бізге емес, керісінше, біз Оған мұқтажбыз. Олай болса, бұл қасиетті керуеннен тыс қалмауға әрекет жасап, Аллаһ разылығын көздеуіміз керек. Ол өзінің разы болған құлдарына сөзсіз жоғары мәртебелерді нәсіп етеді.

Аллаһ, дінінің көркейіп жайылуына қызмет еткен адамға көмек береді. Бұл турасында аятта: **«Егер Аллаһқа жәрдем етсеңдер, ол да сіздерге жәрдем етеді»**<sup>145</sup>, – деп кепілдік берілген.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) бір хадисінде: **«Аллаһты құлдарына сүйдіріңдер, Аллаһ та сендерді жақсы көріп, басқаларға жақсы көргізеді»**, – деу арқылы Аллаһқа сүйікті құл болудың Оны өзгеге танытып, сүйдірумен жүзеге асатындығын білдіреді. Аллаһтың разылығына бөлену – Оны сүйдіруге байланысты. Бір құдси хадисте: **«Құлымның гибадатының маған ұнамдысы Мені танытуы мен Менің атымнан насихат етуі»**, – деуі – біздер үшін көрсетілген ең жоғарғы меже.

Заманымызда **эмру биль-мағруф, нәхию әниль мункәр** (жақсылыққа үндеп, жамандықтан тыю) – өткен ғасырлардан да ауыр мойнымызға жүктелген борыш. Өйткені адамзат тарихы дәл қазіргідей деңгейде осыншалық дінсіздікке, имансыздыққа душар болған емес.

<sup>144</sup> Қандыһләуий, 1-т., 47-б., кейбір хадисшілер бұл хадисті сахих десе, кейбіреулері әлсіз екенін айтады.

<sup>145</sup> Мұхаммед, 7

Бұл жол – Адам атадан басталып кейінгі бүкіл пайғамбарлардың жалғастырған сара жолы. Жер бетінде жақсылықты жайып, жамандықтан тыю мен дінге қызмет етуден артық қызмет жоқ. Егер бар болса, Аллаһ өзінің таңдап жіберген елшілеріне осы қасиетті міндетті жүктер еді. Жақсылықты жаю көктегі жарқыраған күндей адамдарға жарық беріп, Аллаһты таныту және адамдарды өздерінің таза табиғатына қауыштыру тұрғысынан пайғамбарлар үшін ең жоғарғы мәртебе және Аллаһтың алдындағы ең таза міндет. Біздің намаз оқуымыз, ораза ұстауымыз, зекет беруіміз, қажылыққа баруымыз жеке мойнымыздың міндеті болса, жақсылықты жаю – қоғам алдындағы борышымыз. Басқаларға ақиқатты қабылдатқызудың ең сенімді және ең тиімді жолы – сөзіміз бен ісіміздің бір жерден шығуы әрі көркем мінезді бойымызда көрсете білу. Иә, айтқан нәрселерді бойымызға сіңіріп, алдымен өзіміз іс жүзінде көрсетпесек, Пайғамбарымыздың Мифраждан қайтып келген кезінде сол жақта көргендерін жеткізген «еріндерінің оттан жасалған қайшымен кескіленгендердің санатында» боламыз. Олардың еріндері айтуға келгенде алдына жан салмай, істеуге келгенде бойкүйездік танытқандықтан кескіленеді. Аллаһ бізді мұндайдан аулақ қылсын.

Бұл мәселеде де Пайғамбарымыз (с.а.с.) бен сахабалар және олардан кейінгі ислам ғұламалары осы қасиеттерімен ерекшеленген-ді. Абдуллах Ибн Рауаха Пайғамбарымыздың бұл қасиеті жайлы: «Егер ол ашық мұғжизалармен келмеген күннің өзінде Оны бір рет көру – Оған сену үшін жеткілікті болатын»<sup>146</sup>, – десе, яхуди-лер ғалымы Абдуллаһ ибн Сәлам: «Бұл жүзде иненің жасуындай да жалғандық жоқ»<sup>147</sup>, – деп мұсылман болған-

<sup>146</sup> Ибн Хажар, *әл-Исаба*, 2/307 б.

<sup>147</sup> Ибн Хишам, *Сирә*, 2-т., 163-164-б.; Абдуллах Ибн Сәлам жайлы кеңірек мағлұмат үшін қараңыз: *Саңлақ сахабалар*, 192-197-б.

ды. Иә, Пайғамбарымыздың (с.а.с.) әр қимылы, сөзі оның Аллаһтың елшісі екеніне куәлік ететін.

Оның жетілдірген шәкірттері де айналасына нұр шашқан үлгілі жамағат болатын. Эфиопияға діндері үшін қоныс аударған бір топ мұсылманның бойынан көрген ерекше қасиеттер олардың өзін-өзі ұстаулары мен сөздеріндегі салмақтылық пен шынайылықтары сол елдің патшасы Нәжәшиге ерекше әсер етіп, мұсылманшылықты қабылдауына себепкер болған-ды. Ол Пайғамбарымызға сәлем жолдап: «Уа, Расулаллаһ, қаласаң дәл қазір жаныңа барайын. Қаласаң, осы жерде қалып халқымды дінге шақырайын» десе, тағы бірде Аллаһтың елшісімен бірге болу тілегін: «Әттең, бұл патшалықтың орнына Аллаһ елшісінің қызметшісі болсам ғой», – деп тілге тиек еткен-ді<sup>148</sup>. Меккелік мүшіріктер мұсылмандарды қаншалықты жамандап бақса да, парасаты биік билеуші мұсылмандардың бойындағы қасиеттерге тәнті болып, мүшіріктердің айтқанын қабылдамай мұсылмандарды өз қорғанына алған болатын. Міне, осылайша Пайғамбарымыздың тәрбиелеп, жетілдірген жамағаты аса көркем мінезді тұлғалар болғандықтан аз уақыттың ішінде дүниенің түкпір-түкпіріне ислам шуағы тарап, қараңғы қалтарыстарға жарық түскен-ді.

<sup>148</sup> Әбу Дәуд, *Жәнәиз*, 56; Бәйхақи, *Дәләиль*, 2/300

## Сыдық – турашылдық, шынайылық, адалдық

*“Әрдайым туралықты іздеңдер! Туралықта құрқыма  
бағайындарыңды білсеңдер де, сөзсіз онда сендер үшін  
азайтық бар”*

*(Хадис)*

الصدق «Сыдық» сөзі – шыншылдық, шынайылық, адалдық, туралық деген мағыналарды білдірумен қатар, хақ жолындағы пенденің дүние құмай аталмыш қасиеттерді өмірінің өлшемі ету дегенді білдіреді. Ондай жан әркез Құран аятын басты негізге алады. Құранда Ұлы Жаратушы:

﴿يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا اتَّقُوا اللَّهَ وَكُونُوا مَعَ الصَّادِقِينَ﴾

*«Ей, иман келтіргендер! Аллаһтан қорқыңдар,  
әрдайым турашылдармен бірге болыңдар (турашыл-  
дықты ұстаныңдар)»<sup>149</sup>*, – дейді.

Ар мен ақиқатты жаю жолында адалдық сертінен айнымау, туралықтан таймау – нағыз сыдықтың белгісі. Хадис тілінде мұндай жандар ақыретте «сыддық» (турашыл, адал) деп көрсетілсе, өмірі өтіріктен көз аспағандар «кәззәп» (өтірікші, суайт) деп жазылмақ.

Сыдық – амалдарымыздың рухы мен айнасы. Асылында осы қасиет арқылы мүмін мен мұнафықтың (екіжүздінін) ара-жігі ажыратылады. Бұл – пайғамбар

<sup>149</sup> Тәубә, 119

емес пенделердің пайғамбарлық сипаты. Міне, осы сипат мүміндерді ақыретте Ұлы Жаратушымыздың мәртебелі, сыйлы, қалаулы құлдарымен бірге етеді.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) қалай сыддық болса, оны алғаш қолдап, қорғаған досы Әбу Бәкір де сондай сыддық еді. Құран бұл жайды: **«Ол шындықты алып келді, оны растап қолдағандар – нағыз тақуалар»**<sup>150</sup>, – деп баяндайды. Сыдық – пайғамбарлардың негізгі сипаты болумен қатар, иман мен ислам жолында, Құран ақиқатын жаю жолында жүргендер үшін, ең күшті қозғаушы күш. Ақырет әлемінде азап пен тозақтан құтылудың басты шарасы. Аллаһ:

﴿هَذَا يَوْمُ يَنْفَعُ الصَّادِقِينَ صِدْقُهُمْ﴾

**«Шыншылдарға шындықтарының пайда беретін күні – нағыз осы күн»**<sup>151</sup>, – деу арқылы бұл дүниеде шыншыл болудың о дүниеде қайтарусыз қалмайтындығын білдіреді.

Туралық – сөз бен істің бір жерден шығуы, жалған айтып құтылып кетуі бек мүмкін қилы сәтке тап болғанда, өзінің әуелгі табиғатынан титтей де айнымауы. Нағыз шыншылдар мен турашылдар мойнына алған іске жан-тәнімен беріліп, ішкі-сыртқы тазалығын сақтай біледі. Жапан түзде жалғыз қалып, басына қандай күн туса да ішкі ар-иман таразысынан әсте жаңылмайды.

Құран аяттары сөз бен іс тұтастығын сақтауды, дүниелік істерімен қоса ішкі ниет-пейілде әрқашан туралықтан айырылмауды нағыз мүмінге жарасымды асыл мақсат-мұрат ретінде көрсетеді<sup>152</sup>.

Сыдықтық қасиет пайғамбарларды, муқаррабин (Аллаһқа жақын аса тақуалы жандар) асфияларды

<sup>150</sup> Зумар, 33

<sup>151</sup> Маидә, 119

<sup>152</sup> Исра, 80; Шуара, 84; Юнус, 2; Қамар, 54-55

(тура да шыншыл әрі салиқалы тақуа жандар) асқар шынға жеткізсе, ал жалған мен өтірік шайтан мен оның ізбасарларын құрдымға батырған. Демек, шыншылдық – пайғамбарлар мен олардың артынан ергендерге тән қасиет болса, өтірік сөйлеп, жалған әрекетке бару – екіжүзділік пен күпірлік сипаты.

Әбу Бәкірді де пайғамбарлардан кейінгі ең жоғарғы мәртебеге шығарған шыншылдығы, шынайылығы мен адалдығы. Пайғамбарымыз дінді ең алғаш уағыздай бастағанда, адамдардың бәрі сырт айналып кетіп жатқан қылыштың жүзіндей қысылтаяң кезеңде оған қолдау көрсеткен де осы Әбу Бәкір Сыддық болды. Миғраж оқиғасында да кейбір адамдардың көңілдерінде кірбің туып, екі ойлы болғанда адалдық танытқан, Хұдайбия шайқасында да көптеген кісілер тосылып қалғанда Пайғамбарымыздың жанынан табылып, оны растаған да Әбу Бәкір (р.а.) еді. Сондықтан да ол Пайғамбарымыздың ең сенімді серігіне айналды.

Туралық – ақиқат жолы. Алайда, тіршіліктегі ақырғы дәм-тұзы таусылғанша адамның туралықтан ауытқымауы үшін өте күшті ерік-жігер, шынайы ықылас қажет. Мұның қаншалықты қиын екенін Аллаһ елшісі:

﴿فَاسْتَقَمَ كَمَا أَمَرْتُ﴾ «Әмір етілгендей тура бол»<sup>153</sup> аятын толыққанды жүзеге асыра білу үшін «мені «Һуд» сүресі қажытты»<sup>154</sup>,– деген. Яғни, Пайғамбарымыз Аллаһтың бұйырғанындай тура өмір сүру үшін өмірінің соңына дейін бүкіл күш-жігерін жұмсаған, сондай-ақ, үмбетіне де осыны үнемі насихаттап отырды. Ол:

اضْمُنُوا لِي سِتًّا مِنْ أَنْفُسِكُمْ أَضْمَنْ لَكُمْ الْجَنَّةَ أَصْدُقُوا

<sup>153</sup> Һуд, 112

<sup>154</sup> Тирмизи, тафсирус сура 56, 6



إِذَا حَدَّثْتُمْ وَأَوْفُوا إِذَا وَعَدْتُمْ وَأَدَّوْا إِذَا أَوْثَمْتُمْ وَاحْفَظُوا  
فُرُوجَكُمْ وَغَضُّوا أَبْصَارَكُمْ وَكُفُّوا أَيْدِيَكُمْ

“Маған мына алты нәрсе үшін кепілдік беріңдер, мен де сендерге жаннатқа кіруге кепілдік берейін:

- Сөйлегенде шындықты айтыңдар!
- Уәделеріңді орындаңдар!
- Аманатқа сенімді болыңдар!
- Ұятты жерлеріңді сақтаңдар!
- Көздеріңді харамға жұмыңдар!
- Қолдарыңды харамнан аулақ ұстаңдар!”<sup>155</sup>.

Басқа бір хадисінде:

دَعُ مَا يَرِيْبُكَ إِلَى مَا لَا يَرِيْبُكَ فَإِنَّ الصِّدْقَ طُمَأْنِينَةٌ وَإِنَّ الكَذِبَ رِيْبَةٌ

“Күмән туғызар нәрсені тастап (күмәнсіз аймақта ғұмыр кеи). Туралық көңілді хош етіп, жанды рақатқа бөлейді. Жалған көңілді жайсыз етіп, күмән ұялатады”, – дейді<sup>156</sup>.

Тағы бір насихатында:

تَحَرَّوْا الصِّدْقَ وَإِنْ رَأَيْتُمْ فِيهِ الْهَلَكَةَ فَإِنَّ فِيهِ النِّجَاةَ

“Әрдайым туралықты іздеңдер! Туралықта құрдымға бататындарыңды білсеңдер де, сөзсіз онда сендер үшін азаттық бар”, – делінген<sup>157</sup>.

Басқа бір хадисте:

عَلَيْكُمْ بِالصِّدْقِ فَإِنَّ الصِّدْقَ يَهْدِي إِلَى الْبِرِّ وَإِنَّ الْبِرَّ يَهْدِي إِلَى الْجَنَّةِ  
وَمَا يَزَالُ الرَّجُلُ يَصْدُقُ وَيَتَحَرَّى الصِّدْقَ حَتَّى يُكْتَبَ عِنْدَ اللَّهِ صِدِّيقًا

<sup>155</sup> Имам Ахмәд, Муснәд, 5323.

<sup>156</sup> Тирмизи, Қиама, 60; Муснәд, 1200.

<sup>157</sup> әл-Һинди, Канзуль-уммалъ фи сунәнилъ-ақуаль уәль-афалъ, Бейрут, 2004, 3344; Мунауи, Фейду'л-Қадир, 3232 б.

وَيَاكُمْ وَالْكَذِبَ فَإِنَّ الْكَذِبَ يَهْدِي إِلَى الْفُجُورِ وَإِنَّ الْفُجُورَ يَهْدِي إِلَى  
النَّارِ وَمَا يَزَالُ الرَّجُلُ يَكْذِبُ وَيَتَحَرَّى الْكَذِبَ حَتَّى يُكْتَبَ عِنْدَ اللَّهِ كَذَابًا

“Туралықтан айырылмаңдар. Туралық сендерді жақсылыққа, жақсылық жаннатқа апарады. Кісі әрдайым тура болып, туралықты іздесе, Аллаһ әмірімен турашылдардың қатарына жазылады.

Жалғаннан сақ болыңдар. Жалғандық адамды күнәга, күнә жаһаннамға апарады. Кісі үнемі жалған сөйлеп, жалғанды іздесе, Аллаһ тағаланың жарлығымен өтірікші кәззиптардың қатарына жазылады”, – деп әмір етеді<sup>158</sup>.

Бүгінгі таңда жалғандық пен өтірік сөйлеу қоғамдық өмірдің бүкіл саласына тамыр жайып, адами құндылықтардың аяқ асты етілуіне тікелей себепкер болып отыр.

Ал, жалғандық – мұсылмандық сипатқа мүлдем жат. Оған куәлік етудің өзі де – үлкен күнә. Сөзіне ісінің үйлеспей мұнафықтық (екіжүзділік) болса, алдау, қиянат жасау ислам шеңберінен шығуға әкеледі<sup>159</sup>.

Ислам құқығында өмірінде бір рет болса да жалған сөйлеген адамның куәлігі қабылданбайды. Хадис ғалымдарының өмірінде бір рет болса да өтірік сөйлеген адамнан хадисті қабылдамауы, исламның шыншылдыққа қаншалықты ерекше көңіл бөлгендігінің айқын дәлелі.

Шындық пен жалған – иман мен имансыздық сияқты араларында жер мен көктей айырмашылықтары бар бір-біріне кереғар ұғымдар. «Алтын ғасырда» («Бақыт ғасыры» – Пайғамбарымыз бен әділетті халифалар кезеңі) Пайғамбарымыз бен оған ерген саңлақ сахаба-

<sup>158</sup> Бухари, Әдәб 69; Муслим, Бирр, 105; Әбу Дәуд, Әдәб, 80.

<sup>159</sup> Муслим, иман 164; Тирмизи, бую' 50

ларды шыңдардың шыңына шығарған қасиет – олардағы турашылдық, шыншылдығы мен шынайылығы еді. Алайда, уақыт өте келе шындық жалғанмен, шынайылық жылпостықпен араласып кетті.

Адамның мәртебесін өсіріп, жаннаттың төріне жетелер турашылдық жайы сөз болғанда әйгілі сахаба Ка'б ибн Мәликті (р.а.) еске алмау әсте мүмкін емес. Оның турашылдық қасиеті бақытына жол ашты.

Ка'б ибн Мәлик – сөзі қылыштай өткір, Ақабаға келіп Аллаһ елшісіне сенім білдіріп серт байласқан, екі дүние шырағы әкелген нұрға бөленген алғашқы мәдиналықтардың бірі еді. Бірақ, толарсақтан қан кештірген Тәбук жорығына тас түйін дайын болғанына қарамастан қатыса алмады. Ка'бпен бірге тағы екі кісі жорыққа шыға алмады. Аллаһ елшісі (с.а.с.) жорықтан оралған кезде қалып қойған мұнафықтар әр түрлі сылтауды алға тартып жатқанда, Ка'б ибн Мәлик жасырмай шындықты айтты. Бармауына ешқандай себеп жоқ еді. «Үлгерермін» деп жүріп қалып қойған болатын. Пайғамбарымыз сахабаларына Аллаһ тағаладан жарлық келгенге дейін олармен сөйлесуге тыйым салды. Бұл қиын сынақ тура елу күнге созылды. Елу күн болғанда қандай елу күн?!... Олардың сол елу күнде шеккен азабы Құранда былай суреттеледі:

*«(Аллаһ тағала) артта қалған үш кісінің де тәубелерін қабыл етті. Жер жүзінің кеңдігіне қарамастан, тарылғандай, ар-өждандары өздерін қинаған үстіне қинай түсті. Ақыр соңында олар Аллаһтан басқа ешбір пана жоқтығын аңғарды. Содан соң олардың өздеріне қайта келуі үшін, Аллаһ олардың тәубесін қабыл етті. Өйткені, Аллаһ Тәууәб (тәубені өте көп қабыл етуші), аса Рақымды»<sup>160</sup>.*

<sup>160</sup> Тәуәб, 118

Осы аятты оқығаннан кейін Ка'б Аллаһ елшісіне: «Пайғамбарым! Мен туралығым арқылы азат болдым. Бұдан кейін өмір-бақи шындықтан басқа ешнәрсе айтпайтыныма сөз беремін» деген болатын<sup>161</sup>. Міне, Ка'б ибн Мәлік осындай қиын сынақтан туралығының арқасында ғана аман өтті.

Сыдық істегі әрі сенімдегі шынайылықты да қамтиды. Аллаһ тағаланың бұйрықтары мен талаптарына бас ию, қандай қиын жағдай болса да ниетінен таймай табандылық таныту – шынайылықтың белгісі. Бұл орайда Ибраһим пайғамбардың (а.с.) қиын сынағы еріксіз еске түседі. Хазірет Ибраһимге түсінде баласы Ысмайылды (а.с.) құрбандыққа шалу бұйырылады. Баласын жанындай жақсы көретініне қарамастан Аллаһ тағалаға деген шынайылығын дәлелдеу үшін, сүйкімді де сүйікті ұлын құрбандық етуге ниеттенеді. Хазірет Ысмайыл да жастығына қарамастан, бұл бұйрықтың Аллаһтан келгенін түсініп, еш наразылық білдірмей, әкесін қолдап құрбан болуға бас тігеді. Сол сәт Аллаһ олардың шынайылықтарына дән разы болып, хазірет Ысмайылдың орнына көктен бір қошқар түсіреді<sup>162</sup>.

Шынайылыққа байланысты Пайғамбарымыздың сахабасы Шәддэд төмендегідей оқиғаны баяндайды:

Бір кісі исламды қабылдап, кейін хижрет жасайды. Пайғамбарымыз оны сахабаларының біріне аманаттап тапсырады. Күндердің бір күнінде шайқаста түскен олжадан өзіне тиген үлесін көріп таңғалған ол Пайғамбарымызға:

– Мен саған дүние үшін емес, мына жерімнен (кеңірдегін нұсқап) оқ қадалып шейіт болайын, сөйтіп жаннатқа барайын деп мойынсындым, – дейді. Сонда Пайғамбарымыз (с.а.с.) байсалды қалпын бұзбастан:

<sup>161</sup> Бухари, *Мәғазі*, 79; Муслим, *Тәубә*, 53

<sup>162</sup> *Сафғат*, 101-111

– Егер осы айтқаның рас болса, ниетіңе шынайы болсаң, Аллаһ тағала сені жалғаншы етпей мұратыңа жеткізер, – дейді.

Көп уақыт өтпей бір шайқастан кейін әлгі кісі шейіт болады. Кеңірдегіне жебе қадалған өлі денесі Аллаһ елшісінің алдына әкелінеді. Пайғамбарымыз (с.а.с.):

– Ол тура сөйлепті. Аллаһ та оны растады, – деп, оны шапанымен кебіндеп, жаназасын өзі шығарады және «Аллаһым, сенің бұл құлың сен үшін һижрет жасады және шейіт болды. Мен бұған куәмін», – деп дұға жасаған екен<sup>163</sup>.

Иә, мақсатқа жетудің басты шарттарының бірі – ниеттегі шынайылық. Ниетіміз шынайы болса, Аллаһ тағала ниетімізге қарай береді. Пайғамбарымызға ерген алғашқы ислам қаһармандары Аллаһқа, Пайғамбарымызға және исламның бұйрықтарына шынайы беріліп, бас игендіктері үшін мардымсыз күш, аз мүмкіндіктеріне қарамастан Аллаһ оларды жетістікке жеткізіп, адам баласының ең мәртебелісі етті.

Шыншылдық жайлы мұсылман ғалымдары былай дейді:

Ғұлама Әбу Әли: «Бір істің тірегі – шыншылдық. Барлық іс туралықпен толық болады. Пайғамбарлықтың бір төменгі сатысы – шыншылдық. Аллаһ тағала:

﴿فَأُولَٰئِكَ مَعَ الَّذِينَ أَنْعَمَ اللَّهُ عَلَيْهِمْ مِنَ النَّبِيِّينَ وَالصِّدِّيقِينَ﴾

**«Олар Аллаһтың нығметтеріне бөленген пайғамбарлары, шыншылдармен бірге...»<sup>164</sup>**, – дейді.

Ахмад ибн Худрауәйх: «Аллаһ тағаланың өзімен бірге болғанын (қорғап, қолдауын) қалаған кісі шыншылдық пен адалдыққа жармассын».

<sup>163</sup> Сунән, 4-т., 60-61, Китабул жанаиз, 61

<sup>164</sup> Нуса, 69

Әбу Саид Қураши: «Шынайы, адал (кенеттен өлім келгенде) – ішкі әлемі сыртқа ақтарылса (іші мен сырты бірдей болғандықтан) ұялмайтын, өлімді шаттана қарсы алған кісі»;

Жүсіп ибн Әсбәт: «Бір түн болса да Аллаһ тағалаға деген шынайы адалдық – Аллаһ жолында соғысудан да қайырыл деп санаймын», – деп айтқан.

«Адал саудагер жоқшылық көрмейді»<sup>165</sup> деген де сөз бар.

Турашылдық жауапкершілікті, жауапкершілік өз кезегінде сөз бен ісіміздегі туралықты талап етеді. Бүгінде туралық пен шындықтан қашу, жалғанға жармасу кең етек алуда. Көптеген жандар ауырдың үсті, жеңілдің астымен өмір сүруді санасына сіңіріп, адами қасиеттерден жұрдай болып жатыр. Міне, осындай сын сағатта мұсылмандардың ел-жұртқа әсер ете алмауының басты себебінің бірі – өз бойымыздағы келеңсіздіктермен күресе алмау болуы бек мүмкін. Асылында, өмірін ақиқатты паш етуге арнағандар үшін ең бірінші қасиет – туралық болуы керек.

Аллаһ тағала адамдар ақиқаттан ажырап, туралықтан алшақтай бастағанда үзбей дін жіберіп отырған. Олай болса, діннің мақсаты – туралық пен шыншылдықты сақтау. Сондықтан, дін адамына, ақиқат жаршыларына тек шыншыл әрі адал болу ғана жарасады.

Туралық – қоғамдағы ең маңызды құндылыққа жатады. Иман негіздерін мойындамаған адамның мұсылман бола алмағанындай, туралық болмаса адамның «иманы бар» деу де әбестік. Пайғамбарымыз (с.а.с.): «Уа, Аллаһтың елшісі, маған исламды басқа адамнан қайта сұрамастай етіп танытсаңыз» деген кісіге: «Аллаһқа сендім» де. Со-

<sup>165</sup> Қушәйри, 292-295 б.

дан кейін ақиқаттан ауытқымай, әрдайым турашыл бол»<sup>166</sup>, – деп исламның түпкілікті мәнін көрсеткен.

Ислам түсінігінде Аллаһқа апарар жол – «сыратуль-мустақим», яғни, «тура жол» деп аталады. Өткінші дүние сынағынан аман өтіп, ақиретте құтылудың жолы да осыдан басталады. Бұл жайлы Құранда:

﴿إِنَّ الَّذِينَ قَالُوا رَبُّنَا اللَّهُ ثُمَّ اسْتَقَامُوا فَلَا خَوْفٌ عَلَيْهِمْ وَلَا هُمْ يَحْزَنُونَ﴾

**«Раббым Аллаһ деп өмірлерінде туралықтан таймағандарға (ақиретте) қауіп-қатер жоқ және олар мұңсыз болады»<sup>167</sup>**, – делінеді.

Мәңгілік бақыттың жолы – туралық. Баға жетпес қымбатқа көз тіккен адам оның ыстығына да, суығына да төзуі керек. Туралықтың, шынайылық пен адалдықтың бұл дүниедегі пайдасы – адамдар арасындағы қатынастарда сенімділіктің негізі, Аллаһ пен құл арасындағы байланыстың шынайы көрсеткіші мен ақиретте азаптан құтылудың басты шарасы.

<sup>166</sup> Муслим, *Иман* 62; Тирмизи, *Зуһд* 61

<sup>167</sup> *Ахқаф*, 13

## Үміт пен үрей

Үміт – жан жүрегімен аса Жомарт, Үстем құдіреттің мейірімі аясында қанат қағып, рақым құшағына ену. Жаратушының осындай керемет сыйына бөленген жан сарқылмас қазынаның үстінен түскендей болады. Әсіресе, адам баласы өзінің қимасын жоғалтып, жақсылыққа қол жеткізе алмаған кезде, жамандықтан да арыла алмай, алдағы күннің сәулесі өше бастаған шақта үміт – адам баласын әуелете тік көтеріп әкететін пырақтай. Үміт арқылы адам өзінің шамасы келмейтін нәрселерге қол жеткізеді.

Үміт сенімнен туындайды. Иман келтірген жан әрқашан келешекке үмітпен қарайды. Үмітсіздік адамды күйзеліске ұрындырып, келешегін тұмшалайды. Бұл дүниеде өмір сүруге деген ынта-ыждаһатын, ерік-жігерін, құлшынысын құрықтап тастайды. Жеке адам да, қоғам да үміттің арқасында алға басып, дамиды. Үмітсіздік – үнсіз жұтатын ұйық іспетті. Адам қанша қарманбақ болса да, еш нәрсеге қол іліктіре алмай, батқан сайын бата түседі. Үміт арқылы қиын белестерден қиналмай асып, биік шыңдарға шығуға болады. Үмітсіз – тек шайтан ғана.

Аллаһ тағала Құранда:

﴿وَمَنْ يَقْنَطْ مِنْ رَحْمَةِ رَبِّهِ إِلَّا الضَّالُّونَ﴾

**«Раббыңның рақымдылығынан адасушылардан басқа кім үміт үзеді?», – дейді <sup>168</sup>.**

<sup>168</sup> Хижр, 56



Мейірімі мол Аллаһ тағала басқа да аяттарда кешірімінің ерекше мол екендігін білдіріп, адам баласын үмітке шақырады. Төмендегі аятта:

﴿وَلَا تُفْسِدُوا فِي الْأَرْضِ بَعْدَ إِصْلَاحِهَا وَادْعُوهُ خَوْفًا  
وَوَطْمَعًا إِنَّ رَحْمَتَ اللَّهِ قَرِيبٌ مِّنَ الْمُحْسِنِينَ﴾

*«Қоғам түзелгеннен кейін жер бетінде бүлік шығармаңдар. Үрей мен үміт арасында Аллаһқа жалбарыныңдар! Шын мәнінде, Аллаһтың рақымы жақсыларға жақын»<sup>169</sup>* – делінген.

Үмітпен амал ету қорқынышпен амал еткеннен әлдеқайда абзал. Өйткені, Ұлы Жаратушыға ең жақын құлдар – Аллаһ үшін ең сүйіктілер. Сүйіспеншілік қорқынышты емес, қайта үміттілікті арттырады. Біреуден қорқып жасаған қызмет пен көңіл сүйіп жасаған қызмет арасында үлкен айырмашылық бар. Сенің сүйіп қызмет еткен адамыңның алдындағы орның мен одан қорқып істегендегі мәртебең де сол сияқты. Яғни, Аллаһ тағаланың алдында да мәртебеңнің жоғары болуы үшін, Оған сүйіспеншілікпен мойынсыну – ең дұрысы. Адам баласы қаншалықты күнәкар болса да, ешқашан Аллаһтан үмітін үзбеу керек. Өйткені, Аллаһ тағаланың өзі мына бір аятта:

﴿قُلْ يَا عِبَادِيَ الَّذِينَ أَسْرَفُوا عَلَىٰ أَنفُسِهِمْ لَا تَقْنَطُوا مِن رَّحْمَةِ اللَّهِ إِنَّ اللَّهَ يَغْفِرُ الذُّنُوبَ جَمِيعًا إِنَّهُ هُوَ الْغَفُورُ الرَّحِيمُ﴾

*«Былай де: «Ей, шектен тыс күнә жасап, өздеріне зиян келтірген құлдарым! Аллаһтың рақымдылығынан үміттеріңді үзбеңдер. Аллаһ күнәлардың барлығын кешіреді. Күмәнсіз, Ол тым жарылқаушы әрі өте*

<sup>169</sup> Азраф, 56

**мейірімді»<sup>170</sup>** – деп, бізге бұйыру арқылы үмітсіздікке бой алдыруымызға тыйым салып тұр.

Шынында да, өмірде орны толмас қателікке бой алдырып, өкініштен өзегі өртенген жандарға осы бір аят үлкен үміт сыйлап, бақытқа жетуіне себеп болды. Тіпті, өзін күнәкар, кісәпір санап, иманға жақындай алмай жүрген пенделерге исламды қабылдатты. Айталық, Пайғамбарымыздың ең жақын сахабасы, «Аллаһтың арыстаны» атанған хазірет Хамзаны шейіт қылған Уахшидің өзін, Аллаһ елшісі (с.а.с.) бірнеше рет Құраннан аяттар жолдап, исламды қабылдауға шақырды. Алайда, Уахшиға жан сарайын кернеген үмітсіздік пен күдіктен арыла қою қиынға соқты. Ол пайғамбардың жақынын өз қолымен өлтіргені үшін бұдан былайғы уақытта өзін «кешірімге лайық емеспін» дегенге сендірген еді. Сол үшін де мұсылманшылықты қабылдауға тәуекел ете алмады. Пайғамбарымыз үшінші рет осы аятты жазып жібергенде ғана Уахшидің бойындағы кешірімге деген күдік-күмән сейіліп, көкірегіндегі үміт оты қайта маздап, мұсылмандықты қабылдады<sup>171</sup>.

Мәңгілік үкімі өзгермейтін Құрандағы бұл аят бүгінгі адамдарға да үміт сыйлаумен қатар, келер ұрпаққа да үміт қайнары болмақ.

Күнә жасау – о бастан адам табиғатына тән құбылыс. Адам баласы «күнә жасап қойдым, енді мен адамдықтан сол күйі кеттім» деуі – Аллаһтың Рахман, Рахим, Ғафур (тым кешірімді) сияқты сипаттарын жоққа шығару деген сөз.

Әлемге рақымдылық әкелген адамзаттың мақтанышы хазірет Мұхаммед (с.а.с.) те көптеген хадистерінде Аллаһтың аса мейірімді, тым жарылқаушы екенін үмбетіне

<sup>170</sup> Зумәр, 53

<sup>171</sup> Саңлақ сахабалар, 146-б.

үйретуден жалықпаған. Қараңғылықтың қаласынан шыға алмай, ғұмырын жамандықпен өткізгендерге үміт шоғын сыйламаса, олар болашақтан қалай үміттенбек?! Сол себепті ғаламға рақымдылық әкелген соңғы елші айналасындағыларға үнемі үміт отын жағып, адамдардың өмірге деген құлшыныстарын арттырып отырды. Солай болғанда ғана адамдардың көкірегінде тумысынан бар адамгершілік сезімдері қайта оянып, исламның мейірім толы құшағын паналайды.

Үміт – Құдіреті шексіз Аллаһ тағаланың рақымдылық пен кешірімінің кеңдігіне сену. Аллаһ тағала Құранда:

﴿وَرَحْمَتِي وَسِعَتْ كُلَّ شَيْءٍ﴾

*«Менің рақымым барлығын сыйдыратын өте кең»*<sup>172</sup>, – дейді. Ал Пайғамбарымыз бір құдси хадисте Аллаһ тағаланың мейірімі азабынан үстем екендігін айтады<sup>173</sup>. Тіпті, шайтанның өзінің ақыретте үміт етерліктей кең рақымынан үміт ұзу – Аллаһтың рақымдылығын жоққа шығарып, үміт сәулесін сөндіріп, үмітсіздікке түсу кешірілмейтін күнә болса керек.

Үміт – Аллаһ жайлы жақсы ойда болуды білдіреді. Бұл жайлы екі жаһан сардары (с.а.с.) бір құдси хадисінде:

أَنَا عِنْدَ ظَنِّ عَبْدِي بِي...

*«Құлым мен жайлы қалай ойласа, Мен оған солай қараймын»*<sup>174</sup>, -деген.

Пайғамбарымыз тағы бір хадисінде:

لَيَغْفِرَنَّ اللهُ يَوْمَ الْقِيَامَةِ مَغْفِرَةً مَا خَطَرْتُ عَلَيَّ قَلْبَ أَحَدٍ

<sup>172</sup> Азраф, 156

<sup>173</sup> Бухари, Тәухид, 15;22; Муслим, Тәубә, 14

<sup>174</sup> Бухари, Таухид, 15;35; Муслим, Зикр 2, (2675), Тәубә, (2675)

حَتَّىٰ إِنَّ إبْلِيسَ لَيَتَطَاوَلُ لَهَا رِجَاءً أَنْ تُصِيبَهُ

«Қиямет күні Аллаһ тағала ешкімнің ойына келмеген жалпыға тән кешірімін жариялайды, тіпті, шайтанның өзі осы кешірімнен маған да үлес тиер ме екен деп үміттенеді», – дейді<sup>175</sup>.

Адамдар түстерінде тақуалығымен аты шыққан ғалым Әбу Сәһілді ерекше нығметке бөленгенін көріп, мұның мәнісін сұрағанда: «Раббым жайлы жақсы пікірде болғанның жемісі», – деген екен.

Демек, үміт – Аллаһтың рақымдылығын төгу үшін бір себеп болса, жақсы-жаман қай жағдайда болмасын бұл себептен қол үзбеу керек.

Әнастан жеткен бір хадисте:

«Аллаһтың елшісі (с.а.с.) өлім аузында жатқан жас жігіттің қасына барып одан: «Өзіңді қалай сезініп жатырсың?»– деп сұрады. Ол: «Уа, Расулаллаһ! Аллаһтың мейірімінен үмітім бар, алайда күнәларымнан қорқамын»,– деп жауап береді. Пайғамбарымыз: «Осындай жағдайда бір құлдың жүрегінде үрей мен үміт бар болса, Аллаһ үміт еткен нәрсесін міндетті түрде беріп, қорыққанынан сақтайды»<sup>176</sup>, – деген.

Хазірет Бара:

«Аллаһ расулы былай деді: **«Жатар кезде мына дұғаны оқы: «Аллаһым, нәпсімді өзіңе тапсырдым, бетімді саған бұрдым, істерімді саған аманат еттім, сені сүйеніш еттім. Сенің рақымыңнан үміт етемін, азабыңнан қорқамын. Сенің берер жазаңа қарсы тұрар Өзіңнен басқа жар болушы әрі құтқарушы ешкім жоқ. Түсірген Кітабыңа, жіберген пайғамбарыңа иман келтірдім». Егер осы дұғаны оқып жатқан күні өлер**

<sup>175</sup> Ибн Әбуд-Дуния Ибн Мәсудтан риуаят еткен Ихя, 4/1, 278-б.

<sup>176</sup> Тирмизи, Жанаиз, 11, (983); Ибн Мәжә, Зухд, 31 (4261)

**болсаң, онда мұсылман болып өлесің, егер келесі таңға аман-есен жетсең, жақсылық табасың».**

Имам Ғазали өз кітабында үміт етуге байланысты көптеген риуаяттар келтіреді:

Аллаһ тағала Дәуіт пайғамбарға:

– Ей, Дәуіт! Мені сүй. Мені сүйгендерді сүй және құлдарыма мені сүйдір, құлдарым мені жақсы көрсін, – деп әмір бергенде, Дәуіт пайғамбар:

– Бұны қалай жүзеге асырайын? – деп сұрайды. Аллаһ:

– Сен Мені жақсылап зікір ет. Менің нығметтерім мен жақсылықтарымды олардың есіне сал. Олар менен тек жақсылық күтсін, – деген екен.

Яхия ибн Әксәм деген кісі қайтыс болғаннан кейін оны бір кісі түсінде көреді. Ол кісі Яхиядан:

– Аллаһ тағала сені қалай қарсы алды? – деп сұрағанда, ол:

– Аллаһ тағаланың құзырына барғанда Аллаһ: «Ей, күнәкар адам, неге мынаны-мынаны жасадың?», – деді. Сол кезде мені керемет бір қорқыныш биледі. Мен:

– О, Раббым, Сені маған бұлай деп танытпаған еді, – дедім. Аллаһ:

– Қалай танытқан еді? – деп сұрады.

– Әбдурраззақ Әнәстан жеткізген бір хадисінде, Аллаһ елшісінің Жебірейілден алған бір хабарында Сен: «Құлым мені қалай деп ойласа мен оған сондай қатынас жасаймын» деген едің. Сен жайлы мені азаптамайды деп үміт еткен болатынмын, – дедім. Бұны естіген Аллаһ тағала:

– Жебірейіл, пайғамбар және бұл хадисті жеткізген басқа рауилар (хадисті жеткізушілер) дұрыс айтты. Сен де дұрыс айтасың», – деді<sup>177</sup>.

<sup>177</sup> Ғазали, *Ихя*, 4/1, 266-267-б.

Отқа табынушы бір кісі Ибраһимге (а.с.) қонақ болуды қалайды. Ибраһим пайғамбар оған, егер де исламды қабылдайтын болса, қонақ қылатынын айтады. Отқа табынушы бұл шартқа келіспей, ренжіп кетіп қалады. Аллаһ тағала Ибраһим пайғамбарға:

– Ей, Ибраһим! Бір құлым дінін өзгертпейді екен деп неге оны қонақ етпедің? Алайда, жетпіс жыл бойы ол мені танымаса да оған ризығын үзбей беріп келемін. Бір түн оны қонақ етсең өзің үшін қайырлы болар еді, – деп уахи етті. Бұны естіген Ибраһим (а.с.) отқа табынушыны іздестіріп тауып, қонақ қылады. Әлгі отқа табынушы одан: «Көзқарасыңды өзгертуге не себеп болды?», – деп сұрағанда, Ибраһим (а.с.) мән-жайды баяндайды. Бұған таңғалған отқа табынушы: «Шынында, Аллаһ тағала маған осылай қарай ма? (Қандай мейірімді Жаратушы. Өзіне дұшпан болсам да досына мен үшін ескерту жасайды?!) Олай болса, маған исламды үйрет», – деп мұсылман болған екен<sup>178</sup>.

Алайда, үміт пен үрейдің арасында да тепе-теңдік сақтау керек. Тек құлшылықпен Аллаһтың рақымдылығынан үміттену қалайша дұрыс емес болса, «Аллаһ кешірмейді» деп жұрттың берекесін алып, балашағаны, күнделікті тіршіліктің бәрін ысырып қойып, тек құлшылықпен айналысу да қате.

Негізі Ұлы Жаратушымыздың жаһаннамды дұшпандарына дайындап, онымен достарын қорқытқандығы Құранның «Зумар» сүресінің 16-аятында кездеседі. Тағы бір аятта:

﴿وَاتَّقُوا النَّارَ الَّتِي أُعِدَّتْ لِلْكَافِرِينَ﴾

<sup>178</sup> Кушайри, 224-225-б., Фазали, *Ихя*, 4/1, 282-283-б.

«Кәпірлер үшін дайындалған оттан сақтаныңдар»<sup>179</sup>, – делінген.

Пайғамбарымыз: «Рақымы мол Аллаһ Өзінің ұлылығы мен рақымдылығы себепті жаһаннамды бір қамшы ретінде жаратқан, соның көмегімен Аллаһ құлдарын жаннатқа жетелейді»<sup>180</sup>, – деу арқылы, Аллаһтың бұл ісі Оның рақымдылығынан туындағанын көрсетеді.

Аллаһ тағаланың рақымдылығы жайлы бір хадисте:

إِنَّ اللَّهَ تَعَالَى كَتَبَ عَلَيَّ نَفْسِهِ الرَّحْمَةَ قَبْلَ أَنْ يَخْلُقَ  
الْخَلْقَ إِنَّ رَحْمَتِي تَغْلِبُ غَضَبِي...

«Аллаһ жаратылысты жаратпастан бұрын рақымдылықты өзіне міндетті және «Расында, менің рақымдылығым қаһарымнан жоғары тұрады»<sup>181</sup>, – деген.

Ислам алып келген аса мейірімді, рақымшыл Аллаһ түсінігін айқын көрсететін көптеген хадисті келтіруге болады:

«Құл бір күнә істеп артынан тәубе еткен кезде Аллаһ тағала періштелеріне «Құлыма қараңдар: күнә жасады, күнәсінің жазасын беруші және кешіруші Раббысының бар екенін біліп тәубеге келді. Қуә болыңдар, оны кештім» дейді»<sup>182</sup>;

«Егер сендер мүлде күнә жасамасаңдар, Аллаһ тағала басқаларды жаратады. Олар күнә жасайды, Аллаһ оларды кешіреді». Басқаша айтқанда «Сізді жоқ қылып, басқа жаратылыстарды жаратады. Олар күнә

<sup>179</sup> Әли Имран, 131

<sup>180</sup> Ибн Мажа, Ибн Омардан, Ихя, 4/1, 275-б.

<sup>181</sup> Бухари, Тәухид, 15,22; Муслим, Тәубә, 14

<sup>182</sup> Бухари, Муслим, Ихя, 4/1, 273-б.

жасайды. Аллаһ та оларды кешіреді. Өйткені, Аллаһ – өте Жарылқаушы, аса Рақымдылық иесі»<sup>183</sup>;

«Жанымды уысында ұстаған Аллаһтың атымен ант етейін, Аллаһтың құлына деген мейірім-шапағаты бір ананың баласына деген мейірімділігінен сансыз есе үлкен»<sup>184</sup>;

«Аллаһ тағаланың жүз рақымы бар. Тоқсан тоғызын өзінің жанында сақтап қойды. Дүниеге тек бір рақымын түсірді. Жаратылыстың бір-біріне деген мейірім-рақымы, ананың балаға деген мейірімі, жануарлардың өз төлдерін бауырына басуының бәрі осы бір рақымның себебімен өрбиді. Қиямет болған кезде Ол бір рақымын тоқсан тоғызға қосып, жүз рақымдылық етіп шашады. Әрбір рақымдылығы жер мен көктің кеңдігіндей. Ол күні тек қана шынайы мағынада жазаға лайық болғандар құрдымға кетеді»<sup>185</sup>.

Адамға үміт сыйлайтын бұдан да басқа хадистер мен аяттар көп. Алайда, Аллаһтың рақымына жеңіл-желпі қарауға болмайды.

Осы тұста Жаратушы рақымының кеңдігі жайлы мына бір оқиғаны да айта кеткен жөн.

Омар ибн Хаттабтың айтуы бойынша:

Аллаһ елшісінің алдына бір топ тұтқын әкелінді. Араларында бір әйел бар еді. Әйел шарқ ұрып біреуді іздеп әлек. Өз баласын тапқанда барып, аналық мейірімін төге айналып-толғанып мауқын басты. Іле-шала оны көкірегіне қатты қысып, құшақтап емізді. Осы бір көрініске қасындағылардың назарын аудартқан Аллаһ елшісі:

– Мына ананың өз баласын отқа қиюы мүмкін бе? – деп сұрады. Біз жарыса:

– Жоқ, – дедік.

<sup>183</sup> Муслим, *Тәубә*, 9; (2748); Тирмизи, *Дағуат*, 105, (3533)

<sup>184</sup> Бухари, Муслим, *Ихя*, 4/1, 278-6.

<sup>185</sup> Бухари, *Әдәб*, 19; Муслим, 17 (2752)



Сонда Пайғамбарымыз: – Ендеше, Аллаһтың құлдарына деген рақымдылығы, бұл әйелдің баласына деген аналық мейірімінен де сансыз көп, – деген болатын<sup>186</sup>.

Әбу Һурайра Пайғамбарымыздың:

لَوْ يَعْلَمُ الْمُؤْمِنُ مَا عِنْدَ اللَّهِ مِنَ الْعُقُوبَةِ مَا طَمَعَ بِجَنَّتِهِ ، وَ لَوْ  
يَعْلَمُ الْكَافِرُ مَا عِنْدَ اللَّهِ مِنَ الرَّحْمَةِ لَمَا قَنَطَ مِنْ جَنَّتِهِ

«Мүміндер Аллаһтың жазасын білсе, ешбірі жаннатты үміт ете алмас еді. Кәпірлер Аллаһтың рақымын білсе, ешбірі жұмақтан үміт үзбес еді»<sup>187</sup>, – дегенін жеткізген.

Газзада өмірінің соңғы сәттерін өткізіп жатқан ғұлама Имам Шафиидің үміт жайлы айтқан ғибратты сөздері де кісіге ой саларлық. Ол: «Жүрегім қатайып, жолдарымның астаң-кестені шыққан шақта үмітімді кешіріміне баспалдақ қып төседім... Күнәларым көз алдымда қанша ұлғайғанмен Сенің кешіріміңнің қасында түкке тұрмайтынын білдім, бәрібір кешіріміңнің көз жетпес кең екенін көрдім», – деген. Ол: «Адам бойында жас кезде үрей, қартайғанда үміт басым болу керек», – деген мәні терең һәм ғибратты тұжырым айтқан<sup>188</sup>.

Қазіргі уақытта үміт пен үрей мәселесінде тепе-теңдіктің аса сақтала бермейтіндігі шындық. Осы тұста, бір өкініштісі, халықты иманға шақырушылардың көпшілігі қателікке бой ұрып жатады. Олар тек жаһаннамды ғана тілге тиек етіп, үмітсіздікке салса, кейде бірыңғай жаннатты айтып адам бойына шектен тыс сенімділік ұялатады. Алайда, адам баласы өз міндетін мүлтіксіз атқаруға тыры-

<sup>186</sup> Бухари, *Әдәб*, 18; Муслим, *Тәубә*, 22 (2754).

<sup>187</sup> Муслим, *Китабут-тәубә*, 2755

<sup>188</sup> Ғазали, *Мукашафатуль-қулуб*

суы қажет. Сондай-ақ, жасаған құлшылығының Аллаһтың берген нығметтерін өтеу үшін жеткілікті емес екенін есіне алуы керек. Өйткені, адам баласы тек қана амалдарымен құтыла алмайды.

Пайғамбарымыз бірде: – Ешкім істеген амалымен ақыретте құтыла алмайды, – дейді. Мұны естіген сахабалар шошына: – Сен ше пайғамбарым? Сен де амалыңмен құтыла алмайсың ба? – деп сұрайды. Сонда Екі дүние нұры (с.а.с.): – Иә. Егер Алаһтың мейірімі мен кеңшілігі болмаса, мен де құтыла алмаймын, – деген.

Шын мәнінде, адам баласы қанша жанын салып тырысқанмен, Аллаһтың берген нығметтерін өтеуі мүмкін емес. Мысалы, бір жылда 365-366 күн, 12 ай, 30 күн, бір күнде 24 сағат бар. Егер кісі бір сағатта бір күнә жасаса, бір күнде қанша күнә жасайды. Егер адам елу жыл өмір сүрер болса, оның күнәсі де сонша есе өсе түспек. Алайда, жақсылықтарын санаса айтар ауызға ұят, өйткені, тым аз. Олай болса, адамның Аллаһтың рақымынан үміт етуден басқа амалы қалмайды.

Есеп күнін суреттеген:

﴿يَوْمَ لَا تَمْلِكُ نَفْسٌ لِّنَفْسٍ شَيْئًا وَالْأَمْرُ يَوْمَئِذٍ لِلَّهِ﴾ **«Ол күні ешкім ешкімге пайда тигізе алмайды. Сол күні барлық іс пен бұйрық Аллаһқа ғана тән»**<sup>189</sup>, – деген аятқа көзі түскен ақиқатқа көкірегі ояу, көзі ашық, тақуа кісі: «маған осы аят-ақ жеткілікті», – деген екен. Яғни, қияметте берілетін бар үкім Аллаһқа ғана тән екендігін естуі оның жүрегіне өшпес үміт сыйлаған. Өйткені, Аллаһ тым мейірімді, аса рақымды.

Бұған қоса, Аллаһтың ақыретте беретін мәңгілік нығметтерін ойлайтын болсақ, әрине, біз мынау өткінші де қысқа ғұмырымызда оны өтей алмаймыз. Тіпті, әр

<sup>189</sup> Инфитар, 19

тыныс алған сайын шүкіршілік жасап, құлдық ұруымыз қажет. Өйткені, тынысты ішке алып, оны сыртқа қайта шығара алмауымыз да мүмкін ғой. Әр демімізді алған сайын Аллаһ бізге өмір сыйлауда. Сөйте тұра, Аллаһ тағала бір күнәға бір ғана күнә жазса, сауаптарды жетіден жеті жүзге дейін, тіпті одан да көп етіп еселейді. Бұл Оның ерекше мейірімі мен рақымдылығын танытқан үстіне таныта түскені болса керек.

Оның бізге берген нығметтері тіпті шексіз. Алайда, шамасын білмеген кейбіреулердің: «Ешқандай да күнәм жоқ, жастайымнан намаз оқимын, ораза ұстаймын, жаннатқа барарым анық, маған ешқандай жаза берілмейді», – деп паңдануы – Аллаһ тағаланың құдіретіне деген тәрбиесіздігі мен көргенсіздігі. Сонымен қатар, өмірден түңіліп: «Менен түк шықпайды. Қазірге дейін ешбір іліп-алар жақсылығым болған емес. Бәрібір барар жерім – тозақ. Олай болса, неге тырысамын, осы құрығаным құрыған», – деп үмітсіздікке салынуы да мейірімі мен мейірбандығы мол Ұлы Жаратушыны жете танымаудың белгісі.

Үміт артудың да өзіндік шарттары бар. Бұл шарттар орындалмаса, ол үміт артудан гөрі ақымақтыққа жақын болады. Құлдың Аллаһтың рақымынан үміт етуі, егін салған егіншінің жағдайына ұқсас. Дикан әуелі құнарлы жер таңдайды. Жақсы тұқым егеді. Оны уақытында суғарып, баптайды. Егіні бітік шығуы үшін арам шөптерін жұлады. Содан кейін барып, әртүрлі апаттан сақтасын деп Аллаһ тағаладан еңбегінің тілеуін тілейді. Өйтпесе, құнарсыз тастақ жерге дән сеуіп, мол өнім күту – ақымақтық. Бір ақын: «Ақырет азабынан құтылуды үміт етесің, бірақ, құтылатын жолмен жүрмейсің. Алайда кеме құрғақ жерде жүзбейді»<sup>190</sup>, – дейді.

<sup>190</sup> Ғазали, *Ихя*, 4/1, 262-б.

Келешекке үмітсіздік танытып, күмәнмен қараған адам қоғамдық пайдадан гөрі қара басының қамын көбірек күйтейді. Әркім тек жеке басының пайдасын ғана көздесе, ол қоғамда түрлі заңсыздықтар мен зұлымдықтардың кең етек жаяры сөзсіз.

Әсіресе, бүгінгі таңда өмірдегі өз жолынан адасқан адамдарға жөн сілтеп, үкілі үміт сыйлау, өмірге деген құлшынысын арттыру ауадай қажет.

Нағыз үміт – Жаратушының ұлылығы мен рақымдылығының алдында күнә жасауды ар санау, ал үрей – Аллаһ тағаланың мейірімінен тыс қалып, азабы мен қаһарына ұшыраудан қорқып, рұқсат етілген күннің өзінде кейбір істен жүрексіне бас тарту.

Үрейлену ерік-сезімнің ырқына жығылар тұста бойды тежеп, адамды асыра сілтеушілікке ұрындырмайды. Қиналған сәттерде үмітті пырақ ету – адам өмірін реттейтін басты жолдардың бірі.

Үміт пен үрей құстың қос қанаты тәрізді. Егер екеуі тең болса, онда құстың самғауы да үйлесімді болмақ. Сондықтан бұл дүниеде тепе-теңдік сақтауда адам баласына үміт пен үрейдің екеуі де аса қажет.

Міне, күнәлардан сақтана отырып Аллаһтан жәрдем күту, ізгілік пен жақсылық жолында барын сала отырып, Хақ тағала рақымының кеңдігін ойлау, тура жолдан таймау шынайы үміт өлшемдеріне жатады. Керісінше, еш амал етпестен жақсылық күту, өмір бойы күнә жасағанына қарамастан Аллаһтан кешірім дәмету – жарамсақ, жалған үмітке жатады. Бұл, Жаратушының Рахман әрі Рахим күдіретіне деген үлкен әдепсіздік болып саналады.

Хауф (арапшада қорқу, үрейлену, түршігу) – сөзінің терминдік мағынасы шарияттық тұрғыдан харам емес, бірақ жеңіл тыйым салынған нәрселердің өзінен бас тарту.

Былайша айтқанда, жалған үмітке иек артып дандайсып кетпеу, не болмаса тым күйзеліп, үмітсіздікке салынбау.

Қушайридің пайымдауынша, хауф – руханият әлеміне сапар шеккен жолаушының Аллаһ тағала ұнатпайтын қылықтардан бойын аулақ ұстап сақтануын қадағалайтын ішкі дүниесіндегі бақылаушы сезім.

*«Мүмін күнәларын (ойша үлкейтін) былайша елестетеді: Ол мүмін бейнебір таудың етегінде отырып, сол тау өзіне құлап кететіндей шошынады. Надан кісі күнәларына мұрнының үстіне қонған шіркей тәрізді немқұрайлы қарайды».*

Құран Кәрімде адамның екі аяғын тең басуы үшін мынадай аяттар келтірілген:

﴿وَبَدَأَ لَهُمْ مِنَ اللَّهِ مَا لَمْ يَكُونُوا يَحْتَسِبُونَ﴾

*«Еш күтпеген нәрселері Аллаһ тағала тарапынан оларға көрсетілді»<sup>191</sup>.*

﴿قُلْ هَلْ نُنَبِّئُكُمْ بِالْأَخْسَرِينَ أَعْمَالًا \* الَّذِينَ ضَلَّ سَعْيُهُمْ فِي الْحَيَاةِ الدُّنْيَا وَهُمْ يَحْسَبُونَ أَنَّهُمْ يُحْسِنُونَ صُنْعًا﴾

*«Сендерге амалдары тұрғысынан үлкен зиянға ұшыраушылар жайында хабар берейін бе?», – де. Олар дүниедегі амалдары зая кеткендер, өздерін «шынында біз жақсы іс істедік» деп ойлайды»<sup>192</sup>.*

Аллаһ тағала құлын өз құзырында жоғары мәртебеге жеткізуде қорқыныш пен үрейді бір қамшы ретінде қолданған. Бұл қамшы жай қамшы емес. Ол анасының баласына ұрысқанындай, баланы анасының мейірім толы құшағына тартқанындай пендені иләһи рақымдылықтың кеңдігіне тартады. Енесі тепкен құлынның еті ауырмай-

<sup>191</sup> Зумәр, 47

<sup>192</sup> Кәһф, 103-104

ды. Сол себепті Құрандағы адам көңілінің астаң-кестеңін шығарып, жүрегіне қорқыныш ұялататын әмір, тыйым, бұйрықтар дұрыс жол сілтеумен қатар әрі рақымға толы қуаныш сыйлайды.

Аллаһтан ғана қорқу пендені одан тыс жоқтан өзгеден қорқудан арылтады.

Құранда Жаратушымыз:

﴿فَلَا تَخَافُوهُمْ وَخَافُوا مِنِّي إِن كُنتُمْ مُؤْمِنِينَ﴾

*«Егер шынайы мүмін болсаңдар, олардан қорықпаңдар, тек менен ғана қорқыңдар»*<sup>193</sup>, – деу арқылы шынайы мүміннің тек қана Аллаһтан қорқатынын, түптеп келгенде қорқудың да иманнан екенін ұқтырады. Адам бойындағы қорқыныш сезімін жан-жаққа ыдыратпай бір ғана Аллаһқа бағыттайтын аятта: *«Тек қана менен қорқыңдар»*<sup>194</sup> десе, тағы бір аятта: *«Олар қорқып әрі дұғаларының қабыл болуын үміт етіп, Раббыларынан тілек тілейді»*<sup>195</sup>, – деп, Аллаһтан қорыққан құлдарды мақтайды. Өйткені, үнемі күнә-кінәларын ойлап, жүрегі лүпілдеп, Жаратқаннан қорқып жүрген пенде әр қадамын аңдап басып, аңдаусызда омақаса орға жығылмас үшін сақтығын күшейтеді.

Хазірет Айша анамыз (р.а.): – Уа, Расулаллаһ! *«Раббыларына оралатындықтарына сенгендіктен жүректерін қорқыныш-үрей билеп, мал-мүліктерін Аллаһ жолында жұмсағандар»*<sup>196</sup> деген аят кімдерді меңзейді? Арақ ішіп, зина, ұрлық жасағандарға ма? – деп сұрағанда, оның мәнісін Пайғамбарымыз (с.а.с.): «Жоқ, бұл ораза ұстап, намаз оқып, садақа және зекет берген-

<sup>193</sup> Әли Имран, 175

<sup>194</sup> Бақара, 40

<sup>195</sup> Сәжде, 16

<sup>196</sup> Муминун, 60

дер, бірақ соған қарамастан «бұл жасағандарымызды Ол қабыл етеді ме, жоқ, қабылдамай тастайды ма», деп қорыққандар жайлы» деп түсіндірген<sup>197</sup>.

Әбул Қасым Хаким: «Бір нәрседен қорыққан адам одан қашады. Ал, ұлы әрі мәртебесі жоғары Аллаһтан қорыққан адам, керісінше, соның өзіне қарай жүгіреді (соны паналайды)», – дейді.

Муаз ибн Жәбәл: «Жаһаннам көпірінен аман-есен өтпейінше, мүміннің жүрегі орнына түспейді, қорқынышы басылмайды»<sup>198</sup>, – деп айтқан.

Үрей адамның нәпсіқұмарлығын тежеп, шәһуатты сезімдерін тыяды. Ішінде у бар екенін білген адам балдан қалай тыжырына бет бұрса, жүрегін қорқыныш билеген адам да ар-ұят әдебінен аспай, нәпсінің жамандықты қалауынан жиреніп тұрады. Адам қанында ойнақ салған нәпсіқұмарлықты Аллаһтан тағаладан қорқу мен тозақ азабының үрейі ғана тежей алады.

Үрей жамандықтан тыйып, жақсылыққа жетелейді. Егер жамандықтан тыймаса, оны қорқынышқа жатқызуға болмайды. Алайда, қорқуда да теңдікті сақтай білген абзал. Адамды жақсылық жасауға жетелейтін қорқыныш қана – нағыз қорқыныш.

Аллаһтың құдіретінен қорқу – шын мәнінде Аллаһты танудың жемісі, шынайы құл мен пайғамбар ерекшелігі. Олардың көкірегінде үнемі осы сезім жоғары тұрады. Аллаһ тағаланың құдіретінің шексіздігіне көз жіберіп, жүректерінде қорқыныш сезім орнығады.

Айша анамыздың (р.а.) жеткізген бір хадисінде: «Ауа райы демде құбылып, жел соға бастаған кезде Аллаһ елшісінің реңі өзгеріп, бір орнында байыз таппай ерсілік-қарсылы адымдап, үйге бір кіріп, бір шығыпты. Айша

<sup>197</sup> Тирмизи, *Тафсируль-Қуран*, 24

<sup>198</sup> Қушайри, 218-б.

анамыз: «Уа, Аллаһтың елшісі, жұрт күн бұлттанғанда жаңбыр жауар ма екен деп үміттеніп қуанушы еді, алайда, сіздің қобалжығаныңызды жүзіңізден байқаймын, бұның себебі неде?» дейді. Сонда Пайғамбарымыз: «О, Айша! Ол бұлтта азаптың жоқ екеніне кім кепілдік бере алады? Алайда, ертедегі бір халық осы желмен азапқа душар болған-ды. Ол қауым азап келместен бұрын «бұл жел бізге жаңбыр әкеледі» деген болатын»<sup>199</sup>, – дейді. Оның бұл халі Аллаһтың адамдарға жіберетін азабынан қорыққандығынан еді.

Әнастан келген бір хадисте Пайғамбарымыз Жебірейілге былайша сауал қояды:

– Ей, Жебірейіл! Микаил періштеге не болған? Оның күлгенін еш көрмеймін. Сонда Жебірейіл:

– Иә, жаһаннам жаратылғалы бері Микаил еш күлмеді, – деп жауап берген болатын<sup>200</sup>.

Пайғамбарымыз тағы бір хадисінде:

وَاللهِ لَوْ تَعْلَمُونَ مَا أَعْلَمُ لَضَحِكْتُمْ قَلِيلًا وَ لَبَكَّيْتُمْ كَثِيرًا

«...Егер менің білгендерімді білсеңдер аз күліп, көп жылар едіңдер...»<sup>201</sup>, – дейді.

Екінші халифа, әділдіктің символы, Пайғамбарымыздың «менен кейін пайғамбар келсе, ол Омар болар еді» деген хазірет Омардың да қорқынышы ерекше еді.

Бір күні ол бір сахабаның үйінің қасынан өтіп бара жатып, оның намазда «Тур» сүресін оқып тұрғанын құлағы шалды. Әлгі сахаба:

﴿إِنَّ عَذَابَ رَبِّكَ لَوَاقِعٌ \* مَا لَهُ مِنْ دَافِعٍ﴾

<sup>199</sup> Хадис анциклопедиси, 5-т., 317-318 б.

<sup>200</sup> Ғазали, *Ихя*, 4/1, 332-б.

<sup>201</sup> Бухари, 210/7; Муслим, *Фадаилун-нәби*, 2359



**«Еш күмәнсіз, Раббыңның азабы болады. Оған тосқауыл боларлық ешкім жоқ»<sup>202</sup>** деген аятты оқығанын естіген Омар, дуалға сүйеніп, өз-өзіне келе алмай тұрып қалады. Осы аяттан қатты әсерленген ол бір ай бойы төсектен тұра алмайды. Көңілін сұрай келгендердің ешбірі оның жанына жұбаныш бола алмай, ішкі дертінің не екенін сол күйі ұқпай кетеді.

Абдуллаһ ибн Аббас:

«Олардың жүрегі қорқынышқан жарымен жараланған, көздері үнемі мөлтілдеген жасқа толы. Олар: «өлім аузын ашып күтіп, мазар алдымызда қолын жайып, кел-келдеп тұрғанда, қиямет бәріміздің ортақ жиналатын, жаһаннам бәріміздің басып өтер жеріміз. Раббымыз Аллаһ тағаланың алдында жауапқа тартылатынымызды біле тұра, қалайша масайрап қуанамыз?!»<sup>203</sup>, – деген, Аллаһтан шын қорқатын мүміндердің асыл үрейін айтады.

﴿ثُمَّ لَتَسْأَلَنَّ يَوْمَئِذٍ عَنِ النَّعِيمِ﴾ **«Ол күні берілген нығметтерден міндетті түрде сұраққа тартыласыңдар»<sup>204</sup>** деген аятты оқыған сайын Пайғамбарымыздың жылауы қабір азабын көпшіліктің сезе бермейтіндігін, арғы дүниедегі азаптың ауыр болатындығын терең білгендігінен болар.

Мінеки, пайғамбарлардың, періштелердің және Аллаһты жақсы танып білген сахаба, әулиелердің жағдайы осындай болса, біз сияқты қарапайым адамдардың жағдайы қандай болмақ?!

Көзі тірісінде жаннатпен сүйіншіленген сахабалардың өздері Хақ тағаланың рақымдылығына масайрап кетпей,

<sup>202</sup> Тур, 7-8

<sup>203</sup> Ғазали, *Ихя*, 4/1, 337-339-б.

<sup>204</sup> Тәкәсур, 8

өмірлерін «ақыретте жағдайымыз қалай болар екен?» деген үреймен өткізген.

Қорқыныштың адам баласына беретін пайдалары жайлы көптеген аяттар бар. Осы қасиет арқылы, жаннаттық дәрежелерге қол жеткізетіндіктерін, оларға тура жол, рақымдылық, ілім мен разылықтың бар екеніне назар аудартады. «Ағраф» сүресінің 154-аятында **«Рабыларынан қорыққандарға тура жол мен рақымдылық бар»** делінсе, «Бәиина» сүресінің 8-аятында:

﴿رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمْ وَرَضُوا عَنْهُ ذَلِكَ لِمَنْ خَشِيَ رَبَّهُ﴾

**«Аллаһ олардан разы, олар да Аллаһтан разы болды. Міне, осы сый-сыяпат Аллаһтан қорыққандар үшін»** деу арқылы қорқудың пайдаларын көрсетеді.

﴿إِنَّ أَكْرَمَكُمْ عِنْدَ اللَّهِ أَتْقَاكُمْ﴾

**«Аллаһ тағаланың алдында ең ардақтыларың – Одан ең көп қорыққандарың»<sup>205</sup>** делінеді.

Пайғамбарымыз:

لَا يَلِجُ النَّارَ رَجُلٌ بَكَى مِنْ خَشْيَةِ اللَّهِ حَتَّى يُعَوَّدَ اللَّبْنَ فِي الضَّرْعِ وَلَا يَجْتَمِعُ غَبَارٌ فِي سَبِيلِ اللَّهِ وَدُخَانُ جَهَنَّمَ

**«Сүттің өзі шыққан желінге қайта кірмейтіні сияқты, Аллаһтан қорқып жылаған көз де жаһаннамды көрмейді. Аллаһ жолында жиһад жасағандардың мұрындарына кірген тозаң мен жаһаннамның түтіні бір жерде болмайды»<sup>206</sup>**, – деген.

Қиямет күні Аллаһ тағаланың аршының көлеңкесін паналайтын жеті топ жайлы көпшілікке мәлім хадисте

<sup>205</sup> Хужурат, 13

<sup>206</sup> Тирмизи, Зухд, 8; Насаи, Жиһад, 8

осы топқа кіретіндердің бірі – Аллаһтан қорқып көз жасын төккендер екені айтылады<sup>207</sup>. Ақыретте жаһаннам отын сөндіретін ең күшті құрал – осы көз жасы.

Пайғамбарымыз Ибн Мәсғудқа айтқан бір өсиетінде: «Егер маған қауышуды қаласаң, менен кейін қорқуды көбейт», – дейді.

Имам Шибли: «Қай кезде Аллаһтан қорықсам, бұдан бұрын ешқашан көрмеген ғибрат пен хикмет есігінің ашылғанын көрдім» дейді.

Зун-Нун: «Аллаһтан қорыққан адамның жүрегі жібіп, Оған деген сүйіспеншілігі көбейеді. Ой-ниеті түзу болады»<sup>208</sup>, – дейді.

Қорқу мен үміттің тепе-теңдігін сақтай білу аса маңызды. Егер жүректе Аллаһтың азабын елемейтін паңдық сезім басым болса оны қорқынышпен, егер Аллаһтың рақымы мен мейіріміне деген үмітсіздік басым тұрса, оны иләһи үмітпен емдеу керек.

Адамды ажал жастығына бас қойғанға дейін қорқыныш пен үрей билеп, ал өлім төсегінде үміт пен жақсы ой үстем болуы керек. Өйткені, алдыңғы қорқыныш сезімі адамды жақсы амал жасауға жетелейді. Ал өлім аузында жатқанда амал жасау мүмкіндігі қалмайды. Қорқыныш ырық бермей кеткен бұл сәтте үміт жүрекке қуат береді де пенденің Аллаһ тағаламен байланысы арта түседі. Сол себепті өлім төсегінде жатқан адамдарға жүрегіне үміт сыйлар жақсы сөздер айтылады, Аллаһтың шексіз рақымы мен мейірімі еске түсіріледі. Пайғамбарымыз бұл жайлы:

لَا يَمُوتَنَّ أَحَدُكُمْ إِلَّا وَهُوَ يُحْسِنُ الظَّنَّ بِاللَّهِ

<sup>207</sup> Бухари, Бабу-садақа бил-иамин. Муслим, Бабу ихфаус-садақа.

<sup>208</sup> Ғазали, Ихя, 4/1, 297-298 б.

«Көз жұмарда міндетті түрде Аллаһ жайлы жақсы ойда болып жан тапсырыңдар», – деген<sup>209</sup>. Бұл хадисті Аллаһ тағаланың шынайы құлдары өле-өлгенше өміріне арқау еткен. Мысалы, Сүлеймен Тәйми өлім төсегінде жатқан кезде баласына: «Балам, маған Аллаһ тағаланың рұқсат берген нәрселері жайлы және Оның рақымдылығынан үміт ету жайлы көбірек айт, осы сеніммен Жаратқан Иеме қауышайын» десе, Ахмәд ибн Ханбәл ұлына: «Маған жақсы ниетте болу мен үміт ұялататын сөздерді көбірек еске түсір», – деген екен<sup>210</sup>.

Әділ халифа хазірет Омар: «Бір адамның жаннатқа, қалғандарының тозаққа кететінін білсем, жаннаттық адам мен емес пе екем деп үміттенемін. Бір адамның тозаққа, қалғандарының тегіс жұмаққа баратынын білсем, тозақтық сол адам тағы да мен емес пе екем деп қорқамын», – деген сыры терең, сыны биік сөздері барлығымызға ой салса керек<sup>211</sup>.

<sup>209</sup> Муслим, Жабирден риуаят еткен, Ғазали, *Ихя*, 4/1, 264-б.

<sup>210</sup> Ғазали, *Ихя*, 4/1, 307-б.

<sup>211</sup> *Саңлақ сахабалар*, 58-б.

## Сабырдың да сан қырлы сатылары бар

*«Сабыр түбі сағы алтын»*

*(халық даналығы)*

Сабыр – адамзатты кемелдік шыңына жетелейтін ең асыл қасиеттердің бірі. Асылында бұл қасиет адам баласына әуелден Жаратушы тарапынан берілген.

Сабыр – жетістікке қол жеткізудің сырлы кілті.

Сабыр – тосыннан қандай да бір қиын жағдайға тап болғанда, әл-дәрменің таусылып, салың суға кеткен сәтте бойыңдағы бар күш-қуатыңды жинап қайраттану, басқа түскен ауыртпалыққа төтеп беру үшін белді бекем буу. Сабыр сақтау – тағдырға ризашылықтың, шүкірліктің белгісі. Тағдырға налып, іштей риза болмаған адам өмірде ештеңеден байыз таппай өтеді. Басын тау мен тасқа соқса да бәрібір қайғы-мұңнан арыла алмай, май ішкендей мазасызданып, өмірден түңілумен күн кешеді. Өмірде қуаныш пен қайғының егіз екенін ұмытуға болмайды. Қайғыра алмаған адам қуана да алмайды. Сондықтан өмірде қиындыққа мойымай оны жеңе білу үшін адамға ең қажеттісі – сабыр сақтау.

Шыдамсыз, осал адам үшін өмірде елеулі жетістікке қол жеткізу өте қиын. Сабыр сақтау немесе шыдамдылық таныту – парасаттылықтың нышаны. Өмір ағысының арыны күшті. Тас түнек қап-қара түннің артынан шуағын төккен шұғылалы жарық күннің шығуы қандай заңдылық

болса, қиындықтың соңы жеңілдікке ұласатыны да шындық. Өмірдің өзі тұтастай өткінші болғандықтан біздегі қуаныш пен қайғы атаулы да өтпелі. Өтпелі нәрсеге бола өмір бойы сан соғып «әттегенайлап» өту орынсыз. «Бұның да өте шығары даусыз» деп нар тәуекелге бел буу – үлкен кісіліктің белгісі. Байқап қарасаңыз, қиындықтармен күресе жүріп шындалған адамдар өмірде көптеген жақсылықтар мен табыстарға қол жеткізген. Бұл діни іс-амалдарға ғана қатысты емес, дүниелік тұрғыдан да аса маңызды. Сол үшін де сабыр – екі дүниенің де бақыты үшін адам бойына дарытқан Жаратушы иеміздің көркем қасиеттерінің бірі.

Аллаһ тағала Құрандағы көптеген аяттарда сабырлы болуды дәріптеп, сабырлы құлдарды жақсы көретіндігін, сабырлы жандарды үлкен айтулы сый-сияпатқа бөлейтіндігін қуана жеткізген.

Айталық, «Әли Имран» сүресінің 146-аятында:

﴿وَاللَّهُ يُحِبُّ الصَّابِرِينَ﴾

«Аллаһ сабырлыларды жақсы көреді» деп, өз сүйіспеншілігіне артығымен бөленетіндердің сабырлы жандар екендігін білдірсе, бұған қоса «Нахл» сүресінің 96-аятында:

﴿وَلَنَجْزِيَنَّ الَّذِينَ صَبَرُوا أَجْرَهُمْ بِأَحْسَنِ مَا كَانُوا يَعْمَلُونَ﴾

«Әрине, сабыр еткендерге істеген істерінен де жақсы сый береміз»

деу арқылы сабырлы жандарға арнайы сый-сияпаттың әзірленетінін сүйіншілейді. Бұл дүниеде біздің басымызға түскен нәрсенің бәрі – сынақ. Кеңшілік те, таршылық та, жоқшылық та, баршылық та, ауру-сырқауға ұшырау да – сынақ.

Жаратушы Иеміз «Бақара» сүресінің 155-аятында бұл жайында:

﴿وَلَنْبَلُوْنَكُمْ بِشَيْءٍ مِّنَ الْخَوْفِ وَالْجُوعِ وَنَقْصٍ مِّنَ  
الْأَمْوَالِ وَالْأَنْفُسِ وَالثَّمَرَاتِ وَبَشِّرِ الصَّابِرِينَ﴾

**«Сөзсіз біз сендерді қорқынышпен, аштықпен, мал-мүліктеріңді, өздеріңді әрі өнімдеріңді кем қылу арқылы сынаймыз, – дейді.**

Демек, адамның басына әртүрлі сынақ келуі мүмкін. Дұшпандардың шабуылынан қорқу, қуаңшылық пен құрғақшылыққа ұшырау, ақсирақ ашаршылыққа тап болу, жұкпалы аурудың кең тарауы, әртүрлі табиғат апаттарының белең алуы, туған-туыс, бала-шағаңнан айырылу, өмір бойғы жиған-терген бар дүние-мүлкіңнен қас-қағым сәтте айрылып қалу секілді т.б. Хақ тағала сынақ ретінде жіберген бұндай қиын ауыртпалықтарға ризашылықпен көнгендерге сауаптарының тым көп болатындығын (Зумәр, 10) және өмірдің өзі тұтастай сынақ мекені екенін (Шура, 43) ескерткен.

Ислам тарихы зерделенгенде, мұсылмандар үшін хижраға дейінгі Мекке кезеңінің қағажу мен әлімжеттіктен көз ашпаған ең бір қиын-қыстау кезең болғанын көреміз. Өйткені алғашқы мұсылмандар исламды қабылдағаны үшін тепкі мен теперіш көрді. Қорлық көргені өз алдына, қан-жоса болып сан мәрте соққыға жығылды. Мүшіріктер тарапынан былапыт сөздермен балағатталды, тіпті солардың қолынан өліп кеткендері де болды.

Бір таңғаларлығы, мұсылмандарды қан қақсатып, басына қара бұлт үйірген мүшіріктерге Мекке кезеңінде Пайғамбарымыз ешқандай қарсы күш қолданбады. Сахабаларын үнемі сабырлық пен ұстамдылыққа шақырды. Қандай қатігездікке тап болса да еш мойымастан асқан

шыдамдылықпен 13 жыл бойы халықтың жүрегіне жол табуға тырысты. Өзі де, өзінің қанатының астына жиылған сахабалар да небір қанқұйлы құқайларды бастан кешті. Соққыға жығылып, жұдырық пен тепкінің астында қалды, езілді, жаншылды, тіпті, елден біржола шеттетіліп бойкотқа да ұшырады.

Осы тұста Ясир отбасының басына келген қайғылы оқиға көпшілікке мәлім. ислам үшін ауыр қиындыққа душар болған олар ақиқат жолында азапталып, шейіт болғандардың ең алғашқылары еді. Олардың жағдайының қаншалықты мүшкілдігі жанына қатты батып, қабырғасын қайыстырса да Пайғамбарымыз (с.а.с.): *«Ясир отбасы сабыр сақтаңдар. Барар жерлерің – жаннат»*, – деп қиын сәтте де шыдамдылық пен сабырдан таймауға шақырды. Пайғамбарымыз сабыр ете отырып, қол қусырып қарап отырмады. Бір адамды болса да иманға келтіру үшін бар күш-жігерін жұмсап бақты.

Ол асқан сабырлы болумен қатар парасат-пайымы мол жан еді. Сол себепті ақиқатты айтып түсіндіру мүмкін емес деген көптеген адамдардың өзі исламға бас иіп, тас болып қатқан жүректері жібіп сала бергенді. Егер Пайғамбарымыздың бойындағы мызғымас сабырлық қасиеті болмағанда мыңдаған адамның исламды қабылдауы мүмкін емес еді.

Алғашқы кездері сан жағынан әрі күш тұрғысынан мүшіріктерге төтеп бере алмайтын мұсылмандарға түскен аяттардың көбі оларды сабырлылыққа, төзімділікке, шыдамдылыққа шақырған аяттар еді. Қауіп пен қиындыққа толы ол кезеңде сабыр мәселесі иманмен тең дәрежеде тұрды. Өйткені, ол кезде басқа түскен жағдайға сабырлық пен шыдамдылық танытудан басқа шара жоқ еді. Аллаһ оларды сый-сияпатқа кенелтетіндігін білдіріп, сабыр сақтауға, мұсылмандарды төзімділікке, тәуекелге шақырды.



Аталары ұстанған пұтқа табынушылыққа, күпірлік дінге қайта кіргізу үшін немере ағасы Зүбәйр ибн Әууәмды шиден жасалған төсенішке орап, сыртынан от қойды. Зүбәйр ибн Әууәм жартылай өртеніп, қатты азапталғанына қарамастан бәрібір исламның шапағатты шуағынан айырылмай, иманын берік сақтай білді<sup>212</sup>.

Алғашқы азаншы Біләлдің де тартқан тауқыметі жан төзерлік емес. Ол неше күн бойы ми қайнатар шыжыған күннің астында ыстық құмға жатқызылып, ол аз болғандай үстіне қызып тұрған зіл батпан қара тас қойылып азапталды. Оған қоса, кешкісін мойнына арқан байланып, ит секілді Меккенің көшелерінде жетектелді. Сонда да дінінен таймады.

Жаңа мұсылман болғандардың бәрінің жағдайы бір-бірінен асып жығылмаса кем соқпады. Азаптаулардан әбден титықтап, қиындыққа шыдауға дәрмені қалмаған осы шақта кей мұсылмандар Аллаһтың елшісіне келіп, өздеріне жапа шектірген кәпірлерге қарсы қарғыс айтуын өтінді. Пайғамбарымыз қарғыс айтуға ризашылық танытпады. *«Сендерден бұрын келген қауымдар да небір азапты бастан кешті. Олардың кейбіреуінің денесі темір тарақпен таралып, еттері сүйектерінен ажыратылды, кейбіреулерінің төбесінен құйқасына дейін араланып, кеудесі екіге қақ бөлінді. Олар бұның бәріне шыдап, иманын берік сақтай білді.*

*Аллаһқа ант етейін, Аллаһ тағала бұл дінді әлі-ақ кемелдендіреді. Тіпті, кемелдендіргені сонша, Сана қаласынан Хадрамаутқа дейін жалғыз өзі жолға шыққан адам екі-ақ нәрседен өзге ештеңеден қорықпайтын болады. Ол – Аллаһтан және малына шабуыл жасауы мүмкін қорқау қасқырдан ғана. Алайда, сендер тым*

<sup>212</sup> Р. әл-Баша, 2-т, 17-б.

асығасыңдар»<sup>213</sup>, – деп қайта дін жолында шыдамдылық пен сабырдың маңыздылығын көрсетті.

Діндер тарихына көз жіберсек, Хақ тағаланың ақиқатын жаюға келген бүкіл пайғамбарлардың түрлі қиындыққа душар болғанын, көбісінің осы жолда жанын пида еткеніне куә боламыз.

Ұлы пайғамбарлардан хазірет Нұхтың да сабыры мен шыдамдылығын, табандылығы мен төзімділігін 950 жылдық саналы ғұмырын түгелімен ақиқатты жаю жолында өткізгендігінен аңғарамыз.

Сабырлы болу пайғамбарлардың бәріне тән.

Хазірет Әйюб пайғамбарда да бұл қасиет ерекше көрініс тапқан. Ол үсті-басын түгелімен жара қаптап, құрттап кетсе де сабыр сақтаған қалпы Аллаһқа құлшылық жасап дұға етумен болды. Бүкіл денесін жеген құрттар Аллаһты зікір ететін тілі мен иман қағбасы – жүрегіне жеткенде ғана дұға оқып, Аллаһтан жәрдем тіледі. Жәрдем тілеу барысында жаратушыға деген ыстық ықыласына сызат түспегендігін, тек қана «құлшылық жасай алмай қалам ба?!» деген алаңдаушылық болғандығын байқаймыз.

Сүйікті құл Әйюб пайғамбар Аллаһқа:

﴿وَأَيُّوبَ إِذْ نَادَى رَبَّهُ أَنِّي مَسَّنِيَ الضُّرُّ وَأَنْتَ أَرْحَمُ الرَّاحِمِينَ﴾

*«Аллаһым, маған зиян келіп тиді (құрттар Өзіңді зікір ететін тілім мен жүрегіме келіп жетті. Саған ендігі жерде құлшылық жасай алмаймын ба деп қорқамын. Маған жәрдем ет!) Сен рақымдылардың аса Рақымдысысың»<sup>214</sup>,* – деп жалбарынған еді.

Аллаһ осыншама қиындыққа көнген, жаратушының берген сынағынан сүрінбей өткен Әйюб (а.с.) жайлы: **«Шынында, оның сабырлы екенін көрдік. Ол қандай**

<sup>213</sup> Бухари, Манәқиб, 25; Әбу Дәуд, Жинад, 97

<sup>214</sup> Әнбия, 83

**жақсы құл! Өйткені ол нағыз бойсұнушы, әрі үнемі тәубе етуші»<sup>215</sup>**, – деп сипаттағаннан кейін Ибраһим, Исхақ және Якуб пайғамбарларды мысалға беріп: **«Сөзсіз, олар қасымызда таңдаулы игі-жақсылардан»<sup>216</sup>**,– дейді.

Пайғамбарлар, Аллаһтың әулие, таңдаулы құлдарының барлығы неше түрлі қиындықтарға душар болып, сабырлықтың айнымас үлгісі болды. Пайғамбарымыз (с.а.с.):

إِنَّ مِنْ أَشَدِّ النَّاسِ بَلَاءً الْأَنْبِيَاءَ ثُمَّ الَّذِينَ يَلُونَهُمْ  
ثُمَّ الَّذِينَ يَلُونَهُمْ ثُمَّ الَّذِينَ يَلُونَهُمْ

*«Адамдардың ішіндегі ең ауыр қиындықты бастан өткерушілер, әуелі – пайғамбарлар, содан кейін дәрежесіне қарай келген таңдаулылар»<sup>217</sup>*, – дейді. Осы ақиқатты ұғынған кейбір әулие құлдар бастарына қиындық келмесе «Аллаһ мені жақсы көрмейді ме?!» деп қорыққан.

Сабырлық танытқандарға өзінің жәрдем беретіндігін Аллаһ көптеген аятта білдірумен қатар, бұл қасиетке үнемі баса назар аударған. Сабыр – маңызы зор жүрек амалы. Бір жағынан алғанда діннің жартысы – шүкір болса, екінші жартысы – сабыр екендігі даусыз. Бір хадисте «сабыр – иманның жартысы» делінеді. Сабырлықпен ғана дін толық болады.

Ислам ғалымдары сабырды бірнеше топқа бөліп қарастырған. Солардың ішінде мынадай негізгі топтарға тоқталуға болады:

### **1. Гибадатқа сабыр.**

Күн сайын бес уақыт намаз оқу алғаш бастаған адамға қиын көрінуі мүмкін. Алайда, сабырлықпен шыдап, ру-

<sup>215</sup> Сад, 44

<sup>216</sup> Сад, 47

<sup>217</sup> Тирмизи, Зухд, 56; Ибн Мәжә, Фитән, 23

хын намазбен шыңдаған кісіге, нұрландырса, белгілі бір уақыт өте келе бір намазды қаза қылу да үлкен өкінішке айналады. Сонымен қатар, жылына бір рет ораза ұстау, белгілі уақыттарда зекет беру, жағдайы келіп тұрғанда қажылыққа бару, жер бесіктен көр бесікке дейін ілім іздеу, жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыю секілді ғибадаттардың барлығы үлкен сабырлылықты, асқан төзімділікті, қажымас қажырлылықты талап етеді.

Ғибадат – жеке өмірге мән сыйлап, қалыпты тыныстіршілік ағынын реттеумен қатар, адамның мәңгілік өмірге жасаған дайындығы болып табылады. Өмірін ғибадат арқылы өрнектеп, өзіндегі әсемдік пен әдеміліктің әрін арттырған адамның жасаған тірлігі де берекетке кенеледі. Ғибадат ақыреттегі мәңгілік бақыт мекені – жаннатқа қол жеткізудегі бірден-бір себеп. Олай болса, пенделікке салынбай, нәпсіге ауыр тигеніне қарамастан асқан сабырлылықпен ғибадат жасау екі дүниенің де бақытын ойлаған ақылды адамның ісі.

## **2. Күнәға сабыр.**

Негізі күнәларды адам баласына әшекейлеп көрсететін – шайтан. Бейне бір ішіне у қосып бал берген секілді. Ондай балды жеген адамның халі қандай болса, нәпсінің жетегінде кетудің ақыры да сондай болмақ. Харам нәрселерге көз жұма білуге асқан сабырлық керек. Алайда, пенде болған соң көбіне адамның көзі харамға түспей тұрмайды.

Пайғамбарымыз бірде хазірет Әлиге: «Алғашқы мәрте карағаның күнә емес. Бірақ, кейінгілері күнә» деу арқылы алғашында көздің қандай да бір харамға еріксіз түсуі күнә болып саналмағанымен, нәпсіге беріліп қайта-қайта әлгі харамға көз тастаудың күнә болып саналатындығын ескерткен. Өйткені, харамға көз салу – көз ілеспес шапшаңдықпен суылдап барып адамның жүрегіне

қадалған улы жебе тәрізді. Ол қадалған жеріне уын жая отырып, жүректі аяусыз жарақаттағанымен қоймай, ішкі жан-дүниенің астаң-кестенін шығарып, пендені бір сәт күнә жасауға итермелейді. Оған қарсы тұра білу үшін, мықты ерік-жігер, табандылық әрі берік иман қажет. Осы бір жайтты ұқтырған Пайғамбарымыз бір хадисінде: *«жаннаттың жолы қиындықтармен, тозақтың жолы нәпсінің қалауларымен көмкерілген»*<sup>218</sup>, – дейді.

### **3. Тағдырға, қиындықтарға сабыр.**

Өмірдің тәтгісімен қоса ащысы, қызығымен қоса қайғысы да бар. Басқа қиындық туғанда «Қылша мойным – талша» деген күйі жүректегі иман нұрымен бойдағы бар күш-қуатты жиып, сабыр сақтап, тағдырға налымау – иман кемелдігінің белгісі. «Жазмыштан озмыш жоқ» демекші, тағдырдың жіберген ауыр сынын да ризашылықпен қабылдау керек. Ондай ауыр сынға сабыр ете білудің қандай болатындығын үйреткен де екі жаһан сәруәрінің (с.а.с.) өзі болатын.

Бір күні Пайғамбарымыз зиярат ету үшін қабірге барғанда, баласы жерленген зираттың жанында шашын жұлып, бетін тырнап, тағдырын қарғап-сілеп күңіреніп отырған бір әйелді көреді. Қасына жақындап оның бұлайша зарлап жоқтауының дұрыс еместігін айтпақ болғанда әлгі әйел долданып: «Менің қандай қайғы-қасірет шегіп отырғанымды сен түсінбейсің, менен аулақ жүр», – деп маңына жолатпайды. Ол Пайғамбарымызды танымаған да еді. Тіпті, әдеп сақтамағандығын өзі де байқамаған-ды. Артынша сахабалар әйелге ол кісінің Мұхаммед пайғамбар екендігін айтқанда, есі шыққан әйел өзін қоярға жер таппай сол мезетте-ақ Пайғамбарымыздың үйіне жетіп барады. Есікті қақпаған күйі ішке баса-көктеп кіріп барып, әлгіндегі қылығына

<sup>218</sup> Муслим, *Жаннат*, 1; Әбу Дәуіт, *Сунна*, 22

өкініш білдіріп, Пайғамбарымыздан кешірім сұрайды.

Сол кезде Пайғамбарымыз: *إِنَّمَا الصَّبْرُ عِنْدَ الصَّدْمَةِ الْأُولَى*

«Сабыр – соққының алғаш тиген сәтінде»<sup>219</sup>, – деп ескерткен еді.

Хаттаби бұл жайлы:

«Діни тұрғыдан мақталған сабыр – тосыннан тап болған қиындыққа көрсетілген ең алғашқы сабыр. Одан кейінгісі сабырға жатпайды. Өйткені, белгілі бір уақыт өткеннен кейін қандай қиындық болмасын сөзсіз ұмытылады. Адам қиындықты еңсеруімен емес, керісінше сол қиындыққа ұшыраған сәттегі ұстамдылығы мен сабырлылығының арқасында сауапқа ие болады», – дейді<sup>220</sup>.

Алайда, бұл дегеніңіз бір жақының қаза болса, көңіліңді босатпайтын, көзіңе жас алғызбайтын тас жүректілікті білдірмесе керек. Өйткені, Пайғамбарымыздың өзі де немерелерінің бірі қалшылдап, өлім аузында қатты ауырып жатқанын көргенде еріксіз көңілі босап, көзінен жас парлаған. Оның мұнысын көрген сахабалардың бірі таңырқап: «Уа, Расулаллаһ бұныңыз не?» дегенде, Рақым пайғамбары: «Бұл – Аллаһ тағаланың құлдарының жүрегіне салған мейірімі. Аллаһ мейірімді құлдарына өз мейірімін төгеді», – деген еді<sup>221</sup>. Яғни, Аллаһтың басқа салғанына наразылық танытпай-ақ жылауға болады. Өйткені, көңілдің босауы – адам бойына о баста дарыған мейірімділік, жанашырлық сезімінен өрбиді.

Пайғамбарымыз (с.а.с.):

*عَجَبًا لِأَمْرِ الْمُؤْمِنِ إِنَّ أَمْرَهُ كُلَّهُ خَيْرٌ وَلَيْسَ ذَاكَ لِأَحَدٍ إِلَّا لِلْمُؤْمِنِ إِنَّ*

<sup>219</sup> Бухари, *Жәнәиз*, 32; Муслим, *Жәнәиз*, 15

<sup>220</sup> *Хадис анциклопедиси*, 9-т., 190-б.

<sup>221</sup> Бухари, *Жәнәиз*, 33; Муслим, *Жәнәиз*, 11, (923)

أَصَابَتْهُ سَرَاءٌ شَكَرَ فَكَانَ خَيْرًا لَهُ وَإِنْ أَصَابَتْهُ ضَرَاءٌ صَبَرَ فَكَانَ خَيْرًا لَهُ

«Мүміннің ісі қандай ғажап! Оның қай ісі болма-сын қайырлы. Алайда, бұл мұсылманның ғана маңдайына бұйырған. Ол жақсылыққа тап болса, бірден шүкіршілік етеді – бұл оған қайырлы. Егер ол қандай да бір қиындыққа тап болса, дереу сабырлылық танытады – бұл оған қайырлы»<sup>222</sup>, деу арқылы мұсылман қауымды шүкіршілік пен сабырлылыққа тәрбиелей отырып, жақсылық пен жамандыққа тап болғанда ұстамдылық танытудың шеңберін сызып берген еді.

Өмірдегі сынақ әр қилы. Аллаһ құлдарына ауру-сырқау беріп те сынайды. Егер кісі сырқатқа шалдыққан кезде тағдырға налудың орнына, қайта шүкіршілік етіп, ел-жұртқа шағым айтып арызданбай шыдамдылық көрсете білсе, оның әр сағаты бір күндік ғибадат сауабына теңеліп, өмірі де берекетке кенелмек. Науқас адамның құналардан арылуына, рухани тұрғыда кіршіксіз тазаруына себеп болады. Сілкігенде бірі қалмай жапырағы төгіліп түскен ағаш тәрізді, дененің сырқат меңзеген кезінде қалтырауы бойдағы барша күнә атаулыны төгеді<sup>223</sup>.

Пайғамбарымыз: «Қаныда сүйіктісінен (перзентінен) айырылса да сабыр етіп, қарымын Аллаһтан күткен мүмін құлға Аллаһ ең жоқ дегенде жаннатты тарту етеді, сый-сияпаттың одан төменіне разы болмайды»<sup>224</sup>, – деу арқылы ең жақсы көрген ет жақын адамы көз жұмса да мүмін құлдың сабыр сақтауы керектігін үйретеді.

Негізі, адамдағы сабырлық қасиеті барлық қиындық атаулыға төтеп беруге, барлық ауыртпалықтарды жеңуге

<sup>222</sup> Бухари, Зекет, 50; Муслим, Зекет, 124, (1053); Тирмизи, Бирр, 77, (2025)

<sup>223</sup> Муатта, Айн, 5, (2,940)

<sup>224</sup> Нәсәи, Жәнәиз, 23, (4,23)

жеткілікті. Кісі тағатсыздық танытып, сабырсыздыққа салынған сайын қиындыққа төзу қабілеті азая түседі.

Мысалы, емделіп жүрген науқасқа дәрігер он күн бойы тамақ ішпеу керектігін айтса, өз денсаулығын ойлаған әлгі адам қайтсе де оған шыдайды. Кей кісілер тек қана су ішкен күйі аштыққа отыз-қырық күнге дейін шыдай алады. Демек, адам бойындағы сабыр мен төзімнің күші орасан зор. Алайда, шыдамсыздық пен тағатсыздық салдарынан көп адам қиындыққа шыдас бермей, соңында нәпсінің ырқына жығылып жатады.

Мүмін адам қандай да бір қиындыққа душар болған кезде немесе сүйгенінен айырылған жағдайда мына аятты оқу арқылы көңіліне жұбаныш сыйлап, жүрегіне тоқтау салғаны жөн:

﴿وَبَشِّرِ الصَّابِرِينَ الَّذِينَ إِذَا أَصَابَتْهُمُ مُصِيبَةٌ قَالُوا إِنَّا لِلَّهِ وَإِنَّا إِلَيْهِ رَاجِعُونَ﴾

**«Бастарына қиындық, қайғы-қасірет келген кезде сабырлылық танытып «Біз Аллаһтан келдік және Оған қайтып ораламыз» дегендерді сүйіншіле»<sup>225</sup>.**

Шын мәнінде, барлық болмыс атаулының қайта айналып, әйтеуір, түбінде Жаратушының өзіне барары хақ. О баста бәрін Беруші де, кейіннен қайтарып Алушы да құдыреті күшті – Аллаһ тағаланың өзі болғандықтан, не нәрсеге болсын уақытша аманат ретінде қарай білгеніміз жөн.

Сабыр жайлы төмендегі сөздер хазірет Әлиге тән:

«Адам денесінде бастың орны қандай болса, иман тұрғысынан алғанда сабырдың орны да дәл сондай»<sup>226</sup>.

Сабырдың ауырлығымен қоса оның артықшылығы жайлы «Сабырдың уын жұтымдап ішіп, оны бойыңа сіңір. Егер сабыр сені өлтірсе шейіт боласың, егер аман қалсаң

<sup>225</sup> Бақара, 155-156

<sup>226</sup> Қушәйри, 266 б.



ұлық боп өмір сүресің» делінеді<sup>227</sup>. Яғни, басқа келген қиындыққа барынша төзіп, сабырлық танытып тағдырға ризашылығын білдірсе, кісі шейіт болады, ал ол қиындық өтіп орнына жақсылық келген жағдайда, Жаратушының алдында мол сыйға бөленіп, мақталған құлдардың қатарынан орын алады.

**«Ең көркем сабырмен сабырлық көрсет»** деп «Маариж» сүресінің 5-аятында айтылған ұлық сабыр – қандай да бір апатқа, қиындыққа тап болған адамды халықтың арасында сыр бермеуге шақырады.

Әбу Һурайрадан жеткен бір хадисте: **«Күштілік күресте анықталмайды. Нағыз күшті адам – ашуланған кезде ашуын жеңе білген адам»**<sup>228</sup>, – дейді. Күштіліктің негізгі өлшемі – сабырлық пен төзімділік.

Ибн Аббас сабырлылыққа байланысты бір оқиғаны былайша баяндайды:

Хазірет Омар жас-кәрі демей қариларды (Құранды жатқа білушілер) өзіне үнемі жақын ұстап, олармен пікір алмасып тұратын. Бірде Уяйнә ибн Хисн халифаға: «Ей, Хаттабұлы Омар! Сен бізге дүние-мүліктен молырақ бермейсің, әділдікпен үкім жасамайсың», – деп дүрсе қоя берді. Сол сәт Омардың ашуланғаны соншалықты, әлгі адамды ұрып жіберуі мүмкін еді. Бұны байқаған Хурр Омарға:

«Уа, мүміндердің әміршісі! Құран Кәрімде:

﴿خُذِ الْعَفْوَ وَأْمُرْ بِالْعُرْفِ وَأَعْرِضْ عَنِ الْجَاهِلِينَ﴾

**«Кешірімділікті ұстан, жақсылыққа шақыр және надандардан бет бұр»**<sup>229</sup> деген аят бар емес пе?! Бұл адам сол надандардан» деді. Құраннан осы аят оқылған кезде

<sup>227</sup> Қушәйри, 268 б.

<sup>228</sup> Муслим, әл-Жәмиус-сахих, 3/2014

<sup>229</sup> Азраф, 199

Омар оған еш нәрсе істемеді. Өйткені, ол Раббысының кітабынан өзіне бір аят оқылар болса, сол мезетте-ақ алқымына тығылған ашуын ақылына жеңдіріп, сабасына түсуді, сабыр сақтап өз-өзін тізгіндеуді жақсы білетін»<sup>230</sup>.

Сабыр – ұлы адамдарды биік тұғырға көтерген қасиет. Сабыр – ұшар шыңға талпынғандардың сарқылмас күш қайнары. Адам күндіз-түні құлдық ұрып жасаған амал-құлшылығымен жете алмас рухани биік деңгейге, басына түскен қиындыққа сабыр ету арқылы қол жеткізе алады.

Бұл шындық хадисте былайша баяндалады:

*«Хақ тағала құлына құлшылық амалдарымен жетуі қиын бір мәртебені мұрат етсе, ол адамның өзін немесе отбасын бір сынаққа ұшыратады. Сөйтеді де ол ауыр сынақты көтеретін терең сабыр нәсіп етеді. Артынша сабыр еткен құлын жоғарылатып өзі қалаған мәртебеге жеткізеді»<sup>231</sup>.*

Адам жаны мен тәнін қатар қолға алып тәрбиелемесе сабырлылық пен шыдамдылықты, ұстамдылық пен байсалдылықты, төзімділік пен тереңнен мойынсынушылықты үйрене алмайды. Аз ғана бір қиындыққа тап болса салы суға кетіп, ұнжырғасы түсіп, шыдамсыздыққа салынады. Үмітсіздікке беріліп, әркімге бір жалтақтап бейшара күй кешеді. Шындығына келгенде, адамгершіліктің де, ғылым-білім, жақсы амал, жаратылысты танудың да бастауы – осы сабыр.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) бір хадисінде:

وَمَنْ يَسْتَعْفِفْ يُعِفَّهُ اللَّهُ ، وَ مَنْ يَسْتَعْنِ يُعِنِّهِ اللَّهُ ، وَ مَنْ يَتَصَبَّرْ يُصَبِّرْهُ اللَّهُ ، وَ مَا أُعْطِيَ أَحَدٌ عَطَاءً خَيْرًا وَ أَوْسَعَ مِنَ الصَّبْرِ

<sup>230</sup> Бухари

<sup>231</sup> Ибн Хиббан, 4/248; Кәңзуль-уммаль, 3 т., 822- хадис

*«Кімде-кім тіленуден сақтанса, Аллаһ оны арлы қылады. Кімде-кім елге зәрулік танытпаса, Аллаһ оның күнін ешкімге қаратпайды. Кім сабырлы болуға тырысса, Аллаһ оны сабырлы қылады. Адам баласына сабырдан үлкен әрі қайырлы нәрсе берілмеген»<sup>232</sup>, – дейді.*

Негізі, нағыз сабыр – иман тәрізді игі амалдар арқылы Хақтың жолында жақсылық үшін көзделген сабыр. Бұл сабыр – батырлықтың, адалдық пен мәрттіктің нышаны. Алайда, қорлық пен кемсітуге көніп, қатыгездік пен зұлымдыққа қарсы тұрмау, жасқаншақтық, ынжықтық таныту сабырға жатпайды. Бұлар – мұсылманға жат қасиеттер. Өйткені, зұлымдыққа ризашылық таныту немесе көнбістік – сол зұлымдықтың нақ өзі. Ал, зұлымдықпен күресте шектен аспай парасаттылықпен амал ету – Құранның Пайғамбарымызға және мұсылмандарға нұсқаған жолы.

Аллаһ тағала:

﴿قُلْ هَذِهِ سَبِيلِي أَدْعُو إِلَى اللَّهِ عَلَىٰ بَصِيرَةٍ أَنَا وَمَنِ اتَّبَعَنِي﴾

**«Былай де: «Менің жолым осы. Парасаттылықпен Аллаһқа шақырамын. Мен де, маған ергендер де осындай»<sup>233</sup>, – деген.**

Сабыр мен төзімділік жайлы мына бір ғибратты хикаяны айта кетейік:

Бір бала медреседе атақты ғалымдардан дәріс алып жүрді. Алайда зейін қойғанымен талпынысы тасқа соғылып, ешнәрсе үйрене алмады. Соның салдарынан сабаққа деген ынтасы да төмендеп кетеді. Әне-міне дегенше, қатарластарының өзін шаң қаптырып, басып озғаны шымбайына қатты батады. Өзінің әлі сол баяғы қалпында қала бергеніне өкінді. Бірақ, қолдан келер қайран жоқ..

<sup>232</sup> Бухари, *Зәкәт*, 265/3; Муслим, *Зәкәт*, 1053

<sup>233</sup> *Юсуф*, 108

Сабақ, бәрібір, миына қонбады. Ақырында «Одан да ауылға қайтып, қара жұмыс істейін» деп іштей шешімге келеді.

Осылайша оқудан күдерін үзіп медресені тастап, ауылына бет алады. Күннің аптап ыстығында ұзақ жүріп, сілесі әбден қатып шаршайды. Әлден уақытта қарсы алдынан үңгір шығады. Үңгірдің салқын екенін білсе де «ішінде аю, болмаса басқа жабайы аңдар болып қалса, қайтемін» деп қорқып, кіруге жүрексінеді. Алайда, шаршағандық пен күннің аптап ыстығы өтіп, ішіне кіруге бел байлайды.

Қорыққан нәрселерінің кездеспегеніне қуанды. Бойын билеген үрейден де біртіндеп арылды. Осылайша бір бұрышқа қисая кетті. Бір мезет үңгірдің төбесінен тамшылап тұрған суға көзі түсті... Тамшы тамып тұрған тасты байқағанда, оның ойылғанын көрді. «Су қап-қатты тасты қалайша тескен?» деп таңғалды. Сөйтіп таңғала қарап отырғанда басына бір ой келді. «Су жылдар бойы үзбей тамшылау арқылы қара тастың өзін тесіпті, демек, егер мен де сабырлық пен табандылық танытсам басыма дәріс қонар. Басым мына қара тастан қатты емес шығар» деп түйді.

Сөйтіп шәкірт бала әлгі тамшыдан көкейіне ғибрат түйген күйі медресесіне қайтып оралды. Сабактарына ерекше зейін қойды. Көп өтпей-ақ үлгерімі жақсарып, жолдастарын басып озады. Ғылым қуып, ғалымдық жолға түсті. Келе-келе ислам әлеміне танымал болды. Есімі тас баласы дегенге саятын – «Ибн хажар» деп аталады<sup>234</sup>.

Сабыр – жетістікке қол жеткізудің сырлы кілті.

Сабыр – адамды заңғар көкке көтеретін қанат секілді. Ол адам рухын толықсытып, кемелдендіреді. Алысқа көз тікпей-ақ, өмірдің өзіне жүгінейікші: қарапайым дән

<sup>234</sup> А. Шахин, *Дини хикаялер*, Станбул, 1999, 49-б.

нанға айналып, адамға пайдалы азық болуы үшін қаншама сатыдан өтеді?! Жердің бауырына түсіп егін боп шығып, орылып, ұнтақталып, ыстық пеште қызарғанша пісіріліп, содан кейін ғана пайдалы азыққа айналады. Сондықтан да белгілі бір дәрежеге жетіп, пайдалы бола білу үшін адам осындай сатылардан өтеді.

Негізінен басқа келген қиындықтар мен қасірет-қайғының бәрі – түпкі мақсатпен салыстырғанда тым марадымсыз. Біз байдың қызына ғашық болған тазша баладай Аллаһтың шексіз жаннатын талап етудеміз. Талап етілген нәрсенің өте құнды екені сөзсіз. Құндылығы соншалық, оның бір сағаты дүниедегі бақытқа кенеліп өткен мың жылдық фәни өмірден артық. Сонымен қатар, Аллаһтың дидарын көру бар. Міне, осы межеге жету үшін бәріне шыдап, қиындықтарға төтеп бере білу керек. Сабыр – толық иманның белгісі.

## **Ауқымы кең, мағынасы терең ұғымның аты – Әділдік**

*«Ей, иман келтіргендер, өздеріңнің, әке-шешелеріңнің  
және туған-туыстарыңыздың мұқдесіне қарсы болса да,  
Аллаһ үшін күзеге болып, әділдікті сақтаңдар!»*

*(Ниса, 135)*

Әділдік – араб тіліндегі عدل «адл» түбірінен туындаған есім сөз. Бұл түбірдің негізгі мағынасы – зұлымдық жасамау, иесіне тиесілі ақысын беру, адамдарға қателігін түсіндіріп тәрбиелеу, әркімнің өмірдегі өз орнын білуі, ақиқатқа қол жеткізу, т.б. Сонымен қатар, тазартып түзету, теңестіру әрі өлшейтін таразы деген мағыналарды да қамтиды.

Әділдіктің негізін үйлесім, тепе-теңдік, өлшем, сәйкестік секілді ұғымдар құрайды. Мұндай әділдікті күллі құбылыстардың арақатынасынан анық байқауға болады. Барлық нәрсе бір теңдікпен әрі өлшеммен жаратылып, илаһи күдірет тарапынан тәрбие етіліп тіршілікке бейімделген. Адам ағзаларындағы тепе-теңдік пен үйлесімділік, титімдей атом мен алып күн жүйесіндегі тәртіп, төрт мезгілдің алмасуы, түн мен күннің ауысуы сияқты жаратылыстағы бүкіл құбылыстар керемет жүйелілік пен дәлме-дәл өлшемділіктің айғағы.

ислам осы әділдікті көрсетіп, үйретіп, адамдарды соған бастайды. Шынайы мұсылманның қадірі бүкіл амал-ниеттерін жақсылық пен адамзаттың пайдасына негіздеп,

иләһи әділдікке сәйкестендіріп өмір сүре алғандығымен өлшенеді. Шынайы әділдікті іс жүзіне асыра білу аса қиын. Алайда, оны «ихсан» (Аллаһты көріп тұрғандай иманға ие болу) сезіміне ие болғанда ғана толық орындауға болады.

Ислами ұғымда әділдік – өте құнды және кең ауқымды моральдық категория ретінде қарастырылады. Бұл ұғым тек қана құқық саласындағы әділдікті емес, сенімнен бастап адамдық қатынастарды, тәрбиелік мәселелерді, айтылған сөздер, тіпті, санадағы пікірлерді де толығымен қамтиды. Мысалы, жаратылысты Аллаһтан басқа көптеген тәңірге тән деу – зұлымдық болса, бір ғана Жаратушыға беру – шынайы әділдікті білдіреді.

Әділдік ұғымын амал ету тұрғысынан алып қарасақ, тек тән рақатын ойлап, соны ғана қанағаттандыруды басты мақсат ету – астамшылдық болса, тәннің қажеттіліктерін елемей толығымен дүниені тәрк етіп, тәнін азаптау – нұқсандық. Екеуінің арасындағы тепе-теңдікті де дұрыс сақтай білу керек. Мәселен, иудаизм көбіне дүниелік үкімдерді қамтып, дүниелік нәрселермен шектелсе, христиандықта толығымен дүниені тәрк етіп, қоғамнан мүлдем бөлектеніп өмір сүру басым. Бұлар қоғам болып өмір сүруге бейім жаратылған адамдардың табиғатына сай келмейді. ислам – дүние мен ақырет арасын тең ұстап, әділдікті дұрыс құра білген дін.

Әділдік – бұл әлемдегі ең жоғарғы ақиқат, Аллаһтың Құранда қойған айнымас дәстүрі әрі Пайғамбарымыздың сүннетіндегі тамыры терең негіз. Сондықтан да Құран мен сүннетте әділдікке басты назар аударылып, әділдіктің бүкіл негіздері айқындалған. Соның бірнешеуін келтіре кетейік:

1. Мирасты бөлудегі ерекше әділдік.
2. Екі адамның арасында төреші болатындарға әділ болу әмір етілген.

3. Балаларды алаламау – әділдіктің негізгі қағидасы. Екі жаһан гүлзары (с.а.с.): «Аллаһтан қорқындар. Балаларыңды бөліп-жармай әділетті болындар», – дейді<sup>235</sup>. Баланың жаны тез жараланғыш келеді әрі олардың есте сақтау қабілеті күшті болғандықтан бір көрген нәрселерін өмірі ұмытпайды. Оларды дұрыс тәрбиелеу үшін әділдік қағидасын қатаң ұстану керек.

Ислам тіпті садақа бергеннің өзінде балалардың арасында әділ болуды бұйырып, біреуін екіншісінен жоғары қоюға тыйым салған.

4. Төрт әйел алуға рұқсат болғанымен олардың арасында әділ болу – басты талап.

Пайғамбарымыз отбасында да әділ болу керектігін үйретті. Ол: «кімде-кімнің екі әйелі болып, оларға тең қарамаса, ақыретте сот күні денесінің жартысы қисайып сал күйінде шығады», – дейді<sup>236</sup>.

Айша анамыз бұл жайында былай деді: «Аллаһтың елшісі әйелдерінің кезегінде әділеттілікті қатты ұстанатын және: «Уа, Аллаһым! Бұл менің шамамның келгенінше әділ болғаным. Шамам келмеген нәрсе үшін мені жауапқа тарта көрме!», – дейтін. Менің шамам келмеген нәрсе деп ол жүрегін айтатын».

Бұл мәселеде әділдікті сақтау аса қиын. Адам сезімін ақылға жеңдіре білу үшін ерекше парасат қажет. Пайғамбарымыз мұндай нәзік мәселеде әділ болудың асқан үлгісін көрсетіп кетті.

5. Ислам әлемінің көп жерлерінде жұма құтпасынан кейін көбіне Нахыл сүресінің 90-аяты оқылады:

﴿إِنَّ اللَّهَ يَأْمُرُ بِالْعَدْلِ وَالْإِحْسَانِ وَإِيتَاءِ ذِي الْقُرْبَىٰ وَيَنْهَىٰ

<sup>235</sup> Бухари, *әл-Жамиус-сахих*, т.3, 134

<sup>236</sup> Әбу Дәуіт, *Никах 39, (2133)*; Тирмизи, *Никах 42, (1141)*



عَنِ الْفَحْشَاءِ وَالْمُنْكَرِ وَالْبَغْيِ يَعِظُكُمْ لَعَلَّكُمْ تَذَكَّرُونَ ﴿٢٣٧﴾

*«Шындығында, Аллаһ әділдікті, игілікті және ағайынға қарайласуды бұйырады. Арсыздықтан, жамандықтан және зұлымдықтан тыяды. Әрине, ойланарсыңдар деп сендерге насихат береді»<sup>237</sup>.* Мұсылмандардың басы қосылатын ең сәтті кезең, жұма намазында осы аят оқылып, әділдіктен таймауды үнемі еске салып тұрады.

6. Қиямет күнінде Аллаһтың мейірімі мен қорғауында болатын жеті топтың басында «әділ басшы» келеді. Әділ басшы әуелі табиғатында әділ болуы керек. Туған-туыстары мен жақсы көрген адамдарының ықпалында қалмайтын, мемлекеттік қызметке жауаптыларды таңдау кезінде жақсы көргендіктен жақын тартып, жек көргендігі үшін алшақтатпайтын, істі соған лайық, әділ, парасатты әрі мейірімдіге тапсыратын адам болуы керек. Бұл жайлы Құранда: *«Ей, иман келтіргендер, өздеріңнің, әкешелеріңнің және туған-туыстарыңның мүддесіне қарсы болса да, Аллаһ үшін куәгер болып, әділдікті сақтаңдар! (Куәлік еткендерің) бай болсын, мейлі кедей болсын, Аллаһ олардан үстем тұрады. Олай болса, әділеттен теріс айналып, нәпсілеріңнің жетегінде кетпеңдер. Егер тілдеріңді бұралаңдатып, шындықты бұрмаласаңдар, расында Аллаһ не істегендеріңді толық білуші»<sup>238</sup>*, – делінген.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) бір хадисінде әкімдерді таңдауда да ерекше жауапкершілікпен қарап: *«Істің маманы бола тұра, рушылдық жасап бір кісіге қызмет көрсеткен адам, Аллаһқа, Оның елшісіне және бүкіл*

<sup>237</sup> Нахл, 90

<sup>238</sup> Ниса, 135

мүміндерге қиянат жасаған болады»<sup>239</sup> десе, екінші бір хадисінде:

أَحَبُّ النَّاسِ إِلَيَّ اللهُ تَعَالَى يَوْمَ الْقِيَامَةِ وَ أَدْنَاهُمْ مِنْهُ مَجْلِسًا إِمَامًا عَادِلًا ،  
وَ أَبْعَضُ النَّاسِ إِلَيَّ اللهُ يَوْمَ الْقِيَامَةِ ، وَ أَبْعَدُهُمْ مِنْهُ مَجْلِسًا إِمَامًا جَائِرًا ،

«Қиямет күні адамдардың ішінде Аллаһтың ең жақсы көргені және Оған ең жақын болған адам – әділ имам (басшы). Ал Аллаһқа ұнамсыз және Одан ұзақ болған кісі – залым патша»<sup>240</sup> екенін айтады.

Абдуллаһ ибн Амр ибн Ас Пайғамбарымыздың: «Қиямет күнінде әділ болғандар Аллаһтың жанында нұрдан жасалған тақта, Рахманның оң жағынан орын алады... Олар үкім берген кезде отбасылары мен қол астындағыларға үнемі әділ болғандар»<sup>241</sup>, – дегенін жеткізген.

Имамның әділдігі досқа да, дұшпанға да бірдей қарауды қажет етеді. Өйткені, исламның әділдігі жекеге емес, жалпыға тән. Осыған орай, Аллаһ тағала:

﴿يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا كُونُوا قَوَّامِينَ لِلَّهِ شُهَدَاءَ بِالْقِسْطِ وَلَا يَجْرِمَنَّكُمْ شَنَاَنُ قَوْمٍ عَلَىٰ أَلَّا تَعْدِلُوا اعْدِلُوا هُوَ أَقْرَبُ لِلتَّقْوَىٰ وَاتَّقُوا اللَّهَ إِنَّ اللَّهَ خَبِيرٌ بِمَا تَعْمَلُونَ﴾

**«Ей, иман келтіргендер! Аллаһ үшін ақиқаттан ауытқымай, бар күштеріңді әділдікті сақтауға салып, куәлік еткенде әділ болыңдар. Бір елге деген өшпенділіктерің сендерді әділетсіздікке апармасын. Әділетті болыңдар. Тақуалыққа ең жақыны да – осы.**

<sup>239</sup> Бухари, *Манақыб*, 25; Муслим, *имарат*, 19; М. Әбу Зәһра, *Мезһеплер тарихи*, ауд. С. Кая, Стамбул, 2003, 93-б.

<sup>240</sup> Тирмизи, *Ахкам* 4, (1329)

<sup>241</sup> Муслим, *Имарат* 18, (1827); Насаи, *Адаб* 1, (8,221)

**Аллаһқа қарсы келуден сақтаныңдар. Өйткені, Ол істеген істеріңнен толық хабардар»<sup>242</sup>**, – деп әділ болуды тақуаға ең жақын іс деу арқылы әділеттіліктің бастауы – Аллаһтан қорқу екенін көрсетеді. Міне, осы аяттар мен хадистер біреудің ақысын жемей, құқығына қол сұқпай, заттық әрі рухани зиян шектірмей өмір сүру де әділдік екенін нақтылай түседі.

Аллаһ тағаланың алдындағы ширктен (Аллаһқа серік қосу) кейін кешірілмейтін күнәлардың бірі – кісі ақысы. Басқа күнәлардың барлығын Аллаһ аса мейірімділігімен кешіреді. Ал кісі ақысын жегенді тек қана сол адам ғана кешіре алады. Аллаһтың әділдігі соны қажет етеді. Сондықтан да бұл дүниеде ешкімнің ақысын арқалап кетпеу аса маңызды. Әйтпесе, ақыретте ақысын жеген адамның күнәсін мойнына алуға душар болады.

Әділдік – ислам дінінде адамгершілік және құқықтық тұрғыдан алғанда маңызды негіздердің бірі. Әрі Құран мен хадистерде Аллаһқа жақын болудың жолы екені жиі айтылады.

Адам табиғатын адамның өзінен артық білетін Жаратушымыз әділдікке берген маңызын ұғындыру үшін мұсылманның жаңылтпас жол бастаушысы – Құранда, «Ниса» сүресінің 58-аятында мұсылмандарға:

﴿إِنَّ اللَّهَ يَأْمُرُكُمْ أَنْ تُؤَدُّوا الْأَمَانَاتِ إِلَىٰ أَهْلِهَا وَإِذَا حَكَمْتُمْ بَيْنَ النَّاسِ أَنْ تَحْكُمُوا بِالْعَدْلِ إِنَّ اللَّهَ نِعِمَّا يَعِظُكُمْ بِهِ إِنَّ اللَّهَ كَانَ سَمِيعًا بَصِيرًا﴾

**«Аллаһ тағала сендерге аманаттарды тиісті иелеріне табыстауды және адамдар арасында төрелік еткен кезде әділдікпен үкім берулеріңді бұйырады. Шынында, Аллаһ сіздерге нендей жақсы үгіт береді. Күмән келтірмеңдер, Хақ Аллаһ бәрін естуші әрі көруші»**

<sup>242</sup> Мәйда, 8

делінсе, әділдікке басты назар аудару үшін тағы бір аятта:

**«Раббыңның сөзі (Құран) шындық әрі әділдікпен тамамдалды. Оның сөздерін өзгертетін ешкім жоқ. Ол бәрін естуші, толық білуші»<sup>243</sup>**, – дейді.

Осылайша Аллаһ Құранда әділдіктің қоғамдағы теңдікті сақтаудағы маңыздылығын ерекше атайды. Аллаһтың әмірлерін адамзатқа жеткізуші әрі орындаушы Хақ дінмен жіберілген Пайғамбарымыздың өмірі де әділдік үлгілеріне толы. Ол келместен бұрын күштінің әлсізді езігіе салған кезеңі еді. Адамдар заң алдында әлеуметтік жағдайына қарай жауапты болатын. Пайғамбарымыз (с.а.с.) бұның бәрін жоққа шығарып, барлық адамдардың заң алдында бірдей жауапты екенін үйретті. Бірде Махзумилер руының бір әйелі ұрлық жасайды. Құрайыштықтар текті отбасыдан шыққан бұл әйелдің жауапқа тартылуын қаламады. Пайғамбарымыздың Усама ибн Зәйдті ерекше жақсы көретінін білгендіктен өтінішін жерге тастамас деп, оны әлгі әйелді жазаға тартпауын өтініп Пайғамбарымызға жіберді. Пайғамбарымыз сонда Усамаға:

– Исраил ұлдары осындай алалаушылыққа байланысты жазаға душар болды. Олар кедейлерге ең ауыр жаза беріп, беделді және бай адамдарын жауапқа тартпайтын деп өтінішті қабылдамаған.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) әділдікті жүзеге асырғанда мынау мұсылман, анау мұсылман емес деп бөле-жармай тең қарайтын. Бір еврейден қарыз алған Әбу Хадрад деген сахаба, қолында берер ешнәрсесі болмағандықтан оны уақытында өтей алмайды. Қарыз беруші Пайғамбарымызға шағымданады. Пайғамбарымыз одан біршама уақыт беруін сұрайды. Алайда, еврей бұған да көне қоймайды.

<sup>243</sup> Әнғам, 115 және әділдікке байланысты Юнус, 47; Маидә, 42-аяттарға қараңыз.

Пайғамбарымыз сонда сүйікті сахабасына үстіндегі киімін сатып, қарызының бір мөлшерін беру қажеттігін айтты. Әбу Хадрад да Аллаһ елшісінің (с.а.с.) сөзін екі етпес-тен солай жасады.

Пайғамбарымыздан үлгі алып, соңына ерген сахабаларды да шыңдардың шыңына жеткізген осы әділдіктері мен шынайылықтары болды.

...Халифа Омардың тұсында әділдігімен танылған Әбу Үбәйда ибн Жәррахтың мейірімділігін тек мұсылмандар ғана емес, христиандар да көрді. Сондықтан да христиандар оған адал қызмет етіп, дұшпандық пиғылдарды оған алдын ала білдіріп отырған.

Әбу Үбәйда Сирияның әкімі болып тұрған кезде мынадай бір ғибратты оқиға болды. Рим императоры Гераклий Сирияны өзіне қаратып алуға тырысты. Бұл кезде Әбу Үбәйданың айналасында аз ғана әскер топтасқандықтан, қаланы жаудан қорғау мүмкін емес болатын. Осы тұста әділ басшы дереу Сирия тұрғындарын жинап алып: «Сіздерден жизия\* (мұсылман еместерден алынатын салық) салығын алғандықтан, сіздерді жаудан қорғауымыз керек еді. Алайда, дәл қазір бізде жауға төтеп беретін күш жоқ. Сіздерді қорғай алмайтындықтан жизия салығын қайтарып беруді жөн көрдік. Өйткені, мұндай жағдайда оның бізде болғаны әділдікке жатпайды», – деді. Сөйтіп жиналған салық иелеріне қайтарылды. Бұл оқиғаға куә болған христиандар шіркеулеріне ағылып, Жаратқан Иеден мұсылмандардың жанын аман алып қалуын шын ықыластарымен сұрады. Христиан діндарлары шіркеуді күңіретіп былайша дұға қылды: «О, Жаратқан! Мұсылмандармен бірге бізді қанқұйлы Гераклийдің жауыздығынан құтқара гөр!»<sup>244</sup>

Ислам құқығында мұсылмандарға кейбір артықшылықтар берілсе де, жалпы құқық пен бостандық

<sup>244</sup> Әбу Дәуіт, *Әдәб*, 164; *Муснад*, 1/404.

тұрғысынан алғанда ала қойды бөле қырқатындай алалаушылық болмаған. Осы тұрғыда Пайғамбарымыз бен әділ халифтар кезеңінен кейінгі мұсылман басшыларының өмірінен де олардың қара қылды қажатын әділдіктің туын биікте желбіретіп өткендігіне куә бола аламыз. Мысалы, Әбу Бәкір Сарахсидің 30 томдық «әл-Мабсут» атты шығармасында, Әбу Ханифадан кейін Ханафи мазхабының үлкен ғалымдарының бірі саналған Имам Әбу Юсуфтың аббаситтердің билігі кезінде бас қазы міндетін атқарғандығы жайлы дерек бар. Өмір бойы әділдіктен таймаған осы Әбу Юсуф өлім аузында жатып, қазылығы кезіндегі бір оқиға үшін Аллаһтан кешірім тілеумен болады. Бұл оқиғаны ол былайша баяндайды: «Бір христиан халифаның үстінен шағымданды. Екеуін де сотқа шақырдым. Бірақ, халифаны өзіме жақындау отырғыздым. Шағымданушы христиан халифаның артында ұзақтау бір жерде тізе бүкті. Екеуінің ортасында толық әділдік көрсете алмағандықтан қатты пұшайманмын. Аллаһтың мені жарылқауын тілеймін»<sup>245</sup>.

Мұндай сансыз деректер – исламға күйе жағушылар үшін, исламның әділдік діні екеніне бұлтартпас дәлел.

Қоғамдық әділетке байланысты саңлақ сахаба Саид ибн Әмирдің өмірінен де бір мысал бере кеткен жөн. Ол – көзіқарақты, парасатты басшы, әділетті саясаткер және әрі майталман дипломат еді. Пайғамбарымыздың *суффада* (Мәдинада Пайғамбарымыздың мешітінің бір бұрышында салынған, Пайғамбарымыздан арнайы тәлім алған сахабалардың тұрған баспанасы) тәрбиелеген сахабаларының бірі болған Саидті бойындағы тамаша қасиеттеріне байланысты халифа Омар Хумусқа әкім етіп тағайындады. Саид басында бұған қарсы екенін білдірсе де, хазірет Омар бой бермеді. Аз уақыттың

<sup>245</sup> Сарахси, *әл-Мабсут*, Каир, 16-т., 61-б.

ішінде ол халыққа өзін сүйдіре білді. Басшылық міндетін абыроймен атқарды. Халықтың мұң-мұқтажына құлақ асып, әлсіздерге қамқорлық танытты. Тіпті, мұсылман болмағандардың өзі оның басшылығына дән риза болды.

Хазірет Омар бірде Сирияға соғып, қаланың солтүстігіндегі Хумустан өзі тағайындаған сенімді әкімді көргісі келді. Мақсаты: әкімінің жағдайын әрі халықтың ол жайлы ойын білу еді. Халифаның қалаға келгенін естіген халық түгел жиналды. Халифа олардан: “Уа, Хумус халқы! Әкімдеріңіз қалай? Оған ризасыздар ма? Ол жайлы айтар қандай шағымдарыңыз бар?” – деп сұрады.

Халық жалпы риза екенін, бірақ, өздеріне түсініксіз кей жағдайлар төңірегінде шағымдары барын білдірді. Хазірет Омар шағымдарын айтуларын талап етті. Олар:

– Таңертең қызметіне ерте келмейді. Тіршілік қызған кезде бір-ақ келеді, – деді. Халифа Омар:

– Бұдан басқа қандай үлкен кемшілігі бар? – деп сұрады.

– Кеш қарайғаннан кейін ешқайсымызды қабылдамайды. Айына бір күн біз оны көре алмаймыз. Кей кездері есінен танып, құлап қалады, – деп бүкіл шағымдарын тізбектеді.

Бұқарамен жүздескеннен кейін халифа Омар Саидты қасына шақыртып алып, айтылған шағымдардың себебін жеке-жеке сұрады. Әрі ішінен: «Аллаһым, Саид ибн Әмир жайлы менің жақсы ойымды жалғанға шығара көрме», – деп дұға етіп отырды.

Айтылған шағымдарды тыңдап болған соң Саид байсалды қалпында:

– Омар, негізінде бұл себептерді айтқым жоқ. Алайда, шағым болып түскендіктен айтпасқа амал бар ма. Міндетіме кешірек баруымның себебі, үйде қызметшім жоқ. Әйелім науқас, үй жұмыстарының көбін өзім

істеймін. Таң атысымен ерте тұрып қамыр ашытып, нан пісіремін. Балаларымның таңғы асын ішкізіп болған соң дәретімді алып, халықтың алдына шығамын.

– Түнде ешкімді қабылдамаймын. Өйткені, күндізгі уақытымды халыққа, түндерімді Аллаһ тағалаға арнаймын.

– Айына бір рет шықпауымның себебі, киімдерімді жуамын. Ауыстыратын өзге киімім жоқ. Сол жуылған киімдерім кепкенше халықтың арасына шыға алмаймын.

– Кейбір кездерде ес-түссіз талып қалуымның себебіне келсек: меккеліктер Хүбәйбіті дарға асқан кезде, мен сол жерде едім. Мүшіріктер оны дар ағашына байлап: – Өзіңнің құтқарылып, орнына Мұхаммедтің асылғанын қалар ма едің? – деп ұсыныс жасады. Хүбәйб басына төнген қатерге қарамастан: «Аллаһтың атымен ант етейін, өзім бала-шағамның қасында отырып, ал Мұхаммедтің аяғына тікеннің де қадалғанын қаламаймын», – дегеннен кейін: «Уа, Мұхаммед!», – деп күркіреген даусымен аспанды жаңғыртты. Мүшіріктер оны шейіт қылды. Мен осыны көріп тұрып қол ұшын бере алмадым. Өкінішке қарай, ол кезде мүшіріктердің қатарында едім. Аллаһ тағала осы күнәм үшін мені ешқашан да кешірмес деген қайғы соққысынан кей кезде есімді білмей талып қаламын, – деп шағымдардың бәріне жауап берді.

Әкім де өзі, тақуа да өзі Саидтің жауаптарын естіген Омар тұла бойы шымырлап:

«Аллаһым, дұрыс пейілімде мені жаңылтпадың, мың да бір шүкір», – деді. Жиналған жұрт та Саид ибн Әмирдің тақуалығына таңданып, көз жастарына ерік берді<sup>246</sup>.

...Ибн Омар айтуында, бірде, Хайбардың халқы Пайғамбарымызға: – Уа, Мұхаммед, бізге рұқсат бер,

<sup>246</sup> Әбу Нуаим, *Хияятул-әулия уә табақатул-асфия*, Каир, 1987, 1-т., 245-246-б.; *Саңлақ сахабалар*, 176-178-б.



осында қалайық, топырақты игеріп, пайдаланайық, – деп өтініш жасайды. Пайғамбарымыз (с.а.с.) егін өнімінің жартысын беріп тұру шартымен оларды сол жерде қалдырды. Абдуллаһ ибн Рауаха жыл сайын сол жерге келіп, өнімнің жартысын белгілеп олардан алатын. Яһудилер оның бұл өлшемдегі көрсеткен сезімталдығына риза болмады. Тіпті, бір ретінде оған пара бермекші де болады. Абдуллаһ оларға: «Маған харам жегізбексіндер ме? Аллахқа ант етейін, мен өзімнің ең жақсы көретін адамның жанынан келдім. Сендер маған маймыл мен шошқадан да жиіркеніштісіңдер. Осыған қарамастан менің сіздерге деген ыза-кегім әділ болуыма кедергі емес». Яһудилер Абдуллаһтың бұл ісіне таңғалып: «Міне, осындай әділдік пен туралықтың арқасында жер мен көк тепе-теңдігін сақтап тұрады» деген екен<sup>247</sup>.

Әділдігімен әйгілі хазірет Омар баласы Абдуллаһпен және хазірет Хасанмен (р.а.) Мәдинаның көшелерін аралап жүріп, арып-ашып жүдеген бір кішкентай баланы жолықтырды. Хазірет Омар: «Мына баланың қарайтын ешкімі жоқ па? Балаларына қарамайтын бұл қандай адамдар өзі?», – дейді. Сонда қасында келе жатқан баласы Абдуллаһ: «Әке, танымадың ба, бұл сенің немерең, менің қызым» деген кезде, Омар ашуланады. Әкесінің ашуланғанын сезген Абдуллаһ: «Әке, мен не істейін?! Сіз халифасыз. Қолыңыздағы мүмкіндікті пайдаланып, кішкене жағдай жасасаңыз, жақсырақ қарар едім», – дейді. Мұны естіген Омар (р.а.):

– Аллахқа ант етейін, балам. Мынаны көкейінде ұста: саған басқа мұсылмандарға жасағанымнан артық жағдай жасай алмаймын. Оларға қандай көмек берсем, саған да сол мөлшерде ғана жағдай жасай аламын, – дейді.

<sup>247</sup> Бухари, *Магази*, 38; Әбу Дәуіт, *Жиһад*, 24 (3006)

Міне, Жаратушының алдында басқарудың жауапкершілігінен қорқып, халқын ойлаған ислам әділдігінің өкілі, халифа Омардың жағдайы осындай болған.

Заң алдында лауазымына, дәрежесіне, шыққан тегіне қарамастан бәрі тең. Үстемдік Аллаһ алдындағы тақуалықпен ғана өлшенеді. Алайда, бұл рухани мәртебенің қарымы Аллаһтан күтіледі және дүниелік істерге үкім беруде шешуші рөл ойнамайды.

Бір күні халифа Омар мен бір сахабаның арасында келіспеушілік туып, ол екеуі дауды әділқазының төрелігіне жүгіну арқылы шешпек болады. Ол кезде әділ қазы сахабалардың ішіндегі беделдісі Зәйд ибн Сәбит болатын. Хазірет Омар (р.а.):

– Арамыздағы мәселенің түйінін тарқатып берсін деп саған келдік, – деді. Хазірет Зәйд халифаның астына көрпеше төсеп, жанына отырғызбақшы болғанда, ол:

– Бұл беретін үкіміңде жасаған алғашқы әділетсіздігің, – деді. Сосын:

– Алдыңа келген халифа мен қарапайым халықтың кез келген өкілін тең тұтпайынша, сен бұл лауазымға лайық бола алмайсың. Әділқазы халифаның емес, Аллаһтың бұйрығы мен үкімін орындау керек<sup>248</sup>, – деп өзінің басшы, халифа екендігін былай ысырып қойып, заң алдында бүкіл адамдардың жауапқа бірдей тартылу керектігін ұғындырған еді...

Жол көрсетуші Пайғамбарымыздың өсиеттерін орындауда сахабалар ерекше ыждаһаттылық танытқан. Олардан кейін келген ұрпақтардың арасында да Пайғамбарымыздың мәңгілік ескірмейтін ұлағатты сөздерін ту еткен шынайы мұсылмандар шығып отырды. Солардың бірі – Омар ибн Абдулазиз. Ол аз уақыт билік

<sup>248</sup> Байхаки, *Кэнзул-уммаль*, 3/181-ден М. Қандыһләуий, 2-т., 684-б.

құрса да, бүтін халықтың сүйіспеншілігіне бөленіп, «бесінші халифа» деген атқа ие болды. Оның сөзін Бухари кітабында былай келтіреді: «Хазірет пайғамбар және әділетті халифтардан кейінгі мемлекет қызметкерлеріне берілген сыйлықтар – пара» деген. Бұл сөзіне мына оқиға себеп болады. Ол бір күні жеміс жегісі келеді. Сарайда жеміс те, оны алатын ақша да жоқ. Осы кезде халифаға сыйлық ретінде жеміс келеді. Халифа жемістердің біреуін алып, иіскеп орнына қайта қояды. Қасындағылар: «Әбу Бәкір және Омар сыйлық алатын, сен неге алмайсың?», – дегенде: «Сыйлық пайғамбардың кезінде еді, алайда, олардан кейінгі қызметкерлерге ол – пара болады» деп жауап береді<sup>249</sup>.

...Қазынадан халифаға көрсету үшін мискті (хош иіс) қасына әкелген кезде мұрнын жапты. Себебін сұрағанда: «ешқандай да еңбегім сіңбеген, халықтың еншісіндегі мүлікті иіскеуден Аллаһқа сыйынамын», – дейді. Міне, қараңыздаршы, өзінің емес, мемлекет қазынасындағы иістің өзін «халықтікі» деп, иіскеуден Аллаһқа сиынған адамның, басқарып отырған халқына зұлымдық жасауы мүмкін бе?!

Даңқты қолбасшы Фатих Сұлтан Стамбулды алғаннан кейін бүкіл тұтқындарды азат етті. Осы тұтқындардың ішінде екі христиан діндар зынданнан сыртқа шыққысы келмейтіндіктерін айтты. Олар халқына тісі батқан Византия императорына әділ болу керектігін айтқандықтары үшін зынданға тасталған еді. Олар бұдан былай зынданнан шықпаймыз деп ант ішеді. Бұл жағдай Фатих сұлтанға жеткен кезде ол әскер жіберіп, бұл адамдарды құзырына шақыртты. Олар Фатихке не үшін зынданнан шыққысы келмейтіндіктерін айтып берді. Фатих дүниеге лағынет айтып өкінген екі христианға былай

<sup>249</sup> *Хадис анциклопедиси, 6-т., 440-б; Муатта, Жиһад, 26, (2,460)*

дейді: «Сендерге мынандай бір ұсынысым бар. Сендер ислам әділдігінің үкімі жүрген елімді араландар. Мұсылман әкімдер мен халқымның ой-пікірлерін тыңдап, таразыландар. Бізден де әлгіндей әділетсіздік көрсендер, маған сол сәтте баяндап, өздеріңнің алдыңғы берген уәделерің бойынша зынданға қайта қамалып, дүниеге деген реніштеріңіздің дұрыс екенін дәлелдендер...».

Фатихтың бұл ұсынысын ол екеуі құп алады. Падишахтан алған рұқсатпен мұсылман елдерін аралауға шығады. Алғаш барған жерлері Бурса еді. Бұл жерде олар мынадай бір оқиғаға куә болады. Бір мұсылман еврейден ат сатып алған екен. Алайда, сап-сау деп сатылған мал ауру болып шығады. Мұсылман кісі қорасындағы аттың ауру екенін алғашқы кеште байқап, таңның атуын сабырсыздана күтеді. Таң сібірлеп атысымен әділқазыға қарай жөнеледі. Бірақ, сол күні әділқазы уақтысында келмей қалады. Біраз күткеннен кейін қазы бүгін келмейтін шығар деп, атты қайтадан қораға алып кетеді. Сол күні қас қылғандай ат аяқастынан өледі. Бұл оқиғаны кейіннен естіген әділқазы атты сатып алған мұсылманды шақыртып алып мәселені былайша шешкен екен:

– Алғаш келген кезіңізде егер мен орнымда болған болсам, онда атты егесіне қайтарып беріп ақшасын алар едіңіз. Алайда, жұмысқа уақтылы келмегендіктен аттың өліміне мен себепкер болдым. Сондықтан бұл шығынды менің төлеуім керек, – деп, аттың ақшасын мұсылманға қайтарып берген екен...

Бұл екі христиан ислам әділдігінің кереметтігіне, бидің өз қалтасынан шығынды көтергенін көріп таңғалады. Бұл сот үкіміне куә болған поптар ендігі жерде Изник қаласына келеді. Ол жерде мынадай оқиғаға куә болады:

Бір мұсылман екінші мұсылманнан егістік жер сатып алып, егін маусымында жер жыртуға кіріседі. Жер

жыртып жүрген кезінде соқасына алтын толы бір құмыра ілінеді. Жүрегі таза мүмін жерді сатып алған кісіге барып құмыраны қайтарып бермек болады:

– Бауырым, мен сенен тек қана жердің бетін сатып алдым ғой. Егер сен бұл жерде алтын бар екенін білсең, ондай бағаға сатпас едің ғой. Мына алтындарды өзің ал, – дейді.

Жердің алғашқы егесінің ойы басқаша еді. Ол былай деді:

– Бауырым, мен саған жерді сатқан кезде бетіндегіні де, астындағыны да тегіс саттым. Сондықтан ол жерден табылған алтынды алуға менің құқым жоқ. Бұл алтындар сенің ақың, не істеймін десең өз еркің, – дейді. Сөйтіп екі мүмін мәмілеге келе алмай бұл іс әділқазы төрелігіне беріледі. Екі жақ өз айтқандарын соттың алдында да айттып тұрып алады. Әділқазы екеуінен бала-шағаларының бар-жоғын сұрайды. Олардың біреуінің тұрмыс құрмаған қызы, бірінің бойдақ ұлы бар екенін білген қазы қызды жаңағы жігітке некелеп, әлгі алтынды қызға қалың мал ретінде береді. Сөйтіп екі жақ құда-жекжат болады.

Бұған куә болған екі христиан бұдан кейін елді ара-лау әбестік болар деп Стамбулға оралып Фатих сұлтанға:

«Мұншалықты әділдік пен бір-бірінің ақысын же-меуге аса абай болудың тек исламда бар екеніне анық көзіміз жетті. Мұндай діннің өкілдері басқа діндегілерге жамандық жасамайды. Сондықтан біз зынданға қайтадан барудан бас тарттық, сендердің басқаруларындағы ешбір жанның әділетсіздікке ұшырамайтындығына сендік», – деген екен<sup>250</sup>.

Ислам – одан бұрын келген бүкіл діннің ішінде жеке және қоғамдық әділдіктің шарттарын анық белгілеген,

<sup>250</sup> М. Дикмен, *Латифелер*, Стамбул, 1995, 120-б

сондай-ақ, бір сағат әділдікпен ел басқаруды жетпіс жылдық ғибадаттан артық деп санаған дін<sup>251</sup>.

Ибн Аббастан келген бір хадисте: «әділетсіздік орын алған қоғамда қан төгілмей тұрмайды», – дейді. Әділетсіздік жайылған қоғамда анархия басталады. Ақысы кеткен адамдар өз ақысын алу үшін адам қанын төгуден де тайынбайды. Сондықтан бүкіл ислам мемлекеттері әділдікті мемлекеттің негізі деп қараған. Міне, Пайғамбарымыздың: «жер мен көк әділдіктің арқасында тепе-теңдігін сақтайды» деуінің астарындағы терең сыр жатыр<sup>252</sup>.

Сондықтан халықтың баянды ғұмыры үшін діни һәм ұлттық құндылықтармен қатар әділдік пен ақиқаттың асыл қағидалары да жоғары тұрғаны абзал. Бұл – күннен күнге бағасы арта түсетін құндылықтар. Күні бүгінге дейін әділдік пен ақиқатты жақтаудан таймаған елдер бейбіт өмір сүріп, әділдіктен қия басқан сәтте үнемі Аллаһтың жазасына ұшырап отырған. Кезінде әлемде үстем болған мұсылмандар әділдікті ұстанбай, салғырттыққа салынғандықтан жазаға ұшырады. Құранда: **«Аллаһ тағала құлдарына кішкентай да зұлымдық жасамайды»**<sup>253</sup>, – дейді. Аллаһ басқа да көптеген аяттарда зұлымдық жасайтын құлдардың өзі екенін баяндайды. **«Біз оларға зұлымдық жасамадық. Зұлымдық жасаған өздері»**<sup>254</sup>, – деп шама-шарқын білмеген адамдарға әр ғасырда тұрақты дәстүр ретінде ескерту жасап отырады. Құранда жиі-жиі: **«Өздеріне жіберілген үгіт-насихаттарды тыңдамағандықтан, араларынан жамандықтарға**

<sup>251</sup> Табарани мен Байхаки ибн Аббастан риуаят еткен *Ихя*, 2.-т, 85-б.

<sup>252</sup> *Хадис анциклопедиси*, 6-т., 442-б.

<sup>253</sup> *Ниса*, 40

<sup>254</sup> *Нахл*, 118

**тосқауыл болуға тырысқандарды құтқарып, залымдарды насықтықтары үшін қатты қинауға душар еттік»<sup>255</sup>;**

**«Ант етемін, сендерден бұрынғыларды өздеріне айқын аяттармен пайғамбарлар келгеннің өзінде зұлымдықтан тайынбағандықтары, иманға келу мүмкіндіктері қалмағандықтан оларды жоқ қылдық. Осылайша күнәкар қауымдарға жаза береміз»<sup>256</sup> және «Зұлымдыққа батып қалған қанша мекендерді жойып, содан кейін олардың орнына басқа ел жараттық»<sup>257</sup> делінеді.**

Міне, осы сияқты көптеген аяттар әділдіктің карама-қарсы ұғымы зұлымдықтың жиіркеніштілігі мен залымдардың істеген амалдарының нәтижесінің қорқыныштылығын баяндайды және тарихи оқиғалардың үнемі қайталанатындығынан хабар береді.

Әділдіктен тайқыған кез келген жүйенің орнын келесі бір жаңа жүйенің басуы – заңдылық. Адамдық борыш – қоғамдағы әділдікпен өлшенбек. Жаратушы алдындағы әділдік – Оның бұйрықтары мен тыйымдарына мойынсыну. Өзіне, отбасындағы қарым-қатынаста астамшылыққа бас ұрмай, қандай да бір қиындыққа карамастан өмірін тура жолда өткізуге барын салу, көп ішінде әділ болу – әрқашан олардың құқығын қорғап, оларға жақсылықта жолдас болу. Сонда ғана әрі Жаратушының, әрі құлдың құқығы дұрыс орындалған болады. Аталмыш қағидалар дұрыс жүзеге асырылмаған жағдайда жалпы үйлесімділік бұзылып, қоғамда әділетсіздік пен түрлі дүмпулер белең ала-

---

<sup>255</sup> *Аграф, 165*

<sup>256</sup> *Юнус, 13*

<sup>257</sup> *Әнбия, 11*

ды. Бұл – Аллаһтың қойған қоғамдағы өзгеріссіз келе жатқан тепе-теңдік заңдылығы.

О дүниеге деген сенімнің күштілігі әділдіктің күшті әрі берік болуын қажет етеді. Адам басқаға зұлымдық немесе әділетсіздік жасап өктемдік көрсеткен кезде, өзінен де өктем күштің бар екенін сезінсе, әділетсіздікке бармас еді.

Иә, ислам қоғамдық, құқықтық, ар-ожданлық және басқару әділдігін тегіс қамтыған. Әлемде аталмыш иләһи заңдылықтар салтанат құрса, төрткүл дүниенің төрт бұрышында теңдік пен қауіпсіздік үстемдік етері хақ.



## Жомарттық деп нені түсінеміз?

*Жомарт Аллахқа, жаннатқа және халыққа жақын,  
жаһаннамнан алыс. Сараң Аллахтан, жаннаттан және  
ел-жұрттан алыс, жаһаннамға жақын»*

*(Хақис)*

Қолдың ашықтығы, қайырымдылық және жақсылық атаулы – жомарттыққа тән қасиет. Жомарттық – мұқтаж жандарға қолындағы мүмкіндігіне қарай, рұқсат етілген шеңберде тек Аллаһтың разылығын ғана ойлап, ешқандай алғыс немесе мақтау күтпестен риясыз жәрдем беруді білдіретін жоғары адамдық қасиет. Бұл қасиет – дарқан көңілдердің иелері әнбия, әулие және салих құлдарға тән Аллаһтың құдіреті мен мейіріміне деген адал сенімнің белгісі. Күдіксіз, Аллаһ тағалаға деген кәміл иман нышандарының бірі – өзіндегі несібе-нығметтерді басқалардың бақыты үшін де жұмсай білу.

Мүмін Аллаһтың көркем есімдерінің бірі – Раззак (Ризық беруші) екенін біліп, Аллаһ тағаланың осы есімі арқылы бүкіл жаратылысқа құт-береке, өмірге қажетті барлық ризық-несібесі беріліп тұр деп сенеді. Құранда айтылғандай *«Жер бетіндегі жәндіктердің бәрінің ризығы Аллаһқа тән...»*<sup>258</sup> деп сенген адам қолындағы барын беруден қорықпайды, қайта қуанып, өзін бақытты сезінеді. Нығметтерді жіберген Жаратушысына шүкіршілік етеді. Қарымын ақыреттен күтіп, мал-мүлкін молынан береді.

---

<sup>258</sup> *Һуд, 6*

Көркем мінездің ажырамас бөлігі – жомарттық. Құдіретті Жаратушымыз көптеген аяттарда мұсылмандарды жомарттыққа, Аллаһ жолында жақсылық жасауға шақырады. «Мұхаммед» сүресінің 38-аятында Аллаһ тағала:

﴿هَآأَنْتُمْ هُوَآءَ تَدْعُونَ لِنُفِقُوا فِي سَبِيلِ اللّهِ فَمِنْكُمْ مَنْ يَبِخُلْ  
وَمَنْ يَبِخُلْ فَإِنَّمَا يَبِخُلْ عَن نَّفْسِهِ وَاللّهُ الْغَنِيُّ وَأَنْتُمْ الْفُقَرَاءُ وَإِن  
تَتَوَلَّوْا يَسْتَبَدِلْ قَوْمًا غَيْرَكُمْ ثُمَّ لَا يَكُونُوا أَمْثَالَكُمْ﴾

*«Негізі, сендер Аллаһ жолында мал жұмсауға шақырылудасыңдар. Алайда, араларыңда сараңдар бар. Кімде-кім сараңдық жасаса, өзіне сараңдық жасағаны. Өйткені, Аллаһ бай, сендер кедейсіңдер. Егер Аллаһтан теріс айналсаңдар сендердің орындарыңа басқа қауым әкеледі. Олар сендер секілді болмайды»,* – дейді. Негізінде Аллаһ ешкімнің бергеніне мұқтаж емес, бермеген адам өзіне сараңдық еткен болады. Аллаһ дүниемүлкін жақсылық жолында жұмсамайтын қауымның орнына басқа қауым жіберетінін айтып, ескерту жасайды. Олар иман мен тақуалыққа ие болып, Аллаһтың уәде еткен сауаптары мен жетістігіне жетеді. Тағы бір аятта:

﴿وَلَا يَحْسَبَنَّ الَّذِينَ يَبِخُلُونَ بِمَا آتَاهُمُ اللّهُ مِنْ فَضْلِهِ هُوَ خَيْرًا  
لَّهُمْ بَلْ هُوَ شَرٌّ لَهُمْ سَيُطَوَّقُونَ مَا بَخِلُوا بِهِ يَوْمَ الْقِيَامَةِ وَلِلّهِ  
مِيرَاتُ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ وَاللّهُ بِمَا تَعْمَلُونَ خَبِيرٌ﴾

*«Аллаһтың кеңшілігінен өздеріне берілген нәрселерінде сараңдық еткендер, бұны өздері үшін қайырлы деп ойламасын. Жоқ, бұл оларға жамандық әкеледі. Сараңдық еткен нәрселері қиямет күні олардың мойнына оралады. Көктер мен жердің мұрасы*

**Аллаһтікі. Аллаһ тағала сендердің істегендеріңнен толық хабардар»<sup>259</sup>**, – делінген.

Сараңдыққа байланысты Әбу Зәрр былай дейді:

Пайғамбарымыз Қағбаның көлеңкесінде отырған уақытта қасына бардым. Мені көрген кезде кейіп: – Қағбаның Раббысына ант етейін! Олар зиян шегеді, – деді. Мен зиянға ұшыраушылардың кім екенін білмек болып: – Уа, Аллаһтың елшісі, сенің жолыңда әке-шешем садаға кетсін! Олар кімдер? – деп сұрадым. Пайғамбарымыз: – Олар көп байлығын оңына да, солына да, алды-артына да осылай молынан беретін жомарттардың санатына жатпайтындар, – деп, артынша былай деді:

– Әттең, ондай дарқан мінезді адамдар қаншалықты аз. Мынаны біліп қойыңдар, түйесі, сиыры, қойлары бар бола тұра зекетін бермеген әр адамның ақиретте сол малдары мастана алдарынан шығып, алма-кезек сүзгілеп, тұяқтарымен таптайды. Соңғысы бітер-бітпес алғашқы мал әлгі сойқан азапты және бастай жөнеледі. Сөйткен бұл қорлық адамдар арасында үкім беру мерзімі біткенге дейін жалғаса береді.

Құранда жомарттық жиһадпен тең саналған. Құл өз ризығынан басқа құлдарға да үлес беру керектігі (Бақара, 254) ескертіледі. Жомарттықтың қиямет күнінде адамды түрлі қиындық, азап пен өкінуден құтқаруға себепкер болатыны (Бақара, 222) айтылады. Кейбір аяттарда жомарттық сауда-саттыққа ұқсатылып, жасаған жақсылықтар Аллаһқа берілген қарыз есебінде көрсетіледі (Бақара, 244; Мәида, 13; Хадид, 11). Аллаһ үшін жұмсалған дүние-мүлік ақыретте сан есе артық болып қайтарылады. Міне, Аллаһ адамдарды осындай мол табысқа жеткізетін абзал амалға шақырып, жомарттыққа ынталандырады.

Жүректер жомарттық арқылы тазарып, саф халіне түседі (Ләйл, 18). Өйткені, күпірлік пен екіжүзділіктен

<sup>259</sup> Әли Имран, 180

кейін, жүректі дүние-мүлік пен байлыққа деген құмарлық кірлетеді. Құранда адам баласының осы әлсіз жағын нұсқап: **«Байлық, дүние-мүлікті тым жақсы көресіңдер»**<sup>260</sup>, – дейді. Дүниеқоңыздық адамның ниетін бұзады, «мен мынаны елге таратып берсем, өзіме ешнәрсе қалмайды», – деп, шығайбайшыл ойға беріледі. Өзі екі ойлы адамды шайтан да одан ары азғыра түседі. Құранда: **«Шайтан кедейшілік, жоқшылықпен қорқытып, сендерді арсыздыққа итермелейді»**<sup>261</sup>, – деп ескертеді. Алайда, **«Берілген байлық пен дүние – адам үшін бір сынақ»**<sup>262</sup>. Осы сынақтан сүрінбей аман-есен өтудің бірден-бір жолы – кеңпейілді, жомарт болу (Тағабун, 15-17).

Ислам ғұламалары жомарттықты бірнеше сатыларға бөледі:

**Сахауат.** Мал-мүлкіңіздің бір бөлшегін беру арқылы жасалған жомарттық. Бұл жомарттықтың ең төменгі дәрежесі ретінде қабылданған. Бұған зекет беру кіреді.

**Жұд.** Дүние-мүлкінің көбісін беріп, азын өзіне алып қалу арқылы жасалған жомарттық. Көбінесе хазірет Әбу Бәкірдің ислам жолында жиһад үшін жасаған жомарттығына келеді. Әділдіктің символы – Омар (р.а.) оның бұл жомарттығын былайша баяндайды:

«Исламның кең таралуы үшін Расулаллаһ бірде жәрдемдесуімізді бұйырды. Бұл менің байлығымның ең көп кезі еді. Ішімнен: «Ей, осы бүгін Әбу Бәкірден озбасам ба», – дедім. Мал-мүлкімнің жартысын Аллаһ елшісіне әкеліп табыс еттім. Аллаһ елшісі: «Ей, Омар! Отбасыңа не қалдырдың?» – деді. «Дүние-мүлкімнің жартысын қалдырдым», – дедім.

Біраздан кейін Әбу Бәкір келді. Ол мал-мүлкін тегіс алып келген екен. Расулаллаһ (с.а.с.) одан: «Ей, Әбу Бәкір,

<sup>260</sup> Бәләд, 20

<sup>261</sup> Бақара, 268

<sup>262</sup> Зумәр, 49-52

сен отбасына не қалдырдың?», – дегенде оның жауабы мынау болды: «Оларға Аллаһ пен расулының сүйіспеншілігін қалдырдым». Мұны естіген мен: «бұдан кейін жақсылық жасау жолындағы жарыста мен одан ешқашан да оза алмаспын», – деп түйдім.

**Исар.** Өзіне қажет бола тұра, өзгелер үшін беру арқылы жасалған жомарттық<sup>263</sup>. Бұл – өзгелерге өмір сыйлағанмен барабар. Бұған мысал ретінде алтын ғасырдағы мәдиналық мұсылмандардың (ансар) меккелік мухажирлерді қалаларына шақырып, барлық мүлкін теңдей бөліп, Аллаһтың разылығын иеленгендігін келтіруге болады. Құранда: *«Олардың көңілдерінде мүміндерге бергендерінде кірбің болмайды. Сондай-ақ, өздері таршылық пен мұқтаждықта бола тұра, оларды өздерінен артық көреді»*<sup>264</sup>, – делінеді. Міне, жомарттықтың ең биік шыңы – осы.

Жомарттық жайлы сөз қозғағанда, Пайғамбарымыздың жомарттығын айтпай кету мүмкін емес. Аллаһтың сүйікті елшісі (с.а.с.) жоғарғы адамгершілік қасиеттер мен жомарттықтың да ең шыңында. Мәрттік – Оның о бастағы тума қасиеті еді. Жаһилдік кезеңінде де жомарттар болған. Бірақ, олардың жомарттықтары өз беделдері мен даңқын көтеру үшін жасалатын. Қонақ келе қалса: «біз пәленбай, қой, сиыр, түйе сойып күттік», – деп мақтанып, екілене кеуделерін соғатын. Аллаһтың елшісі нағыз жомарттықтың өлшемін нақтылап көрсетіп берді. Қолындағы дүние-мүлікті оңды-солды шашу емес, қажетінше орнымен жұмсай білу ғана жомарттыққа жататындығын ұқтырды. Жаһилдік дәуіріндегі жомарттық көбіне-көп дарақылық пен ысырапшылықтан аса алмайтын.

<sup>263</sup> Қушәйри, 336 б.

<sup>264</sup> Хаир, 9

Абдуллаһ ибн Аббас Пайғамбарымыздың жомарттығы жайлы: «Аллаһтың елшісі адамдардың ішіндегі ең жомарты еді. Ораза айында Жебірейілмен бірге болған кезде қолындағы барын тегіс беретін. Жебірейіл әр түні келіп, Оған Құран үйрететін. Жебірейіл: «Аллаһтың елшісі берекет әкелуші желден де жомарт»<sup>265</sup>, – дейтін.

Бір хадисте айтылғандай:

السَّخِيُّ قَرِيبٌ مِنَ اللَّهِ قَرِيبٌ مِنَ الْجَنَّةِ قَرِيبٌ مِنَ النَّاسِ بَعِيدٌ مِنَ النَّارِ  
وَالْبَخِيلُ بَعِيدٌ مِنَ اللَّهِ بَعِيدٌ مِنَ الْجَنَّةِ بَعِيدٌ مِنَ النَّاسِ قَرِيبٌ مِنَ النَّارِ

*«Жомарт – Аллаһқа, жаннатқа және халыққа жақын, жаһаннамнан алыс. Сараң – Аллаһтан, жаннаттан және ел-жұрттан алыс, жаһаннамға жақын»<sup>266</sup>.*

Аллаһ елшісі (с.а.с.) өнегелі өмірінде жомарттықтың керемет үлгісін көрсетті. Ол ақиқатты жаюда да жомарттықты асыл құрал ете білді. Пайғамбарымыз (с.а.с.) үшін бір адамның мұсылман болуынан асқан бақыт жоқ еді. Тіршіліктегі соңғы дәм-тұзы таусылғанға дейін Оның жүрегінде дүниеге деген зәредей де құмарлық болмады. Пайғамбарымыз жасағандарын тек қана Аллаһ үшін жасап, ниетін таза ұстады. Біреуге үйіп-төгіп дүниемүлік берсе де, ол туралы жан адамға тіс жарып айтпады. Осы жомарттығымен көптеген адамдарды исламға тартты. Солардың бірі – кезінде Пайғамбарымыздың дұшпаны болған Сафуан. Хунәйн шайқасына шығарда Пайғамбарымыз одан қарыз алды. Шайқас біткеннен кейін мұсылмандарға көп олжа түсті. Сол олжаларды көріп қызыққан Сафуанға қалағанынша мал-мүлік берді. Аллаһ елшісінің ерекше жомарттығын көрген ол қауымына барып: «Уа, халқым, тегіс исламға кіріңдер! Өйткені,

<sup>265</sup> Муслим, *Фәдәил*, 12

<sup>266</sup> Тирмизи, *Бирр*, 40

Мұхаммед теңдессіз жомарттық көрсетті. Мұны тек қана кедейліктен қорықпайтын және Аллаһқа толық сенген адам ғана бере алады!», – деген-ді<sup>267</sup>.

Аллаһ елшісі өзінен гөрі өзгенің бақытына көбірек алаңдады. Ол ең соңғы кезекте барып өз отбасын, өз жақындарын ойлайтын. Соғыстан түскен олжаны бөліскен кезде, Бәдір мен Ухудта шейіт болғандардың отбасыларына алдымен үлестіретін. Үнемі өз отбасына: «Мен әуелі оларға ұстатпастан сендерге еш нәрсе бере алмаймын», – дейтін<sup>268</sup>.

...Бір бәдәуи Пайғамбарымыздан мал-мүлік сұрады. Пайғамбарымыз сұрағанын берді. Тағы да сұрап еді, тағы да берді. Үшінші рет сұраған кезде жаннаттың гүлзары (с.а.с.) қолында ешнәрсесі қалмағандықтан тауып беруге уәде етті. Пайғамбарды жанынан артық сүйген Омар бұл көрініске шыдай алмай: – Уа, Расулаллаһ! Сіздің елшілігіңізден ризамыз. Сізден сұраған кезде бердіңіз, тағы сұрады, онда да бердіңіз. Тағы да сұраған кезде, қолыңызға түскен кезде беремін деп уәде бердіңіз. Неге өзіңізді соншама қинайсыз?! – деп салды. Сол сәт Омардың бұл сөзін салқын қабылдаған Пайғамбарымыз қабағын шытты. Пайғамбарымыздың ризашылық танытпағанын байқаған Абдуллаһ ибн Хузафа тұрып былай деді: – Уа, Аллаһтың елшісі, (Аллаһ үшін) бер! Ғарыштың иесі Сені аш қалдырады деп қорықпа! Бұл жауапты естігенде Пайғамбарымыздың қабағы ашылып, жүзі қайта күлімсіреді. «Мен осылай жасау үшін жіберілдім», – деп. **Осы бір ұлы тұлғаның арқасында мұсылмандардың ырысы артып, аз уақыттың ішінде-ақ әлемдегі ең бай елге айналды. Тіпті, елде садақа мен зекет беретін**

<sup>267</sup> Муслим, *Фәда'ил*, 59; Ибн Хәжар, *Исабә*, 2-т., 1887; *Муснәд*, 6/465; *Кәнзу'л-Уммәл*, 10/505; Ибн Ғишам, *Сирә*, 4/137.

<sup>268</sup> Бухари, *Да'уа*, 11; Әбу Дәуд, *Әдәб*, 100; *Муснәд*, 1/136

адам таба алмайтын күйге жетті. Жеке адам басына шаққанда түсетін табыс өте жоғары болды. Соған қарамастан олардың арасында өте қарапайым, тақуа ғұмыр кешкен адамдар да бар еді, өзінің бұл дүниеге деген көзқарасының қандай екенін көрсетті.

Пайғамбарымыздың тәлім-тәрбиесі мен бүкіл әлемді қамтитын мейірім толы құшағында өскен адал сахабалар да өз өмірлерін басқалардың бақыты үшін арнады.

Исламды ең бірінші болып қабылдаған Хадиша анамыз Меккенің аса бай адамдарының бірі болатын. Пайғамбарымыздың адал серігі, мұсылмандардың сүйікті анасы бар дәулетін Аллаһ пен елшісі үшін жұмсап түгесті. ислам жолында барын жұмсағандығы сонша, дүниеден озар кезінде, тіпті, өзін орайтын кебін сатып алатындай да ақшасы қалмады<sup>269</sup>.

Негізі Пайғамбарымыз (с.а.с.) қаласа, әлемнің ең бай адамы бола алар еді. Пайғамбарлығын жария еткен алғашқы күндерінде Құрайыш тайпасы дағуасынан бас тартқызу үшін Оған осындай ұсыныс жасаған-ды. Алай-да, Пайғамбарымыз ол ұсынысқа үзілді-кесілді қарсылық білдірді. «Оң қолыма күнді, сол қолыма айды берсеңдер де ислам дінін уағыздаудан бас тартпаймын» деп табандылық танытты<sup>270</sup>.

Кейіннен барлық мұсылмандардың Аллаһ жолында беретін нәрселері үнемі Пайғамбарымыздың (с.а.с.) қолынан өтті. Патшалардан келген сый-сияпаттардың да есебі жоқ еді. Соғыстан түскен олжаның бестен бірі Аллаһтың әмірі бойынша, Оның отбасына тиесілі болатын. Байлықты көздесе, ешқандай кедергі жоқ-ты. Бірақ, Ол өзі үшін бұлардың иесі болуды ешқашан мақсат етпеді.

<sup>269</sup> Ибн Кәсир, *әл-Бидәйя*, 3-т., 158-б.; ‘Умар Рида, *А’ламу’н-Нуса*, Бейрут, ж.ж., 1-т., 326-331-б.

<sup>270</sup> Ибн Хишам, *Сирә*, 1-т., 285-б.



Оның артынан зәулім-зәулім сарайлар емес, иман келтіріп, жандарын адамзатты құтқару жолына атаған нұрлы ұрпақ қалды. Осының өзі – ислам дұшпандарының жапқан жалаларын жоққа шығаратын Оның пайғамбарлығына айқын куә.

Құранда: **«Кім бойындағы сараңдықтан сақтанса, міне, солар нағыз құтылушылар»<sup>271</sup>**, – деген аят бар. Қанағатсыздық пен тойымсыздықты тізгіндеу үшін жомарттық қажет. Бай-кедей болсын, дүние-мүлкі мейлі аз, мейлі көп болсын. Негізі, кедей күнінде біреуге бір нәрсе бере білмеген адам байығанда да уысынан ештеңе шығара алмайды.

Бір күні Пайғамбарымыздан: – Ей, Аллаһтың елшісі, садақаның қайсысы жақсы? – деп сұрағанда: – Пақырдың жомарттығы, – деген екен<sup>272</sup>. Сондықтан садақа беру, жақсылық жасау қандай да бір мөлшерге емес, көңілге байланысты. «Шынайы байлық – жүрек байлығы». Алайда, адам өзі зәру кезінде қолындағысын бере білу ерік-жігерді қажет етеді. Бұл тікелей ниеттен туындайды.

Жомарттық – рух байлығы. Ол адамды мұқтаж жандарға беруге, жақсылық жасауға жетелейді. Мұндай рухқа ие болған кісі ешкімнің мәжбүрлеуінсіз жақсылық жасауды көңілі үнемі қалап, жеке және қоғамдық салада қажет нәрселерге тегіс қолұшын береді. Ондай жандар **«Ризық беруші – Аллаһ»<sup>273</sup>** түсінігі бойынша амал еткендіктен жүректері пәк әрі көңілдері бай болады. Қалай болғанда да басқалар үшін пайдалы болуға тырысып бағады. Тіпті, өзіне тапшы, зәру нәрсесін басқа адамға беруді қалайды. Бұл – кез келгеннің қолынан келе бермейтін – сақы жомарттық.

<sup>271</sup> Хашир, 9

<sup>272</sup> Әбу Дауд, Зәкәт, 32

<sup>273</sup> Нәміл, 64

Адамды «Тірнектеп жиғанымды неге басқасына шашуым керек?», «Басқаға беріп, өзім зәру кезде қиналып қалармын» деген пасық ой жомарттықтан алшақтатады. ислам бұл түсінікті толығымен жоққа шығарады. ислам бойынша барлық нәрсенің шынайы иесі – Аллаһ. Құранда жиырмаға жуық аятта бұл жайында баяндалған. Дүние-мүлік Аллаһтікі болса, онда оның Иесінің жолында жұмсалғаны иманды адам үшін ең дұрыс шешім болып табылады. Мұсылманның жомарттық сезімі осы түсініктен туындайды. Пайғамбарымыз (с.а.у): *«Аллаһ үшін надан да болса өзі жомарт пенде құлшылық етуші сараң құлдан жақсы»*<sup>274</sup>, *«Дүниеде өзгелер қызыға қарайтындар – жомарттар»*<sup>275</sup>, – дейді. Басқа бір хадисте Пайғамбарымыз адамның қол-аяғы бүтін, дін аман, сау-саламат кезінде жомарт болуға шақырып, бұл істі өлгеннен соң кейінге қалдырмауға кеңес беріп: *«Садақаның абзалы – өзің берген садақа. Садақа тірі, қолыңда бар кезде қалаған адамыңа қалауыңша бергенің. Әйтпесе, жан алқымға тірелген кезде кеш қаласың. Сендерден кейінгілер өз қалауыңша жасайды»*<sup>276</sup>, – дейді. Сондықтан адам баласы өкінбеу үшін, Аллаһ айтқандай *«Сендерден біреулеріңе өлім таяп: – Уа, Раббым, мені жақын бір заманға дейін кешіктірсен, садақа беріп ізгілерден болсам»* *деуден бұрын, өздеріңе берген несібемізден (Аллаһ жолында) жұмсаңдар»*<sup>277</sup> деу арқылы Аллаһтың берген несібесін тірі кезінде Оның разылығы үшін жұмсауды нұсқайды.

Жомарттыққа қарама-қарсы ұғым – сараңдық. Ол – қоғамдағы тепе-теңдікті, адамдардың арасындағы

<sup>274</sup> Тирмизи, *бирр*, 40

<sup>275</sup> Бухари, *Тәмәнна*, 5; *Тәухид*, 45

<sup>276</sup> Бухари, *Уәсәиа*, 14

<sup>277</sup> *Мұнафиқун*, 10

әділетсіздік пен өшпенділікті қоздыратын, Аллаһ тағала қаламайтын қасиет. Пайғамбарымыз бір хадисінде: «Бір мүміннің бойында бірге бола алмайтын екі мінез бар. Олар: сараңдық пен жаман құлық», – дейді.

Сараңдық – Аллаһтың нығметтерін ұмытып, тәкаппарлыққа салыну. Бұл қасиеттің зияндығына байланысты Құранда Қарунның қиссасы баяндалады.

Қарунның мал-дәулеті шалқыған бай болғаны соншалық, көптеген адам қазыналарының кілтін көтеріп жүретін. Өзіне «Елірме, есірме, Аллаһ тәкаппарларды жақсы көрмейді» деп қанша ескерту жасалса да құлақ аспады. Оған «Аллаһтың берген дәулетін ақыретінді жемісті ету үшін жұмсап, бұ дүниедегі нәсібінді де ұмытпа. Аллаһ саған жақсылық еткендей, сен де елге жақсылық жаса. Жер бетінде бүлік шығаруға бүйрек бұрушы болма. Аллаһ бүлік жасаушыларды жақсы көрмейді» дегенде, Қарун: **«Бұл байлық өзімнің білгірлігімнің арқасында берілді» деп қасарысты. Ол Аллаһтың өзінен бұрын одан сан есе күшті және байлығы көп болғандарды жоқ еткенін білмей ме?»**<sup>278</sup>.

Әу баста Қарун кәпір емес-ті. Алайда, ас та төк байлық оны тасқаяқтай қағыстырып, тура жолынан адас-тырып жібереді. Тәкаппарлықтан жүрегі қатайып, мейірімнен жұрдай бола бастайды.

**Қарунның байлығына қызыққан дүниеқұмар жан-дар, пенделікке бой алдырып: «Біздің де Қарундікіндей байлығымыз болса зой. Ол не деген жолы болғыш бақытты жан» деп тамсанды. Ақыреттен хабары барлар «Сендердің жағдайларың қандай жаман. Алайда, иман келтіріп, ізгі іс істегендер Аллаһтың сауабына кенеледі. Оған тек сабырлылар жетеді» деді.**

<sup>278</sup> Қасас, 76-78

*Ақыры оны да, көркем сарайын да жердің түбіне батырдық. Енді кеше ғана оның орнында болуды көкsegендер: «Сірә, Аллаһ құлдарынан кімді қаласа, соның несібесін кеңейтіп, кейбіреулерін тарылтты екен. Егер Аллаһтың бізге деген қамқорлығы болмаса, бізді де жердің түбіне батырар еді. Расында да, кәпірлер құтылмайды екен» деді<sup>279</sup>.* Бұл аяттар тәкаппарланып, дандайсудың екі дүниеде де тығырыққа тірейтінін ұқтырады. Аллаһ тағала Қарун сияқты шектен шығушыны осы дүниеде жазалау арқылы адамдарға сабақ беріп, дүниеге беріліп кетудің зияны мен байлықтың ажал келгенде пайда бермейтінін көрсетті. Қарунның ақыры қайғымен біткеніне куә адамдар сабасына түсті.

Негізінде бір қолға шоғырланған мол қаржы қоғам игілігі үшін жұмсалмаса қоғамдағы экономикалық-әлеуметтік тепе-теңдік бұзылады. Қазіргі кезде капиталистік жүйелердегі адамдардың хал-ахуалы – бұған кереметтей үлгі бола алады. Жекелеген адамдар шіріген бай болып жатса, сол өлкедегі халықтың көбі жоқшылықтан арылмаған кедейлер.

Кейбіррухсыз, парасат-пайымытөмендерөзнәпсісінің рақаты үшін пайдасыз, мағынасыз нәрселерге ақшаларын көл-көсір шашып, ысырап қылудан тартынбайды. Еш ойланбастан құмарханаға бір түнде ондаған мың доллар тастап кете баратындар зекет берудің өзінен ат-тонын ала қашады. Алайда, айналасында аш, бала-шағасын асырай алмай жүргендер қаншама. Оларды тіптен ойламайды. Әрине, оңай жолмен табылған ақша, оңай жолмен шығып кетеді. Маңдай тер, адал қызметпен табылмаған табыс бей-берекетсіз жұмсалады. Қара басының рақатына келгенде ақшаның бетіне қарамай шашып, ал бір жарлы-жақыбайға көмектесуге келгенде ат-тонын ала қашудың

<sup>279</sup> Қасас, 79-82

қоғамға келтіретін зияны көп. Аш-жалаңаш жүрген адамдар кейін наразылық білдіріп, тонауға, ұрлық жасауға, бай адамдарды өлтіруге көшеді. Қоғамдағы түрлі тап өкілдері арасындағы сыйластық пен үйлесімділік жоғалады.

Жомарттыққа байланысты Нафи былай деп әңгімелейді. Абдуллаһ ибн Омар ең жақсы көрген нәрсесін Аллаһ жолында жұмсағанды жақсы көретін. Құлдары оның бұл мінезіне сыралғы еді. Сол себепті бостандықты қалағандар оның көзінше көп ғибадат етуші болып көрінуге тырысатын. Өйткені Ибн Омар дінге берілген құлын көрсе, дереу азат ететін. Бір күні жолдастары оған: – Олар сені алдап жүр, байқамайсың ба? – дегенде, Ибн Омар: – Мейлі ғой, өтірік болса да Аллаһ жолында жасағандарын қабылдаймыз, – дейді. Сондағысы «бір күн болмаса бір күні жүректері жібіп, жалған әрекеттері шынға айналар» деген асыл үміті еді<sup>280</sup>.

Пайғамбарымыздың «Сағуда, алуда, қарыз төлеуде жомарттық танытқан әрі жеңілдікті қалаған адамға Аллаһ рақымдылығын кең қылсын» деген хадисінің жүзеге асырылған үлгісін Имам Әбу Ханифаның өмірінен көруге болады.

Бір күні жолда қарсы алдында келе жатқан бір кісі оны көре салып бетін бұрып, бағытын өзгертпек болды. Бұны байқап қалған парасатты имам «Неге мені көрген бір мұсылман бағытын өзгерту керек?» деп ойлап бұл әрекетінен жайсызданды. Іле-шала Әбу Ханифа дереу оны қасына шақыртып:

– Неге мені көре салып жолыңды өзгертпек болдың?  
– дегенде, әлгі кісі қысылып:

– Мен сізден кезінде 10 000 ақша (сол кездің құны бойынша) қарыз алған едім. Қарыздың белгіленген күні өтіп кетті. Оны әлі сізге қайтара алмадым. Соны ойлап

<sup>280</sup> *Месел денизи, 56 б.*

ұялғандықтан көзіңізге түспей-ақ қояйын деп едім, – дейді.

Әбу Ханифа:

– Субханаллаһ! Ол ақша саған менің сыйым болсын. Қайта саған бағытыңды өзгертерлік жайсыздық жасағаным үшін кешірім сұраймын, – деп, жомарттық пен жоғары адамгершіліктің ерекше үлгісін көрсеткен еді<sup>281</sup>.

Жомарттық – кісіні адамдықтың ең биік шыңына шығаратын бірден-бір асыл қасиет.

...Бір күні бала-шағасына нан алатын ақшасы қалмаған бір әке қасындағы бай көршісіне барып:

– Өте қиын жағдайда қалдым. Маған жәрдем етіңіз, – деп мұнын шағады. Бұны естіген байдың өңі құбылып сала береді. Шекесін тыжырайтып, жақтырмаған қалпы:

– Бауырым, соңғы кездері жұмыс оңға баспай қойды. Қарық қылып тауып жатқан табыс жоқ. Айыпқа бұйырма, менен көмек күтпе, – деп шығарып салады.

Бала-шағасы аштықтан бұратылған әке, амал жоқ, шығып кетеді. Терең ойға батып келе жатқанда, жолай өзі сияқты жағдайы жоқ досының үйіне соғады. Ол досына:

– Бауырым, сенің жағдайыңның қандай екенін білемін. Алайда, мәжбүр болғандықтан саған келдім. Күні бойы бала-шағам екі көздері төрт болып аштан-аш мені күтіп отыр. Оларға нан аларлық ақша таба алар емеспін, – дейді. Өзінің де жағдайы мәз емес досы түпкі бөлмедегі тартпаны ашып, бар ақшасын алып досының уысына салып жатып:

– Қадірлі бауырым, Аллаһ тағала ешкімді таршылыққа ұшыратпасын. Бала-шағаның ашыққанын мен жақсы түсінемін. Біз, үлкендер үйіндінің ішінен болса да бір нәрсе тауып жерміз. Бірақ, кішкентай бүлдіршіндер

<sup>281</sup> Месел денизи, 60-б.

оны түсіне ме?! Сен мына ақшаға жолдағы дүкеннен азын-аулақ нәрселер алып, балаларыңа жеткізерсің, – дейді.

Әбден жоқшылықтың тауқыметін тартқан әке қолына азын-аулақ ақша түскенде өзін шексіз бақытты сезініп, дереу дүкенге жүгіреді. Тамақ боларлық қажетті азықтарды алып үйіне келді. Төрт көз болып, күткен балалар әкесін қуана қарсы алды. Бойларына ас барған бүлдіршіндер бір-біріне тығылыса лезде ұйықтап та кетті. Балаларының тойынғанын көрген әке ауыр жүктен құтылғандай еркін тыныс алды.

Сол күні әлгі тасжүрек бай қызық түс көреді. Түсінде аспанда жұрттың таң-тамаша болып қарасып жүрген екі сарайды көреді. Жұлдыздармен безендірілген сарайлардың біреуінен екіншісіне ұшып жүрген періштелер сарай иелерін қанаттарына отырғызып, апарып-әкеліп жүр екен. Бай адам:

– Бұл сарайды сатып алғым келеді. Иесі кім екен? – деп сұрағанда:

– Бұл сарайдың екеуі де ана бір жердегі кедейдікі. Қиналған бір әке оған барып, бала-шағасының қарнын тойдырарлық ақша сұраған екен. Ол тартпадағы ең соңғы ақшасын беріп, балаларына азық апаруына себепкер болған. Оның бұл қылығы Аллаһ тағалаға ұнап, бұл екі жаннат сарайын оған сыйлады, – деген жауапты естиді.

Толқып оянған бай тағатсыздана таңның атқанын күтеді. Әлгіндегі адамды тауып алып, оған былай дейді:

– Кеше саған келген мұқтажға не берсең, саған екі есесін берейін. Осылайша жәрдемді мен жасаған болсам қалай болады? – дейді. Ол кісі байдың басынан аяғына дейін сүзе қарап былай деп жауап береді:

– Жоқ, болмайды. Сенің көрген түсіңді Аллаһ маған да көрсетті. Әрі сенің берген бұл ақшаны алсам да ол сарайды сен ала алмайсың.

– Сен алғанда мен неге ала алмаймын?

– Мен жәрдем еткен кезде тек қана Аллаһтың разылығы үшін жасадым. Сен болсаң бұл ақшаны маған Аллаһ үшін емес, түсінде көрген сарайды алу үшін берсең. Айырмашылықты түсіндің бе?

– Әттең, сараң бай болғанша, сен сияқты мейірімді діндар, қанағатшыл болып, ол сарайларға мен иелік еткенде болар еді, – деп өкінеді бай бармағын тістеп<sup>282</sup>.

Жомарттық – еш міндетсінбестен өзі жақсы көрген нәрсесінен зәру кісілерге беру. Осыған орай Молла Жамидің әңгімесі бізге жақсы өнеге.

Жомарт бір адамнан:

– Кедей-кепшік пен мұқтаждарға берген нәрселеріңнен көңіліңде тәкаппарлық, оларды өзіңе қарыздар көру сезімі бола ма? – деп сұраған екен. Жаңағы жомарт:

– Әсте олай емес. Мен өзімді аспаздың қолындағы шөміш сияқты көремін. Берілген нәрсе шөміш арқылы келгенмен негізгі беруші аспаз емес пе?! Шөміште «кризык беруші менмін» деген сезімнің болуы мүмкін бе?! – деген екен<sup>283</sup>. Расында да, адамдар жасаған жақсылықтары мен берген нәрселерін осындай терең түсінікпен беріп, нығметтерді жіберушінің Аллаһ екенін ұмытпау керек.

Пайғамбарымыз: *«Аллаһ тағаланың сондай құлдары бар, өзгелерге де пайдасы тисін деп оларға мол нығмет беріледі. Кім бұл нығметтерге сараңдық танытса, Аллаһ оны алып басқаға береді»*<sup>284</sup> деп, қолда барда астамшылыққа салынбай, бұл нығметтерде басқаларының да үлесі бар болғандықтан оларға жақсылық жасау керектігін, егер бұның қадірін білмесе, бір күні сол дәулеттен айрылып қалатындығы ескертілген.

<sup>282</sup> А. Шахин, Діни хикаелер, 117-б.

<sup>283</sup> Месел денизи, 57-б.

<sup>284</sup> Фазали, Мукашафатуль-қулуб, 137-б.



Жомарттық – жақсылықтың шын ризашылықпен, ерікті түрде жүзеге асуы, (Хашр, 5; Хадид, 11-18), істеген жақсылығы үшін мақтау, мадақ күтпеу, (Инсан, 8-10), жәрдем еткен кісісіне міндетсіп, ренжітпеу, намысына тимеу (Бақар, 263-264).

Жомарттықтың ең қабыл болмағы – өзі мұқтаж бола тұра өзгеге беру. Қолындағы барын беру байлықтың берекетін арттырып, бұл дүниенің берекетімен қоса ақыретте де ерекше сыйға бөленуге себепкер болады.

Жомарттық – көркем мінезділік. Бай адамның берген зекеті кедей мен байдың арасын жақындатады. Құл мен Жаратушының арасындағы берік қатынасты қамтамасыз етеді.

**Жомарттық – жаннатқа апаратын берік жолдардың бірі. Жомарт жандар фәни нәрселерді Жаратушыларына беру арқылы бақилыққа қол жеткізеді. Өзі ішіп-жеп кеткен нәрселер осы дүниеде қалып жатса, ішкізіп-жегізгендері, мұқтаждарға бергендері жаннатта сый ретінде есесімен өзіне қайта беріледі.**

## Тақуалық – иман айнасы

*Аллаһ алдында сендердің ең ардақ-тыларың,  
абыройларың ең таққа болғандарың»*

*(Хуҷурайт, 13)*

Тақуа арабшадағы وقاية «уикая» сөзінің (жақсылап қорғану, сақтану) түбірінен шығады. اتقاء «Иттиқа» сөзі жан қиналтатын және қиындық беретін нәрселерден сақтанып, өзін жақсылап қорғауды, осы түбірден тарайтын есім ретінде тақуа қуатты, мықты бір қорғаушының қорғанын паналап өзін сақтауды білдіреді<sup>285</sup>.

Терминдік мағынасы – Аллаһтың әмірлерін орындап, тыйымдарынан қашу арқылы Оның азабынан сақтану дегенді білдіреді. Кейде қорқу мағынасында да қолданылады.

Әрине тақуалық бұлардан да кең ұғымды қамтиды. Ол – діннің принциптерін ерекше ынтамен ұстана отырып, әлемдегі заңдылықтарға бағынуды, жаһаннам мен жаннатқа жетелейтін амалдардан бастап, мәнсіз еліктеуден сақтануға дейінгінің барлығын да тегіс қамтитын ұғым. Осы тұрғыдан алғанда тақуалық – адам баласы үшін абырой мен құндылықтың бірден-бір қайнары. Міне, осыған орай Аллаһ тағала:

﴿أَكْرَمَكُمْ عِنْدَ اللَّهِ اتَّقَاكُمْ﴾ **«Аллаһ алдында сендердің ең ардақтыларың, абыройлыларың – ең тақуа**

<sup>285</sup> Е.Хамди Языр, *Хак дини Қуран дили*, Стамбул, 1-т., 160-б

**болғандарың»<sup>286</sup>**, – деу арқылы негізгі құндылықтың сыры тақуалықта екенін баян етіп, бізге ұлық дәріс беріп отыр.

Исламнан өзге ешбір ахлақ пен тәрбие жүйесінде тақуалыққа мұншама терең мән берілмеген. исламда материалдық әлеммен қоса руханиятты қамтып, әрі тамыры осы дүниеде көктеп, жемістерін ана дүниеде беретін тақуалық жүйелі түрде ұғындырылған. Мұндай ыждаһаттылықты, тіпті, тақуалыққа айрықша көңіл бөлетін будда ілімінен де ұшырастыра алмайсыз. Бұл – исламның хақ дін екендігіне дәлел. Ең алдымен Құран тақуаларға есігін ашып «Һудән лил муттақин» **«Тақуалар үшін жол көрсетуші, сілтеуші»<sup>287</sup>** десе, нәтижесінде **«әрине, сақтанған боларсыңдар»<sup>288</sup>** деп назарымызды тақуалыққа тіктейді.

Бүкіл жақсылыққа жетелейтін себептерді толығымен дұрыс пайдаланып, күллі жамандық атаулыдан алшақ тұруды қамтитын тақуалықтың нәтижесінде адам баласы «асфалус-сафилин» – «төменгілердің ең төмені» болудан құтылып, «‘ала’-у иллиин» «жоғарғылардың ең жоғарғысы» болу деңгейіне жетеді. Сондықтан да тақуаға қол жеткізген жан барлық жақсылық пен берекенің қайнар бұлағын жазбай, жаңылмай дәл табады.

Тақуалық осындай ауқымды мағынаны қамтумен қатар тағы бір өзгеше мәнге ие. Ол – діннің бұйрықтары мен тыйымдарын берік ұстану арқылы табыстан құр алақан қалдыратын немесе жазаны қажет ететін әрекеттерден мейлінше қашық тұру. **«Олар үлкен күнәлардан және арсыздықтан сақтанады»<sup>289</sup>** деген аят тақуалықтың бір қырын көрсетсе, **«иман келтіріп**

<sup>286</sup> Хужурат, 13

<sup>287</sup> Бақара, 3

<sup>288</sup> Бақара, 21

<sup>289</sup> Шура, 36

*ізгі іс істегендер»*<sup>290</sup> аяты екінші бір қырын аша түседі. Парыздарға көңіл бөліп орындау мен үлкен күнәлардан бойын аулақ ұстау – тақуалықтың негізі. Ал кіші күнәлар Пайғамбарымыздың:

لَا يَبْلُغُ الْعَبْدُ أَنْ يَكُونَ مِنَ الْمُتَّقِينَ حَتَّى يَدَعَ  
مَا لَا بَأْسَ بِهِ حَذْرًا عَمَّا بِهِ بَأْسٌ

«Құл зиянды нәрселерден сақтану үшін өзіне зиян бермейтін нәрселерді де тәрк етпейінше нағыз тақуалардан бола алмайды»<sup>291</sup> дегеніндей бұл жерде халал етілген нәрселердің де мөлшерінен аспау керектігін көрсетеді. Ішіп-жеу, сөйлеу, киіну, ұйықтау сияқты күнделікті адамның табиғи қажеттілігінде де ысырапқа жол берілмеу керек. Ысырап – харам. Имам Ғазали: «Халалдың шамадан тыс артықтығына құмарту нәпсінің тоғышарлығынан туындайды. Кім дінінде бұл зияннан аман қалғысы келсе тәуекелге бармай халалдың артығынан сақтансын. Кім-кімге де ең керемет тақуалық – дін үшін зияны жоқ нәрселерді тандауы»<sup>292</sup>, – дейді.

Нағыз ықыласқа күллі ширк атаулыдан сақтану арқылы қол жеткізуге болатыны сияқты, толық тақуалыққа да күмән атаулыдан бойды аулақ салып, одан қашу арқылы қол жеткізуге болады. Пайғамбарымыз (с.а.с.):

الْحَلَالُ بَيْنَ وَالْحَرَامِ بَيْنٌ وَبَيْنَهُمَا مُشَبَّهَاتٌ لَا يَعْلَمُهَا كَثِيرٌ مِنَ النَّاسِ  
فَمَنْ اتَّقَى الْمُشَبَّهَاتِ اسْتَبْرَأَ لِدِينِهِ وَعَرْضِهِ وَمَنْ وَقَعَ فِي الشُّبُهَاتِ كَرَّاعَ  
بِرْعَى حَوْلِ الْحِمَى يُوشِكُ أَنْ يُوَاقِعَهُ أَلَا وَإِنَّ لِكُلِّ مَلِكٍ حِمَى أَلَا إِنَّ  
حِمَى اللَّهِ فِي أَرْضِهِ مَحَارِمُهُ أَلَا وَإِنَّ فِي الْجَسَدِ مُضْغَةً إِذَا صَلَحَتْ

<sup>290</sup> Юнус, 9

<sup>291</sup> Ибн Мажә, Зухд, 24; Термизи, Қияма, 19

<sup>292</sup> Хадис анциклопедиси, 6-т., 501-б.

صَلَحَ الْجَسَدُ كُلُّهُ وَإِذَا فَسَدَتْ فَسَدَ الْجَسَدُ كُلُّهُ أَلَا وَهِيَ الْقَلْبُ

«Халал белгілі, харам да белгілі ол екеуінің арасында күмәнді нәрселер бар. Адамдардың көбісі бұларды біле алмайды. Кімде-кім күмәнді нәрселерден сақтанса дінін, ар-намысын сақтай алады, күмәнді нәрсеге кірген адам бақшаның айналасында қой бағып жүріп «қойларым бақшаға түсіп кетер мекен» деп уайымдаған шопан сияқты. Мынаны есте сақтаңдар. Әр патшаның бір бақшасы бар, Аллаһтың жердегі бақшасы – харамдар. Адамның бойында жұдырықтай ет бар, ол сау болса, бүкіл дене сау болады, ол бүлінсе бүкіл дене бұзылады. Ол – жүрек»<sup>293</sup> деп, сәт сайынғы халал мен харамның арпалысындағы жүректің орнын биік қояды.

Күмәнді нәрселерге сақтық таныту үшін адамға харам мен халалды ажырата алатындай білім қажет. Сондықтан Аллаһтың алдында ардақтылар ең тақуалар болса **«Шындығында, Аллаһтан тек қана ғалым болғандар ғана қорқады»** аяты тақуалық үшін ілімнің де жеткілікті болу керектігін көрсетеді.

Сонымен қатар, Пайғамбарымыз: **«Кімді адамдардың ардақтысы болу қуантатын болса, Аллаһтан қорықсын»**<sup>294</sup> дейді. Ибн Аббастан жеткен «дүние абыройы – байлық, ақырет абыройы – тақуалық» деген гибратта үлкен мән жатыр.

Бақыт ғасырында тақуалық – басты сипаттардың бірі еді. Өйткені Құранды бізге жеткізген сүйікті елші (с.а.с.) тақуалықтың нағыз үлгісін өз бойынан көрсетті. Оның соңына ерген сахабалар да Аллаһ елшісінің әкелген хақ дінін толық орындау жолында бүкіл қайрат-жігерлерін жұмсады.

<sup>293</sup> Бухари, *Иман*, 39; Муслим, *Мусақат*, 107, 108

<sup>294</sup> Қуртуби, *әл-Жами ли ахкамиль-Құран*, Бейрут, 1988, 16-т., 345-б.

Бір жолы хазірет Әбу Бәкір қарны қатты ашқандықтан қызметшісі әкелген нанды әй-шайға қарамай бірден жей бастады. Сол сәт қызметшісі:

– Бұл нанның ақшасын бір әйелге бал ашып беріп алған едім, – деп салады. Әбу Бәкір оқыс айтылған сөзді құлағы шалар-шалмастан өзін қинай отырып, бар жегенін сыртқа ақтарады.

Асқазанына харамның түсуіне әсте жол бермейтін тақуалардың тақуасы Әбу Бәкір басқаларға да тақуалықты насихат етті. Халифалықты хазірет Омарға тапсырар кезде оған: «Ей, Омар, Аллаһтан қорық! Оның бұйрықтарын орындап, тыйымдарынан аулақ бол. Тақуа иелері ақыреттік азапқа ұшырамай бүкіл қатерлерден қорғалған. Саған халифалықты тастап бара жатырмын. Оны тек қана лайық болғандар мойнына ала алады. Кімде-кім басқаларға жақсылықты насихаттап, өздері бұрыс амалдар жасайтын болса сенімділігі жоғалып, амалдары босқа кетеді. Басшы болып тұрған кезінде көпшіліктің дүниесімен қарныңды толтырма. Қолыңды мұсылман қанына былғама, олардың намыс-абыройын таптама. Күш-қуаттың шынайы иесі – тек қана Аллаһ!» деп кеткен-ді<sup>295</sup>.

Хазірет Омар да Аллаһтан қорыққандықтан қара-қылды қақ жарған әділдіктен бір сәт ауытқымады. Халифалығы кезінде өзінің алдындағы екі досы (Пайғамбарымыз бен Әбу Бәкір) қалай қарапайым өмір сүрсе, ол да өмірінің соңына дейін бұл дәстүрден еш танбады. Әлемнің талай жері қол астында бола тұра, ас-ауқаты да, киімі де өте жұпыны болды. Жаннатпен сүйіншіленгендігіне қарамастан «ақыретте Аллаһтың азабынан құтыла алар ма екенмін» деп үнемі жылайтын.

Ислам сыйға тартқан бұл қасиет бақыт ғасырынан кейін де ерекше мәнге ие болды. Әсіресе табиин (саха-

<sup>295</sup> Қандыһләуий, 2-т., 162-б.

балардан кейін келген адамдар) және атбауттабиин (табииндардан кейін келген ұрпақ) кезеңінде тақуалық әрбір мүміннің асқақ арманына айналды. Осы кезеңде Бишру Хафидің қарындасы Ахмад ибн Ханбалға келіп «Уа, имам! Мен көбінесе тамның үстінде отырып жіп иіремін. Кейде мемлекеттің тағайындаған қызметкерлері қолындағы шырақтарымен қасымнан өтеді. Мен еріксіз ол шырақтардың жарығын қолданған боламын... Иірген жібіме харам араласа ма?» дегенде әйгілі имам өзін ұстай алмай жылап жібереді де: «Бишр Хафидің үйіне күмәнді нәрсенің титтейі де кірмесін» деп пәтуа берген екен<sup>296</sup>.

Міне, осы кезеңде көзі бір рет харамға түскен жан өмір бойы «күнәм бар» деп өмірден жылап өтсе, харам тағамнан ауыз тиіп қалдым деп өзін қинап, ішкенін қайта құсқан және сол үшін ұзақ күндер көз жасына ерік бергендер бар болатын.

Жаңылысып қалтасына салып кеткен біреудің қаламын егесіне қайтару үшін бір адамның Мәрв қаласынан Мәдинаға барғанын белгілі хадис ғалымы, шынайы тақуа, фикһ саласында терең білімді Ибн Мубарак бізге жеткізген. Ақысы өтіп кетті ме деген оймен борышты болмау үшін сол адамға өмірінің соңына дейін қызметші болуға дайын екенін айтқан жандардың көп болғанын және мәшһүр дін ғалымы Фудаил ибн Ияздың солардың бірі екендігі де айтылады. Міне, дін ғалымдары, табақат және манақыб кітаптары осындай алтын адамдардың, тіпті, періштелерден де асып түсетін өмірлерінің кісі қызығарлық таңғажайып көріністеріне толы<sup>297</sup>.

Аты аңызға айналған Омар ибн Абдулазиздың Хак тағаладан қорқуы ерекше еді.

<sup>296</sup> Қушайри, 200-б.

<sup>297</sup> Қушайри, 203-б.

Ол жайлы имам Мәкхул: «Діндарлығымен қоса Раббысынан шынайы қорқуда одан өткен пенде көрмедім десе, өтірік ант етпеген болар едім», – дейді. Ол Аллаһтан қорыққандығы соншалықты ақыреттегі берер есепті ойлаған кезде тұрған орнында талып қалатын. Халифа кезінде Сүлеймен ибн Әби Кәримге жазған хатында «Аллаһтан қорқып, Оның алдында дірілдеуге ең лайық ол мына мен және менің мәртебемдегі адамдар. Жер бетінде есебі менікінен ауыр ешкім жоқ тәрізді. Егер Аллаһқа қарсы келсем, Оның алдында менен асқан қорланған ешкім болмас еді. Қазіргі лауазым мен дәрежем кеудемді қысып, зіл батпан ауыр салмақты өзіме жүктеп алғандаймын. Түптің түбінде осы лауазымның буы мені құрдымға батырар ма деп қорыққаннан жүрегім жай табар емес. Бар үмітім Аллаһтың рақымдылығында. Соның мейірімі ғана о дүниелік азаптан құтқарар деп үміттенемін. Бауырым, Аллаһ жолында жиһадқа аттанбақ екенсің. Барған берекетті жерінде менің де тілекшім болып дұға қыл. Аллаһ маған да шейіттік шәрбатын ішуді жазсын. Өйткені, жағдайым тым мүшкіл әрі пендешіліктерім мен қателіктерім де бастан асады. Аллаһ тағала өз сынағынан сүрінбей өтуді нәсіп етпей, рақымдылығымен жетістікке жеткізіп кешірімін жаудырғай!», – деп ішкі ағыл-тегіл сезімін ақтарған еді. Мұндай терең тақуалық пен жауапкершілікті бар жан-тәнімен түйсініп, сезіну – әрине, кәміл мұсылмандық сипаты<sup>298</sup>.

Мұсылманның тақуалығына тәнті болып, исламды қабылдаған бір армян бастан өткен оқиғасын былайша әңгімелейді:

Менің ислам дінін қабылдауыма егістік жердегі көршім молда Рабидің керемет адамгершілігі түрткі бол-

<sup>298</sup> Л. Ердоган, *Өмер бин Абдулазиз*, Стамбул, 1992, 83-б.



ды. Ол сүт сатып күнелтетін. Бір күні кешкісін біздің үйге бас сұғып:

– Мына сүт сіздердікі, алыңыздар, – деді. Мен таңырқап:

– Қалайша, мен сізден сүт сұраған жоқпын ғой, – дегенімде сезімтал, жаны нәзік көршім:

– Мен сіздің бақшаңыздан шөп жеп тұрған сиырымды байқап қалып едім. Сондықтан бұл сүт сіздерге тиесілі. Сиырдың сүті жеген шөптен толық тазарғанға дейін сүтін сіздерге әкеліп тұрамын, – демесі бар ма. Мен азар да безер болып:

– О не дегенің көршім. Жегені бір тұтам шөп қой. Адал болсын, кештім, – десем де, молда Рабиды көндіру қиынға соқты:

– Жоқ, болмайды. Оның сүті сіздерге тиесілі, – деген күйі жеген шөбі сиырдың сүтінен толық шыққанға дейін сүт әкелуін үзбеді.

Міне, осы жүзінен нұр тамған мүбәрак кісінің адаларамды ажыратуда шын пейіл танытқан ықыластылығы маған қатты әсер етті. Іле көзімді көлегейлеген күпірлік пердесі түріліп, жүрегіме иман шуағы ұялады. Қайран қалғанымды жасыра алмай іштей өз-өзіме «Мынадай керемет мінез-құлықты дарытқан адамның діні де міндетті түрде ұлы дін. Осындай жаны таза, ары пәк, адал ниетті жандарды тәрбиелеген діннің ақиқат дін екені де күмәнсіз» деп бірден тілімді кәлимаға келтіріп мұсылман болдым» деген екен<sup>299</sup>.

Расында, егер біз ұлы дініміздің даналық жолын толық ұстана білсек, мұсылмандықты қабылдайтындардың қатары да күрт артар еді. Себебі, ел құрғақ сөзге құлақ қойғаннан гөрі, соны айтушының мінез-құлқы мен жүріс-тұрысына көбірек мән береді.

<sup>299</sup> И. Рефик, *Хаятын ренклері*, Стамбул, 1999, 21-б.

Тақуалық – иманнан кейін тұратын мүмінге ғана тән дара қасиет. Иманнан жұрдай пенденің тақуалық тауына тырмысып, жамандықтардан бойын аулақ ұстауы әсте мүмкін емес.

Тақуалық шынайы қорқыныш пен кіршіксіз махаббатты қоса қамтиды. Қорқу біржақты болмайды. Аллаһтан қорқу Оны терең танып-білуге жетелейді. Танып білу арқылы нағыз сүйіспеншілікке лайық ұлылардың ұлысы Жаббар Хақ екенін мойындата отырып, сол ұлылығына сай деңгейде Оған бас иіп қорқуға әкеледі. Ол қорқыныш – жүректің тек қана Аллаһ деп соғуы. Бұл – адамның әртүрлі жаман қасиеттерден, індет көзі тәкаппарлық, қызғаныш пен көреалмаушылық секілді және тағы басқа да күнәлардан тазарып, парыздар мен сүннеттерге, бүкіл асыл қасиеттерге ие болу деген сөз. Міне, тақуалықтың ең жоғарғы дәрежесі – осы. Тақуалықтың ең биік шыңы Құранда:

﴿يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا اتَّقُوا اللَّهَ حَقَّ تَقَاتِهِ  
وَلَا تَمُوتُنَّ إِلَّا وَأَنْتُمْ مُسْلِمُونَ﴾

**«Ей, иман келтіргендер, Аллаһтан Оған лайық дәрежеде қорқыңдар және тек мұсылман болып жан тапсырыңдар»<sup>300</sup>** деп бейнеленеді. Кей адамдарға «Одан қалай қорқу керек болса, солай қорқыңдар» делінеді. Олардың жеткен рухани мәртебесі осындай әмірді қажет етеді. Аллаһ тағаланың ұлылығы – осыған сай ұлылық. Бірақ, бұл әмірді орындаудың шегі жоқ. Аллаһқа қанша құлшылық, ғибадат жасасақ та соңында айтарымыз: «Субханака ма абаднака хаққа ғибадатик», яғни «Сен пәксің. Саған лайық дәрежеде құлшылық, ғибадат ете алмадық» болса, Аллаһтан қорқу ғибадатындағы соңғы деңгейіміз

<sup>300</sup> Әли Иман, 102

«Лайықты түрде Сенен қорқа алмадық» болары сөзсіз. Өйткені, Аллаһ тағаладан қорқудың шет-шегі жоқ.

Жоғарыдағы аят түскенде сахабалар қатты ауырсынды. Тіпті, өңдері солғын тартып, жақтары әп-сәтте қушыып сала берді. Көп намаз оқығаннан аяқтары ісіп, маңдайларына шор бітті. Асқа да, жұбайларына да жақындауға зауқылары соқпады. Бірақ, бұл биік деңгейге қол жеткізу жолындағы сынақ еді. Артынша бұл сынақты жеңілдетіп, Аллаһ оларға: **«Күшіңіздің жеткенінше Аллаһтан қорқыңдар»**<sup>301</sup> деген аят түсірді. Аллаһ тағала адамға шамасы келмейтін жүк артпайды. Сондықтан әркім өз шамасының жеткенінше Аллаһтан қорқуы тиіс. Әрине, бұл жерде қорқу адамның рухани өресіне қарай түрлі деңгейде болатынын да ескеруіміз қажет.

Харам мен халалға селқос қарау – тақуалыққа бөгет. Бұл жайында Пайғамбарымыздың қатаң ескертулері бар: **«Қандай да бір құл хараммен азықтанып өссе, оған ең лайық нәрсе – от»**, – дейді.

Салғырттық пен немқұрайлылық, бейқамдық пен бойкүйездік те, енжарлық та – тақуалықтың жауы. Соның салдарынан өзін мәңгі осы дүниеде қалатындай сезініп адам бейқам өмір сүріп, фәни дүниенің өткінші ләззаттарына алдану арқылы ақыреттің қорқыныштылығын аса елемей өмірін салғырт өткізеді.

Құранда көп аяттар **«тақуалар ғана жақсы нәтижеге жетеді»**<sup>302</sup> деп өмірінің соңына дейін имандылықтан айрылмағандардың о дүниеде қабір азабынан, қиямет пен есеп берудің үрейінен құтылатындығын айтып, тақуаларды қуантады. Сонымен қатар, жаннаттың бүкіл әсемдігі мен көркемдігі де діндар, тақуалар үшін әзірленген. Бұл жайлы Құранда **«Асылында, тақуалар**

<sup>301</sup> Тағабун, 16

<sup>302</sup> Қасас, 83

*жаннат бақтары мен өзендеріне лайық. Разы болатындай мәртебеде, құдіретті патшаның құзырында болмақ»<sup>303</sup> және «Тақуалар сенімді мәртебеде. Жаннаттар мен өзендердің қасында»<sup>304</sup>. «Шындығында тақуалар үшін құтқарылу (азаптан құтылу) бар» деу арқылы да осыны айқындай түседі. Тақуалар – ақыретте осындай шексіз нығметтерге бөленумен сүйіншіленген бақытты жандар.*

Тақуалық – қиындықтардан құтылуға әрі адал ризықтың келуіне себепкер. Аллаһ өзінің сақтанған құлын ол тап болатын қиындықтардан аман алып қалады. Басқаларға мұқтаж болудан құтқарып, күтпеген жерден ризық жібереді. *«Кімде-кім Аллаһтан қорықса, Аллаһ оған қиындықтан құтылар жол ашады және күтпеген жерден ризық жібереді»<sup>305</sup>*. Бұл аятты оқығанда Пайғамбарымыз (с.а.с.): *«Аллаһ әрі дүниенің күмәндарынан әрі өлімнің ауыртпашылығы мен қиямет күніндегі қиындықтардан шығу жолын ашады»* десе, Әбу Зәррға *«адамдардың бәрі осыны ұстанса оларға осы жетер еді»<sup>306</sup>* деп тақуалықтың Аллаһтың жәрдеміне себепкер болатын сырын айтқан еді.

Тақуалық – Аллаһтың сүйіспеншілігіне себеп. Өйткені, Аллаһ тақуа құлдарын сүюмен қатар басқаларға да сүйдіреді. Аллаһ тағала:

﴿وَاتَّقُوا اللَّهَ وَاعْلَمُوا أَنَّ اللَّهَ مَعَ الْمُتَّقِينَ﴾

*«Аллаһтан қорқыңдар. Аллаһтың тақуалармен бірге болатынын да біліңдер»<sup>307</sup> және*

<sup>303</sup> Қамар, 54-55

<sup>304</sup> Духан, 51-52

<sup>305</sup> Талақ, 2-3

<sup>306</sup> Е. Хамди Языр, 8-т., 115-б.

<sup>307</sup> Бақара, 194

﴿إِنَّ اللَّهَ يُحِبُّ الْمُتَّقِينَ﴾

«Аллаһ тақуаларды жақсы көреді»<sup>308</sup> деп осы жайттарды ұғындыра түседі.

Олай болса, бұл дүние мен ақыреттік бақытты аңсап, ақыл, рух, жүрек, ар-ождан мен тәндік күйзелістерден құтыламын деушілер тақуалық шапанын жамылып, қай мәселе болмасын ықыласты негіз етіп алуы керек. Сондай-ақ, Аллаһтың әмірлерін мүлтіксіз орындап, үнемі жақсылық, ақиқат пен әділдік жолынан ауытқымауға тырысқан жөн.

Тақуалықтың да өзіндік дәреже-сатылары бар. «Мәида» сүресінде:

﴿لَيْسَ عَلَى الَّذِينَ آمَنُوا وَعَمِلُوا الصَّالِحَاتِ جُنَاحٌ فِيمَا طَعِمُوا إِذَا مَا اتَّقَوْا وَآمَنُوا وَعَمِلُوا الصَّالِحَاتِ ثُمَّ اتَّقَوْا وَآمَنُوا ثُمَّ اتَّقَوْا وَأَحْسَنُوا وَاللَّهُ يُحِبُّ الْمُحْسِنِينَ﴾

*«Иман келтіріп ізгі іс істегендерге, бұдан соң (Аллаһқа қарсы шығудан) сақтанып әрі иман етіп ізгі істер істегендер, содан кейін тыйым етілгендерден сақтанып (олардың тыйым салынғандығына) сеніп әрі тағы да сақтанып жақсылық істесе бұрынғы жегендері күнә емес және Аллаһ жақсылық жасаушыларды жақсы көреді»*<sup>309</sup> аяты тақуалықтың сатылары мензейді. Айталық, оның алғашқы дәрежесі парыздарды орындап, үлкен күнәлардан сақтану болса, одан кейінгісі уәжіптер мен сүннеттерді орындап мәкрухтерден сақтану. Одан кейінгі кезекте кез келген күмәнді нәрселерді күнә болар деп тәрк етіп, нәпілдерді орындау келеді. Ал Аллаһтың

<sup>308</sup> Тәуба, 4

<sup>309</sup> Мәида, 93

өзін үнемі көріп тұрғанындай ғибадат ету – тақуалықтың ең ұшар биігі болып табылады.

Аллаһтың барлығы мен бірлігін паш ететін екі аят (Арабшадағы «аят» сөзі дәлел, белгі, нышан деген мағынаны білдіреді) бар. Біреуі айналамызды қоршаған болмыстардағы аяттар (яғни, дәлелдер); екіншісі, табиғаттағы заңдылық пен керемет жүйе, жер бетіндегі әрбір нәрсе және Құрандағы аяттар. Бұл екеуін қатар оқуда мұсылмандарға парыз. Ал ол парызды атқару тақуалық негізінде жүзеге асады. «Даналықтың басы – Аллаһтан қорқу» деген сөз бар. Егер біз осы екі кітапты қатар оқитын болсақ, жетістікке жете аламыз. Өйткені, әлемдегі аяттар (дәлелдер, белгілер) бізге дүниедегі заңдылықтарды оқып-үйренуді талап етсе, Құран аяттары діннің принциптерін білуге шақырады. Біз әлем кітабын дұрыс оқымасак, оның жазасын осы дүниеде тартамыз. Егер әлемдегі құбылыстар мен заңдылықтарды үйреніп сол бойынша жүрмесек, қоғам ретінде артта қаларымыз сөзсіз. Артта қалу өз кезегінде басқалардың алдында төменшіктеп, соларға көз сүзуге әкеледі. Аллаһ мұсылмандардың төмен болғанын қаламайды. Кейінгі ғасырларда мұсылмандардың артта қалуының себебі осы әлем кітабын дұрыс оқи алмауында жатыр. Ал егер біз Құранды дұрыс оқып-түсінбесек, оның заңдарын орындамасак, жазасын ақыретте тартамыз. Осы екеуін қатар оқыған кезде шынайы мұсылмандыққа қол жеткіземіз.

Құлшылықтың дәрежелеріне байланысты тақуалықтың төмендегідей түрлері бар:

1. Аллаһтан өзге нәрселерге мойын бұрмау;
2. Дініне толық мойынсыну;
3. Хақ тағаладан алыстататын нәрселерден үнемі сақ болу;
4. Нәпсінің құмарлығына бой алдырмау;

5. Рухани-материалдық нәрселердің бәрінің Аллаһтан келгенін біліп, өз еңбегім деп тәкаппарланудан сақтану;
6. Өзін өзгеден жоғары санамау;
7. Аллаһтан басқаны негізгі мақсат етпеу;
8. Құран мен хадистерге бағыну;
9. Айналада болып жатқан құбылыстардан ғибрат алып, рухани өмірін үнемі жаңалап отыру;
10. Өлімді естен шығармау.

Түптеп келгенде, тақуалық – кәусар бұлақ, тақуалар сол тұнықтан қанып ішкен бақыттылар. Әйтсе де, ондай мәртебеге қол жеткізгендер өте сирек<sup>310</sup>.

Харам мен халалды ажыратып болмайтын қазіргідей аласапыран шақта қиындық атаулыға төтеп берер жалғыз күш – тақуалық. Парыздарды орындап үлкен күнәлардан сақтанудың өзі, қазіргі таңда нағыз тақуалық десек артық айтқандық емес. Өйткені, рухани құндылықтардың бағасы түскен қазіргі таңда күнә жасау абырой саналса, құлшылық жасауды ескішілдік деп түсіну де бар. Осындай арды аттап басқан арсыз қоғамда имандылықтан таймай салих амалдарда ықыластылық таныту аса қиын шаруа. Сол себепті бүгінгі таңда аз ғана ізгі амалдың өзі аса қымбат. Тақуалықта салих амал (ізгі іс) бар. Өйткені, харамды тәрк ету – уәжіп. Мыңдаған күнә жағамызға жармасып, етегімізден тартып жатқан мынадай сұрапыл заманда күнәға беттемеу, жүздеген уәжіпті иеленгенмен тең. Күнәдан аяқ алып жүргісіз бүгінгідей азғындаған қоғамда тақуалықты берік ұстанып, жамандықтан барынша сақтанудың өзі – ұлық іс.

<sup>310</sup> Қушайри, 247-б.

## Тәуекел сыры тұңғыық

*«Егер бір іске бел байласаң, Аллаһқа тәуекел ет.  
Сөзсіз Аллаһ тәуекел етпшілерді жақсы көреді»  
(Әли Ибраһим, 159)*

Тәуекел – жүректің тек Аллаһқа сенім артуы. Әуелі жүректе сенім болмаса тәуекелге бару мүмкін емес. Тәуекел – себептер тұрғысынан алғанда дүниедегі заңдылықтарға толық бағыну. Себептерге бағыну – оларға толығымен тәуелді болып қалу деген сөз емес, себептердің Жаратушысын естен шығармау. Тәуекел – құлдың дүниелік, мейлі ақыреттік бүкіл істерінде Аллаһ тағаланы өзіне уәкіл етіп, істің нәтижесі жақсы болуы үшін тағдырына ризашылық білдіруі. Осыған орай, Яхиа ибн Муаздан: «Адам қашан тәуекелшіл болады?», – деп сұрағанда ол: «Аллаһ тағаланың өзінің өкілі болғанына шын жүректен ризашылық танытқан кезінде»<sup>311</sup>, – деген.

Тәуекел – Ұлы Жаратушының біздерге зұлымдық жасамайтындығына, ғибадат пен Аллаһ разылығы үшін жасаған игі істерімізді жоққа шығармай жемісін беретіндігі мен басымызға келетін қиындық пен пәлекеттерден аман алып қалатындығына иман нұрымен сену. Өйткені, Ол – барлығын көріп-білуші, шексіз құдірет иесі, Рахман, Рахим, мейірімі тым кең бүкіл болмысты қамтитын Аллаһ. Тәуекел иләһи азапқа ұшыраудан сақтану үшін, Оның

<sup>311</sup> Кушәйри, 250-б.



мейіріміне сыйынып, Оның берік қорғанының қорғауына кіріп, сол мейірімге лайық болуға тырысуды да қамтиды.

Тәуекелдің ерекше сыры мен қасиеті болғандықтан, Құдіреті шексіз Аллаһ тағала шынайы иманға қол жеткізген мүміндерді кәмілдікке жетелеу мақсатында үнемі тәуекел етуге шақырады:

﴿وَعَلَى اللَّهِ فَلْيَتَوَكَّلِ الْمُؤْمِنُونَ﴾

**«Мүміндер тек қана Аллаһқа тәуекел етсін»<sup>312</sup>.**

Пайғамбарлар оның ешқашан құнын жоғалпайтын шындық екенін айтқан. Өйткені, шынайы мүмін тек қана Аллаһқа сенім артып, жүрегі Аллаһтан басқаны қаламайды. Тек қана Содан медет тілеп, Соның қорғауына кіреді. Тағы бір аятта:

﴿فَإِذَا عَزَمْتَ فَتَوَكَّلْ عَلَى اللَّهِ إِنَّ اللَّهَ يُحِبُّ الْمُتَوَكِّلِينَ﴾

**«Егер бір іске бел байласаң, Аллаһқа тәуекел ет. Сөзсіз Аллаһ тәуекел етушілерді жақсы көреді»<sup>313</sup>** – деп, кез келген іске бастарда оның нәтижесін Аллаһқа табыс етіп, нәтижесінің жақсы болуын Содан күтуін, басқа нәрселерден медет тілеп, көмек сұрамауын аңғартады. Сонымен қатар, Аллаһтың сүйіспеншілігіне бөлену себебінің тәуекелден өтетінін баяндайды. Шын тәуекел – Аллаһтың құдіретінің шексіздігіне сену.

Басқа бір аятта Аллаһ:

﴿إِنَّمَا الْمُؤْمِنُونَ الَّذِينَ إِذَا ذُكِرَ اللَّهُ وَجِلَّتْ قُلُوبُهُمْ وَإِذَا

تَلَّيْتُمْ عَلَيْهِمْ آيَاتَهُ زَادَتْهُمْ إِيمَانًا وَعَلَىٰ رَبِّهِمْ يَتَوَكَّلُونَ﴾

**«Асылында нағыз мүміндер Аллаһтың аты еске алынса жүректері толқып, Аллаһтың аяттары**

<sup>312</sup> Ибраһим, 11

<sup>313</sup> Әли Имран, 159

**оқылса имандары артады және олар Раббыларына тәуекел етеді»<sup>314</sup>**, – дейді. Бұл жерде мүмінге тән екі қасиет «Аллаһ еске алынғанда жүректері толқыған» және Аллаһтың барлығы мен бірлігін жарияға жар салатын «аяттар оқылған кезде имандары арта түсетін» көкірек көздері ояу мүміндер имандарының берген күшімен Аллаһқа тәуекел ететіндіктері де айтылады. Иә, шынайы мүміндер тек қана Аллаһқа сеніп, Оған арқа сүйеп, қандай іске болса да бел байлайды. Оған және Оның күллі әлемдегі үстемдігіне ешбір серік қоспайды. Бұл тұрғыдан алғанда, Аллаһқа тәуекел ету – кәміл иманның белгісі деуге болады. Иманы толық болмаған адам тәуекелге бара алмайды. Тәуекел ету үшін де иман мен білім қажет.

«Һуд» сүресінің 123-аятында:

﴿وَلِلَّهِ غَيْبُ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ وَإِلَيْهِ يُرْجَعُ الْأُمُورُ كُلُّهَا  
فَاعْبُدْهُ وَتَوَكَّلْ عَلَيْهِ وَمَا رَبُّكَ بِغَافِلٍ عَمَّا تَعْمَلُونَ﴾

**«Көктердегі және жердегі сырды білу Аллаһқа ғана тән және барлық іс Оның алдына барады. Құдайға құлшылық ет, Оған бел байлап тәуекел ет. Аллаһ тағала барлық істеріңнен толық хабардар»** (Һуд, 123) деу арқылы Аллаһтың барлық нәрсені көріп-біліп тұрғандығын білдіріп, Оның құлына ешқандай зұлымдық етпейтінін көңілге түйдіре отырып, бүкіл істе Аллаһқа тәуекел етуге шақырады.

Тәуекел – бүкіл пайғамбарлардың, сахабалардың, әулие-асфиялардың ең ерекше қасиеттерінің бірі. Тәуекел – толық имандылықтың белгісі. Тәуекел жайында Пайғамбарымыз (с.а.с.):

لَوْ أَنَّكُمْ كُنْتُمْ تُوَكَّلُونَ عَلَى اللَّهِ حَقَّ تَوَكُّلِهِ لَرَزَقْنَاكُمْ كَمَا

<sup>314</sup> Әнфәл, 2

يُرْزَقُ الطَّيْرُ تَغْدُو خِمَاصًا وَتَرُوحُ بِطَانًا

«Егер Аллаһқа шынайы түрде тәуекел ете алсаңдар, таңертең ұясынан аш шығып, кешке қарай тоқ оралған құстардың ризықтандырылғаны сияқты сендерге ризық берер еді»<sup>315</sup>, – деу арқылы мұсылмандарға Аллаһтың ерекше құдіретін мойындап, Оған тәуекел ету керектігін үйретеді. Біз адал жолмен еңбек етіп, ризық-несібемізді іздесек, Аллаһ тағала аш-жалаңаш қалдырмайды. Ғалымдар арасында «Сен ризықты іздемесең де ол сені іздеп табады» деген бір мәнді сөз бар. Аллаһ ешкімді ризық-несібесіз қалдырған емес. Тым дәрменсіз балалар мен қарттардың ризығын беруі мен әлсіз жәндіктердің ең нәрлі тағамдармен қоректенуі – ризықты жіберуші Аллаһтың мейірімділігі мен құдіретін танытатын сипаттарының бірі. Осыған байланысты Пайғамбарымыз: «Бастарыңыз қимылдап тұрған кезде ризық-нәсібе жайында уайымдамаңдар. Өйткені, адам анасынан туылғанда жалаңаш, қызылшақа боп дүниеге келеді. Содан кейін оны Ұлы Аллаһ әртүрлі ризықпен ризықтандырады»<sup>316</sup>, – дейді.

Тағы бір хадисінде Пайғамбарымыз (с.а.с.):

مَنْ قَالَ بَعْنِي إِذَا خَرَجَ مِنْ بَيْتِهِ بِسْمِ اللَّهِ تَوَكَّلْتُ عَلَى اللَّهِ لَا حَوْلَ وَلَا قُوَّةَ إِلَّا بِاللَّهِ يُقَالُ لَهُ كَفَيْتَ وَوَفَيْتَ وَتَنَحَّى عَنْهُ الشَّيْطَانُ

«Кімде-кім үйінен шығар кезде «Аллаһтың атымен, Аллаһқа тәуекел еттім, Аллаһтан басқа күш те, қуат та жоқ» десе оған Аллаһ тарапынан «тура жолға түсірілдің, бар қажеттіліктерің қамтамасыз етілді

<sup>315</sup> Термизи, Зухд, 33, Ибн Мажә, Зухд, 14

<sup>316</sup> Хадис ансиклопедисі, 17-т., 595-б.-те зәуәидтан алған. Хадистің сәнәді сахих.

және қорғауға алындың» делінеді. *Шайтан да одан алыс жүреді*»<sup>317</sup>, – деген. Аллаһқа сеніп тәуекел еткен құлын Аллаһ жалғыз қалдырмайды, істің нәтижесін Аллаһқа табыс еткендіктен Ұлы жаратушы пендесіне жақсылықты нәсіп етеді.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) үмбетінің ішінен жетпіс мың адамның бірден жаннатқа кіретінін, солардың арасында Аллаһқа тәуекел еткендердің болатынын айтып сүйіншілеген еді<sup>318</sup>.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) бен Ибраһим (а.с.) пайғамбардың көрсеткен терең тәуекелдері бізге жақсы үлгі бола алады. Бірде Пайғамбарымыз бір сапардан қайтып келе жатып, шаршағанын басу үшін бір ағаштың көлеңкесінде жантайып көз іледі. Осы кезде Гаврес атты мүшірік Пайғамбарымыздың қасына баспалап келіп, қылышын қынынан суырып алып: «Қане, тап қазір сені менен кім құтқара алады?» деп төбесінен төнгенде Пайғамбарымыз сабырлы қалпын жоғалтпай дұшпанына тесіле қарап, айбаттана «Аллаһ! Аллаһ! Аллаһ!» деп дауыстайды. Мұншама тәуекелге ие, дұшпанынан еш қаймықпаған пайғамбардың мысы басқан дұшпанның құты қашып, қорыққаннан қолынан қылышы түсіп, аяқтарының буыны босап кетеді. Осы кезде Пайғамбарымыз қылышын қолына алып, дұшпанына тақап «Ал енді сені кім құтқарады?» дейді. Дұшпаны сол сәтте жансауға сұрайды. Пайғамбарымыз оны кешіріп өз жөніне қоя береді<sup>319</sup>...

...Ибраһим (а.с.) отқа тасталарда Жебірейіл періште келіп:

<sup>317</sup> Термизи, *Китабуд-даауат*, 342, Әбу Дәуіт, *Китабул әдәб*, 5095

<sup>318</sup> Бухари, *Китабут-тыбб*, 10/130-131; Муслим, *Китабуль иман*, 371

<sup>319</sup> Бухари, *Китабуль-жиһад уәл мағаз*, Муслим, *Китабуль фадаиль*, 843; *Дихләуи*, 3/167-б.

– Қаласаң саған жәрдем етейін, – деп үн қатты. Ибраһим:

– Раббымның менің халімді көріп-білуі маған жетеді, – деп Аллаһтың құтқаратынына толық сеніп, жәрдеміне берік тәуекел еткен еді. Аллаһ та оның шынайылығына орай отқа жанудан аман алып қалды<sup>320</sup>.

Пайғамбарымыздың ізімен жаңылмай басқан сахабалар да ерекше тәуекелге бел буатын. Құран олардың нар тәуекелшілдіктері жайлы: **«Адамдар өздеріне «дұшпандар сендерге қарсы күш жинапты, олардан қорқыңдар!» деген кезде олардың имандары арта түсіп, «Аллаһ бізге жетіп асады. Ол біздің керемет өкіліміз»<sup>321</sup>,** – деп имандарының кәмілдігін паш етті.

Шынайы мүмін дұшпанның шабуылы мен шайтанның арбауынан қорқып, оларға бас имейді. Аллаһтан пәрмен болмаса, пәлекеттің кездейсоқ аспаннан түспейтіндігіне кәміл сеніп, Аллаһтың құдіреті мен мейіріміне сыйынады.

Иманның өз ішінде мәртебелері болғандай тәуекелдің де өз сатылары бар. Ол мәртебелер жүректегі иман дәрежесіне байланысты. Алғашқысы жалпыға тән тәуекел. Аллаһтың тағдырына толығымен сенім арту, оған қолдан келгенше дайын болу – тағдырға мойынсынуға қайшы емес. Керісінше, дайын болу – Аллаһтың бұйрығы. «Әнфәл» сүресінде **«Оларға қарсы шамаларың жеткенінше күш жинаңдар»<sup>322</sup>** дейді. Әсілі, Аллаһтың бұйрықтарын орындап, қажетті жағдайларды жасамаған адам толық Аллаһқа сенген бола алмайды. Соғысқа аттанып тұрып, ешбір дайындық жасамау тәуекелге жатпай-

<sup>320</sup> ат-Тафсируль-мунир, 9-т., 92-б.; Сабуни, Мухтасару тәфсири ибни Кәсир, Каир, 1995, 3-т., 514-б.

<sup>321</sup> Әли Ибраһим, 173

<sup>322</sup> Әнфәл, 60

ды. Пайғамбарымыз бүкіл шайқастардың алдында сахабаларымен ақылдасып, қолдағы мүмкіндіктерін толық қолданған, алайда, тек күш-қуатқа ғана арқа сүйемей, істің ақырын Аллаһтан күткен.

Тәуекелдің табиғатын былайша да түсіндіруге болады. Сіз берік кеме жасап, ашық теңізге шықтыңыз делік. Теңізді аман-есен жүзіп өтсеңіз, бұны «Аллаһтың сыйы» деп, шүкіршілік жасайсыз. Өйткені, теңіздегі үйдей толқындарға капитанның шеберлігі мен кеменің беріктігі тосқауыл бола алмайды. Бұл себептер ғана. Ал теңізден аман-есен өтудің нәтижесін Аллаһтың сыйы деп білу – тәуекелдің белгісі. Сондықтан Пайғамбарымыз: «*Түйемді байлайын ба, әлде тәуекел етейін бе?*» деп сұраған бір бәдәуиге «*түйеңді тұса, сосын тәуекел ет!*»<sup>323</sup>, – деген еді.

Екіншісі – иман беріктігіне қатысты тәуекел. Иманы берік жандар өздерін толығымен Аллаһқа табыстап, өздерін өлік жуушының алдындағы мәйіт сияқты көреді. Өлікті жуушы мәйітті ары аунатып, бері аунатып жуады. Мәйіттің оған ешнәрсе істей алмайтындығы сияқты, ол да өзінің бар еркін толық Жаратушының қолына береді.

Үшінші дәрежедегілер өздерін толығымен Аллаһ тағаланың болмысында өз болмысын ерітіп жоқ қылып жібергендер. Оған Ибраһим пайғамбардың отқа лақтырылған кезде «хасби Аллаһ» деп, «Аллаһтың менің жағдайымды біліп тұрғаны мен үшін жеткілікті» деуі және Пайғамбарымыздың «Сәуір» үңгіріне тығылған кездегі үңгірдің аузына дейін жақындап келіп қорқытқан мүшіріктердің сөздерін еш елемей, Аллаһқа толығымен тәуекел етуі үлгі бола алады.

﴿وَمَنْ يَتَوَكَّلْ عَلَى اللَّهِ فَهُوَ حَسْبُهُ إِنَّ اللَّهَ بَالِغُ أَمْرِهِ﴾

<sup>323</sup> Термизи, Қияма, 60

Бұл «*Кім Аллаһқа тәуекел етсе, Ол оған жеткілікті*» аятының мәнін еске салады. Пайғамбарымыз бір хадисінде: «Ең күшті болғысы келетін кісі Аллаһқа тәуекел етсін», – деген. Өйткені, Аллаһ өз бұйрықтарын тегіс орындап, тәуекел етілсе де, етілмесе де жүзеге асырады. Оның бұйрығына ешнәрсе кедергі бола алмайды. Ажалы келгенде Аллаһтың үкімі бойынша адам бір сәт кідірместен жан тәслим етеді. Жамандар жамандығымен, жақсылар жақсылығымен бірге қалады. Бәрі өз істегендерінің жемісін жейді. Алайда, Аллаһқа тәуекел ету де – Оның әмірі. Тәуекел етушінің мақсаты – Аллаһтың еркі мен разылығына бас ию болса, Аллаһ оның сауабын сан есе арттырады. Негізінде себептерге емес, құдіреті шексіз себептердің Жаратушысына тәуекел еткен абзал. Өйткені, себептердің бәрі жаратылған әрі мәңгі емес. Мәңгі – тек Аллаһ қана. Сондықтан құдіретті Аллаһқа сеніп, бір Оған ғана тәуекел еткен ұтады. Тәуекел өз-өзіне сеніп кету емес, өзінің дәрменсіз, әлсіз екенін мойындай отырып, Аллаһтың құдіреттілігіне сүйеніп, Оның еркі мен тағдырына ризашылықпен көну деген сөз.

Атақты ғалым Зун-нун бұл жайлы: «Тәуекел – бұл өз сақтық шараларыңды тастап, күш пен қуатты түгелдей ойыңнан шығару. Құл «Аллаһ тағала менің бойымдағыны, әрқашанғы қал-жағдайымды көріп-біліп тұр» деген сенімге толық жетпейінше тәуекелі күшеймейді», – дейді<sup>324</sup>.

Тағы бір аятта Аллаһ:

﴿قُلْ لَنْ يُصِيبَنَا إِلَّا مَا كَتَبَ اللَّهُ لَنَا هُوَ مَوْلَانَا  
وَعَلَى اللَّهِ فَلْيَتَوَكَّلِ الْمُؤْمِنُونَ﴾

*«Бізге Аллаһтың жазғаны ғана болады. Ол – біздің иеміз. Сондықтан бүкіл мүміндер Аллаһқа тәуекел*

<sup>324</sup> Қушәйри, 250 б.

*етсін» де»*<sup>325</sup>, - деп бұйырады. Иә, осы қағида бойынша Аллаһқа тәуекел еткен мүмін кәміл иманының арқасында Жаратушысымен қауышады. Алайда, тәуекел ету – өз міндетін орындамай қол қусырып қарап отыру деген сөз емес, керісінше құлшылығын толық орындап, нәтижесінің жақсылығын Аллаһтан күту.

Тәуекелді жаңсақ түсінген бір кәрі шешейге Пайғамбарымыздың сабақ беруі біздерге де жақсы өнеге бола алады.

...Жасы келіп қалған бір әжейдің жалғыз түйесі үйездеп қалады. Ол өлсе күнкөрісі қиындайтынын уайымдаған әжей қатты қапаланады. Күндіз-түні қайғырған әжейдің бұған қолдан еш қайраны жоқ болды. Қолынан бар келгені Аллаһқа жалбарынып, түйесінің сауығыуын тілеп, дұға етумен болады.

Бір күні жайылсын деп қырға шығарған түйесінің аузына нәр алмағанын байқап, еңсесі мүлдем түсіп кетеді. Қолдарын жайып, көз жасын төгіп, дұға етуден басқа шарасы қалмайды. Осы кезде Пайғамбарымыз бір топ сахабаларымен әлгі әйелдің қасынан өтіп бара жатып:

– Уа, Аллаһтың құлы, неге жылайсың? – дейді.

– Неге болсын, түйем үшін жылаймын. Түйем мен үшін бәрінен қымбат. Ол өліп қалса жағдайым не болмақ? Түйемнің кеселінен айығыуы үшін, қанша күннен бері қол жайып дұға етудемін, бірақ, дұғам қабыл болмай жатыр, – дейді әжей мұңын шағып. Пайғамбарымыз күлімсіреп:

– Дұғанның қабыл болғанын қаласаң дұғана қара май қос, қара май! – дейді.

Әжей ойлана бастады. Қара май қос дегені несі? Артынша түсінгендей болды. Қоңсыларынан қара май сұрап алған әйел алдымен түйенің аузын қара маймен сүртіп, содан кейін дұға ете бастады. Қара майдың арқасында

<sup>325</sup> Тәубә, 50



түйенің аузындағы бүкіл микробтар өліп, түйе ауруынан айығып кетеді.

Яғни, кез-келген мәселеде тек қана қол жайып дұға ету жетпейді, оның шешімін іздеу керек. Осыны түсінген әжей Пайғамбарымыздың кеңесін тыңдап, түйесін аман алып қалған еді<sup>326</sup>.

Тәуекелге байланысты мына бір хикаяны да айта кеткен орынды.

Атақты Ибраһим Әтхәм мен Шәкик Бәлхи Меккеде кездесіп қалады. Шәкик Бәлхи өзін тек құлшылыққа ғана арнап, тіршіліктен оқшауланып, әбден азып-тозған күйде еді. Ибраһим Әтхәм ол кісіден «Сенің мұндай халге түсуіңе не себеп болды?» деп сұрайды. Ол «Күндердің бір күні шөл далаға бардым. Тақыр, құрғақ жерде қанаты қайырылған бір құсты көрдім. Өз-өзіме «Осы жерде отырып, мына құстың ризығының қайдан келетінін байқайын» деп құсты бақылай бастадым. Сол сәт тұмсығында шегірткесі бар екінші құс оның қасына қонып, аузындағы шегірткесін бірінші құстың аузына салды. Бұны көргенде «бұл құсты екіншісіне себепкер еткен Ұлы Аллаһ қайда болсам да ризығымды жіберуге күші жетіп асады» деп дүние табудан бас тартып өзімді толығымен құлшылыққа атадым» дейді. Ибраһим «Неге сен қанаты сынған құсқа азық тасыған сау құстың орнындағы биік дәрежеде болуды қаламайсың? Сен, Пайғамбарымыздың (с.а.с.): «Жоғарғы (беруші) қол төменгі (алушы) қолдан артық» дегенін естімеп пе едің?» деп қарсылық білдіреді. Бұл жауапты естіп, сабақ алған Шәкик, Ибраһимнің қолын сүйіп, «Уа, Әбу Ысқақ, сен біздің ұстазымызсың» деген екен<sup>327</sup>.

<sup>326</sup> А. Шахин, *Дини хикаяелер*, 31-б.

<sup>327</sup> Ғазали, *Мукашафатұл-құллуб*, 182-б.

## Ғайбат сөйлеу – ішпей іріп-шіру

*Ғайбат ақалдардың сақаттарын жоюға лап етіп,  
бір-ақ, жалмайтын өртінің сұмаңдаған тілінен де жыл-  
дам»*

*(Хақис)*

Ғайбаттың сөздік мағынасы – біреудің сыртынан жағымсыз, жарамсақ сөз айту. Демек, бір адамның бойындағы кемшіліктердің басқа біреуге оның сыртынан айтылуына «ғайбат» делінеді.

Пайғамбарымыз ғайбаттың не екенін ұқтыру үшін айналасындағылардан: *«Ғайбаттың не екенін білесіңдер ме?» деп сұрайды. Олар «Аллаһ пен Оның елшісі жақсы біледі» деп сөзді өз аузына салады. Сонда Пайғамбарымыз: «Араларыңыздағы біреуіңіздің ұнамайтын сөздермен өз бауыры жайлы сыртынан айтуы» дегенде: «Егер ол айтқандарымыз оның бойында бар болса, бұл да ғайбат бола ма?» – дейді бір кісі топ ішінен. Сол кезде жамандықты жан дүниесімен жақтырмайтын аса сезімтал Пайғамбарымыз (с.а.с.): «Егер айтқандарың оның бойында расында бар болса, онда оны ғайбаттаған боласың, егер ол сипаттар онда жоқ болса, онда оған жала жапқан боласың»<sup>328</sup>, – деп қалай болғанда да тілді ғайбаттан сақтау керектігін ұқтырған болатын. Демек, ғайбат – ғайбатталған адам сол жерде болып, өзі жайлы айтылғандарды құлағымен естісе ренжитіндей сыртынан*

<sup>328</sup> Әбу Дәуіт, Әдәб, 40; Муслим, Бирр, 70

айтылған сөздер. Егер ол айтқандары дұрыс болған күннің өзінде, ол – ғайбат болып саналады. Ал егер айтылған нәрселер оның бойында болмаса – әрі ғайбат, әрі жала болып, күнә үстіне күнә жамалмақ.

Ислам діні жеке адам құқығына ерекше мән бергендіктен оның ар-намысын қорғауға басты назар аударған. Ар-намыс – жеке тұлға кісілігінің негізгі тірегі. Ал, ғайбаттау – жеке адам құқығына қол сұққанмен бірдей. Сондықтан да бүкіл болмыс ішінен адам баласын халифа етіп таңдаған Аллаһ тағала мұсылмандардың тілін достық пен бауырмашылықты, адами жақсы қатынастарды бұзатын пәлекет ғайбаттан сақтау үшін «Хужурат» сүресінің 12-аятында: **«Бір-бірлеріңді ғайбаттамаңдар. Сендердің араларыңнан біреу өлген бауырының етін жегенді ұната ма? Иә, бұдан тіксіндіңдер. Олай болса, Аллаһтан қорқыңдар...»** деу арқылы оның қаншалықты жиіркенішті күнәекенін бір-ақауыз сөзбен тұжырымдайды. Иә, адамның өз бауырының етін жеуге қалайша дәті барады? Әрі бұл жерде «өліп қалған бауырың» деу арқылы адамды одан бетер тіксіндіре түседі. Ақыл-есі дұрыс, туыстық мейірімі сембеген бір адамның адами, қоғамдық, әрі мәдени тұрғыдан зиянды, сонымен қатар, жиіркенішті мұндай істі жасауы мүмкін емес. Аятта «одан тіксіндіңіз» деу арқылы адам табиғатының бұл істен жиіркенетінін білдіріп тұр. «Олай болса, Аллаһтан қорқыңдар» деу арқылы Аллаһтың тыйым салған жамандығынан бойды аулақ ұстап, жасаған күнәларымыз үшін тәубе етуге шақырады.

Тағы бір аятта Аллаһ тағала:

**«Көзің жетпей тұрып, көңіл аударма. Өйткені, құлақ, көз, көңіл бұлардың бәрі көргеніне, естігеніне жауапты»<sup>329</sup>** деу арқылы біреу жайлы нақты

<sup>329</sup> Исра, 36

мәліметке ие болмайынша, ол жайлы жаман ойламауға шақырады.

Басқа біреу жайлы жаман ойлаудың өзі – ғайбаттың жасырын түрі. Бұл *суи занн* (яғни, араб тілінен аударғандағы мағынасы – жаман ойлау) деп аталады. Тілмен жамандау харам етілгендей, жүрекпен де жаман ойлауға тыйым салынған. Құранда Аллаһ тағала: **«Ей, иман келтіргендер, күмәннің көбінен сақтаныңдар. Өйткені, күмәннің кейбірі – күнә»** деп бізге жалпы жаман ойламауға бұйырады. Өйткені, жаман ой тек жүректе қалып қоймай, ақиқатқа жеткісі келіп тіміскіленеді. Аллаһ тағала «тіміскілеп сыр іздемеңдер» (Хужурат, 12) деу арқылы басқа мұсылмандардың қателері мен күнәларын іздеуге құлшыныс танытпауға шақырады. Адамға келген жаман ой жүректегі сүйіспеншілікті өшіріп, дұшпандыққа айналдырады. Міне, сондықтан осы аятта *ғайбаттау, суи занн, яғни жаман ойлауға және тырнақ астынан кір іздеуге* үзілді-кесілді тыйым салынған.

Пайғамбарымыз көптеген хадистерінде қоғамдық өмірімізге зиянын тигізіп, адамдар арасындағы жақсы қатынастарға балта шабатын әрі ақыреттік өмірімізде ауыр азапқа душар ететін – ғайбаттан аулақ болу керектігін үнемі үмбетінің есіне салып отырған. Адамдарды пенделіктен арылтып, кемелдікке бастау үшін жіберілген ислам діні қоғамдық өмірдегі бірліктің берекесін қашырар жаман мінездерден ұзақ болуды насихаттайды. ислам дінінің бұған қаншалықты мән бергенін жете түсіну үшін, Пайғамбарымыздың бұл мәселеде айтқан ескертулері мен тыйымдарына назар аударған жөн.

Хазірет Әнас былай дейді: «Пайғамбарымыз бір күні ауыз бекітуімізді әмір етіп: «Рұқсат етілмейінше ешкім оразасын ашпасын» деді. Кеш қараңғылығы түскен кезде Пайғамбарымыз алдына келгендерге ауыздарын ашуға

рұқсат берді. Осы кезде бір кісі келіп: «Уа, Аллаһтың елшісі! Екі жас қыз ораза ұстап, қатты шаршады. Сіздің алдыңызға келуге ұялады, білем. Қарсы болмасаңыз, оразаларын ашсын» деген кезде Пайғамбарымыз рұқсат бермей қояды. Әлгі кісі тағы екі мәрте пайғамбардың алдына келеді. Ақырында Пайғамбарымыз: «Олар ораза ұстаған жоқ. Күні бойы адамның етін жегендердің ауыздары қалай берік болады? Оларға айт, ораза тұтқан болса, асқазанындағысын сыртқа ақтарсын, көрейік» дейді. Әлгі кісі Пайғамбарымыздың айтқандарын жеткізді. Олар Пайғамбарымыздың айтқанын орындайды. Пайғамбарымыздың айтқаны айдай келіп, әлгілер қан лоқсиды. Жаңағы кісі Пайғамбарымызға келіп жағдайды баяндаған кезде «Шыбын жанымды құдіретті уысында ұстаған Аллаһқа ант етейін, егер құспай бұл қан асқазандарында қалғанда оларды жаһаннамның оты жұтар еді» деді. Екінші бір риуаятта әлгі кісі екінші рет келіп: «О, Аллаһтың елшісі, шыдамдары таусылып, аштықтан бұратылып тұр» дейді. Пайғамбарымыз оларды әкелгізіп біреуісіне: «Кәне, лоқсы» деді. Ол қан аралас ірің лоқсиды. Тіпті, ыдыс толып кетті. Екіншісі де дәл солай. Осыдан кейін Пайғамбарымыз «Бұлар халал жолмен ораза ұстады. Бірақ, адамдардың етін жеу арқылы харам жеді» деген-ді<sup>330</sup>.

Міне, жоғарыда «Хужурат» сүресінің 12-аятында айтылғандай, ғайбаттың адам етін жеумен бірдей жиіркенішті екенін Пайғамбарымыз үмбетіне осылайша үйреткен болатын.

Айша анамыздың айтуынша, бір күні өзі біреу жайында сөз еткен екен. Пайғамбарымыз оған «түкір» дейді. Хазірет Айша түкірген кезде аузынан бір түйір ет түскен.

<sup>330</sup> Ахмад Ұбайдан риуаят еткен, *Ихя*, 3/1, 319-320-б.

Әбу Һурайраның (р.а.) жеткізген бір хадисінде Пайғамбарымыз (с.а.с.) «Кімде-кім дүниеде мұсылман бауырының етін жесе (ғайбаттап, өсектеп) қиямет күнінде ол адамның еті оған ұсынылып «Оның өлі етін же. Өйткені, сен тірі кезінде оның етін жегенсің» делінеді. Пайғамбарымыз осыны айтқаннан кейін *«Сендердің араларыңнан біреу өлген бауырының етін жегенді ұнатады ма?»* деп «Хужурат» сүресінің 12-аятын оқыған екен<sup>331</sup>.

Пайғамбарымыз (с.а.с.): *«Аллаһ бір мұсылманға екінші мұсылманның қанын, малын және ар-намысын харам қылды»*<sup>332</sup>, – дейді. Яғни, бұл жерде заттық зияннан өзге, сөз арқылы біреудің ар-намысына тиіп, көңіліне қаяу түсіретін әрекеттің де харам етілгендігі айтылған.

Басқа бір хадисінде Пайғамбарымыз: *«Пайыздың (риба) ең жаманы нақақ мұсылманның ар-намысына тиіп ренжіту»*<sup>333</sup>, – дейді. Бұл жерде біреудің ар-намысына тиіп ренжіту де ғайбатқа жатады. Ғайбаттың соншалықты ауыр күнә болуының астарында, адамға мал-мүліктен гөрі ар-намыстың қымбат болуы жатыр. ислам діні адам баласына басты мән беріп, оны бүкіл жаратылыс атаулыдан ардақты қылған. Пайғамбарымыздың ғайбатты пайызбен теңеуінде терең мән бар. Өйткені, дінімізде пайыздық өсім – ең көп датталған, одан бойды аулақ ұстау керектігіне басты назар аударылған ауыр күнәлардың бірі. Құранда «пайыз жеген адамдардың қиямет күнінде қабірлерінен шайтан соққан адамдардың есеңгіреп орындарынан тұрғанындай көтерілетіндері... Пайызды адал санағандарды Аллаһ тағала жақсы көрмейтіндігі» айтылады (Бақара, 275-276). Олай болса, жоғарыдағы хадис

<sup>331</sup> Фазали, *Мукашафатуль-қулуб*, 149-б.

<sup>332</sup> Муслим, *Бирр*, 32

<sup>333</sup> Әбу Дәуіт, *Әдәб*, 40

ғайбаттың бұл жиіркенішті күнәдан да ауыр болатынын баяндап тұр.

Исламда ғайбаттың, сөз тасып, жала жауып өсек айтудың датталу себебі, қоғамдық өмірдегі бірлік пен берекетті, адамдар арасындағы жылылықты жоятындығында жатыр. Тән жарасынан гөрі жан жарасының жазылуы қиын. Пайғамбарымыз:

الغيبة أشد من الزنا قالوا : يا رسول الله وكيف الغيبة أشد من الزنا ؟ قال : إن الرجل ليزني فيتوب فيتوب الله عليه ، وإن صاحب الغيبة لا يغفر له حتى يغفرها له صاحبه

«*Файбат зинадан да ауыр күнә*» деген кезінде қасындағылар «Қалайша, уа, Расулаллаһ?» деп сұрайды. Пайғамбарымыз: «*Кісі зина жасайды, сосын тәуба етеді, Аллаһ оны кешіреді. Файбат жасаушы жамандаған адамы кешірмейінше кешірілмейді*»<sup>334</sup>, – дейді. Сондықтан адамның жүрегін жаралап, рухына дақ салатын ғайбат кісінің жеке құқығына қол сұғуға жататындықтан, оны тек қана ғайбатталған адам ғана кешіре алады. Құл ақысын Аллаһ тағала емес, тек құлдың өзі кешіреді. Пайғамбарымыз сондықтан кісінің бүкіл жақсы амалдарын тып-типыл ететін ғайбат сөзден әркез сақ болуды ескертеді.

«Құлақтан кірген суық сөз, көңілге барып мұз болар» демекші, біреудің сыртынан айтылған сөздер жүрегімізге жара салып жаман сезімнің, өшпенділіктің тууына жол ашады. Қайсыбір мұсылманның Аллаһ тағаланың құзырына өз бауырына деген жағымсыз не ренішті оймен аттануы, әрине, жақсылықтың нышаны емес. Сондықтан да адамзатқа ұстаз етіп жіберілген Пайғамбарымыз

<sup>334</sup> Бәйхақи, Шуабуль-иман, 6740-42

(с.а.с.): «Ешкім сахабаларым жайлы жанға жағымсыз сөз айтпасын. Өйткені, мен алдарыңа ішімде ешқандай жаман сезімсіз шыққым келеді»<sup>335</sup>, – деген. Әрине, Пайғамбарымыздың осындай даналық тұжырымдары - біздер үшін де үлгі.

Тырнақастынан кіріздеп, басқа біреудің кемшіліктерін тізбектеп отыру да адамды ғайбатқа жетелейді. Сондықтан Аллаһ: **«Бір-бірлеріңнің кінәларыңды тіміскілеп іздемеңдер»**, – десе, Пайғамбарымыз (с.а.с.) : *«Ей, тілімен иман келтіріп, жүректерімен сенбегендер! Мұсылмандардың сыртынан сөз айтып, кемшіліктері мен кінәларын тізбелемеңдер. Кімде-кім мұсылмандардың құпия халдерін іздесе, Аллаһ тағала да оның кінәларын ашады, тіпті, үйінде тығылып отырған күннің өзінде оны жұртқа масқара қылады»*<sup>336</sup>, – деп ескертеді. «Жаңылмайтын жақ, сүрінбейтін тұяқ жоқ», пенде болған соң адамның күнә жасауы мүмкін. Біздің міндетіміз – діндес бауырларымыздың күнәсін барынша жасырып, жария етпей, қайта оның сол кемшіліктер мен күнәлардан арылуы үшін қол ұшын созып, тілекші болу.

Біреудің сыртынан сөз етуге мына жағдайларда ғана рұқсат етіледі:

Ислам ғалымдары, айтып жеткізудің басқаша жолдары болмағанда, яки адамды түзету мақсатында айтылуға рұқсат берілген ғайбаттың мына алты жағдайда болатынына ортақ пікірлерін білдірген:

1. Жәбірленуші ақысын алу үшін өзіне зұлымдық жасаған адамға арызданып «ол маған мынаны-мынаны істеді» деп мемлекет басшысына, сотқа немесе сол залым

<sup>335</sup> Тирмизи, *Манақыб*, 38-39; *Әбу Дәуіт*, *Әдәб*, 33

<sup>336</sup> *Әбуд-дуня және Әбу Дәуіт риуаят еткен, Ихя*, 3/1, 319-б



адамнан ақысын алып беруге шамасы келетін адамға сыртынан сөз айта алады.

2. Жаңылыс бір әрекетті түзету және күнә жасаған кісіні дұрыс жолға салу мақсатында жәрдем сұрап, ол жайлы сөз айтуға болады. Оның ниеті тек жамандықты түзету жағында болу керек, әйтпесе, басқа мақсатта болса, онда ол харам болмақ.

3. Пәтуа сұраған кезде ғайбатқа рұқсат етіледі. Пәтуа сұраушы кісі «Әкем, бауырым, жолдасым немесе пәленше маған былай әділетсіздік жасады. Бұлай жасауы дұрыс па? Одан ақымды алып, жасаған зұлымдығынан құтылу үшін не істеуге болады?» деп айта алады. Асылы, адамдардың аттарын атамай-ақ «былайша әрекет еткен бір кісі жайлы не айта аласыз?» деуі жөн болса да, мұндай жағдайда атын атау да күнә емес.

4. Залалдың алдын алу, зиянға жол бермеу мақсатымен мұсылман бауырын ескерту үшін насихат жасаған кезде. Біреу екінші бір адаммен ортақ жұмыс істегісі келіп, оны танитын адамдарынан келешекте бірге жұмыс істейтін адамы жайлы пікір сұраса немесе оған аманат табыс еткісі келсе не онымен көрші болғысы келсе, оны танытын кісі ешқандай жаман ниетсіз оның кемшіліктерін ашық айтып, ол жайлы мәлімет бере алады.

5. Іштей еш дұшпандық ойлап кемсітпестен тек таныту мақсатында «ана ақсақ кісі ше» немесе «ана соқыр кісі бар еді ғой» деп айтуға болады. Басқа сыпайы сипаттарымен таныту мүмкін болса, сол сипаттарын қолданып танытқан абзал.

6. Ашықтан-ашық күнә істеп, бұдан еш ұялмаған, тіпті, жасаған күнәларын мақтан тұтқан пасық адамның

сыртынан сөз айтуға болады. Пайғамбарымыз «пасық пен күнә жасаудан қысылмай жария ететін (мужаһир) адамдардың сыртынан айтылған сөз ғайбат болмайды»<sup>337</sup> десе, тағы бір хадисінде «ұяттан жүрдай болған адамның ғайбаты жоқ»<sup>338</sup> дейді.

Ғайбат – белгілі бір адамның сыртынан сөз айту. Дей тұрғанмен, ізгі ниетпен түзету мақсатында «кейбіреулер былай жасайды» деп жалпылама айту ғайбатқа жатпайды. Өйткені, Пайғамбарымыз (с.а.с.) «кейбіреулер неге былай-былай жасайды» деп оларды түзету мақсатында ескерту жасап отырған. Біз бұл тұста да Аллаһ елшісінің керемет парасаттылығын көреміз. Егер біреудің атын атап көпшіліктің алдында жамандайтын болсақ адамдағы менмендік сезімінің қажеттілігіне сай ол адамның бізге көңілі қалып, жүрегіне дұшпандық сезім ұялауы әбден мүмкін. Ал аты аталмастан ескерту алған сана-түйсігі бар адам ол нәрседен сабақ алып, екінші рет жасамауға тырысады.

Сондай-ақ, адамның атын атап, түсін түстемей-ақ «бүгін келгендердің біреуі» деп айтқанда бұны естіген адамдар оның кім екенін білетін болса, ондай жағдайда бұл ғайбатқа жатады. Өйткені аты аталмаса да барлығы оның кім екенін білгендіктен, есімін жария еткенмен бірдей болып тұр.

### ***Ғайбаттаушы қалай тәубеге келе алады?***

Әсілі, кешірім сұрауды әдетке айналдырған дұрыс. Ғайбаттаушы ғайбатталған адамға жағдайды айтып, кешірім сұрауы керек. Мысалы, «сені ғайбаттадым, кешір» деп, мүмкін болса, болған жай айтылады. Егер жағдайды баяндау барысында айтылған сөздер өткенді еске салып

<sup>337</sup> Муслим, *Зухд*, 52

<sup>338</sup> Бәйхақи, *Сунән, X, 10*; ән-Науауий, *Нузһатуль-муттақин шарху Ри - дус-салихин*, Бейрут, 1991, 2/271-273

кісінің жүрегін қайта жаралайтын болса, онда тек «ақынды кеш» деп, кешірім сұраған жөн. Ғайбатталған кісі де мүмкін болса барлық нәрсені егжей-тегжейлі сұрамай-ақ, парасаттылық танытып «кешірдім» дегені абзал.

Кейбір ғалымдар ғайбатты үш түрге бөледі:

1. Ғайбат жасап тұрып «мен ғайбат жасап тұрған жоқпын, оның бойындағы мінді айтып тұрмын» деп айтуы, харам екені белгілі нәрсені халал деу, бұл - күпірлік.

2. Ғайбаттаушының айтқандары ғайбатталған адамның құлағына жететін болса, ол кісіден кешірім сұрамайынша тәубесі толық болмайды. Керісінше, оның құқығына қол сұғып, құл ақысын жеген болады.

3. Ғайбаттаушының сөздері ғайбатталғанның құлағына жету ықтималы жоқ болса, өзі үшін әрі ғайбаттаған адамы үшін кешірім тілеп тәубе ету арқылы кешіріледі. Кейбір ғалымдар міндетті түрде ғайбатталған кісінің өзінен кешірім алынуы керек десе, кейбіреулері Аллахқа тәубе етіп кешірім тілеу жеткілікті деген.

Ғайбат сөзді бар ықыласымен ерікті түрде құлақ түріп, ынта қоя тыңдаған адам да ғайбаттаушымен тең. Пайғамбарымыз: «тыңдаған адам да ғайбаттаушылардың бірі», – деген<sup>339</sup>. Сондықтан біреудің сыртынан жаман сөз айтылғанда оған тосқауыл болуы керек. Пайғамбарымыз: «*Кімде-кімнің қасында мұсылман бауыры жамандалып, кемсітіліп жатқан кезде күші жете тұрып оған көмектеспесе, қиямет күні Аллаһ тағала да оны төмендетіп масқара қылады*»<sup>340</sup>, – дейді. Егер ғайбаттаушыға күші жетпесе, ділімен оны айыптап, шамасы келсе ол жерден кеткені жөн. Ғайбаттаушы және ғайбатты қарсылық білдірмей өз еркімен тыңдаушы мұсылман абайсызда осындай жиіркенішті қылыққа бой

<sup>339</sup> Табарани Ибн Омардан, Ихя, 3/1, 325

<sup>340</sup> Табарани Сахлдан, Ихя, 3/1, 326

алдыратын болса: «*Аллаһумағфирләнәуәлимәнигтәбнәһу*» (Аллаһым, бізді және ғайбаттаған адамымызды кешіре гөр!) деп дұға етіп, артынан жамандап сөз айтқан бауырынан міндетті түрде кешірім сұрауы керек.

### ***Ғайбаттан арылудың жолдары:***

1. Кісі – өз нәпсісін кінәлаушы, ал басқалардың қорғаушысы болуы керек. (Ибн Аббас: «басқалардың кемшілігін айтқың келсе, алдымен өз кемшіліктеріңді есіңе ал», – десе, Хасан: «Ей, адам баласы! Өзіңнің бойыңда кемшілігің бола тұра басқаларды кінәлаумен болсаң, толық мұсылман бола алмайсың. Кәміл мұсылман болу үшін алдымен өзіңді жөндеп, кейін басқалардың кемшіліктерін түзетуге тырысуың керек. Осылай жасаған кезде ғана Аллаһтың шынайы құлдарынан бола аласың», – дейді<sup>341</sup>).

2. Адам баласының күнә жасауға бейім жаратылғандығын ескере отырып, бауырына жаманшылық ойламай оған дұға ету. Өйткені мұсылман бауырының жасап қойған күнәсі үшін артынан сөз қылып жамандап, дүйім жұртқа жар салмай, қайта оған жаны ашып, күнәсінен арылуы үшін Аллаһтан кешірім тілейді.

3. Ақыреттегі ғайбаттың ауыр жазасын жиі-жиі еске алу.

Пайғамбарымыз: «*Кімде-кім ғайбаттаушы бір мұна-фықтан (екі жүзді) мұсылманды қорғаса, Аллаһ оған денесін жаһаннам отынан қорғайтын бір періште жібереді. Кімде-кім мұсылманды жамандау мақсатымен бір жала жапса, Аллаһ оны жаһаннам көпірлерінің бірінің үстінде сөйлегендерінің күнәларынан арылғанға дейін ұстайды*», – дейді<sup>342</sup>.

Хазірет Әнәс Аллаһ елшісінің мына бір сөзін алға тартады: «*Миғраж түнінде тырнақтары жез бір қауымды*

<sup>341</sup> *Ихя*, 3/1, 321

<sup>342</sup> *Әбу Дәуіт, Әдәб*, 40

көрдім. Олар беттері мен кеуделерін тырнақтарымен осқылап жатты. «О, Жібірейіл! Бұлар кімдер?» деп сұрадым. «Бұлар адам етін жегендер мен ар-намыстарын аяққа таптағандар деді»<sup>343</sup>.

4. Ғайбаттың бұл дүниеде адам пиғылын бүлдіріп, қоғамды жегідей жеп, ел ішіне іріткі салып, таластырып-тартыстырып, тіпті, бауырларды дұшпан ететін ауыр індет екенін еске алып, одан шын мәнінде жирене білу.

5. Ғайбаттың не екенін дұрыс ұғыну. Өйткені, ол өсім мен зина сияқты ең ауыр күнәлардың бірі.

6. Ғайбат мәселесі адамның ішкі дүниесінде оны үнемі сақтандыратын күшке айналғанда ғана адам өз бойын бұл кесапаттан аулақ ұстай алады.

Ғайбатқа қатысты мына нәрселерді де білгеніміз жөн. Ауыздан шыққан әрбір сөзді жазып алатын періштелер бар. Аллаһ тағаланың құзырына барғанда бұл сөздер кітап болып оның алдына әкелінетіндіктен айтылған сөздерінен ұялуы тиіс. Сондықтан да бір кісі керексіз нәрселер сөйлеп тұрған адамға «Сен Аллаһ тағалаға жіберілетін кітапты жазудасың. Жазған сөйлемдеріңе абайла», – деген екен.

Ғайбаттан тілді сақтау – иман, ерік-жігерді қажет етеді. Ғайбаттың діни әрі қоғамдық зиянын терең түсінген шынайы мұсылман, тілін ауыр азапқа душар ететін індеттен сақтауы керек. Ол үшін ынта-жігерін салып, «егер де мен ғайбат ететін болсам бір айлық жалақымды садақа етіп үлестіремін», я болмаса «алпыс күн қатарынан ораза ұстаймын» деп өзіне өзі шарт қойып, сөз берсе, тілін жамандықтан сақтауға үйрете алады. Әрине, бұл оңай емес, сондықтан да Юнус ибн Абдуллаһ: «Басраның шөлінде қаншама күн ораза ұстауға шыдаған нәпсім бос нәрселер сөйлемеуге шыдай алмады», – деген екен.

<sup>343</sup> Әбу Дәуіт, Әдәб, 40

Пайғамбарымыз: «сөз тасушы жаннатқа кіре алмайды»<sup>344</sup>, – деп үмбетін жаман қасиеттерден алшақ тұруға, жаман қасиеттердің кісіні жаһаннамға жетелейтінін айтып ескерткен.

Құран мен хадистің ескертулерін ескермей, қазіргі таңда мұсылмандардың діни, ұлттық және қоғамдық тұрғыдан соншама зияндығына қарамастан, ғайбатқа, оның таудай ауыр салдарына мән бермеуі өкінішті жағдай.

Ғайбат мәселесінде абай болуды қажет ететін тағы бір кілтипан мынау. Кейбіреулер ғайбаттан сақтанған боп көріну үшін: «Одан да бетер нәрселері бар. Бәрін айта берейін десем, ғайбат болады ма деп қорқамын» деп жұмбақтап сөйлеуі – ашық айтылған ғайбаттан да ауыр күнә. Ол – адамға харам ойларды құртша қаптататын, әртүрлі жорамал жасауға итермелейтін, ашық айтылған мың жаладан да бетер зілдей күнә. Өйткені, тыңдаушыны «зина жасады ма екен, арақ ішті ме екен, ұрлық қылды ма екен, әлде, адам өлтірді ме екен» деген сияқты санасын сан саққа жүгіртетін неше түрлі жаман ойларға жетелейді.

Ғайбат діни және дүниелік кемшілік-айыптарын камтиды. Ғалымдар сыртынан айтылған сөздің ғайбат болуы үшін ғайбатталған адам аты аталмаса да әңгіме барысында танылып, жамандау ниетімен айтылған болуы керек дейді.

Ойланып қарайтын болсақ, негізінде біреудің артынан сөз тасып жамандаушының өз ортасында қадірі кетеді. Ал, ғайбаттаудан бойын аулақ ұстап, намысын сақтай алған кісі сенімді әрі құрметті тұлғаға айналады.

Күллі адамзатқа үлгі етіп жіберілген Пайғамбарымыз: *«Ғайбат – адамдардың сауаптарын жоюда лап етіп, бір-ақ жалмайтын өрттің сумаңдаған тілінен де жылдам»*,

<sup>344</sup> Бухари, *Әдәб*, 50; Муслим, *Иман*, 169

– дейді. Сондықтан тілді бүкіл жақсы амалдарды жоятын ғайбаттан сақтауға аса мұқият болу керек.

Пайғамбарымыз тағы бір сөзінде: «Аллаһқа және ақырет күніне сенген адам жақсы нәрселер сөйлесін, болмаса үндемесін», – деп ескертеді<sup>345</sup>. Мұсылман кісі сөйлеген сөздері мен істеген істері тұрғысынан әрдайым қоғамда үлгі тұтарлық тұлға болуы керек.

Сөйлеу – адамға берілген өте үлкен сый. Бұл сыйды өз орнымен қолдану жаннатқа кіруге бірден-бір себепкер болады. Пайғамбарымыз:

مَنْ يَضْمَنْ لِي مَا بَيْنَ لِحْيَيْهِ وَمَا بَيْنَ رِجْلَيْهِ أَضْمَنْ لَهُ الْجَنَّةَ

«Маған мына екі нәрседе: екі ерін арасы мен екі шат арасына кепілдік берсеңдер, мен де сендерге жаннатқа баратындарыңа кепілдік етемін»<sup>346</sup> дейді. Бұл екеуі де адам нәпсісінде оңай бас көтеретін аса қиын ағзалардың бірі. Өйткені, ауызбен айта салу адамға ешқандай қиындық тудырмайды. Адам айтқандарына абайлама-са, бір ауыз сөзбен күпірлікке кіруі де мүмкін. Ғайбат та ауыздан шыққан бір ауыз сөз. Жасалуы оңай, өтемі тым ауыр күнә.

Тілді пайдасыз нәрселерге қолданбай осы дүниеде абырой, ақиретте жеміс беретін Аллаһты еске алуда, жақсы нәрселер сөйлеуге қолданса, тіл жаратылу мақсатына сай өз міндетін орындайды. Сөйлеу нығметі адамға зияннан гөрі есепсіз пайда беруге лайық.

Пайдасыз бос сөздер адамның жүрегін қатайтып, Аллаһтан алыстатады. Осыған орай Пайғамбарымыз:

لَا تُكثِرُوا الْكَلَامَ بِغَيْرِ ذِكْرِ اللَّهِ فَإِنَّ كَثْرَةَ الْكَلَامِ بِغَيْرِ ذِكْرِ اللَّهِ

<sup>345</sup> Бухари, *Китабуль-әдәб уәр-Риқақ*, 265,11; Муслим, *Китабул-луқата*, 47

<sup>346</sup> Бухари, *Риқақ*, 23; Муслим, *Китабуль иман*, 42

قَسْوَةٌ لِلْقَلْبِ وَإِنَّ أْبَعَدَ النَّاسِ مِنْ اللَّهِ الْقَلْبُ الْقَاسِي

«Аллаһты зікір етпей бос нәрселерді айтып сөзді ұзартпаңдар. Арасында Аллаһтың аты еске алынбастан айтылған көп әңгімелер жүректі қарайтады. Аллаһтан ең ұзақ болғандар – тасжүректілер»<sup>347</sup>, – дейді.

Біреудің ғайбатқа жол берген әрекетінен ғайбатталушыға келер зияны болмайды. Керісінше оған пайда, өзіне зиян келтіреді. Өйткені, ғайбатталған адамның бүкіл күнәсы ғайбаттаушының мойнына ілініп, сауаптары ғайбатталушыда қалады. Ғайбатталған адам сыртынан айтылғандарды естіп тұрып, тілін ғайбаттан сақтап, сабырлық көрсетсе ғана сауап ала алады. Егер өзі де бірден жауап беріп ғайбаттайтын болса, сауаптарынан айырылып қалады. Табииндердің үлкен ғалымдарының бірі Хасан Басри өзін ғайбаттаған кісіге бір табақ құрма жіберткізіп: «сауаптарыңды маған жолдап, күнәларымды мойныңа алғаның үшін рахмет» деп алғыс айтқан екен<sup>348</sup>.

Сахабалар бірінің артынан бірі сөз тасып, ешкімге ешкімді қарсы қоймайтын және мұны ең үлкен ғибадат деп есептейтін. Әбу Һурайра: «Дүниеде діндес бауырын ғайбаттаған адамға қиямет күнінде сол бауырының бейнесінде ет ұсынылып, «дүниеде бұл кісіні қалай ғайбаттаған болсаң, енді осы етті же» делінеді. Еттің ащылығы сонша, түрі мыжырайған күйі айғайлап түрегеледі», – деген екен<sup>349</sup>.

Исламның алғашқы саф кезінде мұсылмандар біреуді ренжітетін сөздерді айту былай тұрсын, тіпті, біреудің киімі мен көлігінің кемшілігін айтудың өзін ғайбат санайтын. Күндердің бір күні бойы тапал бір әйел Пайғамбарымызға келіп, кейбір мәселелерді сұрап кеткен-

<sup>347</sup> Термизи, *Китабуз-зуһд*, 2413

<sup>348</sup> *Тәнбухуль-ғафилін*, 158

<sup>349</sup> *Ихя*, 3/1, 320



нен кейін Айша анамыз «бойы қандай қортық әйел?!» деген кезінде Пайғамбарымыз «Ей, Айша! Ғайбат жасадың» деп ескерткен-ді<sup>350</sup>.

Бір күні Айша анамыз (р.а.) «Уа, Аллаһтың елшісі! Сафиядағы мынау-мынау жағдайлар саған жетеді» дегенде (кейбір риуаяттарда оның бойының қысқалығын айтқан делінеді), Пайғамбарымыз (с.а.с.): «*Сондай ауыр сөз айттың, егер ол теңізге араластырылса, теңіз суын да ластан жіберетін еді*»<sup>351</sup>, – деген.

Жабир ибн Абдуллаһ Пайғамбарымыздың кезінде қандай да бір ғайбат жасалған кезде оның ісі сезілетіндігін айтады. Бұл – сол кездегі қоғам тазалығының айғағы. Ал қазіргі таңда біз бойымызды әбден бұл індетке алдырып, етімізді үйреткеніміз соншалық ісін сезбек түгілі, оның күнә екенін де ажыратудан қалып барамыз. Мысалы, жаман иіс шығатын жерден бір кісі өтіп бара жатса, ол иістен тіксінеді. Ал, сол жерде тұрып жатқан адамдар бұл иіске әбден үйреніп қалғандықтан олар бұл иістен жиіркенбейді де. Ал Пайғамбарымыз (с.а.с.) бен оның айналасындағы сахабалар ислам нұрымен нұрланғаннан кейін жамандық атаулыдан мейлінше бойларын аулақ салған еді. Сондықтан олардың арасында мұндай жағымсыз нәрсе бола қалса бірден сезілетін.

Кейбіреулеріміз тамағымыздан арам ас өтіп кетпесін деп күмәнді тағамдардан барынша сақтануға тырысамыз. Бұл – кісінің рухани өмірі үшін өте маңызды екені белгілі. Алайда, харам екені Құран және хадистерде анық бекітілген үкімдерге мұндай сезімталдық көрсетпеу – таңғаларлық іс. Мысалы, күмәнді тағамдарды аузына алмауда сауысқандай сақ кейбір жандар еш қиналмастан,

<sup>350</sup> Ғазали, *Илаһи низам*, 146 б.

<sup>351</sup> Термизи, *Сифатуль-қияма*, 52; Әбу Дәуіт, *Әдәб*, 40, *Риядус-салихин*, 3/152-б.

қысылмастан әншейін шырпы тұтатқандай біреуді ғайбаттап, жалған сөйлеп, көреалмаушылыққа жол береді. Бұның біріншісі күмәнді тағамды жеу болса, екіншісі бауырының етін әрі өлі денесін жеу деген сөз ғой. Бұл шүбәлі, күмәнді нәрселерден сақтанбау деген сөз емес, қайта харам екені ашық белгіленген нәрселерге абай болу деген сөз. Өйткені, ғайбат – зина сияқты ауыр күнәлардың бірі әрі жеке адамның жақсы амалдарын жоятын, әрі қоғамдық өмірді іштен ірітетін індет.

Кейбір мұсылмандардан мұсылманшылыққа жат қасиеттер байқалады. Негізінен мұсылмандардың бүкіл сипаттарын мұсылманшылыққа жатқыза алмайтынымыз сияқты, кейбір кәпірлердің сипаттары да толығымен кәпірлікке, күпіршілікке жатпайды. Сондықтан мұсылмандар кез келген жат сипаттардан бойларын алшақ ұстауы керек. Өкінішке қарай, қоғамда бір-бірін көре алмай аяқтан тартып, өсектеп жүрген адамдар мұсылман еместерге тән әрекеттерге жол беріп жүр. Қоғамның баянды дамуы адамдардың бір дененің мүшелеріндей бір-біріне көмектесіп, бір-бірінің кемшілігін түзеткен кезде ғана жүзеге аса алады. Аллаһ тағала адамның бойындағы сипаттарына қарай амал жасайды. Егер бойымыздағы сипаттардың бәрі мұсылман сипаттары болса, онда Аллаһ бұндай қоғамды басқалардан ғылымда, технологияда, адам құқықтарына қатысты бүкіл салада сөзсіз жоғары етеді. Терең ойланбау, жүйелі жұмыс істемеу, бірлікті бұзатын әрекеттер жасау, болмашы мәселелерді үлкейтіп таласып-тартысу, өсек айтып жамандау мұның бәрі – исламға жат сипаттар. Мұндай сипаттар үстемдік құрған қоғамның алға басып, жетістікке жетуі мүмкін емес.

Аллаһ тағала біздің жүректерімізді бірлестіріп, кәміл мұсылман, хазірет Мұхаммедке лайық үмбет болуды нәсіп етсін!

## Пайдаланылған әдебиеттер

1. Құран-Кәрім
2. М. Айдын, *Мусбет илим ве Аллаһ*, Стамбул, 1976
3. М. Акгул, *Куран-ы Керимде хз. Пейгамбер*, Стамбул, 2002
4. Ахмад ибн Ханбал, *Муснад*, Мысыр, жариялаған А.М. Шакир, Каир, 1375-77
5. Әбу Дәуіт Суләйман әс-Сижистани, *әс-Сунән*, Мысыр.
6. М. Әбу Зәһра, *Мезһеплер тарихи*, ауд. С. Кая, Стамбул, 2003.
7. Әбу Нуаим Ахмад ибн Абдуллаһ, *Хиятул-әулия уә табақатул-асфия*, Каир, 1987.
8. А. Әділбаев, *Саңлақ сахабалар*, «Алтын қалам», Алматы, 2004.
9. Байхаки Әбу Бакр Ахмад ибн Хусайн, *Кәнзул-уммаль*, Каир, 1989.
10. Бухари Әбу Әбдиллаһ Мухаммад ибн Исмаил, *ас-Сахих*, Бейрут.
11. Бухари, *Әддәбуль муфрад*, Бейрут, 1986.
12. Р. Гаруди, *Исламын вадеттиклері*, Стамбул, 1983
13. И. Ғазали, *Ихяу улумид-дин*, (ауд. А. Сердароглу), Стамбул 1995.
14. И. Ғазали, *Мукашафатуль-қулуб*, (ауд. И. Арыкан), Стамбул, 1986.
15. М. Дикмен, *Латифелер*, Стамбул, 1995.
16. Л. Ердоган, *Өмер бин Абдулазиз*, Стамбул, 1992.

17. И. Жанан, *Хадис ансиклопедиси, Кутубу-ситтә*, Стамбул.
18. Қ. Жолдыбайұлы, *Ақиқат шуағы*, «Алтын қалам» ба-спасы, Алматы, 2004.
19. эз-Зәһәби Әбу Абдиллаһ Шәмсуддин, *Китабуль-ка-баир*, Муассасатуль кутубис-сақафия, Бейрут, 1990.
20. У. Зухәйли, *ат-Тафсируль-мунир филь-ақидати уәш-шариати уәль-мәнһәж*, Дамаск, 1991.
21. Ибн Әсир, Иззуддин Әбул-Хасан Әли ибну Мухам-мад әл-Жәзәри, *Усдул-ғәбә фи марифатис-сахаба*, Каир, 1970.
22. Ибн Кәсир Имадиддин Әбул-Фида, *әл-Бидая уән-ни-хая*, Бейрут, 1978.
23. Ибн Сағд Мухаммад, *Табақатул-кубра*, Бейрут, 1978.
24. Ибн Хәжар әл-Әсқалани, *әл-Исабә фи тәмиизис-са-хаба*, Мысыр, 1928.
25. Ибн Нишам Жамалуддин, *әс-Сиратун-нәбәуишия*, Бей-рут, 1994.
26. Қандыһләуий М. Юсуф, *Хаятус-сахаба*, Бейрут, 1972
27. Қурғуби Әбу Абдиллах, *әл-Жами ли ахкамиль-Қуран*, Бейрут, 1988
28. А. Кушайри, *ар-Рисалатуль-Қушәйрия*, Каир, 1987
29. А.Мунауи, *Фейду'л-Қадир*, Бейрут, ж.ж.
30. Муслим Әбул Хасан ибн Хажжаж, *ас-Сахих*, Мыср, 1374.
31. ән-Нәуәуий Әбу Зәкәриия, *Нузьнатуль-муттақин шарху Риядус-салихин*, Бейрут, 1991.
32. И. Рефик, *Хаятын ренклери*, Стамбул, 1999.
33. Рида Умар, *А'ламу'н-Ниса*, Бейрут.
34. Сабунни Мухаммад Али, *Мухтасару тәфсири ибни Кәсир*, Каир, 1995.

35. Сарахси Мухаммад ибн Ахмад, *әл-Мабсут*, Каир.
36. Термизи Мухаммад ибн Иса, *Сахихут-Тирмизи*, Каир, 1934.
37. А. Халил Жум'а, *Ниса'у мубашиарату бил-жанна*, Бейрут, 1990.
38. Е.Хамди Языр, *Хак дини Қуран дили*, Стамбул.
39. Һәйсами Нуруддин Али ибн Әби Бәкр, *Мәжмә'у'з-зәуаид уә манбаул-фауаид*, Каир.
40. әл-Ғинди, Алауиддин Али Муттақи ибн Хусамуддин, *Канзуль-уммаль фи сунәниль-ақуаль уәль-афаль*, Бейрут, 2004, 2-басылым.
41. А. Шахин, *Дини хикаяелер*, Стамбул, 1999.
42. А. Шахин, *Олайлар конушуиор*, Анкара, 1997.



## МАЗМҰНЫ

Аңдату.....	3
Жаратушыны тану қандай болмақ?! .....	12
Кіршіксіз шынайы махаббат.....	21
Мүміннің мұраты – көркем мінез .....	42
Ата-ананың қадірі.....	51
Шынайы ықылас хақында.....	67
Мейірім мен рақым ұғымы жайлы.....	83
Жақсылыққа үндеп, жамандықтан тыю .....	97
Сыдық – турашылдық, шынайылық, адалдық.....	118
Үміт пен үрей.....	128
Сабырдың да сан қырлы сатылары бар .....	149
Ауқымы кең, мағынасы терең ұғымның аты – Әділдік .....	166
Жомарттық деп нені түсінеміз?.....	185
Тақуалық – иман айнасы.....	202
Тәуекел сыры тұңғыық.....	216
Ғайбат сөйлеу – іштей іріп-шіру .....	226
Пайдаланылған әдебиеттер.....	243

**Алау ӘДІЛБАЕВ**

## **КЕМЕЛДІК КІЛТІ**

Редакторы: А.Жалбағаев, С.Қалуов  
Корректоры: Құдайберді Бағашар  
Дизайнері: Бекболат Алтынбекұлы